

Сарыарқа санлақтары



**Қарағанды облысы бойынша
2005-2007 жылдарға арналған
«Мәдени мұра» аймақтық
бағдарламасы аясында
шығарылды**

0744375
C22

**Қарағанды облысының әкімдігі
Облыстық мәдениет департаменті
Облыстық мәдени-сауық және халық
шығармашылығының ғылыми-әдістемелік
орталығы**

САРЫАРҚА САҢЛАҚТАРЫ

**Қарағанды
2007**

Құрастырушы және редакторы Тілеуғазы Бейсембек,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Пікір жазғандар:

Мұхаметқали Әбдуов, филология ғылымдарының докторы
Жұмағали Наурызбай, педагогика ғылымдарының докторы
Рымқұл Сүлейменов, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі
Кәмел Жүністегі, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма
мүшесі
Серікбай Алпысұлы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Редакция алқасы:

Омарбекова Р., Хамзин М., Сүлейменов Р., Ештанаев Ғ.,
Аксұнқарұлы С., Бейсембек Т., Балташұлы Е., Асқаров С.,
Хайдарғалиева Х., Төлеуов Т.

С22 **Сарыарқа санлақтары.** Қарағанды өңірінде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан халық дарындыларының өмірі мен өнері туралы. – Павлодар: «ЭКО» ҒОФ, 2007. – 316 б.


ISBN 9965-808-53-8

Кітапта дарындылығымен аты шыққан санлақтар туралы ғылыми-зерттеу және танымдық материалдар топтастырылған. Халық даналығынан сусындаған Кемпірбай мен Шөже, Шортанбай мен Нарманбет, Қожабай сияқты от ауызды, орақ тілді ақын-жыршылар, күміс көмей, асқақ үнді әншілер мен бармағынан үн төгілген күйшілер өмірінен сыр шертіледі. Жинақ өлке тарихын зерттеушілер мен мәдениет қызметкерлері, студенттер, мектептің жоғары сынып оқушылары, жалпы көпшілік қауым үшін көп мағлұмат береді.

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-808-53-8

С 4702250201
00(05)-06



© Бейсембек Т., 2007

Алғысөз

Халқымыздың тарихында ханыңнан да тайсалмай, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп шындықты бетке айтатын суырыпсалма ақындар, су төгілмес жорғадай тайпалған шебер күйшілер, аспандағы аққуға үн қосқан өр дауысты, күміс көмей әншілер болғаны мәлім. Ауыз әдебиетінің, халық музыкасының негізін салған солар. Біздің мәдени құндылықтарымыз солардың өлең-жырлары, әндері мен күйлері. Кемпірбай мен Шөженің айтысы ауыз әдебиетінің тамаша үлгісі екенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Олар да бастарынан қилы заманды кешірді. От ауызды, орақ тілді Шортанбай, Нарманбет сияқты халқының қамын, елінің егемендігін ойлап, отаршылыққа қарсы болған Алаштың арыстары «зар заман» деп жырлап, озбыр биліктің қармағына ілікті. Халқымыздың асқан дарын, адал ұлдары үстем партияның қылышынан қаны тамып тұрған заманда құрдымға жіберілді. Олардың есімдерін халықтың жадынан өшіруге тырысты. Өлеңдерін, әндері мен күйлерін жариялауға, орындауға тиым салынды. Сөйтіп талай жыр жауһарынан, асыл мұраларымыздан айрылды.

Бірақ халықтың жүрегіндегіні өшіру мүмкін емес еді. Көпті көрген көнекөз қариялар – біздің шежіреміз, байлығымыз ғой. Солардың жүрек түкпірінде, көңіл қалтарысында жатқан сырлары – асыл қазынамыз. Ол ұрпақтан ұрпаққа тарап, бүгінгі күнге де жетіп отыр. Сол баға жетпес асыл кендерімізді аршып алып, аялап, сақтап, болашаққа мұра етіп қалдыру – біздің парызымыз.

Бұл шараларды іске асыру Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында ғана мүмкін болып отыр. Облыстық мәдениет департаменті шығарып отырған мына жинақ сол істің бір ғана көрінісі.

Жинақта сонау XIX ғасырда өмір сүрген данышпан ақындарымыз Кемпірбай, Шөже, Шортанбайдан бастап, кешегі кеңес заманында ел арманын жыр еткен ақындар-жыршылар, «Батыстың классикалық операларында шырқай алар дарын екен» деп, музыканың білгір мамандары тандай қаққан асқақ үнді әншілер, қос шектен сыр толғаған майталман күйшілер туралы ғылыми-зерттеу еңбектер топтастырылған. Халық таланттарының өнегелі өмірі мен өркенді өнері туралы деректер кімді болса да қызықтырмай қоймайды. Өйткені бұл деректер негізінен бұрын айтуға тиым салынған, есімдері ұмытыла бастаған, немесе тым аз жазылған арыстарымыз туралы. Тағы бір ерекшелігі, кітаптағы еңбектердің көбі жергілікті ғалымдарымыз, жазушыларымыз бен журналистеріміздің қаламынан туған. Бұл туындыларда ақындардың тегінде бар ақындығы, өскен ортасы, көңілге түрткі, тілге тиек болған әлеуметтік жағдай ашып көрсетіледі. Өлең-жырлардың уыттылығы, шыншылдығы, көркемдігі талданып, отты шумақтардың саяси астарына да мән беріледі. Бұдан көпшілік оқырман қауым, ғылыммен айналысамын деген жастар көп мағлұмат алары даусыз. Кітап осындай танымдық қасиетімен де құнды.

Қорыта айтқанда, бұл жинақ облыстық мәдениет департаментінің құзырымен «Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымында атқарылып жатқан игі істерге, халқымыздың рухани құндылықтарын сақтау шараларына қосылған қомақты үлес.

Серік Ақсұңқарұлы

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,

Қазақстан Жазушылар одағының

Қарағанды бөлімшесінің директоры

Аманжол Қанафияұлы
ақын

Айтыстың аққан жұлдызы

XIX ғасырда қазақтың өлең-өнерін шырқау шыңға шығарған жыр жұлдыздарының бірі – Шөже Қаржаубайұлы. Ол Нұра бойында 1803 жылдың (бір деректерде 1808 жыл – ред. Т.Б.) тамызында Қаржаубай атты сіңірі шыққан кедей шаруаның жанұясында дүниеге келді.

1986 жылы қайтыс болған Қасеннің баласы полковник Сағат ақсақалдың айтуына жүгінсек: Шөже емшек сүтіне жарымай жылауық болыпты. Шешесі Қазына Бөрібайқызы – негізі Қараөткелдік домбырашы әйел. Руы Шаншар ішінде Қаракесек Бөргөз болады. Шөже қатты жылағанда анасы домбыра тартып уатады екен. Кішкентай Шөжені қырқынан шығарып, қырық қасық су құйып «Ғайып ерен қырық шілтенге» тапсырып болғанда, қолында қобызы бар атақты Жанак ақын құдайы қонақ болыпты. Шөже жылай берген соң Жанак сәбиді қолына алып уатыпты. Батар күнмен таластырып ұшықтап, аузына түкіріпті де өзі безілдетіп қобызын тарта жөнеліпті:

Ұйықтай ғой, Шөже торғайым,
Көк қасқырым келе ғой,
Желе жортып толғайын.
Аузынан аық төгілсін,
Жанактай су жорғаның.

(Жанактың «Көкқасқыр» күйінен)

Жанактың киесі көкқасқыр екен. Күйді тартқан Қоянды жәрмеңкесінің соңғы қымызшысы, белгілі қобызшы Қананбике

Тілеубайқызы. Оның шешесі – Жанақ ұрпақтары 1970 жылдары қайтыс болған.

«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» дейді халық даналығы. Сәби Шөже есейе келе Жанақтан да өткір сатирик, есімі алты алашты дүрліктірген ақын болды. Оның 1958 жылғы одақтас республикалардың ақындарымен бірге көп томдық серияда аталған біраз өлеңдері жарияланды. Солардың ішінде «Домбыра шыққан тыңқылдан», «Балта мен Шөже айтысының» сапалы аударылғаны жөнінде баспасөз бетінде пікірлер айтылды. Кітаптың алғы сөзін жазуға М. Әуезовпен бірге қатысқан Т. Әлімқұловтың әңгімелеуінше Шөже өлеңдерін аударған А. Кореневтің пікірі мынадай: «Зағип Шөже батыстың Гомеріндей, шығыста Мақтымқұлы мен Хафиз қалай дараланып тұрса, Шөже де сол ұлылардың тобынан XIX ғасырдағы қазақ зиялыларының арасынан кескін-келбеті айқын көрінеді. Бейшара мүгедек жанның мұрасы баршылық. Шыққан топырағы да қасиетті екен, бұған алғы күндері қазақ зерттеушілері дұрыс көңіл аударсын». Ал, аудармашыға (А. Кореневке) Шөже өлеңдерін ұсынып, ол туралы қилы әңгімені жырдай етіп айтушы қазақтағы баллада жанрының көрнекті ақыны Қайнікей Жармағамбетов еді.

Ойлы да отты жырдың жалынына оранған Шөже ақын Жанақ, Орынбай, Тоқжан, Арыстанбай, Тезекбай секілді дүлдүлдердің ортасында өсті. Шөженің ұстазы әйгілі Жанақ өз заманында, бетіне ешкімді тік қаратпаған Рүстем төрені семсердің жүзіндей өткір айтқыштығымен тіліп салған айбары арыстандай шайыр еді. Міне сол шешендік, өткірлік Шөжеге дарып есейе келе от ауызды, орақ тілді ақындық өнерге ұласты.

Ақынның көзі зағип болғанмен көкірегі ояу, мінезді, кісілігі зор екен. Оның қай айтысына көз жүгіртсең де өмір мен өлім,

қуаныш пен қайғы, күнә мен пәктік, әділдік пен зұлымдық, үміт пен күдік қатар өріліп отырады. Нәрлі де әрлі асқақ ойлары бір қырынан қарағанда арабтың классикалық поэзиясындағы сириялық ұлы философ ақын Әбу-Әли Әл-Маримен үндеседі. Мәселен, тағдыр тәлкегі мен тауқыметін көп тартқан Шөже жеті жасында қорасаннан көзі кетсе, Әл-Мәри төрт бәйіттерінде:

Көресінді көресің жаныңды құдай алғанша,
Түнектен көзің ашылмас, сүйегің курап қалғанша, –
десе, Шөже Орынбаймен айтысында:

Соқыр деп соқтығасың өңшең мұндар,
Көзімді мен борышқа бергенім жок.
немесе:

Егерде Қарынбайдың бітсе малы,
Зәредей бір сәулеге сатпас па едім –
деп тағдыр сыйына налиды.

Өлең-өнердің ақынсыз, айтыссыз сәні келген бе? Қарауылдың келіні шикілсары ұл тауып шілдеханасына Шөжекең де жетіпті. Ауылға жете бергенде аяқ астынан бөдене пыр етіп ұшқанда ат оқыс үркіп, ақын жерге топ ете түседі. Саптама етігі ертоқымдағы үзеңгімен қоса кетеді. Шөжекең байпағымен көгалға отырып қалады. Дәл осы кезде «жеңсең, осы сәтте женесің» деп кеуке-улеген соң Атығай, Қарауылдың жайсандары Орынбайға еріп тұра жүгіреді. Үстінің шаңын қағып аспай-саспай, ентігіп келген Орынбайға:

Келіні кер Атығай тобан аяқ,
Ұл туды деп естідім сары ала аяқ.
Жауындатып жетіп ем Орекене,
Тәңір құйған нұрына карамай-ақ –
деп қағытыпты Шөже. Мұны естіген Орынбай:

Бей уақытта мініпсің кер ала аяқ,
Тәңір ғарып жаратқан аямай-ақ.
Астында атың, аяқта етігің жоқ,
Неге отырсың қу соқыр жалаң аяқ, –

деген екен.

Біз сөз сайысының бұл желісін Сағат Хасенұлынан 1974 жылы жазып алған болатынбыз.

Бір өзгешелігі басқа ақындардай емес, Шөже мен Орынбай айтыстары белгілі бір әуенге құрылған. Отыз сегіз жол айтыста комедияға тән тәп-тәуір драмалық сюжет те бар. Сондай-ақ, Шөже, Орынбай айтыстарының жеті-сегіз нұсқасының кейбір шумақтарын орталық архивтерден көруге болады. Ал аталған нұсқаларға текстологиялық жүйе жасасақ, әр айтыстың туу, қалыптасу тарихы, этнографиялық тілдік ерекшеліктері, айтысқа қатынасқан адамдардың кескін-келбеті бәрі де өмір материалдарымен сәйкес келеді. Шөже мен Орынбай айтыстарының өзге айтыстардан ерекшелігі сол – басқа әдеби нұсқаларда кездеспейтін көне сөз тіркестері, ислам дініне қатысты тың үздік органикалық бейнелер табылады. Олар қазақтың архаизм сөздерін мейлінше мол меңгерген. Оны қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов та мойындаған. Жиынкез Шоқанның айтуынша «Шөже айтысқа қоса жыршылық өнерді көп дамытқан. Жанақ дәстүрін бізге жеткізуші қобызшы ақын». Ал, М. Әуезов: «Барлық қазақ әдебиетінің өзі білген ескілігінен Абай жалғыз ғана Марабай мен Шөжені ғана нағыз – ақын» депті.

Абайдың Шөжеге деген аса зор ықыласын білген жазушы Шөжеге «Абай жолы» романының үшінші тарауын арнап, көлемі 15-20 беттей мазмұн беріп, оның ақындық тұлғасын ашып берген.

Шөжеге Абайдан соң ілтипатпен қараған Мағжан еді. Ол «Ақан сері» туралы мақаласында: «Екі аяқты адамның ділмары, улы тілді, ұшқыр ойлы Шөже» дей келіп, оның өлеңдерін кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп ұстайды. Ал, XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының ірі өкілдерінің бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров XVIII-XIX ғасырдағы қазақтың ең ірі төрт ақынын өзіне пір тұтып, құрметтеген:

Кешегі Бұқар жырау, Жанақ ақын,
Шөже, Орынбай халыққа жайған даңқын.

Сондай-ақ, өлең сөздің даңғылы Жамбыл өмір бойы Шөжені өзге ақындарға үлгі-өнеге тұтып, Сүйінбайдан кейінгі ұстазым деп білген.

Оның:

Шөже менен Кемпірбай,
Өлең-жырдың жұртындай – деуі осыған дәлел.

Өмірге өнерімен қызмет еткен Ш.Қаржаубайұлына біз – кейінгі ұрпақ айта жүрер, үлгі етерлік іс істеп, еңбек етуіміз керек. Ақпа ақынның, айтыс жүйірігінің жұлдызы сонда жанбақ.

Құрастырушыдан: Заманында Шөже Шортанбай ақынды іздеп барып айтысқан. Сол айтыстың толық емес нұсқасы жазушы К. Жүністегінің қолында бар.

Тағы бір мәселе: Шөже ақынның қай жерде жерленгені туралы әртүрлі пікірлер бар. Болашақта ақын Шөже өмірін зерттейтін адам табылып, тарихи шындық ашылса, нұр үстіне нұр болар еді (ред. – Т.Б.).

Шоқтығы биік ақын

Өткен ғасырда-ақ өзінің терең философиялық көзқарасымен де, еркіндікті аңсаған асау жырымен де түркі әлеміне қатты әсер еткен Шортанбай мұрасы XX ғасырда сан дауға түсіп, бар ғұмырын жіктеп айтатын кешегі ауылдағы дуалы ауыз қариялардан өмір жолы толық жазылып та алынбады.

Ақынның нағашы жұрты Есмағанбет қариядан бір кезде Ғабиден Мұстафин ғана жазып алғанын Ескең қария да, оның баласы Әбдісадық та үнемі айтып келді. Бұл түбегейлі ойды жеткізуші арамыздағы көзі тірі қарт ұстаз Жұматай Құтжантегі екенін де айта кетелік.

Шортанбай туралы алғаш мәліметті 17-18 жасында оның атқосшысы болған Әбеу ақсақал, Көпжан Бәйменұлы берсе, кейінде Ескей жыршыдан, толғауларын айтқаны үшін жиырма жылға жуық ғұмырын саяси лагерьде өткізген Анарбектен, тоқсанға келіп көз жұмған Қазі ақыннан алған едік.

XVII ғасырда Шұбыртпалы руы Арқаға қоныстана алмай, сыр бойын мекен етіп жүргенде Шортанбайдың бабалары сол румен қыз алысып, араласып бірге көшіп жүрген. Ақынның әкесі Қанай Арқадағы Айыртауды (Ақадыр маңы) мекен етіп, Сарым ішіндегі Нақып қожаның қызы Шүкіманға үйленеді. Шортанбайдың әкесі Қанай осы маңдағы – бүгінде Қанай бұлағы атанған жерге бұлақ суын бұрып, егін салған. Егін арығының ізі әлі сайрап жатыр. Осы мәліметті алғаш айтқан Шортанбай үшін 18 жыл түрмеде отырған

Анарбек жыршы – Базардың немересі. Базар – Шортанбайдың әкесі Қанаймен туған бажа.

Қанайдан Шүкіман төрт-бес жыл ішінде екі қыз туады. Сол шақта Қанайдың әкесі дүниеден қайтып, бір себептермен інісі Қаратау жаққа көшіп кетеді де, жалғыз үй қалған Қанай қайын жұрты Нақыптың ауылына қоныс аударып, қалған ғұмырын Нұра бойында өткізеді. Келер жылы, яғни 1818 жылы көктемде осы нағашысының ауылында (қазіргі Жалпаксаз қыстағы) болашақ жазба әдебиетінің көшбасшысы – Шортанбай ақын дүниеге келген. Бала жасынан ел ішіндегі ақын, шежіреші шешендерді естіп өскен Шортанбайдың өнерге деген құмарлығы ерте оянған. Ол Бесатаның болашақ иелері – Жанғұтты, Дүйсенбай билермен жастайынан араласып өссе, Абылай, Кенесары, ағасы Саржанның ерлігі туралы ертегідей әңгімелермен көкірегі ашылып, Ресейге қараған елінің мұңын ерте таныған.

Болашақ ақын бала кезінен бірер шумақ өлең тастап жіберуге шебер болған. Есмағанбет қарияның айтуына қарағанда, Шортанбай бозбала шағында Жанғұтты ауылының жоғалған түйесін іздесіп, Аюлының Ақсай деген жерінің бас жағында атын оттатып отырса керек. Қолды болған түйені сол ауылдың ұрылары байқамай үстіне айдап келеді. Сол жерде Шортанбай алғаш рет «Бала зарын» айтқан екен. Бозбала ақынның сол «Бала зары» кейінде сан өзгеріске ұшырағаны даусыз.

Сауатын ауыл мектебі молласы Ыбырайымнан ашқан Шортекең кейін Шаяндағы медресені тәмамдап, онан Бұхар оқуын бітіріп, 17 жасында, шамасы 1895 жылы елге біржола оралады. Шешендігімен де, білімділігімен де көзге түскен Шортанбайды Жамантай, Құсбек төрелер, әрі әкесімен немере, Құнанбайды аға

сұлтан сайлатқан атақты Күдері қожа шақыртып, Қарқаралыға барады. Міне, осы жерде ол біраз жылдай тұрады. Арқаның сөз өнері мектебіндей болған Қарқаралыда сан жүйрікпен кездесіп, шындала түседі. Дәл осы қалада жас Шортанбайдың тарлан ақын Орынбаймен айтысы өтеді.

Осы тұс бала жасынан бірге өскен достары Дүйсенбай мен Жанғұттының Кенесары қолына біржола қосылып та кеткен шағы еді. Орыс ұлығы қалқитып «Хансымақ» сайлап қойған Құсбек пен Жамантайдың қолында еш билік жоқ, халқына көмектесер дәрмені аз екеніне көзі жете түскен Шортанбай Кенесарыға тілеулес болып, Айыртауда ол Орта жүздің ханы сайланғанында барып қатынасқанын Анарбек жыршы бізге жеткізген.

Ортауда Кенесары хан көтерген,
Орта жүз соңына ерген тым ертеден.
Бесата баласынан Жанғұтты бар,
Бәйсейіт, Дүйсенбай мен Есбай, Қара,
Бір қол боп көрінетін жеке-дара, –

дейтін Шортанбай сөзі сақталған.

Ресей империясы отаршыл саясатының негізгі бағыты қазақ халқын шөлге ығыстыра отырып, қазақ жерін біржолата иемдену екеніне көзі жете бастаған ақын Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысына тілеулесі де жақтасы болып шыққан. Ұлытауда Кенесарыны бүкіл ел ақ кигізге салып хан көтергенде, бұл жолы Бесатаны бастап барған Керней Бәйсейіттің тобы ішінде Шортанбай Жанғұтты, Дүйсенбайлармен бірге екенін Қазі ақын 1980 жылы баса айтқан. Ақын сол жолы:

Ұлары шулап Ұлытау,
Орыс, қазақ қылған дау.

Алаша хан, Жошы хан,
Қазақтың басы қосылған.
Жалаңаш шапқан ер жігіт
Қолдаса құдай келер сау, –

деп басталатын толғау айтқан екен. Бұл жырды тоқсанға келген Қазі ақсақал бізге толық жеткізе алмады.

Тәуелсіздік үшін Кенесары бастаған ұлы шайқастың шын жақтаушысы болса да, Шортанбай да, Құнанбай да оның қолына анық қосылмай, әлде бір себептермен, не сол қозғалыстың қажеті үшін Қарқаралыда қала берген. Шортанбайдың Кенесарыға тілеулес екені, әрине, сезілмей қалған жоқ. Бұл жағдай Құсбек пен екеуінің сан рет кездесіп қалуына, араларының ашыла түсуіне себеп болған. Оның үстіне, Кенесары қолының сарбазы, түрмеден қашып шыққан Керней Тықыны үйіне жасырғаны да білініп қалады. Ояздық қалада енді қалып мән шықпасына көзі жеткен соң, ол 1850 жылы шамасында Нұра бойындағы елге біржола оралады.

Арқасын орыс оязына сүйеген Құсбекпен араздасып келген Шортанбайды нағашы жұртымен бірге әуелде Бәйсейіт пен Дүйсенбай қамқорлығына алған. Бәйсейіт Құнанбай қатарлас та, Дүйсенбай Жанғұттыдан 3-4 жас үлкен екен. Кенесары хан дүниеден өткен соң бір жылдан кейін Арқаға ақынның бала кезден бірге өскен досы Жанғұтты да оралады. Бұл кезде дін оқуын тауыса тәмамдаған, бірақ бала кезінен өлеңге аңсары ерекше ауып, ірілі-ұсақты сан ақынмен қағысып қалып жүрген Шортанбай өнерге біржола бет бұрған еді. Бұл жөнінде Бәкірұлы Зекен қария қызықты жағдай айтады. Отызға жаңа іліккен Шортекең жолаушылап келе жатып, Аюлымен жалғасқан көлденең қырдағы оба басында ат шалдырып отырып қалғып кетсе, жарқырай киінген адам түстес екі кісі келіп, жыршылық етуіне аян беріп кеткен деседі екен бұрынғы өткен үлкендер.

Кенесары хан жеңіліп, халі ауырлай түскен осы шақта Шортанбайдың замана зары туралы сан толғаулары туғаны еш күмән келтірмейді.

Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ, қазағым
Түсті барып торына, —

деген шумақтар көтерілістен кейінгі торығу кезеңінде тууы дау тудырмаса керек.

Ақынның өзі де Бесата ішіндегі Қояншытағай – Сарымның бір қызына үйленсе, баласы Аязбайды Жанғұттының Қасенінің қызына, Алдабергенін Есбайдың немересіне үйлендіріп, қызы Бәтішті Бөрлібай Ақпанбайға тұрмысқа ұзатқан. Ал жалғыз қарындасы Қалаулыны кезінде Кәрсен -Қозыбақ Бейсен дегенге берген еді. Одан туған Кәрібек күйші белсенділердің қолынан қаза тапқан.

XIX ғасырдың екінші жартысы патшаның отаршылдық саясаты шығандаған кезі еді. Қазақ халқын жер бетінен көшіру амалы тек жерін тартып алып, шөлге қуып тастау емес, оны мәдениетінен, дінінен аластап, басыбайлы крепостнойы ету де еді. Міне, осы саясатты жылдамдату үшін қазақты алдап-арбау, күштеу, зорлау жолын қатар қолданып, шоқындыру саясатын да тезірек жүзеге асыруға көшті.

Елдің болашағын ойлаған адамдар бұл саясатқа қарсы тұрды, халықты ата-бабасының дінінде, ислам жолында сақтап қалу үшін күрес жүргізді. Тобықтыда Құнанбай Қарқаралыда мешіт салдырса, Бесатада Бәйсейіт, Көпбайлар осы іске мұрындық болды.

1855-57 жылдар шамасында Жанғұтты би Аюлы тауының батыс жағындағы Қойкөл өзеніне таяу тұстан мешіт салдырды. Бұл кезде ақындығымен де, діни-философиялық көзқарасымен

де елге әйгілі болған Шортанбай досы Жанғұттының өтініші бойынша осы мешітте жыл жарымдай уақыт имамдық етіп, бала оқытады. Табиғатынан сөз өнерін қуған, жыраулық дәстүрді мықтап ұстанған Шортанбай онан кейінгі уақытта имамдығын жалғастыра бермеді деп ешкім сөккен емес. Міне, осы тұста, бір жағы Қуандықты, екінші жағы Тарақтыны аралап жүрген Шөже ақын сөз өнерін жарыстырып, сынасып көрмекке Шортанбайды іздестіріп келеді. Шөже мен Шортанбайдың ақындық өнер жарысы Жанғұтты бидің ауылында өтеді. Дала көкжалындай адуын Шөже мір оғындай сөзін қадай айтса да, Шортанбай жеке бастың мүддесі, бақталастығы емес, ел мұңын, туған халқы қамын көлденең тосып, Шөжені сөзбен буа береді. Асау болса да ақылды Шөже бұған ден қойып, екі ақын рухани табысып тарайды. Бұған Шөженің:

Шортеке, ел сыйлаған пірім едің,
Сенімен айтысуға тұрып едім.
Басқадай қу соқыр деп кемсітпедің,
Басқа ақын тап өзіндей ірі ме еді.
Осымен мен сөзімді тоқтатайын, —

дегені дәлел.

Шортанбай – Шөже, Орынбай сияқты айтысты негізгі мақсаты тұтқан ақын емес, ол жыраулық дәстүрді ұстана отырып, жазба әдебиеттің есігін ашқан алғашқының бірі, не нақ өзі. Бірақ реті келген жерде айтыстан қашпаған, әрі өзі тұстас ақындармен тең түсіп, өзінің терең пәлсафалы ойымен шоқтығы асып көрініп отырған.

Шортанбайдың Бесата ішінде Елемес ақынмен жұмбақ айтысы аса қызғылықты. Сол сияқты өзінің замандасы, әрі құрдасы Асан Бұғымен арасындағы айтысы да бір ғана қақтығыс емес,

құрбылардың арасындағы қалжың ретінде талай жылдарға созылған жағдай. Шортанбайдан кейін талай өмір сүрген Асан Бұғы «Ей, қу сөз-ай, жеңем деген далбаспен Шортанбайға тілім тиіп кетті-ау» деп сан өкінгенін Қазі ақын да, Анарбек жыршы да ескертіп айтып отыратын. Асан Бұғының осы өңірде 40-жылдарға дейін болған немересі Әбукарин де оның сол өкінішін ел құлағына қалдырған.

Кенесары хан қазаға ұшырағаннан кейін уақытша тыншыған Ұлы Даланы, кешегі асқақ Алтын орда елін көруге патша тұқымы құмар-ақ еді. Соның бірі – ұлы князь Владимир 1867 жылы Омбыға жетіп, Қазақ даласына сапар шекті. Жоғарғы жақтың ерекше үкімімен оның алдында қазақ бар жақсысын жайып, жайсаң азаматтарын көрсетуге тиісті болды. Сол жақсы-жайсаңның бірі болып Құнанбай тобымен Шортанбай да барған. Сол жолы қазақтың жақсы-жайсаңын суретке түсірген. Онан құралған альбомдар 1917 жыл төңкерісіне дейін сақталғаны белгілі.

Шортанбайдың князь Владимирге барған сапарын бізге жеткізуші Қазі ақын «Шортанбай патшазадаға Құнанбаймен бірге барыпты. Сый-сыяпат көріпті» дей келіп, Шортекең Ертістің бойына сыңсып мұжық қоныстанып жатқанын көріп:

Ертістің бойы ен жайлау,
Көшіме түсті бір байлау.
Алғанын мұжық аз дейді,
Жер қосып тағы жаз дейді.
Келіп те қапты төресі,
Жоқ шығар бізге бересі, –

деп налып та, түңіліп те оралған екен дейді. Осы сапарға Шортанбай Құнанбай ауылынан аттанған. Ақынның ойға толы жырын қатты сыйлаған Құнанбай оны өз ауылында жиі қонақ еткен.

Міне, бұл жағдай бала Абайға қатты әсер еткені дау тудырмаса керек. 1864 жылы Есбай асына қатынасқан Шортанбаймен еш ақын айтыспаған. Бұл оны елдің құрметтеу белгісі еді деседі үлкендер. Сол аста ат жарысы бас бәйгесін аты озса да орта жүз өзі алмай, қонақтарға берген екен. Бұл жөнінде Шортанбайдың:

Бәйсейіт бас төреші халқы сенген,
Тәбекең, Ескең – мен соңына ерген.
Жанғұтты бас бәйгені өзі берген,
Екіншіні жетелеп Кәдір келген.
Орта жүз «той біздікі, алмаймыз» деп,
Үлгі еткен өнегені былайғы елге, –

дегенін Ескей жыршыдан алған едік.

Шортанбай – 1868 жылы Ереже бойынша жерінен біржола айрылған қазақ халқының ендігі болашағы қатерлі екенін де жақсы түсініп, ашына үн қатқан ақын:

Кетейін десе алды тар,
Тұрайын десе кәпір бар.
Қазақтың ұлы қамалды, –

деп, жерінен айырыла бастаған елінің барар жер, басар тауы қалмағанына қамықса:

Билік кетті басыңнан,
Қорлық көрдің жасыңнан, –

деп те елі үшін егіледі.

Шортанбай – ел мұңын жырлап қана қоймай, ол өмірді түзеу үшін өз жолын ұсынып, күресе де білген қайраткер. Бір кезде отаршылдық саясатқа қарсы:

Жалаңаш мін де, жауға шап,
Қатын-бала камы үшін, –

деп тікелей көтеріліске шақырған ақын бірте-бірте енді елді сақтап қалу – қазақы қоғамды сақтап қалумен тікелей байланыс-

ты екеніне көзі жетіп, хан билігі жойылса да, жұртты бірлікке, бірлік арқылы қазақ мәдениеті мен қазақы өмірді қорғау үшін ақсақалдықты қорғауға үндеген.

Бүкіл қазақ жұртының жерден ада қалуынан қауіптенген ақын елді отырықшы болып, жерге иелік етіп қалуға шақыра отырып, өз басы жеке үлгісін көрсеткен. 1873-74 жылдары Нұра өзенінің Қойкөлмен қиылысынан бірер шақырым төменгі жерден су диірмен салдырып, тоған бөгеіп, егіншілікке елді баулыған.

Міне, осы тұста алпысты алқымдап қалған Шортанбай Ойыл, Қостанай, Қызылжар, Кереку, Семей, Жетісу, Шу өңірін аралап, ел мұңын жырлап, насихатын айтудан бір танбаған. Оның 1881 жылғы Семей сапары да осының бірі еді. Барарында да, қайтарарында да Қарқаралыға соғып, Құнанбай ауылында болады. Ауылға күншілік жол қалғанда түнде далаға түнеген екен, сонда дүниеден қайтары туралы аян беріліпті дейді қариялар. Аязбай тоғанындағы өз үйіне жете алмаған ақын әрі досы, әрі құрдасы Жанғұттының үйінде болашақты болжаған жырын айта отырып, дүниеден көшеді.

Шортанбай Жақсы Жәкеңе өзін нағашысы Ыбырайымның мазары іргесіне жерлеуін тапсырып, ертең ертемен Жәкең қабірінің басына келсе, рухы бұл маңнан кетіп бара жатқанының куәсі боларын да айтыпты.

Ақын қабірі басына әзірше мазар салмауын, оны бүлдіріп тастар заман да болатынын, кейінгі ұрпақтар тұсында ғана рухы көтерілетінін, сол ұрпақтар қабірін қамқорлыққа аларын ескертіп кеткен екен.

Елі мен жерінің мұңын жырлап, қолынан келгенінше қамқоры болған ақын рухы көтерілер заман да, оның ойлы, ырысты мұрасын дәріптер ұрпақ та дүниеге енді келгендей. Ұлы ақынның арманы орындала бергей.

Рымбек Смағұлов
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Жыр жауһары

Кемпірбай Бөгенбайұлы 1834 жылы Егіндібұлақ өңірінде өмірге келіп, 1895 жылы қайтыс болған. Атақты ақынның әйгілі жыр жампоздары Шөже, Тезекбай, Әсет, Жәмшібай ақындармен айтыстары халық арасына кең тараған. Кемпірбайдың Шөжемен айтысының аяғы жұмбақ айтысқа айналады. Ал Кемпірбайдың Жәмшібаймен сөз қағысы ру айтысының дәстүрінде өтеді.

Кемпірбай өте ірі ақын болған адам. Әсет ақынның Кемпірбай ауырып жатқанда көңілін сұрай келіп айтқан өлеңі, оған Кемпірбайдың қайтарған жауабы көркемдік жағынан қазақ фольклорының тамаша үлгілерінің бірі. Өлең мен әнге жастайынан машықтанған Кемпірбай ақынның есімін қазақ жұртына мол таратқан туындысы – «Әсетпен арыздасуы» атты шығармасы. Тарихи мәліметке қарағанда Әсет 1895 жылы 28 жасында Кемпірбайдың ауылына келеді. Бұл кезде ақынның жасы алпыс бірде екен. Әсет пен Кемпірбайдың кездесуі жайлы Мәдинқызы Сақыптың дерегінде былай делінген: «Кемпірбай ақын ауырып жатқанда Әсет көңілін сұрай келсе, ол теріс қарап ыңқылдап жатыр екен. Терлеп, мазасы кетіп, әлсін-әлсін жөтеліп, дегбірсіздене беріпті. Мұны көрген Әсет көзіне жас алып, іштей тебірене толқыпты, сырқатты қатты аяп кетіпті. Қасына жақын келіп, қолынан ұстап: «Қалайсың, сырқатың қалай?» – депті. Кемпірбай естіді ме, естімеді ме үн-түнсіз жата беріпті. Сонда Әсет не істерін білмей абыржи бастапты. «Соншама алыс жерден ат терлетіп келгенімде бақұлдаса алмай қалатын болдым-ау» – деп қапаланады.

Аурудың қолын ұстап, ештеңе демей отыра береді. Біраздан кейін «Мен өлеңмен толғамаған соң үндемей жатқан шығар, ақынның көңілін жырмен сұрайын» – деп ыңғайланып, оның бас жағында сүйеулі тұрған үкілі домбыраны қолына алып, ащы айғайға басады. Сонда Кемпірбай: «Әттең, дүние-ай, Әсет келіп қалған екен ғой. Менің бүйтіп өкпелеген баладай, теріс қарап жатқаным жарамас» – деп домбырасын өзі алып, жауап қайтарыпты.

Әсеттің Кемпірбайдың көңілін жырмен толғап сұрауы – кәрі тарланның делебесін қоздырып, жігерін жаниды. Ішіндегі ақтарылғалы тұрған інжу-маржанның сыртқа шығуына септігін тигізеді. Бұл екі ақынның бас қосуы жұртшылыққа екі қыранның қатар самғауындай, тұлпарлардың дүбірлі жарысындай әсер қалдырады.

Әсет:

Ассалаумағалейкүм, ей, Кемпірбай,
Дертіне шипа берсін патша құдай.
Даусымды танимысың, атым Әсет,
Мен келдім әдейі іздеп көңілің сұрай.
Науқасың төмен тартты деп естіп,
Жыладым бәйіт айтып үш күн ұдай.
Аспанда айнала ұшқан ақ сұңқар ең,
Кез келіп жайған торға бопсың мұндай.
Сонда Кемпірбай төмендегі жауапты айтыпты:
Көңілімді Әсет келді көтергелі,
Барады өкпем қысып жөтелгелі.
Өлсем де көк кептерге бір соғайын,
Домбырам екі шекті ап кел бері.
Ат шапса, боз озбай ма буырылдан,
Мен шапсам жер танабы қуырылған.

Басымды шапқан сайын шайкап тастап,
Ағады қанды көбік шығырымнан.
Уа, жұртым! Осынау дерттен өлсем керек,
Науқасым төмендепті бұрынғыдан.

Тегінде, тыңдаған жанның ішкі сезімін қатты сілкініп, көзіне жас, көкірегіне өксік ұялатып:

Әсетжан, осы аурудан өлем білем,
Алланың аманатын берем білем.
Кеудемнен көкала үйрек қош деп ұшты,
Сол шіркін, кәрі жолдас өлең білем, –

деп терең тебіренетін Кемпірбай арманының асқар шыңы – өзінің өлеңі емес, кәрі жолдасы өлеңмен қоштасуы ғой.

Сондықтан да ол:

Қамығып, қош деп жылап, ұшып кетті,

Осы өлең Серікбайға қонбас білем, – деп көкірегі қарс айрылып, аң ұрады. Өйткені өзінен кейін ат жалын тартып мінер ұрпағының қалмасына ақынның көзі жеткендей, соны жаны сезінгендей күйзеледі. Бұл туралы заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов былай дейді: «Кемпірбайдың өлерде айтқан сөзі сондайлық көңілде тығылып жүрген сырды ашады. Ол сыр – ақынның сыры. Сондықтан өзіндей ақын Әсетке ғана айта алады. Кемпірбайдың сыры оны бес жасынан Дәуіт иектеген екен. Сол күнде кеудесіне көкала үйрек болып, кәрі жолдасы өлең қонған екен. Бұл өлең барлық ақынға ақындық өнері шеттен келіп дари-тын қасиет деп түсінгенді білдіреді».

Кемпірбайдың іштей күйзеліп, соншама қалың ой құшағында жатқанын шынайы сезінген Әсет:

Сен кетсең, өзіндей боп ұл туар ма-ай,
Қою сөз қояр ма екен үн шығармай.

Сырқат деп Сарыарқадан естігенде,

Үйімде үш күн жаттым тыншыға алмай, –

деп терең тебіренеді. Әсет пен Кемпірбай іштей бір-бірімен белгісіз бір жібек жіп арқылы түйісетін, жалғасатын сияқты. Сол себепті де ақындар арманы бір арнада тоғысқандай. Мұны біз «Сен кетсең өзіндей боп ұл туар ма-ай, Қою сөз қояр ма екен үн шығармай» деген Әсет сөзінен анық байқағандаймыз.

Кемпірбай өлеңді кәсіп еткен ақын. Үйде де, түзде де домбырасын қолынан тастамаған. Ақындарды іздеп жүріп айтысқан. Халықтардың көңілін өлең-жырмен көтеруден жалықпаған. Міне, осы себепті шаруаға қыры болған емес. Ал көшпелі тұрмыста желіде құлын, өрісте малы болмаған адамның халін түсіндірудің қажеті жоқ.

Кемпірбайдың Шөжемен айтысы өзіндік ерекшелігімен, оқиғасын соншама шиеленіске құрылуымен бағалы дүние. Екі ақын да тапқыр. Екеуінің өлеңінде де ой, сезім бар. Сондықтан олар тыңдаушысын ұйытып, «ой, пәлі-ай, өркенің өссін» деген ризашылығын жиі естіген. Екі ақынның айтысы 1910 жылы Қазанда «Қазақтың айтыс өлеңдері» деген атпен жарық көрді. Бұдан кейін 1931 жылы С.Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» деген кітабында жарияланды. Бұл айтыстың бір ерекшелігі аз сөзділігінде, мазмұндылығында. Ақындар басы артық оқиғаға бармай, қозғалған мәселенің өзін ғана сөйлетеді. Әуелі Кемпірбай бастап:

Асыма шақырмаған келдің жетіп,

Алатау бөксесінен басып өтіп.

Бұл елде қожа, молда құрып қап па,

Қу соқыр неге келдің жетектетіп, –

десе, оған таудан тас домалатқандай Шөже ірі сөйлеп:

Салмағы оң көзімнің сол көзімде,

Алланың не қылса да еркі өзінде.

Бар болса қасиетің көзімді жаз,

Әйтпесе татымы жоқ қой сөзіңді, –

дейді. Кемпірбай бұған да уәж табады. Ол:

Ішінде бұл шаһардың дегдарлы едім,

Білемін тумысыңнан сен жарлы едің.

Көзіңді көрінгенге төле дейсің,

Жерінде көзің шыққан мен бар ма едім, –

депті.

Алайда сүре айтыс, түре айтыс, жұмбақ айтыстың неше алуан тәсілдерін жетік меңгерген Шөжеге Кемпірбай төтеп бере алмай, сөзден тосылып қалады. Оның жеңіліп қалуының өзі жеңіске бергісіз еді. Соны мойындай отырып, жанының таза, көңілінің ақ екенін жұрт алдында бірден-ақ байкатады:

Келіп ем бұл жиынға өктемделіп,

Жүруші ем қу соқырдан секемденіп.

Бағасы жоқ соқырмен айтысам деп,

Жығылдым төрт аяғым көктен келіп.

Кемпірбайдың көп шығармасы біздің дәуірімізге жетпеді. Әйтседе оның осы мұрасының өзі, әсіресе «Әсетпен арыздасуы» атты туындысы ақынның қазақ әдебиеті тарихынан өзіне лайық орын алуына мол жетіп жатыр. Өйткені бұл өлең туған ел, туған жермен қоштасу ғана емес, оны дәріптеуге құрылған.

Қожабай Тоқсанбайұлы (1841-1918)

Данышпан Абайдың дәуіріне дейінгі және кейінгі қазақ әдебиетінің даму үрдісіне зер салған жан қаншалық айырма барына өзі-ақ көз жеткізеді. Біз сол жаңашыл үрдіске жедел үн қосқан Абай замандастарының көш басында тұрған қабырғалы ақындар еңбегін сөз еткенде Ұлытаудан түлеп ұшып, заманында Үш жүзге аты мәлім болған айтыс акыны Қожабай Тоқсанбайұлының есімін айналып өтпесіміз анық.

Он үште Бағаналы Қожабай деп,

Атағым бар әлемге бір шашылған, – деп жастайынан өзі жырлаған «Бала жыршының» тағдыры сол дәуірдің тыныс-тірлігімен сабақтас өрілді. Ол жастайынан тағдыр тауқыметін көріп өскендіктен де заман құбылысын тез аңғарып, терең сезініп, бейімделе білді. Өйткені, ол жақсы мен жаманды ерте айырып, қоғамның өтпелі кезеңінің қалай ауысқанына куәгер болды. Оны біз жан күйінішін жасыра алмай жырға қосқан жан толқынысынан анық аңғарамыз. Көкірегі шерлі балауса ақынның 75 жас ғұмырында қатыгез өмірдің небір сынына төтеп беруіне тура келгені аян. Сол тұста оның қолтығынан сүйеп, достық қолын ұсынып, шығармашылық жолда ширығып жетілуіне Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин сияқты заманының озық ойлы ойшылдарының ақыл-кеңес беруімен қатар Ұлытау өңірі халқының тағдырын тығырықтан алып шыға білген қоғам

қайраткерлері «Төрт босағаның» белді басшылары – Сандыбай батыр, Кәдір би, Шегір би, Бабыр би, Ер Ердендердің іс-қимылын танып өсуі себепкер болғаны сөзсіз. Кемел жасқа келіп, жаңа заманның лебі соққан тұста Алаштың алыптары атанған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әліби Жанкелдин, Аманкелді Имановтың ақыл салып, кеңеске алуы да тегіннен-тегін болмаса керек.

Қожабай текті атаның тұқымы, арғы атасы Қожас дуалы ауыз, шешен болса, оның төрт баласы Ибеске, Жұртшы, Жырық, Қоқан тарихта белгілі тұлғалар болған, соңына батырлығы мен аталы сөз қалдырған жандар. Бабасы Ибескенің:

Бәрі бірдей жаушы болғанның,

Тұқымы қу, елі шулы болар.

Бірі тойшы, бірі қойшы болғанның,

Ырысы мол, өрісі нұрлы болар.

Бақталас пен күндестен ада болғанның,

Шаруасы оңынан оралып, күйлі болар.

Үлкенге – ізет, кішіге – құрмет еткеннің,

Ел арасында қадірі артып, сыйлы болар, –

деген сөзі ұрпағына мирас болып қалған. Аталары Сандыбай, Сағындықтың батырлығы ұрпағына ұран болғаны мәлім.

Қожабай, тайпалатын мен бір жорғаң,

Кеудесі-көне тарих тең-тең толған, –

дейтін Қожабай ақын да өнерлі жанұядан шыққан. Әкесі Тоқсанбайдың ағасы Тайлақбайдың майталман күйші, тайпалған сыбызғышы болғаны, соңына «Айрауықтың ащы күйі», «Алқа көл сұлама» күйлерін қалдырғаны да көп жайтты аңғартса керек.

Жастайынан ұлт аспаптарын жете меңгерген Қожабай ақын өзіндік өрнегі бар ғажап үнді әнші болған. Айтыс бастар алдында

дауысын толғай созып, өзіне ғана тән мақамына салғаннан кейін өлеңді топан судай төгілте жөнелгенде бөгет болудан кім де болса тайсақтап қалады екен.

Жасымда жәрменке едім жаңа ашылған,

Құрыш ем қайнап шыққан шын асылдан, —

дейтін асқақ ақынның қарсыласының мысын ә дегеннен-ақ басып тастайтын өршілдігі осыны аңдатқандай.

Қожабай ақынның туған жері — Ұлытаудан бастау алатын Жезді өзенінің бойы. Өмірінің 30 жылын жан досы Өтетілеумен бірге Кумола өзенінің жағасында Әлмембет болыстың ауылында өткізеді. Баласы халық ақыны Болманға осы Аманғұл руынан қыз әперіп, құда болды. Ұлытау өңірі, Жезді алқабы, Кумола, Дүйсенбай, Білеу өзендері ақынға әрдайым құшағын айқара ашқаны айқын. Тек өмірінің соңғы кезінде Жездінің ұшар басын мекендеп, Зортөбеден мәңгілік тұрақ тапты.

Қожабайдағы ақынға тән өзгермес тамаша қасиет — ештеңеден тайсалмай, сол ойлаған сәттегі ойын бүкпесіз ел алдына жайып салатындығы. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағиданы берік ұстанып, өзіне тән өжеттігінен еш айнымаған. Оның өлендеріндегі уыттылық та осы қайсар мінезінен туындаған. Ақындық шабыт бұғанда алыс-жақынына қаратпай көңіліндегі түйткілді нәсер жауындай төгіп өтетіндігі «Әлмембет болысқа» деген шер толғауында да анық көрінеді.

Қожабай ақын айтыс өнерін жетік меңгерген, ешкімнен жеңіліп көрмеген. Оның қарсыластарын қақпанға түсіруде қолданатын өзіндік тәсілдері бар. Өмірден түйгені мол ақынның шығыс классикалық әдебиетін өздігінен оқып, үйреніп, өз шығармаларына шебер пайдалануы оның танымдық көзқарасын кеңейте түскен. Зерек көңіл көргенінен философиялық ой түйіндеп,

оны келер ұрпаққа үлгі ете білуі, жастарды оқу-білімге үгіттеуі, шығармаларында табиғат құбылыстарын бейнелі, айшықты етіп суреттеп көрсетуге талпынуы ауыл ақындарынан шоқтығын биіктете түседі. Сол заман келбетін қаз-қалпында шынайы суреттеп беруі де әсерлі көрінеді. Сол сияқты сөз қорының молдығы да оның еркін көсілуіне кең жол ашады. Мәселен басталған ұйқасты бастан-аяқ сақтап отыруы осыған дәлел.

Ғылымсыз ел көркейіп жетілмеген,

Он сегіз мың ғаламның сырын ұқпай.

Парызың ел алдында өтелмеген.

Дау-шардан есті қашар, есер үйір,

Уағыз сөз айтпадым бекерге мен.

Ойланып қаперіңе ала жүргей,

Дос болма пейілі жаман мекерменен.

Арнаған халқым үшін қайран сөзім,

Желге ұшып бекер босқа кетер ме екен?

Күңіге мың толғанған қайран ойлар,

Ұрпаққа сағым жұтпай жетер ме екен?

Қожабай ақын Ұлытау өңіріне Абай шығармасын, оның тың идеяларын кеңінен насихаттаушылардың бірі болумен қатар өзі де сол істі өмір жүзіне асыруға атсалудың бірегейінен саналады. 1884-85 жылдары өткен Құлтума Өтемісұлымен айтыста шарифатқа шалағайлығы бетіне мін болғаннан соң ілімнің көзі құранда екеніне ден қойып, өздігінен оқып, талаптанады. Жыр-қиссалардың қолда жүрген нұсқаларымен танысады. Ел-жердің тарихын құнттап, зерделейді. Ел таныған азаматтар қатарында жүріп, халықтың хал-ақуалын біледі. Солардың мұңын өз шерімен үндестіре жырына арқау етеді.

XX ғасырдың бас кезінде (1902 ж.) өткен Есенбаймен айтысы ақынның кемелденген тұсы. Оған Абай төрелік етіп жеңісті әділдікпен Қожабайға алып берді.

Ел ішінде түрлі нұсқалары сақталған ақынның бұл екі айтысының өткен мерзімі мен Құлтуманың әкесінің аты жайлы пікір әр қилы. Ол туралы пікір әлі зерттеле жатар.

Ыбырай Алтынсарин мен Қожабай достығына ауылдары арасы, қойлары қоралас деп дау тудырмағанымен, Абайға келгенде күмән ұшы қылаң беріп қалып жатады. Бірақ бұған айғақты Берік Жүсіповтың ғылыми зерттеу мақаласындағы кездесетін («Маған да сөйлер кез келер...», «Қала мен дала» газеті, 25 маусым 2004 ж.) мына дерек нақтылай түсері анық: «Қаншайым Жұмабаева жазып алған Болман естелігінде мынадай жолдар бар: «Әкем Қожабай Абайдың замандасы екен. Өте пысық, қажырлы адам болатын. Өмір сүріп, атағы шыққан кезеңі XIX ғасырдың жетпісінші жылдары еді. Ол кезде ақындар болып айтысқа жиналады екен. Сондай зор айтыстың бірі 1868 жылы Омбыда болыпты. Бұған атақты алпыс ақын ат салысыпты. Сол ақындардың арасында Абай да болады.

Әкем айтушы еді: «Біздің ортамызда жас Абай қияға құлаш ұрған қыран секілді еді. Бір-бірімен әзілмен айқасып отырса да Абайға ешқайсысы батып сөз қата алмады. Ол кезде Абайдың шешен, би сөзге шеберлігі жағынан Ұлы жүз бен Орта жүзге атағы әйгілі еді» – деп. Айтыс біткеннен кейін Абай жасы кіші бола тұрса да, Қожабайға біраз ақыл айтыпты. «Әкем басқа өзіндей ақындарға жол бермей жүрсе де, Абайға кенеттен қайырып ешнәрсе айта алмайды, – деген Болман өзінің естелігінде. – Бірақ Абайдың сөзі әкемді біраз ойға қалдырады. Сол кезде менің әкем отыз екі жаста, Абай жиырма сегіз жаста екен. Абайдың сол кезде-

гі ел ортасындағы қадірі, үлкен білімі, мол ақылы әкемді жетектегендей болады. Әкем мәдениеттен кенже қалғанына біраз налып, Абайға сәлем хат жазып жібереді...».

Қожабай ақынның өлеңдерінің көпшілігі ауыз-екі айтылғандықтан жоғалып кеткен. Оның кейбір жұрнақтары ғана ел есінде сақталып қалған. Мұның басты себебі Кеңес дәуірінде ақынды ескішіл көзқарастағы діншіл шығармалар жазған деп шектеуден болса керек. Өйткені оның діни тәрбие мен қажылардың өнегелі істерін көпшілікке үлгі еткен шығармалары қайсыбір жандарға ұнамай қалған-ды. «Барақ қажы мен Төлен қажы», «Бименде қажы» дастандарын жазба түрінде шығарып таратқан. Ондағы эпикалық кең тыныс ақындық дарынды айқын танытады. Оның басқа шығармаларында да Қорқыт, Қарынбай, Атымтай, Рүстем, Наушарбан, тағы басқа шығыстық бейнелер ұтымды пайдаланылған. Қожабай өзінің жыр, толғаулары, айтыстарында шығыс әдебиетінің әсерімен өз есімін міндетті түрде қосып отыруды әдетке айналдырған. Кейіннен туындыларын жазбаша жырлай бастаған тұста да мұны естен шығарған жоқ. Мұның бір ұтымды тұсы өзінің сол уақиғаға қатысы барлығын, оқиға шыншылдығын анықтауға, әрі мерзімін білуге мүмкіндік береді. Абай, Ыбырай сияқты ірі тұлғалардың өнегесін үлгі тұтып, әрі өзінің ұзап шығып оқи алмағанына қолдың қысқалығы күрмеу болғанын ескере отырып, тым болмаса жырларының ұрпаққа жалғасуына жазба арқылы қол жеткізуге талаптанады. Міне, бұл оның ауызша туындыларын жазба шығармашылықпен ұштастыруға алып келеді. Сөйтіп ол екі желіні қатар тартуға машықтанады. Соның нәтижесінде көлемді шығармаларының кейбірі хатқа түсіп бүгінгі ұрпаққа жалғасты. Бұл туралы Берік Жүсіпов аталмыш мақаласында: «Қожабай – екі ғасыр тоғысындағы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет арасынан

шыққан өзгеше бітімді поэзияның өкілі, басқаша айтқанда, ескінің соңы, жаңаның басы. Оның ақындық жолына Абай мектебінің әсері үлкен. Абай бұрын көпшілік талабын толығынан өтеп келген халық поэзиясының өміршеңдігін түсіне отырып, жалпы поэзияға дәуір талабына сәйкес әлеуметтік жүк артты, алғаш рет жаңа сапалы жазба әдебиеттің негізін қалады. Бұл әдебиеттің соны сарап жаңа жолын салушы лектің бел ортасынан Қожабай ақын ойып тұрып орын алады» – деп орынды атап өткен.

Ақын шығармасына сол тұста-ақ көкірегі ашық азаматтар ден қойған-ды. Тұңғыш рет ақын шығармасын жинастыру ісін Қаныш Сәтбаев қолға алыпты. Кейіннен Сабыр Шәріповтың кітабында басылды. Одан соң 1959-60 жылдары Мағзұм Тиесұлы жинақтап баспаға ұсыныпты, бірақ арғы тағдыры белгісіз.

Бұған дейін де XX-ғасырдың бас кезінде Ахмет Байтұрсынов алғашқы құрастырған әліппесіне Қожабай Тоқсанбайұлының өлеңдерін енгізгені туралы Жезқазғандық қарт ақын, марқұм Нұрасила Бәрменбаева Жезқазған облысы, Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде (10.08.1991ж.) жарияланған өлеңінде жазады.

Демек, өткен ғасырдың бас кезінде ақын шығармасы Ұлытау өңірінің жастарына арналған оқулық арқылы насихатталған. Өкінішке орай бұл нұсқаны әзірге кезіктіре алмай жүрміз. Олай болар реті де бар. Ақынның «Жігіттер, құлағың сал», «Кедейлік туралы», «Әлменбетке айтқаны», «Көп еді, Қожахмет, ақыл-айлаң», «Кел, Қожабай, сөз сөйле замананың зарынан», «Ортадан өтіп барады менін жасым», «Болар деп үміткермін күткен заман», тағы да басқа өлеңдерінде әлеумет өмірінің түрлі қырларын шыншылдықпен ашып көрсетеді. Құлтума, Есенбай ақындармен айтыстарында әлеуметшіл бағыты анық көрінеді. Халықтың сөз қазынасын тереңдей игерген Қожабай Тоқсанбайұлының шығармалары терең мағыналы, өткір тілді, шешендік сөздер, мақал-мәтел, нақылдарға толы.

Кел, Қожабай, сөз сөйле,
Замананың зарынан.
Ендігінің алдысың,
Бұрынғылардың артынан.
Жастар ақыл сұрамас,
Ескіден қалған қартынан.
Бүгінде қазақ айырылды,
Қазақшылық салтынан.
Шама қылып байқарсың.
Қазақтар асып барады,
Қаланың ноғай, сартынан.
Мал біткені би болып,
Күнінде жеп параны.
Түгімен жұтып қараны,
Жақсы айрылды қалпынан, –

деп келетін ұзақ толғауда сол кездің бет бейнесін ашы, уытты тілмен сынайды. Қожабай халық ақынына тән қасиетімен қоғамдық мәселелерден еш уақытта тыс қалған емес. Ол 1916 жылы көктемге салым елдегі дүрбелеңнен секем алған ақ патшаның елдегі жандайшаптарының айдап салуымен үш жүзге сауын айтылған Зілқара қажының «жылын өткізбеймін» деп Токарев әскер шығарып, әлекке түскен тұста да белсенділік таныта білген. Ол асты ұйымдастыруда Аманкелді Иманов, Кейкі, Бұзау болыс, Есенбек батыр, Ахмет ишан, Уәйіс ұрпақтары, Шегір ұрпақтары, Өтжан би Күржіұлы (сазгер Жақсыкелді Сейіловтың аталары) бастаған Жабай руының игі жақсылары, Қожабай бастаған Тайжан, Омар, Нияз, Болман, т.б. отыз бір ақын, көкірегі ояу жандар аса белсенділік танытты.

Сен едің Еділбайдың Зілқарасы,
Еліңе түсті заман зілзаласы..., –

деп, сол жолы шерлене атақты «Зілқара қажыға» деген ұзақ арнауын толғайды.

Оны Қунақтың Омары іліп әкетіп:

Айнала әскер жинап қорғанатын,
Не күн туды салтыма таласқандай?..
Ақ патша да сабасына түсті білем,
Зілқараның әруағымен санасқандай...
Басына бабасының бағы қонып,
Түспесін замананың тәлкегіне... –

деп ашына жыр төккені, сол жолы ел-жер тарихына қатысты алқалы құпия жиын өткені бүгінде ешкімге жасырын емес. Қожабай ұлғайған шағына қарамастан сол жылы көктемге салым Орынборға барып халқымыздың бір туар азаматы Әлихан Бөкейхановпен жолығып, «аласапыран дүмпуінен үркіп, үдере көшпек» болып жатқан ауыл сәлемін жеткізіп, кейін Ахмет Байтұрсынов келіп тоқтам айтып, ел іргесін сөктірмей аман алып қалғанын атамасақ болмас.

Арқаның ақиығы атанған ақынның қаншама айтыстары, сөз қағытулары із-түзсіз кетті. Бертінге дейін ел арасында сақталған «Салиха қызбен айтысы», «Байторғай қызбен айтысы» әзірге қолға түспей жүр. Сол сияқты аңызға бергісіз толымды істері, тәлімді шешендік сөздері, әзіл-әжуә сықақтары, қағытпа-қалжыңдары жинақталмай қалып кетті.

Бір қуанарлығы қазір Қожабай жырлары зерттеле бастады. Жергілікті басылымдар бірқатар мақалалар жариялады. Қомақты дүниелер қатарында ғылыми жұмыстар жазған профессор Мұхамедрахым Жармұхамедұлы, ф.ғ.к., доцент Берік Жүсіпов,

ф.ғ.к. Мейіржан Тапашев, жазушы Ақылбек Шайхин еңбектерін атар едім.

Өлеңге мен жасымнан керім едім,
Жорға емес, жүйрік емес берік едім.
Балқытқан қара тасты қорғасындай,
Баспалы желді қара көрік едім, –

дейтін Қожабай ақынның өмірден өзіндік орын алған «Қазақ баласына», «Үш жүздің баласына», «Бір тентек», «Дүниеге мейманбыз», т.б. толғау, өсиет-намалары ұрпаққа өнеге.

Өткенімен қауышып, ерлерімен табысқан еліміз оларды құрметтеп кесенелер тұрғызып, құран бағыштап, еңбектерін елеп көшелерге есімдерін беруде. Ондай ілтипат Қожабай, Болманға да көрсетілді. Қарсақбай, Жезқазған қаласында әкелі-балалы ақындардың атында көшелері бар. Енді, есімдері қайтадан оқулықтардан орын алып, мерейлі тойларда арнайы жүлделер тағайындалып, ақындық үлгісі бостандыққа шығып, діні елге сәулесін төге бастады.

Доскей ақын

Арқа өңіріндегі ақындар шоғырының ірі өкілі, суырыпсалма ақын, сөз зергері, айтыс майталманы Доскей Әлімбайұлы 1850 жылы Ақмола жерінде дүниеге келген. Әкесі Әлімбай мен шешесі Үндемес (кей жерлерде Үміт делініп жүр) кісі есігінде жүріп күн көрген, жалшы болған.

Әлімбай ерте қайтыс болып, 25 жастағы әйелі Үндемес жесір, 5 жастағы Доскей мен жөргектегі сәби Досмағанбет жетім қалады. Жәбір – жапаның небіріне көнген әйел екі жыл жесір жүреді. Жеті жастағы Доскей осы қиыншылықтың бәрін көзімен көріп, көкейіне түйіп өскен еді. Жесір Үндеместі Айдапкел деген болыстық управительдің молдасы әйелдікке алмақ болады. Дәрменсіз күйдегі ана жеті жастағы Доскейді тастап, екі жасар Досмағанбетті алып молда жетегімен кете барады.

Туысқан Барғана мен айтқанын орындап, дегенін жүргізіп жүрген ел билеуші жуандардың іс-әрекеті жас Доскейдің жан дүниесіне, көзқарас, танымына, қоғамдық ортаға деген пікіріне әсер етпеуі мүмкін емес еді. Кедейлік, жетімдік, әділетсіздік ашу-ызасын оятты, жігерін жаныды, ширатты.

Бала Доскейдің көрген мехнаты мұнымен де шектелмейді. Әлімбай әкесінен қалған жыртық киіз үй, бір ат және бір сиырмен қатал туысы Барғананың қолына кіреді. Кешікпей олар Ақмоладан өз еліне (Сармантай ішіне) көшеді. Барғананың әйелі – Төлебике жетім Доскейді іш тартып, бауырына баса қоймайды, жек көреді. 7 жасар Доскей отынымен кіріп, күлімен шығады. Бұзау бағады.

Әкеден өлі, шеше мен бауырынан тірі айрылып, қатал жеңгенін қыспағынан қажыған бала жанына жұбаныш, рухани серік іздейді. Ел арасында ән айтып, күй тартып жүрген өнерпаздардың салты жас Доскейді көп қызықтырса керек. Бұзау соңында жүріп ыңылдап ән айтуды әдетке айналдыра бастаған. Келе-келе домбыра тартуға әуестене бастайды. Домбыра жасап, тартып жүреді. Бұл кезде Доскей небары 10 жаста екен. Өзі айтқан естеліктерінің бірінде мынандай оқиғаны баяндайды. Бір күні далада домбырамен әуреленіп отырғанда бұзау жамырап кетеді. Үйге келген соң Төлебике оның домбырасын қиратып, өзін ұрып-соғып, далаға қуып жібереді.

– Шешем (Төлебикені айтады – Ғ.Е.) қатал болса да, ұрса да, жәбірлік көрсетсе де домбыра тартуымды, ән үйренуімді, өлең-жырды тыңдауымды қоймадым. Бір күні тағы да домбыра жасап алдым, оны Төлебикеден жасырып, оңашада тартып жүрдім, – дейді Доскей ақын.

Есі кіріп, есейе бастағаннан көргені жетімдік пен жәбір еді. Демек, Доскей Әлімбайұлы ақындығының, жалпы өнерінің бастауын осынау балалық шағынан, ерте есейткен ортадан іздеуіміз керек сияқты.

Ақынның өнерге келуі дүниеге өлең әкелді. Өткір тіл, ащы әжуаға толы алмас тілін әлгіндегі зорлығы, қиянат еткен жандарға безеді.

Жетімдерде үн бар ма,
Сөйлейтұғын тіл бар ма?
Осы қу бас кәрі иттен
Құтылатын күн бар ма?

Доскейдің бұл өлеңі Төлебикеге арналған. Доскей ақынның өз тегінде, нағашы жұртында ақындық, өнерпаздық болғандығы

жөнінде мәлімет жоқ. Алайда оның ақындыққа, ән-күйге, жалпы өнерге ұмтылуына, шындалып өсіп, жетілуіне ықпал ететін орта бар еді.

Бала Доскейге ерекше әсер еткен, өнер өрісінің ашыла түсуіне ықпал жасаған жандардың бірі Жауғаш сері екен. Доскейдің үлкен өнердегі алғашқы ұстазы Жауғаш болғандығы жөнінде ақынның өз өлеңінде айтылады.

Мен Жауғаштан үйрендім өлең басын,
Сөзіне еріп кетті ықыласым.
Дауысым отарбадан кем емес ед,
Он үшке кәміл толған менің жасым.

Сері домбырашы жігіт жас Доскейдің өнерге деген ынтасын байқаған. Қасына ертіп жүріп бірнеше ән, күй үйреткен. 15 жасында өздігімен ән салып, күй тартып, өлең айтып жұртқа «бала ақын» боп таныла бастаған Доскейдің әйгілі Біржан салды көруге ынтық болуы заңды еді.

Доскей он жеті жасында осы Біржан салдың жүзін көріп, өнерін сынатып, батасын алады. Доскей Ақан серінің төңірегінде де көп жүріп, тәлім алған. Бұл жөнінде мынандай тарихи оқиға белгілі. Бұл оқиға Доскейдің Ақан сері туралы естелігінде жүйелі баяндалған. Ал естелік М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы.

36

Доскей алғаш рет Ақан серіні Атбасарға іздеп барады.
Атақты Ақан сері сен емес пе-ей,
Сағынып іздеп келді ақын Доскей.
Әншілік өнеріңнен үлгі алайын,
Айтып бер өнеріңді шырқап төстей, –
дейді Доскей Ақанмен танысып.

Доскей даңқты Шөже ақынмен де кездесіп, үйренген. Топ ортасында думандатып отырған Шөжеге ат үстінен Доскей былай дейді:

Суға салсаң батпайтын ағаш кеме,
Жақсыны жамандасын халқы неге?
Сарыарқаға аяулы, атың шулы,
Ақсақал, аманбысың, ақын Шөже?
Доскейді даусынан таныған Шөже:
Аға деп сәлем бердің келіп маған,
Ден саулықта айтады өлеңді ағаң.
Атадан жас, анадан бос қалған ең,
Жетім інім, өзің де жүрсің бе аман?
Саңылауы бар, сөзіме құлағың сал,
Аузымдағы сөзімнің бәрі де бал.
Даусымды естіп келіпті Доскей балам,
Бірің шығып атынан түсіріп ал, –

дейді. Бұл кезде Доскейдің аты ақындығымен танылған екендігі көрініп тұр. Бұған дәлел – мәшһүр Шөженің Доскейді танып, оның өмір жолын білуі, аттан түсіріп көрсеткен құрметі.

Ел билеген әлді ортамен ымыра бірлікке келмей кеткен, өлеңі мен әнін қару етіп үстем топпен алысып өткен Жаяу Мұсаның өршіл, асқақ, адуынды шығармалары – қазақ поэзиясындағы ілкімді құбылыс.

Жалаңаш бар да жауға шап,
Ажал жетпей өлмек жоқ.
Өткен іске өкінбе,
Қайта оралып келмек жоқ.
Ахау, айдай сылқым көк,
Тәуекелде қайғы жоқ.

37

Мұса осындай отты өлеңдерімен ерекшеленеді. Ал Доскей ақынның жай отындай Жаяу Мұсамен кездесуі шын мәнінде оқшау оқиға еді. Екі өнерпаз 1878 жылы Ақмола, Есіл бойындағы Қонырадыр деген жердегі Ерубай дегендікінде жүздеседі.

– Шырағым, сен менен бір нәрсе үйреніп, үлгі алайын деп келген бала екенсің, бар дәулетім бойымда. Менен аларың да, киерің де өлең мен ән, осыныма риза бол, – деп, «Аксиса» және төрт ән орындап береді.

Аттанар шақта: «Шырағым, өмірінде байға жалынышты болма. Өткір бол. Екпінің жер жарып, тасты тілетін болсын», – деп батасын береді. Кейінірек ел ішіндегі жуандармен Доскей де ашық тартысқа түсіп, соның нәтижесінде абақтыға жабылып, сергелдеңге түскенде де Жаяу Мұсаның осынау жігерлі сөзімен қайратын жанып жүреді.

Арка өңіріндегі әншілік өнерде өзіндік өрнегімен қалған, балуандығымен де даңқы жайылған Балуан Шолақ Доскей ақынның досы болады. Айтбай қажы деген ел жуаны Доскеймен өшігіп, өтірік жаламен түрмеге жауып, тіпті өлтірмекші болғанда оған араша болған – осы Балуан Шолақ. Бұл жарасымды достыққа дәнекер болған, алдымен, әншілік, ақындық өнер болса, екіншіден жуас елге тізесін батырған ат төбеліндей азын-аулақ ел билеушілерге деген өшпенділіктен туған идея – мақсат бірлігі екені даусыз.

Аркаға, бүкіл қазаққа есімі таныс Шортанбай ақынның да ықпалы болған. Көзімен көріп, сөзін тыңдаған. Доскей ақын мен Шортанбай ауылы іргелес. Әрі Доскей шығармашылығы қалыптаса бастаған тұс – «зар заман» кезеңі. Алайда Доскейдің бізге белгілі өлеңдерінде Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармаларына тән сарын байқалмайды. Мұның сыры айқын, өйткені ол сал-

серілік, өнерпаздық ортада қалыптасты. Ал Біржан мектебі ықпалды орталардың бірі еді. Бұл сөзімізді дәлелдей түсу үшін С.Мұқановтың пікіріне сүйенеміз. Ол: «Біржан салдың әсері оған үлкен болған, Доскей оны тіпті өзінің рухани әкесі деп таниды», – дейді.

Доскей ақынның революцияға дейінгі туындыларында жалаң үгіт. насихат айту, дидактикалық сарын жоқтың қасы. Керісінше, елмен етене араласып, той-думанның ортасында жүріп, шынайы өмірге негізделген лирикалық өлеңдер туғызды. Оның «Қалқаға», «Жалтарма», «Қос басқан» сияқты шығармалары осыны айғақтайды.

Доскей – бұқара халықтың атынан сөйлейтін ақын. Өзі бастан кешірген әлеуметтік қиыншылықтардың басқа жұрттың басында да бар екеніне көз жеткізеді. Оған себепкер билікке ұмтылған, баюдың тәсілін күйттеген, елді қанап, алдап-арбап отырған ұлықтар, болыс-би, дүмше молдалар екенін әбден түсінеді. Доскей бұларға қарсы қару ретінде өлең-жырын жұмсады.

Көргенін көлеңкелемей, айтар ойын жұтпай ақтара беріп, сөзін мірдің оғындай дәл тигізе айту мына бір жолдардан-ақ айқын аңғарылады.

Доскейден табылады өлең деген,
Болар ма ой байларда өлем деген.
Іркілдеген шошқадай майына мас,
Өгіздей семіреді өлең жеген.

Белгілі ақын, Доскей мұраларының шын жанашыры болған Қ.Бекхожин Доскей Әлімбайұлының «Толғау» жинағына (1941) жазған алғысөзінде: «Доскей махаббат жұмбағымен де көп айналысты, сұлулық жырларын да шертті, он саусағынан алуан-алуан күй, аузынан әсерлі ән төгілген ақын болды, – деуі өнерпаздың

тағы бір қырын аңғартқандай болады. Дәлірек айтсақ, Доскей күйші де болған сияқты.

Доскейдің де шын өнер додасында шынығып, нағыз суырыпсалмалыққа шынығып, табан астында сөз маржанын ақтарып тастауға дағдыланған мектебі – айтыс өнері.

Доскей Әлімбаевтың бізге белгілі екі айтысы бар. Оның бірі – Соқыр Ажармен, екіншісі – Үкілі Ыбыраймен болған сөз бәсекесі.

Кезінде Шөже, Орынбай, Кемпірбай сынды өнерпаздармен кездескен дедік. Аты аталған әйгілі жыр ақтангерлері алдына келген Доскей сынды өнерпаз жасты сөзбен сынамай жіберуі мүмкін емес. Демек, үлкен айтыс дәрежесіне көтерілмеген күннің өзінде, салмақты өлеңмен қақтығыс болған ғой деген ойымызды да жасырғымыз келмейді. Бір деректерге қарағанда Доскей Ақан серімен де айтысқан.

Доскей ақын жайлы С.Мұқанов: «Егер Доскейді қазақтың ауыз әдебиетінен өсті десек, онымен үнемі байланыста болып келеді десек, біз ешуақытта қателеспеген боламыз. Күш-қуаты толық кезінде қазақтың басқа ірі ақындары сықылды Доскей де «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» тағы басқа батырлар жырын көп білген» – дейді. Жазушы Доскей ақынмен жүздесіп, әңгімелескен. Бертініректе Ағыбай, Бұқарбай, Жанайдар, Бұғыбай батырлар туралы аңыз-әңгіме, өлең-жырларды ақынның айтуында тыңдаған, тіпті халықтың тұрмыс-салт жырларын, ертектерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақ пен жаңылтпашты, айтыстарды да көп білген. Доскейдің айтуымен жазылып алынған Кенесары, Ағыбай жорықтары туралы әңгіме, Ақдама қыз бен Асанның айтысы бар.

Қартайған шағында да шағын ортада, үй іші, ауыл-аймақ арасында өзі білетін қисса, дастандарды, аңыз әңгіме, ертегілерді ай-

тып, өзгелердің де назарын аударып, өзі де қуат алып отырғаны ақиқат. Доскей Әлімбаевтың «Жетім бала мен жебір уәзір», «Бақыт іздеген тазша» сияқты ертегілері, «Қажымұқан», «Кенесары» секілді көлемді жырларының дүниеге келуі, әрине, осынау ықпалды күштің игі әсері.

Біржан төңірегінде көп жүрген Доскей Абай ақындығына әбден қанығады. Доскейдің бертін туған өлеңдеріндегі:

Өрнек салған өлеңге,
Ой жіберген тереңге,
Сөздің тапқан үлгісін,
Шешен мұндай келер ме?
Сөздің тауып асылын,
Абайдай айтып берер ме?

Немесе:

Абайдың жазған өлеңі
Асыл алмас құрыштай.
Мұқалмайтын жүзі өткір,
Тас кесетін қылыштай.
Айтқан сөзі аумастан
Орнында тұр жылыспай, –

деген жолдар – ақынға деген Абай әсерінің, оның Абай өлеңдерін бағалағандығын байқататын дәлел. Әлеуметтік теңсіздікті, оған себепкер болып отырған бай, болыс, дүмше дін басыларын әшкерелейтін сыншыл мотивтегі өлеңдерінде, сондай-ақ табиғат тамашаларын суреттейтін шығармаларында жаңашыл Абаймен үндестік белгілерін аңғару қиын емес.

Бой жадырап, күн жылып,
Күндей күліп жаз келді.
Көкте қалқып, саңқылдап,

Көлдiң көркi қаз келдi.
Жан-жануар қимылдап,
Көктем көркi көк шығып,
Жайлы жайлау өрiске
Бес түлiк мал толтырып,
Қой, ешкiсiн маңыратып,
Қозы, лағын жамыратып,
Жадыраған елiм бар.

XX ғасырдың бас кезiндегi Доскей Әлiмбайұлының шығармашылығы жайлы пiкiрiмiз жұтандау. Оның себебi де бар, өйткенi осы тұстағы ақын мұралары әзiрге бiздiң қолға түспей отыр. Өйткенi, осы кезде оның шығармашылығында бiр үзiлiс, тоқырау болған.

Ен даланы еркiн кезiп, ел ортасында ән-жырымен атақ-даңқы шығып, шабытын шарықтататын дәурен өттi. Дала тұрмысы өзгердi, халық күйзелiс үстiнде, мал өсiрiп, жан баққан қазақ жұрты құлдыраған капиталистiк формацияның дәуiрiндегi Ресейдiң жемiне айналды. Ән-жырды аңсайтын халық өлмеудiң қамына көштi.

Патшалы Ресейдiң бұқара халықты басып-жаншу аппаратына айналған жергiлiктi ел билеушiлер Доскей сияқты сыншыл бағыттағы өздерiне жайсыз ақындарды қыспаққа алуды күшейттi. Еркiн сөйлеп, ұнамағандарды әшкерелеп, әжуа ету дәуiрi тарылды.

Сондай-ақ, Доскейге рухани әке болған Бiржан сал трагедиялық халде қаза тапты. Поэзия данасы Абай өлiмi барша қазақты күйзелттi. Әйгiлi Ақанның ауыр халi, Жаяу Мұсаның қудалануы, қадiр тұтатын азулы iнiсi Мәдидiң тағдыры Доскейдiң рухани әлемiне керi әсерiн тигiздi. Мұндайда торығу, қамығу,

алаңдау сезiмдерiнiң туатыны айқын. Осы кезде ер жетiп қалған баласы Қасен аянышты өлiммен қайтыс болады. Бұдан кейiн туған 8 баласы да қаза табады. Әйелi қайтыс болады. Бұл ақынның рухани жан күйзелiсiн тiптi күшейтедi. Осы тұстағы өмiр тарихын баяндайтын өлеңмен айтқан ғұмырнамесi қолда бар.

Сонда:

Ерте айырылдым баладан,
Туғаннан сорлы ем анадан.
70 жасқа келгенде
Айырылдым тегiс баладан.
Тегiс сөндi шырағым,
Суалды тегiс бұлағым,
Қабырын кимай солардың,
Қыстау болды тұрағым, –

дейдi өзiнiң аса қиын тағдыры туралы. Доскей тағдыр жәбiрiне жылап, сары уайымға салынып, тiрлiк, тұрмыс тынысынан бiржола безiп кеткен жоқ. Революция дүмпуi, қоғамдық өмiрдегi болып жатқан күрт өзгерiстер Доскейге тың күш бергендей болды. Жамбыл мен Сүлеймен Стальскийдi әлпештеген заман Доскейдi жатырқамады.

Кенес дәуiрi тұсында сол замандағы түрлi жаңалықтарды, Қарағанды, Темiртау еңбеккерлерiнiң ерен табысын, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батырлардың ерлiгiн мадақтап, батылдыққа үндеп, тылдағы жұртты еңбекке шақырып өлең, жырларын төктi.

1939 жылы Доскей Әлiмбайұлы әдебиет және өнер саласындағы ұзақ жылғы еңбегi үшiн Қазақ ССР Жоғарғы Советi Президиумының Указына сәйкес «Қазақ ССР өнерiне еңбегi сiңген қайраткер» атағын алды. Ал 1940 жылы «Құрмет белгiсi» орденiмен марапатталды.

1940 жылы мамыр айында Доскей акынның туғанына 90 жыл, шығармашылық қызметіне 75 жыл толу оқиғасына орай республикалық деңгейде үлкен той өтті. Ол тойға С.Мұқанов, А.Тоқмағанбетов, халық акындары Н.Байғанин, Ш.Қошқарбайұлы, Н.Баймұратов, Н.Бекежанов т.б. қатысты. Даңқты Жамбыл атынан құттықтау телеграмма келді.

Доскей Әлімбайұлы 1946 жылы қайтыс болды.

Кәмел Жүністегі
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

Қыздарбек күйші және оның шәкірттері

Арқадағы шертпе күйдің атақты шебері Қыздарбек 1850 жылы туып, 1922 жылы қайтыс болған. Оның жеке репертуарында жүзден аса күй болған.

Әкесі Төребай орта ғана шаруа. Ал, Қыздарбек болса, өнер соңына түсіп, мал жимаған. Ел аралап, өзінен бұрын өмір кешкен шертпе күй шеберлерінің туындыларын орындап, өз жанынан да күйлер шығарып жүре берген. Өнер соңына түскен жігіт отыздың жуан ортасынан асқанша үйленбеген. Өз заманында Қыздарбек күй өнерін жаңа бір сатыға көтеруші, шебер орындаушы, парасатты күйші болды.

Қыздарбекке алғаш жөн сілтеп, батасын берген қарт күйші Итаяқ – пірі есептес. Он екі тармақ Зар тартқан Итаяқ өмірі де әлі зерттелмеген дүние. Біздің қолымызға ол кісінің бір-ақ шығармасы түсіп отыр.

Қыздарбек өзінен бұрынғы және өзі тұстас күйшілердің де шығармаларын толық меңгерген. Қыздарбекті көзі көргендердің айтуына қарағанда және сол ескі сарыннан домбыра өнерін үйренген қарттардың шергістерін байқағанымызда Қызекеңнің «Бестөре», «Сарыжайлау», «Дайрабай», тағы басқа күйлерді өзіндік ерекшелікпен тартқандығын көреміз. «Қызекем осылай орындайды екен» деген еді, Киікті станциясының тұрғыны жетпіс сегіз жастағы Бегімсал домбырашы.

Қыздарбектің домбырасы да ерекше болған. Ол кісі сол кездегі ағаш шебері Сағындық дегенге ағаштың сан атасынан дом-

быра ойдырып, ешқайсына көңілі толмаған. Ақыры домбырасын аршадан құрастыртқан. Тіпті домбыраның бетіне дейін аршадан жасаған. Күйшінің өзі дүние салғаннан кейін бұл домбырасына баласы Қажыкей ие болып қалған. Қажыкей атақты қобызшы болыпты. Әкесінің көптеген күйлерін қобыз әуеніне түсірген. Қажыкей 1934 жылы Балқаш көлінің Тасарал деген жерінде қайтыс болған. Қыздарбек домбырасының онан кейінгі тағдыры бізге беймәлім. Әлі де біреудің қолында, күні бүгінге дейін сақталуы мүмкін. Мұндай ерекше де қасиетті домбыраның қалған сынығын да тауып алу құнды болар еді.

Қ.Төребайұлы уақытында алыс-жақын домбырашылармен күй жарыстырған. Суырыпсалма ақындардың шаршы топ алдында өз өнерін сарапка салып айтысқандары тәрізді, саусағынан күй төгілген тарлан күйшілер де өз өнерінің шыңын, өрісін таныту үшін бір-бірімен сайысқа түскен. Бір-бірімен кездесерлік жағдай болмаса, алма-кезек домбырашы жігіттерін жіберіп өнер жарыстырған. Бұл да бір Арқа күйінің ерекшелігі еді. Ұмыт болып бара жатқан осы дәстүрді жалғастырып, дамытушылар да Қыздарбек пен оның шәкірттері болды. Оның бозбала жігіт шағында Итаяқпен қақтығысы, Тоқамен өнер жарыстыруы белгілі. Сол сияқты шәкірттерінің өнерін шыңдау мақсатымен олардың да өзара күй жарыстарын ұйымдастырып, қазылығын өзі шешіп отырған.

Қыздарбектің күйлері өзіндік мәнерімен, жеке сарынымен көзге түседі. «Сылқым қыз» атты күйі еркелеген самалдай желпіп, тәтті сезімге жетелей жөнелсе, «Өткінші өмір» күйі даланың сағымына сіңіп бара жатқан ақбөкенді қуғандай арманмен тамсандырады. Осылардың ішінде «Жұбату» тіпті ерекше. Күй тарланы Қыздарбек шәкірті Әбдидің жалғыз өліп, құлазып отырғанда

жоктауы мен жұбатуын осы күймен білдірген екен. Сонда Әбди «Зар қосбасарын» тартыпты.

Арқадағы басқа да шертпе күй шеберлері сияқты Қыздарбектің де бірнеше Қосбасары бар. Арқа күй шеберлерінің қосбасарлары бірін-бірі толықтырып, дамытып, ерекше мәнермен қайталайтын керемет симфониялық жүйе тәрізді. Заманадан заманаға әрбір күйші өзінің өмір туралы түйсігін, уақыттың қайғысын, бір серпілтер сәттерін, ел басына туған ауыр кезенді күймен толғап, бір-біріне жалғасқан қосбасар-эпопея жазған тәрізді. Бұл – әр заман үні. Мұндай ерекшеліктер Арқа күйлеріне тән дүние.

Қыздарбектің талантты шәкірттері Ақмолда, Сембек, Әбди, Мақаш, Кәрібек, Рысқұлбек, Бегімсал кейіннен өздері де күй шығарған. Бір-біріне ұқсамайтын өмірдің қуанышы мен қияпатын өзінше суреттейтін осы күйшілердің өз күйлерінде Қыздарбекке ғана тән бір өкініш – қайталау жүреді. Мұның өзі сол күйшілердің ұстазынан алған мектептік дәстүрі сияқты.

Қыздарбек мектебінің тағы бір ерекшелігі, Арқада көп таратылатын қосбасар типтес күйлер шығара тұра, өз туындыларына атап-атап айдар таққан. Әбди «Зар қосбасар», «Қарғыс» десе, Сембек «Наз қосбасар», Кәрібек «Шер қосбасар» деп өз шығармаларын атаған. Мақаштың күйі «Майда қосбасар», Ақмолда «Кер қосбасар» атаған.

Қыздарбек және оның шәкірттері ертеден келе жатқан күйлерді дәріптеуші, келесі ұрпаққа жеткізуші де екен. Қазір қолда бар Абылайдың «Дүние қалды», «Қайран елім» күйлері осы топтың шаралатымен жетіп отыр.

Қыздарбек шәкірттерінің ішіндегі ең жасы үлкені Ақмолда. Бұл кісінің өз күйі бізге жетпеді. Қыздарбек және оның шәкірттері жөнінен көптеген мәліметтер беруші Қазі ақын «Кертолғау» күйін

тындай келіп: «апыр-ай, мынау Ақмолданың «Кер қосбасарының» сәл өзгергені ғой» деп еді. Айта кетер бір жағдай, 30-жылдары Аркадан үдере көшіп, оңтүстікке ауған ел бұл жақтың сан күйін ол жакқа сіңіргені анық. Ақмолда орта бойлы, салалы саусақты, қой көз, селдір сақал, ашаң, қара сұр адам екен. Ашылып сөйлемейтін, бұйығы, мейірбан жан еді деседі қариялар. 1934 жылы 73 жасында дүниеден қайтып, Тағылы тауындағы Шайтантас деген жерде жерленген.

Әбди ақсары, жирен сақал, ұялы көз, толық кісі екен. Оның үш түрлі қосбасары бар. Екеуінің аты белгілі «Қарғыс» және «Зар» қосбасарлар. Әбдидің «Зар қосбасар» күйі оқ тиген құландай үш аяқтап басталып, шымырлаған қайғыға бойлатып әкете береді. Әбди Рысбекұлы 1931 жылы, 51 жасында жаламен атылған.

Қыздарбектің дарынды шәкірттерінің бірі – Айдостың Сембегі. Сембек дау-шары бітпеген ел арасында бітім айтып, Сары би атанған кісі. Ол кісінің «Аралбайды жықсам Ақсыннан, Танабайды жықсам құдайдан кетем» деген сөзі ел арасына мәтел боп қалған. Сембектің жастықты аңсаған «Наз қосбасары», егделенгенде шығарған «От басы» күйлері бар. Күйшіні 1931 жылы 67 жасында Жамбылдың Сарыбұлағында ноқай тәртіп иелері атып кетті.

Қыздарбектің шәкірті Көпбайдың Садуақасының Мақашы «Майда қосбасардың» авторы. Мақаш домбырашы Әбікеннің әкесі Хасеннің ағасы. Әбікен домбыраны Мақаштан үйренген. Қыздарбек атақты Тоқа күйшімен өнер жарыстырғанда, Қыздарбектің күйін Тоқаға жеткізуші жігіт осы Мақаш екен.

Қыздарбектің шәкірттерінің ішінде ең жасы да, дарындысы да Кәрібек екен. Ол атақты Шортанбай ақынның қарындасы Қалаулы

деген кісіден туады. Ұстазы қайтыс болғаннан кейін үлкен-кіші домбырашылар бас қосқан жерде оның шеберлігін мойындап:

– Сен тартшы, Кәрібек. Қыз аға жоқ қой, енді сені тыңдайық, – деседі екен.

Кәрібек домбыраны казша қаңқылдатып, ұзатылған қыздай сыңсытады екен. Дарын иесі өз жанынан «Шер қосбасар» деген күй шығарған. Бұл күй әлі қолға түспей отыр. Кәрібек 1929 жылы 27 жасында тосыннан қаза болған.

Қыздарбектің екінші буын шәкірттері туралы сөз қозғасақ, оған Әбікен Хасенов, Рысқұлбек, Бегімсал, Әбдіғали, Илияс, тағы басқалар жатады. Әбікен «Қоңыр» деген күй шығарса, Бегімсалдың «Бес перне», «Мырза шертпе» деген күйлері бар. Қызкеңнің бүгінгі таңда біраз күйлерін орындаушылар ол күйлерді Рысқұлбектен үйренген. Олар мұғалім Орал Исатаев, Әбдіғалиді ұстаз тұтқан Дәулетбек Садуақасов, есеп қызметкері Жағыпар Асқаров, Қарағанды Мемлекеттік университетінің ұстазы Мұхаметқали Әбдуов тағы басқалар. Қыздарбектің «Дүние-ай» деген тамаша күйін жазушы Ақселеу Сейдімбеков орындап жүргенін атап өткен ләзім.

Айта кететін бір жай, жазушы Жүсіп Алтайбаев Әбікен Хасеновтің осы күні «Қоңыр» деп аталып жүрген күйін 1938 жылы февраль айында алғаш тартқанын, күйді «Қайран азаматтар-ай» деп атағанын сан ескерткен еді.

Күйшінің және оның шәкірттерінің әзірге табылмаған күйлерін іздестіре беру зиялы қауымның борышы деп білгеніміз жөн.

Нарманбеттің ақындық құдіреті

Атақты Сарыарқаның орта белесі шымқай әсем тауларға толы ғой. Көкшетау, Ереймен, Баянауыл, Берікқара, Қарқаралы, Кент, Сарықұлжа, Қызылтас, Қызыларай, Бектау-Ата, Шұбартау, Шыңғыс! Шіркін-ай десеңші, көркіне көз тоймайтын, шоқтығы биік бұл қасиетті жерлердің қайсы бірін айта берейін. Бәрі де қайталанбас, ғажап ерекшеліктерімен кісіні қайран қалдырады. Олардың баурайы жібек кілемдей құлпырған жасыл жайлау, сылдырап аққан бұлақ, мөлдір көл.

Қызыларайдан Балқашқа қарай жүргенде қарсы алдыңнан XIX – ғасырдың аяғы мен XX – ғасырдың басында өмір сүрген белгілі ақын Нарманбет Орманбетовтың туған жері – Тоқырауын өзені ұшырасады.

Ақындық құдіреті айрықша сөз етуге тұрарлық Нарманбет 1860 жылдың аяқ шенінде Балқаш көлінің солтүстік жағына таман тым ентелеп жақын келетін Тоқырауынның шұрайлы өңірінде дүниеге келіпті. Оның арғы атасы Арғын руы ішіндегі Дадан Тобықтыға жатады. Әйгілі Кеңгірбай бидің тұстасы Қараменде би оның ең үлкен бабасы болып табылады. Әкесі Орманбет те орақ тілді шешен, білікті би болыпты. Ол Сарыарқадағы көне тайпа Қаракесектен тарайтын Керней елінің Балта-Түйте руына жататын белгілі Бәкі ақынның өнерпаз әнші қызы Балбырауынға үйленген. Одан Нарманбет, Аллаберді, Тілеуберді, Бөден, Қаппар, Қасым,

Мұса, Хикмет деген сегіз ұл, Быжыхан, Тауық деген екі қыз туған. Бұлардың ішінде жас қырандай көкке өрлегені Нарекең екен.

Болашақ ақын 12 жасында Қарқаралы қаласындағы екі классты орыс мектебіне оқуға берілген. Қарқаралыда орысша оқу бітіріп, жастық және жігіттік дәурендерін аса мәнді, қызықты өткізген. Нарманбет орыс, шығыс әдебиеттерімен де жете таныс болған. Ол қазақтың бертінгі қызыл қырғында мерт болған айтулы перзенттері, шеттерінен оқыған, ұлттық мақтанышқа айналған зиялылары – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жақып Ақбаев, Нығымет Нұрмақов, Сәкен Сейфуллин, Сұлтанмахмұт Торайғыров легіне қосылатын ірі тұлға екені даусыз.

Қазан төңкерісінің алдындағы кезеңде Нарекең біраз жыл өзінің туған өлкесі – Тоқырауын-Балқаш елінде болыстық қызмет атқарыпты. 1917 жылдың наурыз айында Қарқаралының уездік соты болып тағайындалыпты. Алайда, асыл ағамыз дәл 58 жасында, 1918 жылы күзге салым қылтамақ дертіне душар болып, жарық әлеммен қоштасыпты.

Ел арасында, әсіресе, Қарқаралы атырабында аты аңызға айналған Нарманбет ақынның есімі күні бүгінге дейін зор құрметпен аталады. Соның да әсері шығар, оның ғажап көркем жырларын егде адамдар жатқа соғады.

Қайғы-қасіретпен өткен, ондаған мың боздақтарымыздан айырған кеңес заманындағы тарихымызға ұқыптап зер салсақ, Нарманбет Орманбетовтың бүкіл ақындық қызметіне тиісті дәрежеде баға берілмеді. Артында қалған көптеген өлеңдерінен біздің кеңестік бағыт-бағдарымызға сәйкеспейтін кем-кетіктер «көп» табылып, оны зар-заман ақындарының тобына жатқызды.

Отызыншы жылдары мектеп оқулығына аздап кіргенмен, кейін ол орыс халқының ықпалына, оның бодандық саясатына қарсы тұрған ақын ретінде алынып тасталды. Бара-бара қасиетті есімін мүлде өшіртті.

Қалмады, ей Сарыарқа, сенде қызық,
Сандал тау, сары даланы алды мұжық.
Қолынан келер де жоқ, өнер де жоқ,
Баласы байғұс қазақ қалды мыжып, —

деген сөздері өзіне үлкен кесел боп жабысты.

Қазақ әдебиеті тарихының сындарлы білгірі Есмағамбет Ысмайылов 1940 жылы Нарманбетті Абайдың Ақылбай, Мағауия, Кәкітай, Әубәкір, Көкбай, Әріп, Шәкәрім, Тұрағұл сияқты дарынды шәкірттері ретінде қарастырып, мақала жазған еді. Кезінде оған да ойсырата соққы берілді. Ал, 50-жылдарда қазақ әдебиеті «сүйікті партиямыздың дана басшылығы» арқасында мейлінше жүдеушілікке ұшырады. Ақыры әділет пен шындық жеңіп, халқымыздың біржола ұмытылған, немесе шетінен оққа ұшып, мүлде құрдымға кеткен талай ардақты ақын-жазушыларының рухымен қайта табыстық. Олардың қатарында біз арнайы сөз етіп отырған Нарманбет те бар еді.

Нарманбет өлең шығаруды 13-14 жасында бастаған. Көбінесе ұлы Абайға еліктеген. Оның жазып қалдырған рухани мұраларының қай-қайсысын оқысақ та, тұнып тұрған шындық, нағыз әдеби көркемдік. Сөзімді дәлелдеу үшін Нарекеңнің «Замана» деген өлеңінен мысал келтірейін:

Болмайды қарға лашын қазды қуып,
Қояннан қой жемейді бөрі туып.
Бұл күнде қойға жетпес кей торылар,
Тұлпардың жібермейді алдын буып.

Сыр түймес мағынасын білмегендер,
Шат болды өмірінде күлмегендер.
Тұғырға ие болып тояттайды,
Қаз түгіл, қараторғай ілмегендер.

Бай озды қамал бұзған батырдан да,
Ақша озды бұл заманда ақылдан да.
Жетісіп жанның бәрі ербендейді,
Япыр-ау, дария кеміп тарылған ба?

Қай уақыт, қай дәуірде болса да, мағынасы мен құндылығы әсте кемімейтін, тереңнен өрілген не деген тартымды, қонымды өлеңдер!..

Мықты ақындығымен танылған ойшыл, шешен адамдар халықтың құрметіне ерте бөленеді. Нарекең сондай үлгілі де өнерпаз саңлақтардың бірі. Оның әр өлеңі терең ой-түйінге құрылған, маржандай тізілген сөздері көркемдігімен оқырманды таң қалдырады. Ол өлеңді үйлесімді, айшықты етіп өреді. Қай шумағын оқысаң да, сүйсінбеске ерік қоймайды. Міне, ел аузынан түспейтін, атақты «Сарыарқамен қоштасу» деген тамаша өлеңінің бірнеше шумағын оқып көрелік:

Көк майса, көкорай шалғын шөбің қайда?
Көкқасқа бетеген жоқ, түбі майда.
Қызғалдақ қызыл-жасыл көк балдырған,
Балауса бал татыған бар ма сайда?

Басы бос паналауға бұлақ бар ма?
Жанатын жарық сәуле шырақ бар ма?
Ахуалын замананың мен айтатын
Тыңдайтын құмарланып құлақ бар ма?

Кең дала, кеткенің бе кер бетеге?
Бұл жерде бала туып, ер жете ме?
Суырдай іннен шыққан сүмірейіп,
Дариға-ай, мекенінен ел кете ме?

Тек Сарыарқаны жайлаған жалпақ елдің ғана емес, мұқым қазақ ұлтының намысын оятып, жүрегіне шоқ салатын бұл өлең патшалы Ресейдің туған жерімізді билеп-төстеген жауыздық саясатына қарсы 1910 жылы жазылған. Тарихтан белгілі, патша өкіметі 1822 жылы қазақ даласын басқарудың жаңа Ережесін шығарды. Ұлан-асыр даламызға орыс шаруаларын қапталтты. 1824 жылы 11 сәуірде «Қарқаралы округтік приказдың қызмет тәртібі» атты ресми құжатты күшпен келтірді. 1885-1910 жылдар аралығында жергілікті халыққа өкімет тарапынан жасалған бодандық қысымды қатты сезінген Нарманбет жаңағы «Сарыарқамен қоштасу» өлеңін дүниеге келтірді. Жалпы 21 шумақтан тұратын бұл ұзақ жырдың айтар ойы терең, көркемдік қуаты ғажап!

Ақын көреген, сезімтал, ол – ерекше жаралған дана тұлға. Нарманбет ақындығының бір ғажап ерекшелігі – табиғаттың нұрлы көріністерін адам өмірімен шебер қиыстырып отырады. Астарлап, мәнерлеп сөйлеп, жүрегіне жол тауып, керемет тағылым түйеді.

Ей, Шолпан, көп жұлдыздан болдың жарық,
Не ғажап, ерте тудың таңды жарып.
Жұлдыздың туымын деп тұрсаң-дағы,
Күн шықты, тұншықтың ғой, болдың ғарып, –

десе, одан әрі:

Суы олқы кей өзеннің арнасы кең,
Тай төлеу арғымаққа жарнасымен.
Наданға зат қадірден пайым болмай,
Ақкумен азған елдің қарғасы тең.

Көлде үйрек, көкте тұйғын, жерде қарға,
Сауысқан шықылықтап қонар талға.
Сандуғаш, сары шымшық, сансыз торғай,
Ұшқан соң бәрі де құс, парық бар ма? –

деп адамды еріксіз терең ойға батырады. Көріп отырсыздар, Нарманбеттің біз мысал еткен бұл өлеңдері қамыстың шоғындай жалп етіп өше қалатын әлсіз, нәрсіз туындылар емес. Оқыған сайын көкейіңе қонып, санаңа сіңіп, жүрек түкпірінде мәңгі жатталып қалатын өте мағыналы, өрнегі сұлу, әдемі нақылдар. Ақынның кемеңгерлігінен, ойшылдығынан туындаған өсиет сөздері, олардың табиғат құбылысымен астасуы, поэзия күшімен берілу үлгісі соншалық мінсіз шыққан. Ақын нақ бабына келіп, шын шабыт құсын ұшырғанда ойы тереңдеп, сөз маржаны көкіректен күміс теңгелер тәрізді құйылып қоя береді.

Нарекен қырықтан асып, жер ортасына тақалғанда ақындық шеберлігі барынша шындала түскен. Нарманбет поэзиясында Абай негізін қалаған реалистік ағым әруақытта сезіліп тұрады. Жалпы өмір шындығын, заман құбылыстарын ол да Абайға тән шеберлікпен бейнелеген.

Өтті-ау дәурен,
Батты-ау сәулең,
Артта қалған өрнек жоқ.
Өткен өмір –
Аққан өзен,
Өкінгенмен келмек жоқ, –

деген жолдардың Абай үлгісімен жазылғанына ешкім күмән айтпаса керек. Оның ағартушылық, гуманистік сипаттағы сөздері өстіп Абай поэзиясымен сабақтасып, тамырласып жатады.

Абайдан 15 жас кішілігі бар Нарманбет ұлы ақынмен Қарқаралыда бірнеше рет кездесіпті деген деректі Арқаның ескікөз қариялары көп айтады. Абаймен кездесіп, Абайдан үйренген, бойға дарыған мінсіз ақындық шеберлігін барынша шыңдаған Нарекеңнің рухани мұралары жетерлік. 1917 жылы жазған «Жасқаншақ бас» деген өлеңінде:

Адамға абырой мен бірлік керек,
Ұят,нысап, намыс пен тірлік керек.
Ғылым-білім, ілгері басуды ойла,
Еңбек қып, ерінбестен болып зерек.

Болмайды тағдыр ісін қалай дерге,
Ақ соқпақ адастырмас талай жерге.
Жақсылар, істі түзеп, жұртты күзет,
Бірінді-бірін шауып, талай берме! –

деп, төңірегіне ағалық ақыл-кеңес береді. Абай үлгісіне айрықша еліктегені осы өлеңінен де айқын көрінеді. Оның «Замана», «Шолпан», «Сахараға қарасақ», «Жоқтау», «Олқын-толқын», «Екі ғашық», «Шал қайғысы», «Жар туралы», «Өзіме айтарым», «Соңғы сәлем» және басқа көптеген жырлары тұнып тұрған көркемдік. Сөзімнің соңында айтарым, Нарманбеттің шашылып қалған күллі поэзиялық шығармаларының басын құрап,оны халқының игілігіне айналдырмақ керек.

Күләш Сардарбек
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
тарихшы-өлкетанушы

Арқаның ардақты перзенті

Аты аңызға айналған, алты Алашқа танылған айтулы өнер иесі, дарынды күйші, сазгер Сармантайдың Ахметжаны 1860-шы (бір деректерде 1877-1929 жж. – ред. Т.Б.) жылдар шамасында Семей губерниясының Қарқаралы уезіне қарасты Тоқырауын болысындағы Қусақ даласында туып-өскен. Қазір бұл өлке Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы аталады. Деректерге сүйенсек, Сармантайдың Ахметжаны иісі қазаққа ортақ асыл мұра қалдырған тума дарын.

Бірақ бұл 70 жыл бойы ашылмай келген сыр, айтылмай жеткен мұң, тартылмай қалған күй, тарқамаған шер.Оның есімі халқымен қоса жасап келеді. Өйткені Ахметжан күйшінің тағдыры – халық тағдыры, дала сыры. Оның туған елінде «Сармантайдың Ахметжаны адамзаттың жорғасы домбырашы, қос ішектің құлагері» деп саптап айтқан сөз бар, оның күйлерін алтынның сынығындай бағалап, сақтап келген. Дегенмен заман тәлкегіне түскен күй мұра толық жетпегені өкінішті-ақ.

Сармантайдың Ахметжаны өзгесін былай қойғанда бір ғана «58 статья» атты күйімен-ақ шоқтығы биік, дара тұрған дауылпаз күйші. Дәлел, жиырмасыншы ғасырдың 70 жылы ішінде КСРО деп аталған бір алып мемлекеттің тарихында қарамен жазылған халық қасіреті, Кеңес үкіметі тарапынан қолдан жасалған қылмыс екені мәлім. Бүкіл КСРО көлемінде барлық ұлттардың зиялы атаулысы, ғалымдары мен ағартушылары, батырлары мен қолбасылары,

дәулеттілері мен білімділері, діндарлары мен акындары айдалды, атылды. Тіпті тұтас ұлттар атамекенінен жер аударылып, намыстары тапталды емес пе! Осының барлығы атышулы «58 статьямен» аяусыздықпен жүзеге асырылды.

Ал қазақ елінде өткен нәубет ерекше ауырлығымен мәлім. Осы саяси қылмыстың атын атап, қазақтың қара домбырасының үнімен, күй күдіретімен айыптап жазып кеткен ірі тұлға Сармантайдың Ахметжаны. «Ақты қара, қараны ақ» дегізген атышулы жазалау бір емес мыңды зарлатқан үштіктің шешімі – «58 статья» екенін дала күйшісі сезіне білді. Оның ірілігі – заман ағымын танып, ұлтының тағдыры тәлкекке түскенін терең ұғып, болашағы үшін жанпидалыққа барғандығында. Ол жері, елі үшін кеудесін НКВД оғына ашық ұстады. Есіл ер 1930 жылы атылды.

«58» күйі – Сармантайдың Ахметжанының мұрасының ақ маржаны, өнерінің биік шыңы. Өр мінезді, қайсар азамат-күйші дала-сына ерекше зобалаң әкелген үкіметті айыптап, халық күйзелісін, ыза-кегін, өксу-өкінішін жеткізіп, «Оян, казак!» деп ұрандаған күй шығарды.

Сонысымен халықты қайраттандырған күй, Кеңес үкіметі үшін аса қауіпті, қаһарлы, ызғарлы болды. «58 статья» күйін Сібірге айдалған ауыл қазақтары қарағайдан домбыра жасап алып өздерінің гимні сияқты тартып отырғаны, қамыққан көңілдеріне жұбаныш еткені аңыз болып жетті. Оны 1937 жылдан он жыл бойы Сібірде жапа шеккен Ахметжанның ауылдастары Молдахан Айдаболов, Түсіпқан Болғамбаев көзі тірісінде айтып, сол күйді тартып отыратын. Күйді шығару себебін жалпыламай дәлірек айтсақ, алдымен Сармантайдың Ахметжанының рухани дүниесі мол, рухы мықты болғаны байқалады. Өйткені Алаштың арысы Әлихан Бөкейхан дала күйшісі Ахметжанның

рухани пірі болған. Мәскеуден туған еліне келген сайын Әлекен алдымен Сармантайдың Ахметжанына барып сәлем беріп, әңгіме-дүкен құрып, күйлерін тыңдаудан ләззәт алғанын ақтоғайлықтар, көнекөз көргендері аңыз етіп айтады. «Қасірет», «58 статья» секілді күйлерді шығару үшін қоғамды танырлық білім, түйсік, жоғары сана қажет екені даусыз ғой. Әлихан Бөкейханның мына сөздері тура Ахметжан күйшіге арналғандай: «...күй адамның анық тілі, шын тілі, көпке бірдей ұтымды тіл – бұл жанға хас, жүрек тілі, сезім тілі. Күй тілі: неше түрлі рахат татқан адам жаны осы тілмен сөйлейді, әр түрлі үндерді осы тілмен сұлулап, майлап қояды, қуаныш-шаттық рахатынан сыртқа білгізеді, адам мехнатын, ауыр ісін жеңілдетеді, қайғы-хафасын шығарады, мауқын басады» – дейді. Тоқырауынның қасиетті топырағында туып-өскен екі дарын бірін-бірі қатты сыйлап, құрметтеген екен. Зобалаң заманда ел қамын ойлаған екі арыс саясат құрбаны болып кете барды.

1926 жылдан Тоқырауын бойында мал өсіріп, бейқам жатқан елдің берекесін кетірген күшпен ұйымдастыру саясаты еді. Халықты соңынан ертеді-ау, бас көтереді-ау деген ел ағаларын, осы өлкенің экономикасын ұстап тұрған дәулетті адамдарын, акын-әнші, қожа-молла, пірәдарларын, көзі ашық оқыған-тоқығандарын жаппай тұтқындады, айдап атты, мал-мүлкін тәркілеп, жерін бөлшектеді, ұрпақтарын қысымға алды. Бұл ауыл адамдарының күйзелісі еді. Сол кезде қазақ еліне басшы болып, бүгіндер «ак патшасын кескілеп тұқымымен жойған жауыз» танылып отырған Голощекин деген келсе, қазақтардың күні қараң болғанын сезінуге болады ғой. Әмірі жүріп тұрғанда момын әрі аңқау дала қазақтарына қаһарын төге «аша тұяқ қалмасын» деп ұрандаған заманның куәгері Ахметжан күйші өз еліне, жеріне деген ыстық ықыласын зарлы-ашулы күймен ғана емес, халық көтерілісінің

көш басында жүріп айбар шеккен азамат. Сондықтан да ауылдастары оның күйлерін жасырын тындап жылаған, бүркемелеп ұрпақтан ұрпаққа жеткізген. «Ахметжан қандай адам болды?» – деп сұрасаңыз, бүкіл Тоқырауын елі алдымен Сармантайдың Ахметжаны ма дейді, оның аты-жөні ел аузында осылай қалыптасып қалған. Заманында ел билеп беделді болған төрт Ахметжан қатар өмір сүрген екен. Ақыл-парасатымен, үлкен өнерімен күйші Ахметжанның орны бөлектеу тұрады. Сонан соң барып оның аса келбетті, ақ жүзді, әділ адам болғанын, серілігі де, палуандығы да, сөзге шешендігі мен ақындығы да барлығын айтады. Сегіз қырлы бір сырлы азамат, дауылпаз күйші Сармантайдың Ахметжаны жайлы бұрын ешкім тіс жарып айтпады, кітап жазбады, күйлерін жинақтамады. Бұрынғы коммунистік идеологияға қайшы пікірлер басым жүрді.

Белгілі домбырашы Әбікен Хасенов «Ахметжандай күй тартысы – қайталанбайтын өнер» деген екен. Ахметжан күйшінің шертпе күйдің шебері болғанына тағы бір дәлел Тәттімбеттің «Сарыжайлауы» бұл өлкеде тек «Ахметжанның Сарыжайлауы» деп тараған, осы күнге дейін ауыл адамдары солай деп тартады. Халық аузында оны «Ахметже» деп те атаған. Әнді де, күйді де шебер орындайтындықтан көптің жанын баурап, санасына өшпестей сіңіріп, жанында қалдыра алатын ерекше қасиеті болғаны сөзсіз.

Тоқырауын бойын жайлаған елде Ахметжанның «Қозы мен қасқыр» деп аталатын әжуә өлеңі бар. Оны жиырмасыншы жылдары Сармантайдың Ахметжаны домбыраға салып өзі айтып жүрген екен. Мән-мазмұны «58 статья» күйінің сарынында жатқан бұл өлеңді Ақтоғайда тұратын зейнеткер күйші Гүлмара Рахымбекқызы әкесінен үйренгенін айтып, орындайды. «Қозы мен қасқыр» мысал өлең А.Байтұрсыновтікі деп жарияланғаны белгілі. Ахметжан

күйші осының сөзін кезінде Ә.Бөкейхан арқылы оқып білді ме, әлде басқа сыры бар ма әзір белгісіз. Әйтеуір өлең «Сармантайдың Ахметжесінің әні» аталады, әнін, сөзін өзі шығарғанын ел біледі. Даланың төрт түлік малын бағып-қаққан, бөрісінің сырына қанық дала қазағы мысалдағы теңеуді терең түсіне алатыны да, сөз таба алатыны да рас. Қалайда осындай пікір, көзқарастан кейін күйтырқы саясаттан туған әу бастағы күмән атаулы сейіліп, үлкен өнер иесінің ірі тұлғасы сомдала түседі.

«Алтын шыққан жерді белден қаз» деп, ел аралап атакты күйшінің мұрасына іздеу салдық. 68 жыл бойы жабулы жатқан сандықтың сырын ашу өз заманын, жанашырларын күткендей болды. Сармантайдың Ахметжанының күйлеріне шашу шашар күнге дейінгі жиырма жыл іздеу салу ішінде талай белестен өтуге тура келді.

Балқаш-Тоқырауын өңірінің соңғы биі Сармантайдың Ахметжанының кіндік қаны тамған жерді аралап, ел аузынан естігенімді, көзкөргендерінің естелігін, туған-туыстарының айтқандарын бұзбай сол қалпында қағазға түсіріп келдім. Оның күйлерінің негізгі нұсқасы болмаса да, елге тараған түрлері жинақталды. Олар Ахметжан күйші туған жерде туып, бесіктен естіп, сол күйлерді ана сүтімен қабылдап өскен адамдардың ғана орындауында жазылды. Дәл өзіндей кім тартады, әйтеуір жоқтан жақсы ғой деген мақсатпен нотаға түсірілді.

Арқаның ардақты перзенті Сармантайдың Ахметжаны жайлы естеліктерін айтып, күйлерін тындаған, тартқан күйші Аққыз, сондай-ақ Жәкіш, Дәмет шешейлер, Молдақан, Түсіпқан, Базылхан секілді көзкөргендері, аты аңызға айналған бабаларды білген Мұхи Сағынаев ағамыз қазір арамызда жоқ, куә болып естелік-

тері қалды. Солардың ізбасарлары атадан аманат етіп Ахметжан күйшінің мұрасын жеткізіп отыр.

Өлкеміздің айтулы адамдары Шашубай, Нарманбет, Кәріпбай қожа, Әуезбақи әулиеге арналған мәдени шараларды қолдап, ескерткіш қойып аттарын жаңғыртуда азаматтық көрсеткен бұрынғы Тоқырауын ауданы әкімі, Приозерск қаласы әкімі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері Байыз Төлеубайұлы Мейірмановтың орны бөлек. Ол Ахметжан күйшінің, Бижанның Қасенінің, Әсия Жасынқызының аттарын, мұраларын қайтаруда әрқашан жақтап, ілтипат көрсетті. Қолында билік бар ел ағаларының өткенге көңіл бөліп, халық тарихына қамқорлық жасауға, қолдап қолұшын беруге құлқы түспей жататыны жасырын емес қой. Сондықтан бұл азаматқа ризашылығымды білдіремін.

Ахметжан күйшінің мұрасын, табылғанын жинақтап, оның ауыз толтыра айтарлық салмағын байқаған соң ынта-лы топ күйшінің ұрпақтарына таныстырды. Сармантайдың Ахметжанының нелер Қосбасарларды тартқаны, «Көкейкесті», «Сегіз аяқ» деген күйлері болғаны мәлім болды. Ел аузында «башпайымен тартқан күйі» деп тараған «Сегіз аяқ» әзір табылмай тұр. Бұған қарағанда ел ішінде әлі зерттеу жүргізу керек екені анық. Қуғын-сүргіннің зардабы батып қалған ауыл адамдарының арасында әлі күнге білсе де өз ұрпағының болашағын ойлап, құбылмалы заманнан сескеніңкіреп, айтпай дымын ішінде сақтап отырғандары бар. Оларды кінәлауға ешкімнің құқы жоқ қой. Ол да бір зобалаң заманынан қалған шер деп, оны тарқатуға әлі уақыт керек деп ойлаймын. Өз халқының тарихын құрметтеген азаматқа Ахметжан күйші жайлы ғылыми-

зерттеу жүргізуге азық боларлық нәр табылады. Сармантайдың Ахметжанының тағдырына шек келтіріп, күмәнданғандар үшін оның ақталғандығы, жазықсыздан үштіктің үкімімен атылғандығы туралы Қарағанды облыстық прокуратурасынан келген анықтама, мұрағат деректері бар.

Ахметжан Сармантайұлы жайлы дерек жинап сұрастырып, ел аралағанда ақыл берер даналар кездесті. 1985 жылы Шет ауданында тұрған жырау Қасым Сырымбетов деген ақсақал: – Сен өз өлкеңнен шыққан нелер жүйріктер болғанын білесің бе? Аты өшкендер ақталатын заман келді, олар жарыққа шығады. Мен сияқты көзкөргендер көз жұмған соң, қайдан аласыңдар. Кітапқа жазылған жоқ, тарихқа кірмеген дүниені кәрі-құртандар ғана ермек қып айтар. Өзгенің жаны ашымайды, талай тілші, ақын келген маған. Бірақ үн жоқ. Сені құдай айдап келген шығар. Жазып ала бер, Нарманбет деген азулы болыс өзі ақын болған, өлеңдерін айтайын жаза бер. Сонан соң аты шулы күйші атанған Сармантай болыстың Ахметжесі деген болған. Тобықтыны танытқан осы екеуі, – деп Нарманбеттің өлеңдерін бір жаңылмай айтып берген еді. Қарт жыраудың осы өсиеті көп ой салып, үнемі жадымда жүрді.

Ахметжан күйшінің мұрасын алдымен өз елінде таныту мақсатында Балқаш қаласындағы металлургтер мәдениет сарайында 14 желтоқсан күні 1997 жылы үлкен салтанатты еске алу кеші өтті. Оған күйшінің туған елі Ақтоғай ауданынан бір топ өкілдер, жақын аталас туыстары, Алматы, Қарағанды қалаларынан, Ағадыр ауданынан ұрпақтары жиналды. Әйгілі күйшінің рухына бас иген алыс-жақын қазақтар күй құдіретімен бір серпіліп қалғаны, масаттанған жүздерінен көрініп тұрды.

Ахметжан сынды баһадүр бабамыздың шаңырағының отын жағып, жалғасы болып отырған немересі Сапар Әбілқасенұлы тұратын көк желек жамылған бұрын «Садоя-2» көшесі енді Сармантайдың Ахметжанының атына өзгертілді. Бұл балқаштықтардың күйші ата аруағын сыйлап көрсеткен үлкен құрметі. Тарих дегеніміз уақыт пен халық жасаған оқиғалардан тұратын болса, XX ғасырдың басында қазақ тарихының өнер сахнасынан ірі тұлға болып көрінген Сармантайдың Ахметжаны ұрпақ алдында да өз белесіне шығуы керек. Өткенімізді құрметтеу біз үшін азаматтық борыш, өйткені тарих сабағы бүгінгіге тәлім, болашаққа – аманат.



Күйші Ахметжан



Суретте: (солдан
оңға қарай)
Жанбике Шанина,
Ғаббас Айтбаев,
Әміре Қашаубаев,
Қали Байжанов



Куан Лекеров
және әйелі Қазкен
Әбдірахманқызы



Жүсіпбек Елебеков




Суретте: (оңнан солға қарай)
Зәбира Жұбатова, Доскей
ақын, Қали Байжанов,
Жабай Тоғандықов



Әбікен Хасенов




Мағауия Көшкімбаев



Күйші Мұхит



Әнші Зәбира



Жылқыбай Нұрбеков



Алтын Әлиева




Қарағанды радио комитетінің хоры (1935 жыл): түрегел тұрғандар (оннан солға қарай) Қ. Байжанов, Ж. Тоғандықов, А. Жолдин, М. Битенов, С. Жұбатов, Б. Орлов, К. Мұстафин, Р. Ыбыраев, С. Құттыбаев, Ы. Байсейітов. Отырғандар (солдан оңға қарай) Қ. Байжанова, А. Әлиева, Қ. Мұстафина, В. Пирогова, З. Жұбатова, Х. Белекова, К. Төлкенова, М. Ермагамбетова, А. Битенова, К. Именбаева.



Шет ауданындағы Шортанбай ескерткіші



Мәди



Ақын Тайжан



Шашубай ақын



Доскей



Болман ақын



Маясар ақын




Қунақтың Омары




Иманжан



Доскей мен Шашубай



Қали Байжанов



Қасым Сырымбетұлы

Мұхаметқали Әбдуов
филология ғылымдарының докторы

Қақпан ақын (1864-1933)

Әлі де болса, есімі мен отты сөздері көне көз, кәрі құлақты қариялардың ғана есінде сақталып келген әнші-ақындар ел арасында баршылық. Сондай ақындардың бірі – Қақпан Жиренбайұлы. Қасында болып, бірге жүрмегенімен ақынды көрген, өлеңдерін өз аузынан естіген қариялар ел арасында көптеп кездеседі. Мәселен, Шет ауданының Ақсу-Аюлы селосында тұратын қарт, зейнеткер Әбдуов Ілияс ақсақал Қақпанды алғаш көруін былай деп әңгімелеген еді: «... Ұмытпасам, 1919 жылдың жазы болса керек. Аулымыз Қарашыңның баурайында жайлауда отырғанда, намазша әлетінде, үстінде түйе жүн шекпені бар, аяғына көнелеу саптама етік киген, басында елтірі бөрік, қолында қомақты кара домбырасы бар, қапсағай денелі, бойшаң адам үйге сәлем беріп кіріп келді. Екі көзі жұмулы, қасында жетектеп жүрген жігіті бар. Сәлем бергенде өзгелердей емес, есіктен кіре өлеңмен бастады.

Жаяулатып алыстан әрең келдім,
Кәсібім терең бойлап өлең тердім.
Алдыменен ассалаумағалайкүм,
Әруағына Әблудің сәлем бердім, –

деген бір ауыз өлеңі жадымда қалыпты. Өте жуан дауысты адам екен. Ел қаптап жиналып қалды. Әкемнің інісі Кәрім деген кісі мал сойғызып, қазан көтертті. Қақпан кіргенде бастаған өлеңін алдына ас келгенде бірақ аяқтады. Бөгеліссіз, тоқтаусыз суырып салып айтады екен». Міне, Ілекең ақсақалдың Қақпан туралы бізге айтып берген естелігі осындай.

Осы Ақсу-Аюлы селосының тұрғыны, Қақпанның жақын туысы Ермек Мұстафин ақсақал ақынның өлеңдерін домбыраға салып, нақышына келтіріп орындаса, Ақтас поселкесінің тұрғыны Адамбеков Көпбай ақсақал ақынның шығыс халқы аңызының желісіне шығарған «Тәмәм мен Бахарам» атты қиссасын жатқа айтады. Біз Қақпанның өлеңдерін осы аты аталған ақсақалдардан жазып алдық. Енді біз ақынның өмір жолына тоқталып өтейік.

Қақпан Жиренбайұлы 1864 жылы Шет ауданына қарасты Бұғылы тауының баурайында кедей семьяда дүниеге келіп, 1933 жылы өз жерінде қайтыс болады. Әкесі Жиренбай кедей болғанымен көпшіл, ақкөңіл, ән, күй атаулыны жанындай жақсы көретін кісі екен. Бес баласының ішіндегі ең кенжесі Қақпанның ән айтуға әуестігін байқаған әке, оған алты жасында домбыра жасатып береді. Әрине, болашақ ақын басына түсетін ауыртпалықты ол кезде сезген жоқ. Көп ұзамай, ел ішінде шешек ауруы шығып, бала төсек тартып жатып қалады. Содан:

Қарқабат Қаракесек атым Қақпан,
Жүйрікпін шығанақтан шыға шапқан.
Тәңірім жеті жаста көзімді алып,
Соқыр ғып әр нәрседен мені қаққан, —

деп өз өлеңінде айтқанындай, қос жанарынан айрылады.

Тақыр кедейлігінің үстіне көзі көруден қалған соң баланың мінезі мен әрекеті күрт өзгеріп, ойынан өлең құрап шығарумен, сол өлеңін домбыраға салып айтумен айналысады. Жас бала жаңа туындылардың өткірлігімен халыққа танылып, көзге түсе бастайды. Сондай жас кезіндегі алғашқы шығармаларының бірі, әкесінен естіген шығыс елінің аңызына шығарған «Тәмәм мен Бахарам» қиссасы.

Қақпанның алғаш рет өз ауылынан шығып, үлкен жиында өлең айтуы он екі жасынан басталады. Өзінің «Ас бергенде» де-

ген өлеңінде айтқанындай Мұрат елі жағында ас болып ақын бала сонда барыпты. Бірақ, көзі көрмейтін соқыр, әрі кедей баласының өзін де, сөзін де дәулеттілер қайтсін, үйдің маңына да жолатпайды. Астан тамақ тауып жей алмай ашығып әрі қатты ашынып келсе, оның ісіне намыстанған ағалары баланы қамшының астына алып дүрелепті. Сол күннен бастап үйіне тұрақтамаған Қақпан, ел аралап, жер кезіп кетеді. Өзінің «Ас бергенде» деген өлеңінде:

Сөз кудым содан былай дамыл көрмей,
Күндеген әзәзілдің тіліне ермей.
Ие боп ақын деген ардақты атқа,
Асыл жыр ағытылды кеуде керней, —

деп көрсеткеніндей, бір жолата өнер жолына түскен ақын көпшіліктің қадірлі азаматына айналады.

Арқада арқар деген аң болғаны,
Соқырға көрмеген жер таң болғаны.
Біз кеттік кәсіп іздеп Шу бойына,
Қолымда күн көретін мал болмады., —

деп ақынның өзі айтқандай, Шу бойында жүргенде Қожас деген ақынмен айтысып, жеңіске жетеді. Бірақ, айтыс әзірше біздің қолымызға түспей жүр. Ақынның үш баласы болған. Үлкені Торғайбекке не себепті екені белгісіз, біреулер қастандықпен у беріп өлтіреді, ал Сәулебек, Қасымхан деген балалары Ұлы Отан соғысында қаза тапқан. Қақпанның бәйбішесі Шет ауданының Нұраталды совхозына қарасты Қызылқой бөлімшесінде тұратын жақын туыстары Әбікей деген ақсақалдың қолында тұрып, бертін келе қайтыс болады.

Қақпанның өлеңдері ойлылығымен, мағынасының тернелігімен, әр алуан тақырыптылығымен, көркемділігімен ерекше көзге түседі. Әсіресе, әділетсіз замандағы, қалың елді қанаумен күн

кешкен шынжыр балак, шұбар төс алпауыттардың озбырлығын, адамды адамгершілігіне, өнеріне қарап емес, мал-дәулетіне қарап бағалайтындығын әр өлеңдерінде шынайылықпен суреттейді.

Көзі көрмегенімен, көңілі ашық ақын әділетсіз заманды жайлаған теңсіздікті толық түсініп білді. Және сол теңсіздікке себепкер болып отырған дәулеттілер тобын өз өмірінде отты өлең жолдарымен көрсетіп отырған. Мұнымен қоса ақын адамға қажетті жағдай мал мен дүние емес, оқу, өнер, білім екендігін де түсіне білген. Елді өнер үйреніп, білім алуға насихаттайды. Мәселен:

Жігіттер, өнер үйрен заманыңда,
Денсаулық, елің барда аманыңда.
Жайылып, Сарыарқада босқа жүріп,
Қалыппын надандықтың табаныңда, —

деп көпшілікті даңғыл жолға сілтейді. Әрине, біз Қақпанның өлеңдерін сөз ете берсек, әділетсіздікті, теңсіздікті, оқу мен өнерді жырлаған шумақтары көп-ақ. Бұл тақырыпта жазылған өлеңдер сол кездегі басқа да халық ақындарында бар. Бірақ, әр ақынның өзіндік жырлау ерекшеліктері болатыны сияқты, Қақпанның да басқаша стилі бар, сөз қолданысы бар.

Ел арасына кеңінен тараған төмендегідей әңгіме бар: «... Атақты Шашубай ақын ауырып жатқанда, көңілін сұрауға келгендер: «Сіз ел қадірлеген ардақты ақынсыз, талай айтыстарда жеңіске жеттіңіз, өмірде орындалмаған қандай арманыңыз бар? — деп сұрапты. Сонда Шашубай: «Өмірде бір арманым бар, осыншама жасқа келгенде Қақпанның маңына бара алмай кеттім. Неге десеніздер, Қақпанмен бір ауыз сөзге келсеңіз, мертіктіреді, екі ауыз сөзге келсеңіз, өлтіреді» — деген екен.

Міне, осы бір әңгіменің өзі-ақ бізге Қақпанның ақындық тұғырының қаншалықты биік екендігін дәлелдейді.

Светлана Жумкина
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент

Шашубай Қошқарбайұлы (1865-1952)

Шашубай — дәстүрлі ақындық мектептің де, әншілік мектептің де ірі өкілі. Бір бойына ақындықпен қатар, шешендік, әншілік, сазгерлік, саятшылық, аңшылық, сал-серілік, сиқыршылық қасиеттерді түгел жиған «сегіз қырлы, бір сырлы» айтулы өнер иесі. Осындай ерекше дарындылығы оны сол кездегі бір топ өнер жұлдыздарының қатарынан көрсетеді.

М. Қаратаев Жамбыл және оның төңірегіндегі бір топ ақындар жайлы айта келіп: «Жамбыл кездейсоқ, бірегей дана емес, данқ биігіне самғатқан дарынды халық ақындарының шоғырланған саңлақтарының ішінде оңынан туған Шолпан жұлдыз. Осы жарық жұлдыздың төңірегінен Нұрпейіс, Тайжан, Нартай, Шашубай, Доскей, Кенен, Қуат, Үмбетәлі, Нұрлыбек және басқалары жарқырап көрінеді» — десе, Р. Бердібаев XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті мен өнерінің тұңғыш тереңдігі мен шырқау биіктігі жайлы сөз қозғай отырып: «Қазақ сахарасында сұлу әннің туын тіккен Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Жарылғапбердіден бастап, соңы Шашубай, Кенен, Нартайлармен жалғасатын ұлылар шоғыры тендесі жоқ көркемдік әлем тудырды дей аламыз» — деген.

Дүлдүл әнші, дарынды ақын, асқан ойыншы, айтулы композитор Ш. Қошқарбайұлы 1865 жылы Балқаш көлінің жағасында Орта Дересінге бара жатқан жолдағы «Қызыл шоқы» дейтін жерде дүниеге

келіп, 1952 жылы 4 мамырда 87 жасында дүние салған. Ақынның сүйегі киелі әулие тау Бектауатаның бауырына жерленген.

Ақынның әкесі Қошқарбай Жандыбайұлы диқаншылық тірлікпен үнемін айырған кедей болған. Шашубай жасынан тағдырдың тауқыметіне іліккен, жокшылық, тапшылықты көп көрген.

Жазушы С.Бегалин 1936 жылы Шашубайды Алматыға арнайы шақыртып, ақынның өмірбаянын өз аузынан жазып алады. Ол деректе Шашубай «Жасым оннан асқан кезде әкем өліпті. Ендігі бас көтеретін шешем жарымжан, үй-ішінің қолқанаты болдым» – десе, ақын өз өлеңдерінің бірінде басқаша әңгіменің шетін шығарады.

Шешемнен жеті күнде қалдым жетім,
Түнде андып ұрылардың жедім етін.
Жетім бала төсекке ... қойып,
Шіріттім өгей шеше текеметін.

С. Сейітов естеліктерінің бірінде мынандай дерек келтіріледі. Күнбала дүние салғаннан кейін Шашубайды әкесінің ағасы Сүйіндік деген шал асырап алады. Сүйіндік өзінде бала жок, көптен жас иіс көрмей зарығып жүрген шал екен. Шашубайды жатсынбай өз баласындай көріп бағып-қағады. Сүйіндіктің әйелі Шынжыл мейірбанды, жылы жүзді адам екен. Шашубайды маңдайынан шертпей әлпештеп өсіреді. Шашубай тоғыз жасқа келгенде Сүйіндік қайтыс болады, оның әйелі екінші күйеуге шығады. Шашубай енді өз әкесі Қошқарбайдың қолына келіп, өгей шешесі Амангелдінің тәрбиесінде болады. Демек, туған соң жеті күннен кейін шешесі Күнбала, оннан асқанда әкесі Қошқарбай дүниеден өтіп, Шашубай он үш жасқа дейін өгей шешесі Амангелдінің тәрбиесінде болған. Ақынның С.Бегалинге айтқан «жарымжан шешесі» – осы өгей шешесі Амангелді.

1878 жылы ашаршылықтың тауқыметін көріп, күнкөрістен тарыққан Арқадағы біраз ел Іле өзенінің жағасына қоныс тепкенде, он үш жасар Шашубай да сол маңға тұрмыс құрып кеткен Балжан деген апасын сағалап келіп, бір жылдай тұрып қалады. Сол жерде жүріп Шашубай тұрмыстың да, жұмыстың да ауырын басынан өткереді, жер де жыртады, арық та қазады, тары қорып, егін орып, қырман да басады. Қайратты бала қажымай ән салып, өлеңін айтып, ауыл жігіттерінің назарына іліге бастайды.

Шашубайдың бойындағы әншілік, ақындық таланттың ұшқынын байқаған ауыл жігіттері ойын-тойларға ертіп жүріп, сол маңдағы байлардың шашбауын көтеріп жүрген ақынсымақ ақсақ шалмен, кейін Жақай, Кенжебала деген ақын қыздармен айтыстырады. Бұл сапар Шашубайды ел арасына «ақын бала», «әнші бала» атандырып, ұлы өнерге тұсаукесер болады. Жастайынан тартқан бейнет, шеккен азап, көрген жәбір Шашубайды ширатып, шиыршық атырып, өзіне оқты көзбен қараған бай балаларына қарсы шығарып, 15 жаста «Қошқарбай әкем аты Шашубаймын, бай десе көктен түскен жасындаймын», – деп қорықпай сөйлеуіне мұрындық болады.

Шашубайдың «Мен кімін» деген бір өлеңінің өзінен-ақ алғаш ақындық өнерді ұстануына әсер еткен екі түрлі фактордың бетін ашамыз: бірі – жастай жетім қалып, жокшылық, таршылықты көп көрген Шашубайға ақындық өнер күнкөрістің бір түрі болған (Өнермен байдың малын тартып жедім, сырымды ішімдегі жасырмаймын); екіншісі – жәбір көрген жас бала, сөзде ғана бостандық бар екенін, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» екенін ерте түсінген (Тартсам да тауқыметін кедейліктің, байларға малы бар деп бас ұрмаймын).

Е. Ысмайылов: «Жас баланы шу дегеннен ақындыққа, ән-күйге, өлең-жырға қызықтыратын өз үйінде, өзінің ауыл-аймағында үлгілі ақындық дәстүр болады» – дейді.

Анасы Күнбаланың «Атаң Жандыбай сынды аузынан жыры ақтарылған бұлбұл көмей ақын болар ма екенсің,» – деп армандауына қарағанда ақынның үлкен атасы Жандыбайдың бойында ақындық өнер болғанға ұқсайды. Кезінде Доскей, Маясар, Жәкендермен сөз қағыстырып, ел арасына ақындығымен танылған Кенішбай Жұбандықұлына қатысты бір деректерде: «Кенішбайдың анасы Бидайбике аты әйгілі Шашубайдың үлкен әкесі Жандыбай ақынның қызы» – деген жолдар бар. Өкінішке қарай, Жандыбайдың ақындығы жайлы басқа деректер сақталмаған.

Құнарлы жерге ғана құрақ өсетіні секілді нағыз дарын бойында туа біткен табиғи қабілеті бар адамнан ғана шықса керек. Ендеше, Шашубай бойындағы өнердің дәні қанында, тегінде жатса, оның тамырын туған топырағынан табамыз. Туған топырағы деп отырғанымыз: Біржан, Ақан, Балуан Шолақтардың әніне тербеліп, Ықылас, Тәттімбеттердің күйі калықтаған, Қазыбек, Қараменде, Ақжол билердің даналығы дала кезген – Арқа жеріндегі рухани, өнерпаздық орта. Ақын өнерінің шындалып, кемелдене түсуіне осындай өнерпаздарға толы өзіндік әлеуметтік ортаның әсері ерекше болған.

Қазақ жерінің кіндік ортасы – Сарыарқа елінде барша Алашқа мәлім болған Ақжол би, бертінде Қаз дауысты Қазыбекке бата берген Өнет баба, Қазыбек, Шабанбай би, сондай-ақ әрі шешен, әрі батыр Жидебай, Жалаңтөс сияқты бірегей тұлғалар бар, Қарамендедей түпсіз тұңғиық даналар бар. Құнанбайдың аға сұлтан болып сайлануына ат салысып, ұлы Абайға бата берген, ел

арасында «жақсы Жәкен» атанған Жанғұтты билер жас Шашубай мойынына тұмар етіп таққан алғашқы қасиетті құндылықтар еді.

Шашубай жырларындағы сөзді талғап қолдану, сыртқы-ішкі сұлу сөздің философиялық ойлармен өріліп, жымдасып, біртұтас дүниеге айналуының негізі де, алғашқы сыры да осында. Бұған Арқа еліне философиялық ой, темірдей қисын, терең мазмұн қалыптастырған Қараменде бидің даналық мектебін, Нарманбеттің өршіл поэзиясын, өткірлігі жебедей Диа, Оқа, Бабас, Түсетай жырларын, ерке де, сылқым, жаймашуағы мен шымшымасы бірдей өрілген Әбіш Жанбайұлы жырларын, әртістік, шалқарлық, саликалық төгілген Тайжан жырларын, замана келбетін күңірене кескіндеген кешегі Шортанбай мен Маясар жырларын қосамыз.

Мейір кетті пендеден,
Сөйтіп елдің алдынан,
Ақыл сұрасаң азбассың,
Көпті көрген көнеден.
Қасиет кетті төреден,
Ғаділдік кетті билерден,
Абырой кетті әкімнен.
Жалғыз құдай болмаса,
Енді үміт жоқ өзгеден, –

деп дәуір шындығын, замана келбетін күңірене жырлаған Шортанбай үніне Шашубай сынды ақындардың өлеңмен үн қоспауы мүмкін де емес еді.

Қара бұлт басып түнерген,
Қазақтың байтақ даласын.
Қайғы жұтқан қалың ел,
Жаза алмай жүрек жарасын,
Өнер менен білім жоқ,

Оқыта алмай баласын.
Ызындаған зарлы үні,
Кернеп елдің арасын.
Патша, болыс, би мен бай,
Халықтың алып мазасын

Шашубай да өз заманының шындығына күйіне қарап, толғана жырына қосады. Осынау өнер, өлең үндестігі Арқадағы рухани органын, оның ішіндегі Шортанбай мектебінің Шашубай шығармашылығындағы орнын айқындап береді.

Ақынның ел арасында «алмас тілді Шашубай» атанып, «Шашекең айтқан екен» деген тапқырлық сөздерінің жүруі, біз жоғарыда айтып өткен дүниетаным терендігімен, даналығымен, жүйріктігімен, ойшылдығымен тарихта қалған Арқаның айтулы би-шешендерінің сөз мұралары жадында жатталып, ақынға өмірлік азық болғанын танытады. Бұның дәлелі – ақынның аяқ астынан сөз тауып айтқыштығы, шапшандығы, жүйріктігі.

Шашубай Жетісу өңірін аралап жүрген кезінде ат басын бір байдың үйіне тірейді. Діні қатты, сараң бай қонақтарға айран ғана ұсынса керек. Сонда Шашубай байдың тар пейілін былай деп бетіне басады:

О, айран, келдің қайдан?
Қатындармен ұрысып,
Піспекпенен жұлысып,
Айрылдың-ау майдан.
Ақ деген атағың болмаса,
Артық емессің-ау шайдан.
Бай қызы берген соң ішейін,
Тамақ болар-болмасын қайдам.

Өлең мәтінін шолғанда, ғасырлар бойғы қанға сіңген ұлттық болмысты танып, ақынның тек өлеңді шығарушы ғана емес, бір бойына шешендік, көркемдік сипаттарды жинақтаған тұлға екенін

көреміз. Ел арасындағы Шашубайдың осындай әңгімелері өлеңге өрнек салған ақындығымен қатар, тапқырлығы мен алғырлығы қосарлана жүретін шешендер мұрасымен де тамырластық тағлымын паш етеді.

Қазақ өнері, қазақ мәдениеті, қазақ әдебиеті, қазақ музыкасы тарихында талғамы жоғары, рухы биік ән мен күйдің, дүниедегі бар еркіндікті сездіре білетін ұлы да құдіретті поэзияның, қазақтың ұлттық шеңберінде ғана қалып қоймаған ұлттық сауық өнері мен спорт ойындарының, профессионалдық зор дәрежеге көтерілген айтыс, диалогпен орындалған дастандардың авторлары – Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Балуан Шолақ, Мәди, Естай, Әсет, Кемпірбай, Шөже, Доскейлердің өнер үлгілері дарынды дала ұлдарының талайына эстетикалық танымы биік өнерпаздық орта, мектеп болған.

Арқада әншілік, композиторлық творчествоның өзіндік үлгі-өрнегін, мектебін қалыптастырып, қазақтың суырыпсалма ақындық өнерін, сал-серілік дәстүрін жандандырушы Біржан салмен жүздесуі, Балуанға еріп Ғалияның ауылына баруы, үш жыл бірге жүріп дүйім жұртқа өнер шашуы – жақсыдан үйренуді мұрат еткен Шашубай ақынның өнер үйрену, ән үйрену дәстүрі.

Шашубайдың ақындық, әншілік, композиторлық өнерлермен қатар оның спортшы, ат сайысының майталманы, дойбышы, тоғызқұмалақшы, әртіс, сиқыршы, акробат, аңшы, әрі тауып айтқыш шешендігі сал-серілерге тән өнер тұтастығы ғана емес, Арқадағы осы Біржан сал мектебінің үлгі-өнегесі.

М. Әуезов: «Ат құлағында ойнайтын теңдесі жоқ акробат, шауып келе жатқан ат үстінде тік тұрып гармонда да аса шебер орындаушы, әрі әнші болған» – десе, С. Мұқанов: «... ол Сарыарқаны дала театрына айналдырды, өзі артист еді», – деген болатын.

Мимика, пантомима, гимнастиканы шебер меңгерген Шашубайдың елді таңдандырған бір сәтін Ғ. Мұстафин өзінің

«Дауылдан кейін» романында былай суреттейді: «Көп назары көк белесте. Ер тоқымды ақ боз ат белеске жалғыз шауып шықты. Үстіндегі иесі шауып келе жатып, аттың екі жағына кезекпе-кезек түсіп мінеді. Біресе ерге отырып алып, онды-солды еңкейгенде, жерден топырақ уыстап алады да, аспанға атады. Біресе еріне теріс қарап мініп шабады. Ат үсті оған ойыншық, ойына келгенін еркін істеді. Жиынға тақалғанда, төбесінен тік тұрып, аяқтарымен билеп келе жатты...»

Қазақ классиктерінің белгілі шығармаларында (С. Мұқанов «Балуан Шолақ», Ғ. Мұстафин «Дауылдан кейін») аты аталып жүруінің өзі, ешкімді қайталай бермейтін, ешкімге ұқсамайтын дарақасиеттерімен ерекшеленген ақын жаратылысының бөлектігін айқындай түссе керек.

Шашубай бойындағы осындай ғажайып өнердің ұшқындарын С. Бегалиннің, С. Мұқановтың, Ә. Тәжібаевтың, Е. Ысмайыловтың, Д. Әбілөвтің, Е. Тұрсыновтың, С. Сейітовтің еңбектерінен көп кездестіруге болады. Аталмыш еңбектерде ақынның ат үстінде тұрып, бірде иығымен шаншылып, бірде аттың екі жағынан кезек төңкеріліп, гармонын сұңқылдатып ойнақы өнер көрсететіні, бас терісін жүгіртіп, басындағы қалпағын мөңкітіп, біресе оң жақ шекесіне, біресе сол жақ шекесіне, енді бірде мұрнына дейін әкеп, қайта төбесіне қондыратыны, бет-аузын адам танымастай өзгертіп, таяқпен сиқыршыдай көз ілестірмей ойын көрсететіні баяндалады.

Е. Тұрсынов «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» деген еңбегінде сал-серілердің киім кию, ойын көрсету ерекшеліктеріне тоқтала келіп: «Шашубайды өз көзімен көрген Әбенев Боранқұл деген кісінің айтуына қарағанда, Шашубай

дастархан үстімен қоянша жорғалағанда қонақтардың алдына қойылған түрлі ыдыс-аяқ, тағамдардың ешбіріне қол, аяғын тегіз-беген екен» — дейді. С. Бегалин Шашубайдың 1943 жылғы айтысқа келгенде үш сабауды саусағының басына қондырып ойнатқанын, «Ал тақиясын басына шырқ айналдыра ыршытқанда ойнақ қағып, көз тұндыратынын» жазады. Ә. Тәжібаев: «Мен тақала бергенде, Шашекеңнің дөңгелек қара қалпағы таяғының ұшында шыр көбелек айналып тұр екен. Әбден зырылдап болған кезде қалпақ таяқтан секіріп кетіп, Шашубайдың басына келіп киілді» — деп, өзі куә болған бір ойынын баяндайды. Ақынның бұл ойындары ел арасына «Тақия тайтаңы», «Үш шыбық», «Қақпақыл» деген аттармен белгілі болған. Кенен өзінің естеліктерінің бірінде қырғыздың үлкен бір асының түнінде Шашубайдың ақ ордада гармонына қосылып ән шырқағанда, үйге сыймағандардың сырттан тыңдап, ақынның жүзін көреміз дегендер жаяуы, аттылысы бар, түйеге мінгендері бар, үйдің кигізін тесе-тесе, таң атқанша жаңағы үйдің жалаңаш қалғанын айтады. Шашубай бойындағы өнер түрлерінің сан қырлылығы, оның соншалықты халық арасына танымал болуына негіз болды.

Жасы келгенде де ақын өзінің шапшандығы мен ширақтығын жоғалтпайды. Ақынның қартайған шағында Алматыға жол тартып келе жатқанда, Балқаш пен Қоңырат аралығында қол көтергенде тоқтамаған жүргізушілердің бірін жол үстіне «айырбақан» құрып тоқтатып, мініп кетуі жас кезінде көрсеткен ойындарының қалдығы. Бұл орайда С. Бегалин: «Шашубай, сегіз қырлы өнер өрені, өзгеше талант еді, егер өнерге баулыр өрісті бүгінгі мектепке кездесе қалса, дүние жүзіне әйгілі өнерпаз болған болар еді» — дейді.

Өнер атаулының қай-қайсы болсын өз заманының эстетикалық талап-тілектеріне лайықтандырылады. Біржан, Ақан, Балуан, Жаяу Мұса, Ағашаяқ, Әздембай, Кемпірбай, Шашубайлар дамытқан өнер түрлері – өз заманының көркемдік шындығын көрсетуге аянбай қызмет етіп тұрған қасиетті құндылықтар.

Әнші-ақындар өнерді дәріптеп, сол арқылы күнелтті. Олар мал байлығымен емес, рухани жан байлығымен, сылқым сезімталдығымен ерекшеленді. Олардың өлеңдерінің барлығы үлкен мағына үстеп, түр мен мазмұны араласып, поэзиялық сұлулыққа, нәрлікке құрылды.

Шашубай да әншілік, саятшылық, аңшылық өнерлердің қасиетін танып, талғаммен жыр жолдарына сыйғызып, өзінің табиғат сұлулығын жете сезінген сезімталдығын сөз өнері арқылы жеткізе алған ақын.

Құс атып аң аулаймын Саршығаннан,
Ақ тұйғын жігіт едім қаршыға алған.
Күніне отыз үйрек, қырық қаз алсам,
Емес ем төсін шоқып қан шығарған
Қияға ұя салған қыран едім,
Аққудың төсіне ұйықтап талшық алғам –

деген жолдары ақынның «Ырғыма-сырғыма», «Жамалға», «Мамық қызға», «Ақ қайың», «Сырлы қайың» лирикаларын да да жалғасын тауып, жастық, махаббат, серілік сезім күйлерін лирикалық кейіпкерлердің шынайы жан сұлулығымен салыстыра суреттеу шеберлігіне ұласқан.

Шашубай өлеңдері тек махаббатқа байланысты емес, ел басынан кешкен елеулі оқиғаларға байланысты жүрек тебіренісінен туған мұң мен шерге құрылған, арман мен үмітке толы лирика-

ларымен де ерекшеленеді. Шашубайдың Әтпек, Тілес сияқты байларға өктем сөйлеп, өткір тілін қару етуі – ел билеген әлді ортамен ымыраға келмей кеткен әнші-ақындар өнерінің тағы бір қыры.

Белгілі ақын Ә.Тәжібаевтың «Әр дыбысына дейін түбіттен бе, қауырсыннан ба жаралғандай жеп-жеңіл, мөп-мөлдір» – деуі, Шашубайдың ән-өлеңдерінің гүл үстіндегі шықтан үзіліп түскен тамшыдай тап-таза дүние екендігін дәлелдейді. Әдебиет әлеміндегі поэтикалық сыры бөлек шығармаларының бірі – «Ақ қайың» өлеңіндегі «қайың» бейнесінің ақын шығармашылығында өзіндік орны бар.

«Ақ қайың» әні 1913 жылы Романовтар әулетінің билік құрғанына 300 жыл толуына орай Верный (Алматы) қаласында өткен тойда Шашубайдың өз аузынан грамофонға жазылған деген дерек бар. Бұл грамофон соғыс кезінде атақты әнші М.Ержановтың қолында болған екен. Өкініштісі, таспаға түсірілген бұл әннің арғы тарихы беймәлім.

Академик А.Жұбанов: «Біреу болғанымен бірегей ән. Шашубай халықтық поэзиясымен қатар музыканың да үлкен адамы, қайраткері» – деген болатын. «Ақ қайың» бейнесінің Шашубайға дейінгі қазақ поэзиясында кездесуін зерттеушілеріміз атап көрсетпейді. Десек те, атақты Біржан салдың мына бір өлеңінен Шашубай әнінің жолдарын кездестіреміз.

Бұл орта Біржан дедің атымды атап,
Бір кезде бие саудым қысырақ матап.
Ақ қайың жалған-ау, кештім сайран,
Қолдай гөр Қара қожа, Арғын, Найман.

Мұндай жолдар Тайжан, Нартай шығармаларында да бар. Шашубайдың «Ақ қайың» өлеңінің шығу мерзімін есепке алсақ, 1895 жылдар шамасында жазылған. Ол кезде Нартай бес жаста, Тайжан он алты жаста екен. Ендеше, бұл екеуі жоғарыда келтірілген жолдардың авторы болуы мүмкін емес. Ал Біржанға келсек, ол жоғарыдағы өлең жолдарын жасы егде тартқан кезде шығарғаны байқалады. Қалай десек те, бұл жолдарды Біржанға да тели алмаймыз. Өйткені Шашубай Біржан салға осы «Ақ қайың» арқылы танылған, яғни атақты Қоянды жәрмеңкесінде Біржан назарын Шашубайға аудартқан да осы ән болатын. Демек, Шашубай өзінің атақты «Ақ қайың» әні арқылы өзіне дейінгі де, өзінен кейінгі де ақындарға үлгі бола білген.

Айтыстағы алғырлығы мен өткірлігі Шашубайды өңшең жүйрік ақындардың қатарынан көрсетеді. Шашубайдың Ағыбай батырдың Софы дейтін баласына еріп Жетісу еліне баруы, онда Жамбыл, Сарбас, Қуандық, Майкөт ақындармен кездесіп сөз қағыстыруы, қырғыз елін аралауы ақын шығармашылығының жаңа бір қырын ашады.

Шашубай өз басындағы суырыпсалма ақындық өнердің өресін, ақындық қуатын, мүмкіндігін ел арасындағы осындай «өнер мектептерінде» сынға салып, шынға түскен. Ақын Жамбыл, Кенен, Болмандармен көлемді айтыстар жасаса, Кенжебала, Жақай сынды ақын қыздармен, соқыр Ажармен сөз қағыстырған. Ақынның қасқырмен айтысы әдебиеттегі мысал айтыстардың озық үлгілерінің бірі. Шашубай Түбек, Құлтума, Орынбайлармен де айтысқан және Кенен естеліктерінде Сарбас, Қуандық, Майкөт ақындармен болған айтыстардың шындығы расталады. Демек, үлкен айтыс дәрежесіне көтерілмеген күннің өзінде, салмақты өлеңмен қағысу болғаны анық.

Ақындық дәстүрді үлкен бір биікке шығарумен бірге, жыраулық өнерді де кемеліне көтере білген халық ақындарының жыршылық дәстүрінің соқпағын Шашубай ақынның өнер жолынан табамыз. «Қырымның қырық батыры», «Сұраншы Бөкей», «Ақтамберді», «Абылай» жырларын жатқа айтқан ақын кезінде жиырма төрт дастанды білетінін сөз еткен (Балқаштық Әлихан Жәңгіровтың айтуынан). Халықтың ғасырлар бойы жасаған мәдени-рухани байлығын емін-еркін игерген, халық жырының мұхитында өскен, жел жетпес жүйрік ақын «Қамбар батырды» жырлап, Шығыс хикаяларының да сыр-сымбатына ден қойып, ел арасына «Тоты» дастанын таратты. Ауыз әдебиетінің озық үлгілері Шашубай ақындығына қозғау салып, шығармаларының мазмұндық, көркемдік сапасының кемелдене түсуіне игі ықпал етті.

Шашубай – «зар заман» ақындарының азаматтық үніне үн қосып, сал-серілік сауықты күндердің дәмін татып, қоғамдық-әлеуметтік өмірде болып жатқан түрлі саяси, экономикалық өзгерістердің денін көзімен көрген ақын. Өзі өмір сүрген кезеңдегі тарихи құбылыстар әкелген жаңалықтарға тез бейімделе білген Шашубай, қазақтың жазба әдебиетіне өзіндік өрнек енгізуші Абай шығармашылығынан да үлгі ала білді.

Шашубай ақынның барша шығармашылық әлеміне Абай ықпалы болды дей алмайтынымыз анық. Өйткені, Шашубай халық поэзиясының, ауызша ақындықтың, импровизациялық өнердің адамы. Ол бойына жазба әдебиеттен гөрі, халық әдебиетінің нәрін көп сіңірген ақын. Бұл – бір. Екіншіден, ақынның жаза білмеуі, жаңалық, хабар өзгерістерді ауызша естіп үйренуі – жазба әдебиеттен тәлім алуына кедергі жасағаны ақиқат. Әйтесе де әлеуметтік теңсіздікті бейнелеген қасқырмен айтысында, еңбек тақырыбына арналған өлеңдерінде, сондай-ақ табиғат тамашаларын суреттейтін «Кәрі құда» өлеңінде жаңашыл Абай өлеңдерімен үндестік белгілерін аңғару қиын емес.

Бірден-бірге ауысып, болмай кезбе,
Еңбек қыл, елің үшін болмай көзге.
Жатып ішер, жалқаулар, қисық, қыңыр,
Заң бойынша түзелмек түсіп тезге.
Еңбекпен табылады барлық дәулет,
Еңбексіз ешкім қолға бермес «мә» деп.
Еріншек, кежірлік пен тұрақсыздық,
Жалқаулық жан сүймейтін жаман әдет.

Шашубайдың бұл өлеңі Абайдың ақылға, уағызға толы өлеңдерімен үндесіп тұр. Абай өлеңдеріндегі «Сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар, жалмауыз» немесе «Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас, еңбек қылмас еріншек адам болмас» сияқты жолдардың сарыны, табы Шашубай өлеңдерінде анық байқалады. Ол өзі көріп отырған, тәжірибесі танытқан шындықтарды ашық айта отырып, жастарды жалқаулық, еріншектік, тұрақсыздық сияқты жаман әдеттерден сақтандырады. Абайша адал еңбек етуге уағыз айтады.

Абай мен Шашубай арасында творчестволық сәйкестік қана емес, рухани, адами байланыстың да болғанын әр деректерден кездестіріп қаламыз. Ақынның Шыңғыс тауының етегінде Абайға жолығып, онымен бірге аң аулап, түлкі қуысып, Құнанбайдың «түйе палуаны» атанған, Абаймен құлын-тайдай тебісіп өскен Байқұдамен біраз бірге болғаны тағы білгілі. Ендеше, ақынның кей өлеңдерін Абайша толғауының себебі де осы рухани байланыста жатқан болар.

Шашубайдың «Кәрі құда» өлеңі табиғат суреттерін дәл беріп, адам мінездерімен сәйкестендіре бейнелеу тәсілі жағынан Абайдың «Қыс» өлеңімен қатты үндеседі.

Абайда: Ақ киімді денелі, ақ сақалды,
Соқыр мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Шашубайда: Ақ басты, өзім тұстас, кәрі құда,
Ақсақал, сыры ежелден кәні құда.
Басына бұлттан сәлде-шалма оранып,
Сықырлап келіп қапты тағы құда.
Немесе: Қош кепсің ақ дуана зіркілдеген,
Демі аяз, күрсінсе қар күрпілдеген.

Бұл жолдардағы «ақ киімді денелі, ақ сақалды» қария мен «зіркілдеген ақ дуана» арасында образдық жақындық болса, «ақ басты, өзім тұстас, кәрі құда» мен «кәрі құда қыс келіп әлек салды» деген жолдардағы қыстың «кәрі құда» образы арқылы жасалуы екі ақын өлеңіндегі сарындастықты ғана байқатып қоймай, Шашубайдың Абай дәстүрін, Абай жаңашылдығын игеруге деген талпынысын, жазба поэзияның халық ақындары шығармашылығындағы әсерін анықтайды. Абай катал қыс мінезін «дем алысы үскірік, аяз бен қар» деп суреттесе, Шашубай «демі аяз, күрсінсе қар күрпілдеген» деп тосыннан жол тауып кетеді. Ақында ой ұштастығы болғанмен, сөз қайталау жоқ, керісінше, Абай өлеңдерінде кездесетін сөздерді өзінше құбылту, түрлендіру бар. «Басына бұлттан сәлде-шалма оранып» деген секілді тың да әсерлі жолдар ақынның өмір құбылыстарын, табиғат тылсымдарын суреттеудегі ой сонылығы мен көркемдік шеберлігін танытса керек. Шашубай да тіршілік құбылысын өзінше жандандырып, жасантуда Абайға еліктеп өз образдарына бейнелілік тың сипат берген. Мәнері мен функциясы әр алуан ақындық, сал-серілік, импровизаторлық, жыршылық, әншілік мектептерден өтіп қана қоймай, қалыптасқан дәстүрді өз өнерімен, өз өрнегімен дамытқан Шашубайдың шығармашылығы – тарихымыздағы қайталанбас қызықты құбылыстардың бірі.

Көсемдік пен шешендіктің үлгісі

Халқымыздың мәдени, әдеби-рухани, қоғамдық-әлеуметтік өмірінде ақындар ролінің айтарлықтай ерекше екені әмбеге аян ақиқат. XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларды, қоғамдық-әлеуметтік жағдайды өлең-толғауларына арқау еткен, тілі уытты, саяси сауатты, ақиқатқа арашашы болған, өз заманында қуғынды көп көрген, Шортанбай өмір сүрген өңірдің бірегей еңселі ақыны Түсетай Қоржынбайұлы туралы не білеміз?!

«Ақадыр-Шет өңірі ақындарының әдеби мұралары» аясында сөз қылып отырған Түсетайдың ақындық қарымдылығын, шығармаларының көркемдік сапасы мен кестелі суреттеліп, кесек сомдалған тарихилығын 1920 жылдардың ішінде сол өңірге келген С.Дөнентаев ерекше сын тезінен өткізіп, оған өте жоғары баға берген екен.

Әдебиеттанушы ғалым М. Жолдасбековтың: «Кез-келген ақынның шығармашылық лабораториясына үңілу – біріншіден, ақындық ортасына үңілу», – деген пікірін қостай отырып, Түсетайдың ақындық ортасы жайлы, ақын замандастары туралы да біраз сөз қозғамақпыз. Ендеше, Түсетайдың шығармашылық өрлеуі оның әдеби ақындық ортасынан да боларына ешкімнің таласы жоқ. Аталған өңір ақындарының көш басында Мұхамедия Ахметұлы (Диа қажы), Түсетай Қоржынбайұлы, Бабас Қоренұлы, Оқа Сәттібайұлы, Қапас Тоқсантайұлы сияқты аузын айға білеген ақындар тұрса, олардың маңында Сейдіғали Қалиақпарұлы, Адам

бек Бәпішұлы, Қақпан Жиренбайұлы, Сәренжіп Әзбергенұлы, Сыздық Исатайұлы, Күмісбек Ханбатырұлы, Жуасбай Тасболатұлы, Әсел Адамбайқызы және Шаяхмет Адамбайұлы сияқты ізбасарлары да болған.

Диа қажы көшінің тарланы Түсетайдай хас таланттың мұралары қазақ халқының тағдырын тәлкек еткен сұм заманның, саясаттың шырмауына түскені де шындық. Терең үңілген адамға ақын шығармаларының табиғи әлемі өзіндік ой-топшылау мен пәлсапаға толы екені аңғарылады.

Түсетай Қоржынбайұлы – XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың басындағы Ақадыр-Шет өңірінің шоқтығы биік, жұлдызы жоғары ақындардың бірі. Оның аталары атақты Жарылғап батырдың баласы Қырбастың Құлсейіт бұтағынан тарайды. Әкесі Қоржынбай қаражаяу адам болмаса керек. Түсетайдың туған жылы 1870 жыл. Ақын Қарағанды облысы, Шет ауданының Ақшатау ауылында (бұрынғы №10 бөлімшесінде) дүниеге келген.

Түсетайдың орасан зор ақындық қуат-күші қазақ өмірінің ең маңызды әлеуметтік мәселелерін көтере білуінен, қоғамның қарапайым өкілдерінің ой-арманын, түбегейлі мүддесін терең ұғып, сезіне білетіндігінен айрықша айқын көрінеді. Көсемдік пен шешендік, импровизаторлық қасиеті мол Түсекеңнің айтқан сөздері, өрілген өлеңдеріндегі ойлары біздей өткір де өтімді. Ақынның «Ортайған шара», «Керзаман», «Жақсым шықты жаман боп», «Он үшке шыққан жасымда», «Заманың қарсы тұрғанда» т.б. туындыларының қай-қайсысын алсақ та, оларға идеялық арқау болатын келелі мәселелер – әділеттікке шақыру, заман кесапатын айыптау, алауыздық пен керіс-тартысты әшкерелеу екені бірден байқалады.

Түсетай ақын өлеңдері замандасы, ұстазы Диа қажы шығармашылығымен тығыз үндесіп келеді. Шортанбай мотиві-

нен үлгі алған Диа, Түсетай өлең-толғаулары ескі өмірді аңсау, ақыл-кеңес беру, насихат-ұран тастау болса да, ақындардың көңіл күйіне байланысты көркемдіктің, ақындық шеберліктің өзі озат идеялықпен ұштасып жатады. Түсекең өлеңдерінің тілі тегеурінді де көркем. Ақын шығармаларында тіл шырайлылығы алмастыру, айшықтау, әсірелеу арқылы да әдеби-тілдік қолданыстар табылып, көркемдік сапасының деңгейі ерекше аңғарылар тұстары бар.

Әділдікке жақын, аққа жақ болған Түсекеңдерге сол кездегі ауылдың шолақ белсенділері де ауызға қаппақ, тілге түрткі бола алмаса керек. Сондықтан да шолақ белсенділер Түсекеңнің соңына шам алып түсті. Орынды жерде тауып айтып, керекті кезде қауып айтып жырлаған ақын жер-судан айрылған халықтың ауыр тұрмысын суреттеп, тоталитарлық режимнің қатаң қағидалы жүйесімен ұсынылған отаршылық саясатына қарсы шығады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті жақтап, халықты әскер бермеуге үгіттеп, өзге ұлт өкілдерінің өздерімен бірге ала келген қазақ халқының мәдениетіне жат өзгерістерге қосылмаған. Өжет те өткірлікпен:

Бостандық өз басыңа тағы да жоқ,
Тиіп тұр бәрі саған атылған оқ.
Қазақты топ-тобымен Сібірге айдап,
Оларды қорғайтұғын зәкөн де жоқ.
Шұбыртып қазақты айдап жерін алды,
Сүйікті ел қорғаны ерін алды.
Исатай, Махамбет пен Ермек, Исақ...
Ұлдарын Ахметтей теріп алды.
Баланы солдатқа алып, өлімге айдап,
Қанеки, құрымаған неміз қалды? –

деп саяси сауатты, көзі ашық Түсекеңнің ақиқатты бетке басып, жыр қылып төккен көкірегі күйініш білдіреді.

Ақынның өміршең өлеңдері әрқашан философиялық терең ойларға, өз өмірінде басынан кешіріп, көңіліне түйген өмірлік қағидаға айнарларлық толғауларға толы болып келеді. Мұндай мысалдарды оның кез-келген өлеңдерінен-ақ түйдек-түйдегімен келтіруге болады. Мысалы:

Заманың қарсы туғанда,
Талқысытпай таңың атпайды,
Боршатпай түнің батпайды.
Ағайын ала сырт тартқан,
Отың сөнбей жатпайды.
Қара қазан көтерсең
Қара суыңнан татпайды.
Адалдан келген ас-суың,
Осыдан кейін батпайды, –

деп, асылы, ағайын арасына алауыздық түспесін, түссе, ол – өзінің ғана емес, барша қоғамның зардабы деген тұрмыстық-философиялық тұжырым, қуатты афоризм тастайды. Немесе:

Ең дәулет қалмақ кейінге,
Арқалап бізге кетпек жоқ,
Ортамыз жатқан дария,
Қол созуға өтпек жоқ, –

деген сияқты да асқақ философиялық ойы қандай?!

Жалпы, ақын шығармаларында «керзаманның» алдында шарасыздық, амалсыздық танытатындай. Дегенмен, ақын өз халқын «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» береке-ырыстың көзі – ауызбірлікке шақырып, бейбіт ынтымаққа үгіттейді:

Мекен қылып жатырмыз Тасбұлақты,
Қорек қылып жатырмыз ешкі, лақты.

Заман азып, бұл күнде заң бұзылды,
Бес ата боп қосылайық ынтымақты.

Қазақтың қай ақыны болсын адамның өміріндегі балалық, жастық, кемелдік және кәрілік шақтың сыр-сипатын, мән-жайын жырға қосып өткен. Түсекең де бұл жайлы қарап қалмаған. Яғни ол жас ерекшелігін жырлай отырып, өз өмірінің нәрлісі мен дәмдісін, қуанышы мен қайғысының да қат-қабат қатар келетін кездерін өмір тәжірибесінен алып жыр жолдарына түсірді.

Он үшке шыққан жасымда,
Балақта қалды балалық.
Жиырмаға шыққан жасымда,
Етектен тартты шалалық.
Отызға шыққан жасымда,
Алдымнан тосты налалық.
Елуге шыққан жасымда,
Бәрінен қалдым тоналып.

Саясатты терең түсіне білген ақын қазақ жеріндегі «Кіші қазан» төңкерісін құптамаған. Өз дәуірінің озық ойлы, демократиялық бағыттағы өкілдерінің қатарынан лайықты орын алатын Түсетай ақын патша өкіметінің шашбауын көтеріп, патшаны мақтап өлең-жыр жазған емес. Шын сөйлеп, тек шындықты жырлаған ақынның олайша әрекет етуі мүмкін де емес еді. Ақын тілі мемлекеттік айдарынан айрылған жұтаң жұрттың заман шындығы мен сұмдығын мінеген кетпес күйігінен, өшпес өкінішінен, шерге толы табиғатынан сусындаған. Сол себептен «Кіші қазан» төңкерісі тұсында ұлттың рухани демін сөндіріп, жас ұрпақты сауатсыз, меңіреу, мәнгүрт күйде қабылдаған ресми саясат ақынның ашу-ызасын шақырады. Ақынның «Сарыарқа» атты көлемі жағынан басқа өлеңдеріне қарағанда күрделі болып келген шығармасы осы тарихи оқиғаға қатысты жазылған. Халық

тіршілігін көзімен көріп, ел трагедиясын терең түсінген Түсетай «Сарыарқа» өлеңінде халық қайғысының қара бұлтын айқын бейнелеген. Ақын патша өкіметінің орыс шаруаларын қазақ даласына көптеп қоныстандыру арқылы жергілікті халықты жүздеген жылдар бойына мекендеп келген шұрайлы жерлерінен аластап, қуғынға салғанын, елдің бауыр басқан қонысынан айырылып, Сарыарқаның сәні таусылғанын жырға қосады. Ал бұл орыс және қазақ халықтарының арасын ашу емес, шырқыраған шындықтың бетін ашып айтқандық, патша өкіметінің отаршыл саясатына қарсы бағытталған ой еді, туған жеріне деген ыстық сүйіспеншілік, кіршіксіз әрі қимастық сезім еді. Мәселен:

Сарыарқа, сая салқын сары белім-ай,
Береке малға жайлы бар белім-ай.
Сағынып сабыр қылмай жүрмін сені,
Көгеріп көрінетін нар белім-ай.
Су ішін шұқалақты мекен етіп,
Көруге болып тұрмын зар белім-ай.
Жайлаушы ек Сарыарқаны көшіп барып,
Ақ патша мекен салды тартып алып, –

деген жолдармен ақын өзегі өкінішке толды. Байырғы елді, яғни ғасырларға жалғасып келе жатқан игі дәстүрлері мен бай мәдениеті бар, шалқыған байлыққа ие халықты қолда барынан, өткендегі байтақ тарихы мен мәдениетінен маңғұрт етіп, мәңгүрттікке балау, түптің түбінде алдыға салып айдауға көнетін малға айналдыру, тағылық мақсат-мұратпен дегендеріне қол жеткізу әрекеті Түсекеңнің шымбайына батқаны белгілі. Тағылық жүйе «ескілік шырмауынан арыла алмады», «Ресей мен қазақ елінің достық қарым-қатынасын түсінгісі келмеді», «Кер заман», «Зар заман», «Сарыарқа» деп жыр-толғаулар шығарды деген желеумен арқалы

ақын Түсетайды ұрпақтар назары мен ақыл-ойынан сызып тастамақ болды.

Ақын ұлттық мұрадан дүйім халықтың сыр-сипатын, оның рухы мен ақылын, адамгершілігі мен мінез-құлқын, тұтас алғанда, барлық болмысын көруге болатынын ескертті. Әйтсе де, бойына иман мен ізгілікті тұмар тұтқан Түсетай ақын заман ағымы өзгеріске ұшыраса да, тәлім-тәрбиеге баса назар аударып, құрмет пен ізеттің, ар мен ұяттың орнын ерекше бағалайды.

Ортайған шара қартайған,
Таусылмаса толмайды.
Болмайтын зат ешқашан
Болмашыдан болмайды.
Тегі асыл самұрық
Төбеге еш қонбайды.
Маздақта туған қайдауыл
Итжеккенде тоңбайды.
Көрешегім көп екен,
Қайттім ашық борбайды?!
Көрмесімді көрсеткен,
Заман мынау оңбайды! –

дей келіп, керемет көрегендікпен тұрмыстық-философиялық пікірді ой тұңғығынан теріп, жыраулық дәстүрдің сөз саптамымен жырлай, таршылық пен жетіспеушілікті сол заманның зарына жүктейді. Шешендік үлгідегі мұндай толғау сөздерді жазба әдебиеттеріндегі дидактикалық-философиялық поэзияның қызметін қазақ сахарасына молынан қолданған да – еліне жанашыр Түсекең тәрізді ақындар.

Түсетай ақын зар заманның әріне беріліп, қисық заң мен қоғамның ағымын жырлап қана қойған жоқ, ақын өзі өмір сүрген

ортаның тіл орағытқан ақын замандастарымен сөз қағыстырып, айтысып келген.

Олөзінің замандасы Бабасақынмен, Диақажымен айтысқан, сөз қағысқан. Ендеше Түсекеңді біз тағы бір қырынан тануымызға болады. Халқымыздың ақындарымызды жақсы көруіне басты себеп – олардың тіл шешендігі ғана емес, айтыста я басқа шығармаларында халық тұрмысының шындығын суреттеуі, халқының қуанышына да, қайғысына да шын көңілімен ортақтасуы. Айтыс өнерінің әрбір түрі әркілы қағида-тәртіптерімен де өтетіні белгілі. Соның бірі – қатарлас замандастар арасындағы айтыс, әрине, қатар-құрбылар арасында артық-кем сөздер айтылып, қалжың әжуәмен, әзіл-оспақтармен жалғасып жатады. Міне, сондай айтыстың бірі – Түсетай мен Бабас айтысында Естек деген елден Сарымай есімді қызды қояр да қоймай әйелдікке алған Бабастың әрекетін Түсетай әшкерелейді.

Түсетайдың Диа қажымен айтысында да бір-бірінің міндерін сынап, бетке басады. Ақындар кейбір ұлттық тар өрістілікке жол бермеуді де назарда ұстауды көздейді.

Ақынды көзімен көргендердің айтуы бойынша, Түсекең өте дидарлы адам болған дейді. «Бір әйел қарарлық көркі бар» – деп отырады екен үлкендер. Расында, Түсетай бойшаң, толық ақсұр, құс мұрынды, қой көзді, дөңгелек бетті, жанары кең, қара қасты кісі болыпты. Өзіне жарасымды дөңгелек шоқша сақал қойып жүреді екен. Мұны өлеңге қосып Бабас ақын:

Бетіңе қарасам,
Толған айдайсың.
Көзіңе қарасам,
Жалп етер майдайсың.

Қойғанмен сақалды

Бабас болмайсың.

Әйелді қаратқан

Мұрныңмен оңбайсың, —

деген сияқты ажуа-қалжыңдарды тілге тиек ете отырып, келісті теңеулермен керемет бейнелей білген.

Қазақ даласында жүргізілген саясаттың негізсіздігін құптаған Түсетай ақын және сол сынды көптеген алқалы топтың зиялы да сауатты азаматтарына күйе жағылып, түрлі-түрлі жалалар жабылады. Бұл нәубет халқының азаттығы жолында қайсар, қаһарман ақын Түсетай Қоржынбайұлын да құрбандыққа шалды. Халық аузынан жиналған деректердің сыңаржақты болуы нәтижесінде Түсекеннің өмірден озуы туралы мәлімет 1998-99 жылға дейін әрқилы болып келді. Ақын көп қуғындалып жүріп, саясаттың құрбаны болып соңғы күндерін кешті. Түсетай ақын аймаққа келген алапат аштықтың салдарынан арып-ашып дүние салған бәйбішесінің соңынан көз жұмады. Бұған куә — Түсетайдың жазназасын шығарушы Қаппар Бегімбайұлы деген ақсақал: «Мен 1931 жылы қуғын-сүргінді көп көріп аштықтан қайтқан Түсекен мүрдесін Диа қажы мектебінің іргесінен 80 қадам жерге қойдым», — деп еске түсіріп толғанады. Қазірде Түсетай ақынның артында еш тұяғы, тұқымы қалмаған.

92 Бүгінде ақынның ел аузынан жиналған қолда бар азғантай шығармаларын тиімді пайдаланудың көзін іздейміз. Түсетай ақынның және сол Түсекен сынды саяси құрбандардың дәл бүгінгі ұрпаққа қазіргі кезеңде берер асыл өнегесі мол, тәрбиесі тәлімді. Жаңа ұрпақпен, жаңа кезеңмен қайта табысып, халқына қайта оралып, қауышып жатқан Түсетай ақын өмірі жайлы дерек-

тер, оның шығармаларын жинау, зерттеу, жарыққа шығару — біздің үлесімізде.

Сайып келгенде, қасиетті қара өлеңнің қауқарын орынды жұмсаған Арқа тумасы Түсетай ақынның әдеби мұралары бүгінгі таңнан өз бағасын алып, қазақ әдебиеті тарихының өзіндік қолтаңбасы бар құнды қорына енеді деп сенеміз.

Құрастырушыдан: 1997 жылы жазушы К. Жүністегі бастаған бір топ адам Түсетайдың сүйегі жатқан жерді тауып, темір шарбақпен қоршап қойғаны белгілі. Басына көк тас қоямыз деген жігіттер уәдесінде тұрмапты.

Түсетай ақынның мазарын көтеріп, басына көк тас қою — қауым болып шешетін мәселе. Тіпті қалтасында қаражаты, бойында намысы бар азаматтың да қолынан келетін-ақ іс (ред. — Т.Б.)

Болат Дүйсенбаев
дияқажытанушы
Төрехан Майбас
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Дияқажы (1871-1931)

Көзінің тірісінде-ақ есімі аңызға айналған Дияқажы туралы сұрастырсак кейінгі ұрпақтың мардымды жауап бере алмайтыны анық. Оған кешіріммен қарауға болады. Өйткені Дияқажы күні кешеге дейін жабық тақырып болып келді. Бүгінде ол кісі туралы мұрағаттардан құжаттар табу мүмкін емес. Себебі белгілі. Жендеттер артында із қалдырмау үшін бәрін қолдан жойып жіберген.

Дияқажы бұрынғы Қарқаралы уезі Ақшатау болыстығының оныншы ауылында 1871 жылы дүниеге келген. Ол кісінің қызы Қайыркүл апай өз жазбаларында ақынның туған жылы ретінде 1873 жылды көрсетеді. Ол кісінің қандай дерекке сүйенгенін дәйектей алмадық. Азан шақырып қойған есімі – Мұхамедия. «Пайғамбар есімін алып жүру үмбетіне ауыр болады» деп кейінгі буынмен Дия атанған. Қажылыққа жүргеннен кейін біржолата Дияқажы атанады.

Дияқажы жуан ата тұқымынан. Бес Мейрамның қолын басқаратын Көкбөрі Жарылғап батырдың жұқанасы. Жарылғаптың үлкені Жәнібек би заманында патшалық Ресейден оқалы шапан киіп, билік айтқан адам. Оның баласы Бисейіт те би болған. Ол Хан Кененің бас биі Құрманмен дос болып, оның Аққыз есімді қызын баласы Берденге айттырады. Өзі кісі қолынан жазым бо-

лады. Жесір қалған Салтанат бәйбішесін ағайындары әменгерлік жолмен інісі Ақсейітке қосады. Одан Керней еліне ширек ғасыр сайлаусыз болыс болған Құлжанбек болыс туады.

Берден мал басы қаулаған бай болады. Алайда жиырма тоғыз жасында шешектен қайтады. Келесі жылы асы берілгеннен кейін ағайындар тағы да әменгершілік жолмен Аққызды өзінен жеті жас кіші Құлжанбекке қосады. Аққыз ризашылық танытпайды. Осыған байланысты Аққыздың екі ауыз өлеңі ел ішінде сақталған:

Мен болдым сұр қулық,
Бес атадан біз тудық.
Ізгі жақсы жиналып,
Қылды-ау бізге бас зорлық.
Зорлық емей немене,
Бір шешеден туды деп
Арғымақтың үйріне
Тай таласқан не сұмдық?

Дияқажыға ақындық осы әжесінен жұққан дейді екен. Ол кісінің мұнан басқа да өлеңдері ел ішінде жақсы сақталған. Соған қарап болса болар дейсің.

Берденнен төрт бала қалады. Ахметі әкесі дүниеден өткенде сегіз жаста екен. Аққыз Құлжанбектен төрт бала көреді. Қазақ қыздары арасынан шыққан алғашқы академик қыздарымыздың бірі Шәрбан Батталова осы Аққыз әженің шөбересі. Құлжанбек ол тұста би екен. Ол ағасының балаларына жақсы қарайды. Ахметті алдымен Созақта, соңынан Хиуада оқытады. Ол оқу тауысқан соң бұл дүниенің тірлігімен айналыспайды. Сопы атанады. Ахметтің алғаны да жуан атадан. Тоқа Байбектің Саржанының қызы Балкия кейін көшелі бәйбіше болыпты. Ахмет те көп жасамайды, отыз тоғыз жасында сүзектен опат болады.

Жас Дия сауатын өзінің әкесі Ахметтен ашады. Нағашысы Қойлыбайға еріп, Созақ медресесін тауысады. Онан кейін әкесі Ахмет өзі апарып Ақмешіт медресесіне береді. Алайда оны аяқтамайды. Қарқаралыдағы Құнанбай мешітінің имамы Амандостың Сыздығымен атақты «Ғалия» медресесіне түседі. Онда екі жыл оқиды. Оны да аяқтай алмайды. Әкесі Ахмет қайтыс болып, елге қайтуға мәжбүр болады. Елде сынықшылықпен, емқостықпен айналысады. Құлжанбек болыстың тілмашының көмекшісі болады. Дияның ел ішінде ақындық атағы шыға бастайды. Құлжанбек оған Кәрсен Қозыбақ Сырғаның Беркінбайының қызы Шәуенді айттырып, бөлек шығарады. Беркінбай да жуан аталардың бірі. Ұлы тәркіге Шет ауданы бойынша алғашқылардың бірі болып ілігеді.

1909 жылы атасы Беркінбай мен Құлжекеңнің қолдауымен 895 сом қаржы жинап, қажылыққа сапар шегеді. Ол сапары «Қажы бардық» деген өлеңінде кестеленіп қалады:

Ырылдасып,
Қырым асып,
Қажы бардық.
Өліп, талып,
Көбі қалып,
Азы бардық.
Діні ислам,
Дін мұсылман,
Елін көрдік.
Жолдан таймас,
Сөз айнымас,
Қолды бердік.

Мекке, Мәдинада болады. Қаражатын кітапқа салады. Аристотельдің, Әбу Синаның шығармаларын алады. Қайтар

жолда білімін көтеру үшін Түркияда қалып қояды. Жағдайын, білім алғысы келетінін айтып түрік үкіметіне хат жазады. Хат қанағаттандырылады, оқуы үшін арнайы қаржы бөлінеді. Сол жылдың наурызынан бастап қыркүйек айына дейін Айя – София медресесінде үздік оқиды. Куәлігіне белгілі түрікшіл ас-Солтан Ғабділ Хамитжан қол қояды. Бұл кейін Дия ұсталғанда түрікшілдермен байланысы болды деп айыптауға негіз болады. Сондай-ақ әкелген кітаптары шетел агенті деп айыптауға айғақ болды.

Бұл жылдар да аққағаз бетінде қалады:
Шығандап маң даламнан тілін білдім,
Барынша жақсы құлық бойыма ілдім.
Айтады қыр қазағы ғалисан деп,
Суындай бізде бар деп білім Нілдің.
Қол қысқа айтып, айтпай керегі не,
Заманның кез болдық қой кереңіне.
Ол жақта Беркімбайлар табылмады,
Құлаштап жүзе алмадық тереңіне.
Тобылғы сапты камшы берегінен,
Не пайда қауақ басты зерегімнен.
Елге кеп жаратпадым ғұсылына,
Білімді алған түркі Керемінен.

Аз жылдың ішінде бес тілді игерген ол қайтып келген соң Құлжанбекке тілмаштық қызмет көрсетеді. Екінші жағынан емқостығын жалғастырады. Елді шешектен, сүзектен жазуға белсене араласады. Қысқа өлеңдер жазуды сиретіп, дінибаяндар жаза бастайды. Ол кісінің көптеген дінибаяндары мен тарихи жырлары жойылып жіберілді. Тек «Шаһарбану», «Сақрап», «Қасеннің өлімі» сынды қиссалары қалды. Дияқажы ел тәуелсіздігі

жолындағы күресін тарихи жырлар жазып, Қазан төңкерісіне дейін бастайды. Патшаның қазақтан солдат алуы туралы жарлығы шыққаннан кейін Дияқажы біржолата ат үстіне мінеді. Жанына жігіттер топтап, ашықтан ашық қарсы шығады. «1916 жыл» атты өлең шығарады:

Николай патша Екінші,
Бұйырды қырғыз, қазаққа.
Сухомлинов генерал,
Шашты жарлық бұл жаққа:
Мың тоғыз жүз он алты,
Тура ғып милләт санаққа.
Жиырма бесінші июньде,
Солдатқа жасты алмаққа.
Қанды қырғын соғысқа,
Шошынды жүрек бармаққа.
Әркім қылды бір далбас,
Себебін тауып қалмаққа.
Құзыры жүрген ақ патша,
Көнсін бе бекер қалжаққа –
Аққайранша шоршытып,
Көкқоянша ыршытып,
Ілді тізіп қармаққа.

1913-14 жылдары Жәмші өзенінің бойына келіп тоған байлайды. Елге сөйтіп жер емшегін емуге сеп болады. 1923 жылы өкіметке хат жазып, Жәмші тоғанынан мектеп аштыруға қол жеткізеді. Қарқаралыдан Юсуп деген ноғайды алдырып, сабақ оқытады. Өзі де дәріс береді. Белгілі жазушы Жүсіп Алтайбаев осы мектепте оқыған. Қажының соңғы шәкірті Қаппар Беркімбайұлы ақсақал биыл 94 жасында Ақшатау кентінде қайтыс болды. Жақында ғана сол мектеп орнында Дияқажыға арнап ескерткіш тұрғызылды.

Қызылдың заманында Жәмші жол өті болғандықтан көптеген ноқайлықты бастан өткізеді. Өзі бастап атқа мініп, қашқан ақтың біреуін де Қытайға өткізбейді. Елге лаң салған қызылдардың да көзін жойып отырған. Бұл жолда оған даланың тағы бір көкжалы Токсантайдың Қапасы көмекке келеді. Қапас қолында қырық жігітке дейін қол ұстаған. Ол кісі де бүлікшіл ақын болған. Дия 1923 жылы өкіметке өлеңмен хат жазып, атқамінерлердің елге жасап отырған киянаттары мен озбырлықтарын сынайды:

Мың тоғыз жүз жиырма үш – доңыз жылы,
Кәрі ақын Дияқажы Ахметұлы.
Нақақтан жәбірленіп, жапа шеккен,
Себеп боп жалғыз ауыз ащы тілі.
Коммунист кеңесінен жолы басқа,
Өңшең байшыл қудалап құлқын құлы.
Уағында егін, пішен болып сияз,
Жандарал, судья мен князь, ояз.
Елінде Ақшатаудың ойран салып,
Қой сойып, қыз-ойнақ қып жатқан бір жаз.
Советтің қызмет атын қойып алған,
Ұр да жық, өңшең есер тойғанға мәз.
Осыны ақын түгел көріп отыр,
Не істеп, не қойғанын теріп отыр.
Жыр қылып айтып берсем, өкімет өзі,
Бір тезге салар-ау деп сеніп отыр.
Шыдамай зорлығы мен қорлығына,
Тәуекел, жұртқа айтқым келіп отыр.
Егін, пішен уағында сияз келді,
Бұйра шашты, бұлттық тамақ князь келді.
Николай ұлығындай кекірейген,
Сарпұшық Көмекбай бас ояз келді.

Сөйлеген көмейінен көлгір қара,
 Нарсудпын деп бір сұлу міраз келді.
 Бастығы Айдау Жүсіп, Жүзжас келді,
 Хатшыға жыңды Кәбіш, Ғаббас келді.
 Бүкіл жазда он жұмыс дауы бітпей,
 Бастықтар бай, ұрымен айлас келді.
 Іс орнына қыз қуып, жар жағалап,
 Күндіз кымыз, түнде ылғи ойнас келді.
 Нөкері бастан бақай жастан келді,
 Қымыз ішіп, қыз қуған мастан келді.
 Жүз қой сойыс, алпыс ат арықтатып,
 Шараның жұмысына қастан келді.
 Қыз үшін ақырында Аманды атып,
 Бәрінен де осы ісі астам келді.
 Ілесе бұларменен өрт те келді,
 Шешек, сүзек, қызылша, бөртпе келді.
 Келіннің аяғы, қойшының таяғы боп,
 Шаруаның егініне дерт те келді.
 Бұған қалай шыдасын ақын енді,
 Өлсем шейіт деген бір сертке келді.

Есімдері аталған адамдардың барлығы да уездің тізгінін ұстағандар еді. Тексеріс болып, біразы таяқ жейді. Алайда осыдан бастап Дияқажының басына да қара бұлт үйіріледі. Сол кездегі сот Сапарғали Бегалинмен ел көзінше айтысады. Айтыста сот жеңіледі. Содан бастап сот ақынның соңына түседі. Сол сот хаттауымен Дияқажы Қарқаралы түрмесіне жабылады. Алайда оны Угар Жәнібеков шығарып алады. 1925 жылы Мәннан Тұрғанбаевтың Қарқаралыға ауысуымен байланысты ақынның саяси күрестегі белсенділігі арта түседі. Ол кісілер бұрыннан дос болған адамдар. Дияның біраз өлеңдерін осы Мәннан басқан.

1928-30 жылдардағы «Шет дүрбелеңіне» белсепе араласады. Ақынның Алматыдағы оқыған баласы Мұхамедкәрім де осы топтың жуан ішінде болады. Алайда бұл жолы ашық кете алмайды. Өзі «көлеңкеде» қалады. Аталасы Қырбастың бір бұтағын Қытай асырып жібереді. Бірақ көтеріліс басшыларының бірі болды деген жаламен ол тағы қамалады. Бұл арада ақын қалам қуатымен де көрінген болатын. Ел тізгінін ұстаған «азаматтарға» өткір сарказмді бірқатар эпиграммалар жазды. Ақынның ондай «арнауларының» ұзын саны оннан асады. Соңынан шырақ алып түсушілер саны да көбейеді. 1930 жылы Дияқажы түрмеге тағы да жабылады. Бұл жолы жолдастары, тіпті Угардың өзі түк жасай алмайды. Сол жылдың 25 маусымында сот болады. Халық жауы ретінде төрт статьямен жауапталған ақынға өлім жазасы кесіледі. Алайда іске тағы да жолдастары араласады. Үкім қайта қаралып, жеңіл жазаға ауыстырылады. Іс мұнымен біржолата жабылмайды. Қудалаушылар жаңа айғақ тауып, ақынды түрмеге біржолата отырғызады. Келесі жылдың басында Қарқаралының Үлкен көлінде атылады.

Ақынның үлкен ұлы Мұхамедкәрім ескіше, жаңаша сауатты болған. Омбы семинариясын тауысқан. Қарқаралыға келіп тілмаштық қызмет атқарған. Мұғалім болған. 1937 жылы ол да халық жауы ретінде ұсталады. Ол кісі түрмеде қайтыс болады. Ақынның кенже ұлы Қажыкен / Қажымұхаммед / де өмір бойы қудалауда болады. Кейін жоғары оқу орынын тауысады. «Мәдениет және тұрмыс» журналында қызмет істейді. Қызы Қайыркүл де жоғары білім алған. Кеген ауданында мектеп директоры болған. Осы апамыз әкесі жөнінде елу сегіз беттік естелік қалдырады. Ол біздің қолымызда бар. Оны табыстаушы апайдың қызы – София. Сондай-ақ ақынның артында төрт мың жолға тарта мұрасы қалды.

Қали Байжанов және оның ортасы

Қарағанды өңірі ежелден өнерге дархан екені белгілі. Тәттімбеттің күйлерінен, Мәдидің әндерінен осы өңірдің өнердегі мінезін тануға болатындай. Әншілерді еске алғанда ең алдымен академик А.Жұбанов «қазақтың асқан әншісі» деп бағалаған Ғаббас ойға оралады. Қазақ әндерін жинаған музыка зерттеуші А.Затаевич әнші туралы: «Ғаббас Айтпаев – Қарқаралы уезінің кесек жатқан сары алтындай аса жоғары талғамды, тамаша әншісі, әндердің варианттарынан таңдаулысын алатын, мүсіндейтін, жүрегінді қозғайтын жылылықпен орындайтын, сирек кездесетін музыканың ақыны», – деп жазған екен. Қай әнші туралы жазса да, тамсанып айтатын, сөзге жомарт А.Затаевич басқа ешбір әншіні «музыканың ақыны» деген емес. Ғаббастың әкесі Айтпай – ақын, әнші, композитор болған. Ғаббасқа әншілік өнер, музыкадағы ақындық атадан қалған мұра болса керек. Айтпайдың «Раушан», «Перизат», өзі туралы шығарған «Айтпай» деген әндері, өкінішке орай, ұмытылып барады. Ғаббасты да ұмыттық. Егемен ел болып, есімізді жинағанда Ғаббастай асылымызды ардақтасақ, абзал болар еді. Оны ойласақ, Ғаббастың әнін құмарта тыңдап, таңдай қағып, тамсанып, қайта-қайта әншінің қолын қысып, басын иіп тұрған әйгілі испандық гитарашы Андре Сегоуия көз алдымызға келеді.

Тағы кім бар дегенде, «тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланған, сұлу бикеш бар ма екен?» деп, сахнаға екпіндей шыққан Шеге-Манарбекті көреміз. Қазақтың бұлбұлы атанған

Күләшті ойласақ, Үкілі Ыбырайдың «Гэккуін» шырқаған аққудың сұңқылындай үні құлағымызда тұрады. Енді бірде «Көғаршын» – әнеркесі баппен айтса, ер жігіт не болады серттен тайса» деп бастап, әуенін мың құбылта келіп, «үридәй-дәйдімді» бірнеше қайталап, сызылта салған Жүсіпбек әні көңіл түкпірінде бүлкілдеп жатады. Ойға шомып кеткенде, Қуанның әніне елтіп, ұйып қалған халық қол соғуды ұмытып, «тек әнші басын изеп, домбырасының мойынын төмен түсіріп, кішкене клубтың ыссылығынан терін сүртуге қойнындағы орамалына қолын созғанда» (А. Жұбанов) ғана ду ете қалған қошеметтен селк еткендей боласың. Ал сол Қуанның анасы асқан әнші болыпты деседі. Оның әнін тыңдаған халық: «Ой, сабазым-ай, үніңе болайын, тек әйел болып туған екенсің, әйтпесе мына Мырзашоқыны жайлаған Қаракесекті етекке қуып тығатын қауқарың бар-ау» – деп рахаттанып тұрады екен (А. Жұбанов). Қуанның алғашқы ұстазы да анасы еді. Жұбанов айтқандай, Қуан анасының «асқақ әнімен, кестедей сөзімен, былпылдаған домбырасымен, бірбеткей өр мінезімен, асқан адалдығымен ауызданған». Одан кейінгі ұстазы Қали Байжанов болыпты.

Қалидың репертуарындағы әндерді жазып алған А. Затаевич «жалпы алғанда, бұл – ақын және киялшыл Ғаббастай емес, қарадүрсіндеу» – деген екен. Жарылғапбердінің «Шамасын», «Топайкөгін», «Ардағын» ешкімге ұқсамайтын мәнермен жоғары деңгейде орындап, тарихта аты қалған Қали қарадүрсіндеу болса, қайран Ғаббас қандай болды екен? Өттең, өмірден ерте кетпесе, Ғаббас та, Қуан да ән өнеріндегі сокпағын даңғылға айналдырар еді-ау.

Қали шымыр денелі, сымбатты адам болған. А. Затаевич оны алғаш көргендегі әсерін былай суреттейді: «... орта бойлы, келбетті, дөңгелек жүзді, салбырағандау жирен мұрты бар, көпке белгілі

Репиннің картинасындағы запорождықтарға да ұқсайды десе болады. Оның дауысы күшті, алысқа кететін жоғары баритон...».

Қали Байжанов 1877 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Қайыңдыкөл деген жерде туған. Оның өскен жері Қарағанды облысының бұрынғы Егіндібұлақ ауданы екен. Бір деректерге қарағанда өмірден таршылық көрген Қалидың әкесі Байжан туыстары тұратын Егіндібұлақ ауданындағы Балықбай ауылына көшеді. Қалекеннің кенже ұлы Жеңістің айтуынша Баянауылда ән салып жүрген жетім баланы Егіндібұлақтың Тәуке деген бір байы ауылына алып келеді. Мұны естігенде, менің ойыма сонау 17-ғасырда болған бір уақиға түсті. Италияндық жетім бала Джованни Батиста корольдің күймесінің күпшегіне жармасып, Францияға өтіп кеткен екен дейді. Қайырымды корольдің мейірімі түсіп, сарайда қалып қояды. Жылдар өткен соң музыкалық қабілеті құлағынан құйылып тұрған сол баладан Жан Батист Люлли деген француздың әйгілі композиторы шығыпты. Сол сияқты, Тәуке байдың атының сауырында келген жетім бала кейін атағы төрткүл дүниеге тарап, Қазақстанның халық артисі атанады. Бұл деректердегі шындық – Қалидың жастайынан жетім қалып, тағдырдың тауқыметін көргені. Қали қабырғасы қайысатын ауыр жұмыстарға түседі. Он бес жасынан бастап Екібастұзда шахтер, «Желтау», «Казмедстрой» құрылыстарында тас қалаушы болып істейді. Алайда, «алмас кездік қын түбінде жатпайды» демекші, Қалидың бойындағы табиғат берген дарыны оған маза бермейді. Жастайынан естіген әнін бірден қағып алып, шырқай жөнелетін қабілетінің күш алып бара жатқанын байқайды.

Бойдағы дарын өз алдына, ал ән салу өнері жапалақтап жауған қар сияқты төбеңе келіп қона салмайды. Бала Қали қозы бағып жүргенде де қолындағы таяғын домбыраша қағып, естіген әндерін

әуелете шырқауға машықтанады екен. Бір күні бала қозыларын қас қарая өрістен айдап келе жатып, бозторғайдың ұясына кезігеді. Аспанда қалықтап, құйқылжыта шырқайтын әнші құстың жұмыртқасын алып, ауылға қайтады. Қалжырап келген бала әлгі жұмыртқаны талғажау етіп, ер-тоқымды жастанып жатып қалады. Ертеңінде тұрса, бойындағы ғажап өзгерісті байқайды. Аузын ашса, көмейінен күмбірлеген үн, әуелеген ән құйылады. Бір түннің ішінде ғаламат әнші болып оянады. Міне, Қали осылай әнші болыпты десек, сенер ме едіңіз? Әрине, олай болған да жоқ, болуы да мүмкін емес еді.

Әнші болу үшін Қали ел ішіндегі майталман әншілердің қасына ереді. Оған ұстаздық еткен Арқаның әйгілі әншісі Жарылғапберді еді. Қали одан «Ардақ», «Алтыбасар», «Шама», «Үш дос», «Қанафия» әндерін үйренді. Ол белгілі әнші-композитор Жаяу Мұсамен жиі кездесіп жүретін. Композитор ауыр мінезді, аса сабырлы адам болған деседі. Алғашқы кезде Қалиға көңіл аудармай, салқын амандасқан Жаяу Мұса жас жігіттің әнге деген құштарлығын көрген соң, оны өзіне жақын тартады. Қали оның алдында «Алтыбасар», «Ардақ», «Жалғыз арша» әндерін шырқайды. Жас әншінің талабына көңілі толған Жаяу Мұса оған «Кідіғай», «Көғаршын», «Қоңыр», «Толқыма», «Хаулау», «Гауһарқыз», «Сапар», «Құлбай бай», «Ақсиса» әндерін үйретіп, үйінде бірнеше күн жатқызады.

Жасырақ кезінде Қали кірешілерге еріп, Қоянды жәрмеңкесіне барады. Сонда ол бір қымызшының үйінен біреудің жер жаңғырықтырғандай үнін естіп, әншінің өзін көруге ынтық болады. Алты қанат ақ үйдің айналасы лық толы халық. Содан адамдардың арасымен сығылыса жүріп отырып, есіктің алды-

на жетіп, ішке сығалай қарайды. Бөркінің сыртынан күлапара салған, сұлу киінген сымбатты әншіні көреді. Сыртынан даңқын естіп, әніне құмар боп жүрген Біржан салмен бала Қали осылай кездеседі.

Ол атақты әнші-композитор Ақан серіні де көрді. Бір жылы Күдерінің Нұрланы деген кісіге еріп, Абай ауылына да барған дейді. Ұлы ақынға Қалидың құдіретті үні мен әсерлі әні ұнайды. Өнерге талпынған жасқа ақыл-кеңесін беріп, апта бойы әнін тындап, данышпан Абай оны сый-құрметпен аттандырған екен.

Қали жыл сайын Қоянды жәрмеңкесіне барып, Қажымұқан, Омар, Майра, Иса сияқты саңлақтармен ойын-сауық құрады екен. Бұл өнер майталмандары үшін қазіргі кезде өткізіліп жүрген фестивальдер сияқты болған. Бірақ олар қазіргідей жауһарлы, аспалы шамдары жарқыраған үлкен сарайдың сахнасында емес, алты канат ақ үйдің төрінде ән шырқаған. Міне осындай ән мектебін бітіріп, дала академиясынан білім алған Қали біржола өнер жолына түседі.

Қали 1925 жылы жаңадан ашылған қазақ өнерінің қара шаңырағы – драма театрында әнші болып істеді. 1930 жылы Қарағанды облыстық радио комитеті құрылып, оған алыс ауылдардан ақындар мен әншілер, домбырашылар мен кобызшылар келе бастайды. 1931 жылы Қали Қарағандыға қайтып оралып, облыстық радио комитетіне әнші болып орналасады. Олардың өнерін бір жүйеге қойып, басқаратын адам қажет болды. Осы мақсатпен Бүкілодақтық радио комитеті Мәскеуден Саратов консерваториясының түлегі Борис Орловты Қарағандыға жібереді. 1933 жылы Борис Александрович Орлов әйелі Валентина Сергеевна Пирогова екеуі Сарыарқа төріндегі көмірлі қалаға келіп, облыстық радио комитеті жанынан қазақ хорын ұйымдастыруға

кірісіп кетеді. Оларға Қали мен оның жары әнші Қабиба көп көмектеседі. Қалидың қалқасында қалып, көп айтылмағаны болмаса, Қабиба да алғашқы күннен бастап хордың құрамында ән салып, өнер ұжымының үлкен жетістіктерге жетуіне өз үлесін қосты.

Осы бір кезеңге тоқтала кеткен жөн. Өйткені музыка мәдениетінің өркендеуіне қазақ хорының ашылуы зор ықпал еткен болатын. Хордың жетекшілері ауылдан келген хат тани білмейтін, тұла бойында табиғат берген дарыны тұнып тұрған өнерпаздарға нота сауатын, сольфеджио сабағын оқыта бастады. Бұл бір жауапты да қиын жұмыс еді. Бірақ соған Б.Орлов пен В.Пирогова қол жеткізді. Өйткені, Қали Байжанов, Кеншімбай Мұстафин, Қосымжан Бабақов, Зәбира Жұбатова, Алтын Әлиева, Жабай Тоғандықов, Рахметжан Ыбыраев сияқты өнерпаздардың білуге, үйренуге деген құштарлығы керемет болған. Орлов пен Пирогова да оларға үйретуге жалықпаған. Тіпті олар кешкісін артистердің үйлерін аралап жүріп, әрі тексеріп, әрі көмектесіп отырған. Бірде олар кешкісін Кеншімбай Мұстафиннің үйіне кірсе, ол балаларын ұйықтатып тастап, әйелі мен екеуі білте шамның жарығымен нота сауатын үйреніп отырғанын көрген. Әншілердің өнерге деген ерекше құштарлығын осыдан-ақ байқауға болатын еді.

Осындай екпінмен жұмыс істеген хор үлкен жетістіктерге жетеді. 1934 жылы ол Бірінші Бүкілқазақстандық өнерпаздар слетіне шақырылады. Қазақстанның музыка өнерінің тарихында тұңғыш қос дауысты қазақ хоры өмірге келгенін олар сол слетте жария етеді. Сөйтіп, тұңғыш қазақ хоры Қарағандыда құрылды. Оның бағдарламасында қазақтың халық әндері және совет композиторларының нотабойынша айтылған әндері болды. Хордың орындаушылық шеберлігіне таңғалған мамандар артистердің нота

сауатына күмән тудырады. Бірде Мәскеуден келген хор мамандары Кувыкин және Демьянов, композитор В. Коваль артистердің білімін, нота сауатын тексерген. Тексеру деген не тәйірі. Туа біткен дарының болса, сүріндірмейді екен ғой. Олардың алдына шыққан әнші Қосымжан Бабаков нота сауатына да, сольфеджиоға да жетік екенін көрсетеді. Қонақтар оның дауысының тембріне, үнінің тазалығына, ән айту мәнеріне және артистік қабілетіне риза болады. Ал Қосымжан Н. Римский-Корсаков пен П. Чайковскийдің операларынан оқыған әншілер айтуға жүрексінетін арияларды шырқағанда, қонақтардың таңданысында шек болған жоқ деседі. Комиссия құрамындағы композитор Кобылинский тақтаға әнші Кеншімбай Мұстафинді шақырады. Композитор пианинода бір дыбыстарды ойнайды. Кеншімбай әлгі дыбыстарды сол қалпында дауысымен қайталап, дыбыс аралығының атын атап, түсін түстеп, тақтаға жазып бергенде, тексерушілердің мойындағаннан басқа амалы қалмайды. Бір жолы тексеруге келген композитор Е. Брусиловский әншілермен сольфеджио сабағын өткізеді. Ол әнші Қалидың музыкалық қабілеті мен оның сольфеджио сабағына зеректігін көргенде айтарға сөз таппаған дейді. «Самородок» сары алтындай дарынымен музыка маманының тілін байлаған шала сауатты Қалидың жасы сол кезде алпысты алқымдап қалған екен. «Күш атасын танымас» деген осы да.

Қазақ хоры 1936 жылы Мәскеуге барып өнер көрсетеді. Хордың бағдарламасында В. Пирогова хорға өңдеген қазақ әндері «Алтыбасар», «Көкбай», «Ахау-бикем», «Қараторғай», «Сырымбет», «Балқұрай», «Дударай», «Жеңеше», «Сәулем-ай», сонымен қатар классикалық шығармалар: Н. Римский-Корсаковтың «Снегурочка», А. Бородиннің «Князь Игорь», П. Чайковскийдің «Евгений Онегин», Дж. Вердидің «Аида» операларынан хор-

лар бар еді. Сондай-ақ бағдарламаға әншілер К. Мұстафиннің «Сталин туралы әні», Қ. Бабаковтың «Темірші» және «Завод», Ж. Тоғандықовтың «Забойшы» әндері және Дәулет Мықтыбаев пен Мұхит Битеновтың орындауындағы «Ықылас», «Гэкку», «Балбырауын» шығармалары кірді. Қали Байжанов «Алтыбасар» әнін хордың сүйемелдеуімен, ал «Шама» әнін домбырамен орындады. Олар сол жылдың қазан айында Бүкілодақтық микрофон алдында тұңғыш рет концерт берді. Қосымжан Бабаков – «Қос қанат», Жабай Тоғандықов – өзінің «Забойшы», Кеншімбай Мұстафин – «Хорлан», Зәбира Жұбатова – «Екі жирен» әндерін айтты. Сол жолы хор мен әншілердің орындаған 27 әні тонфильмге және грамофон табағына жазылады.

Мәскеудің үлкен зауыттарының клубында өткен концерттерде Қарағанды өнерпаздары көпшіліктің қошеметіне бөленеді. Қали Байжановтың тебірене, асқан артистік шеберлікпен айтқан әндеріне, жез қоңыраудай күнгірлеген дауысына Мәскеу халқы дүрсілдетіп қол соқты. Сол күндер жөнінде «Народное творчество» журналының 1937 жылғы бірінші санында басылған мақаласында профессор В.М. Беляев Қалидың өнеріне тәнті болып, ол орындаған «Алтыбасар» әні туралы: «Қазақтың халық әні «Алтыбасар» сияқты өміршең әндер Совет Одағының барлық Республикаларының музыкалық тұрмысына енуі тиіс» – деп жазды. Бұл пікір бір жағынан әннің ғажайып қуатын білдірсе, екіншіден, оны орындаған әншінің құдіретін айғақтайды.

1938 жылы қазақ хоры Мәскеуге тағы да барады. Тағы да сол құрамы. Бұл жолы олар тонфильм мен грамофон табағына Е. Брусиловский мен В. Пирогова өңдеген және қаймағы бұзылмаған қазақтың 25 халық әндерін жаздырады. Осы сапардан кейін Қали Байжановқа Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі атағы берілді.

Қарағандыда филармония ашылғанда Қали соған әнші болып орналасады. Содан былай осы ұжымынан қол үзбеген.

Қали Байжановтың қазақтың бір туар, дарынды әншісі екенін белгілі өнер қайраткерлері, музыка мамандары айтып та, жазып та кеткен. А. Затаевич Қалидан «Бүркітбай», «Екі жирен», «Қызыл бидай» сияқты көп әндерді жазып алған. Ол Қали туралы: «Өмірде көңілді, сүйкімді Қалидың сөзсіз музыкалық қабілеті күшті» – дейді. Қалидың әншілік өнерін сипаттап А. Затаевич: «Қалидың орындауында өзіндік ерекшелік бар. Ол әнді салған жерден аспандатып, көтеріп алып кететін жерінде бой жеткізбей, ал оюлайтын, қиыстыратын жерлерінде қазақ әншілерінде аз кездесетін өзінің қою бояулы қоңыр дауысымен дүрілдетіп жібереді. Оның ауызынан шыққан дыбысынан жәй кездің өзінде де аржағында бір алапат күш жатқаны сезіледі» – деп, оның табиғат берген ерекшелігін жоғары бағалаған.

Қазақ музыка өнерінің ақсакалы, академик А. Жұбанов Қали туралы: «Қазақтың классикалық ән орындау дәстүрінде біздің заманның орындаушылық мәдениетінен орын алатын көптеген кезеңдері, жақсы үлгілері бар. Қалидың дауысы оның үстіне, ешбір консерватория көре алмаса да, табиғи түрде қойылған дауысқа меңзейді» – деген. Онымен қоянқолтық жұмыс істеген Б. Орлов: «Қали консерватория бітірген жоқ. Ол тіпті оқи да, жаза да білмейтін. Оның университеті – табиғи дарыны, ғаламат бас-кантанто дауысы және кең дала» – деген екен. Осы жерде бір анықтай кететін нәрсе бар. Ол Қалидың дауысы жөнінде. Жоғарыда Затаевич Қалидың дауысы жоғары баритон десе, Орлов оны бас-кантанто деп отыр. Осының қайсысы шындыққа жақын. Екеуі де. Өйткені А. Затаевичке «Ырғақты», «Бүркітбай», «Көкжендет» әндерін жаздырғанда Қали өзіне

ыңғайлы дауыс деңгейінде, яғни кіші октаваның «до» нотасынан бірінші октаваның «ля» нотасына дейінгі аралықта айтқан. Содан да А. Затаевич оның дауысын жоғары баритон деп көрсеткен. Ал Б. Орлов болса, Қалидың хордағы айтқан дауыс деңгейіне қарап, тұжырым жасаған. Оның дәлелі: Н. Римский-Корсаковтың «Масленица» шығармасындағы төменгі дыбыс – үлкен октаваның «фа» нотасын Қали еш қиналмай, емін-еркін айта беретін болған. Ендеше Б. Орловтың пікірімен де келісуге болады. Алайда Қалидың табиғат берген иі қанған, бояуы қанық, кең тынысты, ешкімге ұқсамайтын дауысы бас түгілі, баритонның да шекарасынан асып, тенордың өлкесіне өтіп кетеді екен. Бұл – өте сирек кездесетін құбылыс. Сол кезде қазіргідей егемендігіміз қолымызда болса, бүкіл әлем жұртына көрсетіп, тандай қақтыратын оқиға екенінде дау жоқ.

Қазақ халқының абзал ұлдары, ардақты арыстары Сәкен, Ілияс, Бейімбет Қалидың дауысының ерекшелігін аңғарып, оның әндерін сүйсіне тыңдаған. Құлагер акын Ілияс: «осыған дейінгі өзіне ұқсасы жоқ, нағыз шебер әнші екен» – деп, жоғары баға берген. 1936 жылдың жазында Мәскеуден акын Корней Чуковский бастаған бір топ жазушылар Қарағандыға келеді. Бір күні олар ойда жоқта хордың дайындығының үстінен түседі. Хор оларға бірнеше ән орындайды. Қали жазушылардың алдында «Ардақ», «Алтыбасар» әндерін айтады. Сонда Корней Чуковский Қалидың дауысына қатты толқып: «Мынау керемет олжа ғой, анық тот баспайтын асыл, тозбайтын талант» – деп, тандай қағып, таңғалған екен дейді.

Қали өмірде қарапайым, ақжарқын, үнемі өзі де күліп, өзгені де күлдіріп жүретін адам болған. Қай уақытта да оның айналасына артистер жинала қалып, әншінің айтқан небір күлдіргі әңгімелерін

тындап, мәз болады екен. Ол біресе кәрі шал боп қауқылдап, кеми-ек кемпір боп сақуаланып, жәбір көрген жас қыз боп кемсеңдеп, кекеш боп тұтыға сөйлегенде, тыңдаушылар күлкіге көміледі. Онысына өзі де балаша мәз болып, саңқылдап күледі дейді. Содан оны көбісі «шал-бала» деп атап кетеді. «Аузын ашса, көмейінен жүрегі көрінеді» деп осындай көңілі кіршіксіз, жүрегі таза адамдарды айтса керек.

Шабыттанып алған кезде бірнеше шумақ өлеңді төгіп-төгіп жіберетін суырыпсалма ақындығы да болыпты. Б. Орлов Қали туралы: «оның бір қабак түйіп жүргенін көрген жоқпын. Жұмысқа келгенде, жымыып келеді. Сахнаға шығарда, жымыып тұрады. Жұмыстан қайтқанда да жымыып қайтады» – деп жазыпты.

Ал сахнаға шығып ән айтқанда, одан байсалды, одан қатал адам жоқ. Өзінің табиғат қойып берген, ерекше әдемі тембрі бар, күшті, асау дауысын ауыздықтап, еркіне бағындырады екен. Ол сыбырлап айтса да, үні ашық, сөздері анық естіледі. Ән салғанда көзін жұмып алады. Ешкімді көрмейді, ештеңе сезбейді. Тек әнге беріледі. Көз – жұмулы, көңіл – ояу. Әннің айтайын деген ойы мен арманы әншінің үнінде, оның алабұртқан өңінде тұрғандай болады екен. Қазақтың әншілік өнерін сақтап, оны дамытудағы еңбегі бағаланып, Қали 1945 жылы Қазақ ССР-ның халық артисі атағына ие болды.

112 Дарынымен даңқы шыққан әнші Қали жас әншілерді үлкен өнерге баулып, үлгі-өнеге көрсетті. Бұл жөнінде академик А. Жұбанов «Замана бұлбұлдары» кітабында жазды. Қалидың алдын көрген шәкірттеріне оның дарыны дарып, шапағаты тиді. Зәбира Жұбатова – Қазақстанның халық артисі, Алтын Әлиева мен Кенжегүл Сыздыкова – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі атақтарына ие болды. Кенжегүл апамыздың ер азаматқа тән жігермен әйгілі әнші Әміренің басына ескерткіш қойып, Алма-

тыда Мәди филармониясын құруы осындай ұлылардан алған тәрбиесінің қуаты болар-ау.

Белгілі өнер саңлағы Асанәлі Әшімов өзінің естелігінде: «Қали Байжановтың тоқсанның тұғырына қонған кезі. Бала сияқты айтқан сөзіңнің бәріне сенетін, аңқау да, ақ көңіл жан еді. Сол қалпының өзінде де Ақан сері, Естай, Мәдидің әндерін нәшіне келтіре айтатын» – депті. Жасы келсе де, үні қартаймаған, дауысы тозбаған тарланбоз әнші 1966 жылы дүниеден өтті. Ол Қарағанды қаласында жерленді. Артында асыл мұрасы – әндері, әншілік дәстүрі, оның өнерін қастерлейтін туған халқы бар. 1990 жылы облыстық филармонияға оның есімі берілді.

Ол тіршілігінде көптеген өнер адамдарымен араласып тұрды. Алматыдан Қарағандыға келген өнер адамдары Қалибек Қуанышбаев, Жүсіпбек Елебеков, Шәкен Айманов, Қаукен Кенжетаев, ағайынды Ришат пен Мүслім Абдуллиндер, Әнуарбек Үмбетбаев т.б. Қалидың отбасына соқпай кетпеген. Бірге қызметтес болған Жабай, Зәбира, Алтын, Рахметжан, Мұхит т.б. жиі қатынасып, Қабипа жеңешелерінің қызыл күрең, сарықасқа шайын, ағаларының әзіл әңгімесін сағынып келетін деседі. Сондай-ақ, Қалекен көршілерімен жақсы араласқан. Атақты әншінің артында атасын ұлық тұтатын ұрпағы бар. Қарағандыда оның ұлдары Болат пен Жеңіс тұрады. Олар екеуі де шахтада еңбек еткен. Қалекеннің үлкен ұлы Октябрь бакилық болған. Үлкен келіні қыздарымен Теміртауда тұрады. Бүгінде атақты әншінің оншақты немересі, оншақты шөбересі ержетіп келеді. Келіндері Тиыштық, Роза, Меруерт аталарының жайдары мінезін, бала сияқты қылықтарын сағынышпен еске алып отырады.

Иә, ұлдары мен келіндері, немерелері мен шөберелері ғана емес, қайталанбас дарын иесін, асыл перзентін, оның асқақ әні мен өршіл дауысын туған халқы да сағынып еске алады.

Жұмағали Наурызбай
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Ән, жырдан көш жөнелткен Тайжан ақын (1879-1937)

Ер елден туады, қасиет Жерден қонады.

Алты алаш баласына бағзыдан құт мекен болған қасиетті Ұлытаудан қанаттанып, маңдайға біткен өнерінің арқасында ел еркесіне айналған Тайжан Қалмағанбетұлы – әншілік, сазгерлік, айтыскерлік өнердің ақтангері болған.

1879 жылы Ұлытау ауданындағы Айыртау етегіндегі Қараталда дүниеге келген Тайжанның өнері ел ішіне ерте тарай бастаған. Әкесі Қалмағанбет маңайына беделді адам болған. Шешесі Мейіз өнерлі отбасында туған жан. Әйгілі Үкілі Ыбырайдың апасы.

Айыртаудан аттанып, Жалғызтауда жанына жақын жақсылар мен жайсандардың өнегесін көрген өнерлі бозбаланың темірқанат талабы балаң жігіт кезеңнен бастап халықтың мұң-мұқтажы, арман-мұратымен астасқан өрісті өнер жолына ұласады. Әнші Тайжан, ақын Тайжан еншісіне бұйырған алуан-алуан өнерін ел ішінде жарқырата көрсетіп, бір өңірдің ән-жырын келесі өңірлерге жеткізеді.

Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Жарылғапберді, Құлтума, Үкілі Ыбырай тектес Арқаның ән дүлдүлдерінің тоқсан толқып, мың түрленген мінезді де сыршыл шығармаларын сыртқы шырайына да, ішкі шұрайына да шық жұқтырмастан, қазақ даласының төрт бұрышына қаз-қалпында таратады.

Осы орайда айта кеткеніміз абзал, Қарсақпайда Тайжан ақынмен 15 күн бойы бірге жүріп, әнін тындап, сегіз қырлы өнерін тамашалаған әйгілі Сәбит Мұқанов Тайжекеңнің сыртқы кескін-келбетінен бастап, өнерпаздық дарын ерекшелігіне, жан әлеміне дейін суреткердің көзімен тереңдей үңіліп, «Есею жылдары» аталатын өмірбаяндық кітабында айрықша ілтипатпен сүйсіне жазады. Қазақ мәдениетінің, шежіресінің білгірі саналатын Сәбең Тайжан ақынның «жүрсе де, тоқтаса да теңіздей тасып, кеудесі күмбірлеп, ән-жырымен аспанға шашу шашып, төгіліп отыратындығын, туған нағашысы Ыбырай әндерін әрі мақамына келтіріп сұлу орындайтынын, әрі мейлінше терең білетіндігін», «әнді екпінде-те, құбылдыра, құлаққа жағымды ғып айтуда Ыбырайдың аузынан түсіп қалғандығын» төгілте бейнелейді.

Сан тарау өмір ағысы Тайжан ақынды да қағыс қалдырмай, кей кезеңдерде оны туған жерден жырақта тірлік кешуге де мәжбүр еткен. 1932-35 жылдар аралығында оңтүстік өңірдің де дәм-тұзын татып, Түркістан, Қызылорда шаһарларын мекен еткен тұстарда да, Сыр бойын жағалай қоныстанған жұртты аралай өтіп, Арыс, Шымкент, Жетісуға жол тартқан сапарларында да ақын өзіне ұстаз санаған Біржан сал, Ақан сері әндерін ел ішіндегі құймақұлақ өнерлі жастардың бойына сіңіре жүреді. Қырғыз, өзбек, қарақалпақ ағайындармен де қоян-қолтық араласады.

Орайы келіп тұрғанда айта кету абзал, кейіннен «Сырдың Қараторғайы» атанып кетіп, бертінге дейін халық әніндей айтылып келген Ақан серінің «Қараторғайын» Сыр бойына жеткізуші де, шырайын аша таратушы да – Тайжан ақын.

«Арқадағы Найманның жүйрігімін, менімен айтысуға келмес шамаң», - деп, Атбасар базарында Нияз серінің әнін өңін айналдырып, өзіне бейімдеп айтып тұрған Файзолланың Ғазизын

айбарымен ықтыратын ақын Тайжан өнер өлкесіне адал ниетпен бет түзеген жастарды әнге баулуда, ізбасар шәкірттер даярлауда талайларға үлгі боларлық істер атқарған. Соңынан ілескен шәкірттер аз болмаған. Ақынның өзінен өнеге алып, өнер үйренген, дәстүрін ілгерілеткен бірегей шәкірті, белгілі әнші-ақын Нартай Бекежанов Тайжекеңмен кездесу сәтін былайша жеткізген екен:

«15 жастамын. «Ақмешітке Арқадан Тайжан келіпті, біз естіп көрмеген небір әннің керімі Арқада екен» деген хабарды естіп, мен Шиеліден осында келдім. Мен Тайжанға қалың базардың ортасында кездестім. Арғымақ аттың үстінде сұңқардай комданып, құлашын сермей тартқан сырнайға әнін қосып тұрған Тайжан маған ерекше әсер берді. Оның желкілдеген әсем мұрты көкке қарай зымыраған қыранның қанатын, саңқылдаған дауысы ескен желді елестетті. Мұндай ғажап әнді тыңдаған шақта мен өзімді Арқаның әсем табиғатына шомғандай сезіндім». (Шиелі аудандық «Коммунизм жолы» газеті, 12 шілде 1959 ж.).

Бұл – ұстазын ұлықтаған шәкірт сөзі болса, шәкіртіне тәнті болған ұстаз Тайжекең де ата дәстүрімен:

Нартайым, Сыр саңлағы, ағынды бол,
Алыстан жағаласар жауынды көр.
Мен көрген Ақан сері, Үкілі Ыбырай
Секілді ерен жүйрік, дарынды бол.

...Аралап Сыр бойында серуен еттім,
Ән шырқап, жырдан талай көш жөнелттім.
Арқадан Сыр еліне ескерткіш деп,
Әнімді мен Нартайға тастап кеттім, –

деп ақ батасын береді.

Әндерінің сөздерін шығарып, жекелеген адамдарға әредік суырып салып өлең айтқанымен, осы жылдарға дейін өзі аса

құнттай қоймаған талантының бір қыры – Тайжекеңнің айтыскерлік ақындық дарыны да осы кезеңде кемелдене көрінеді.

«Тайжанның жеті ақынмен айтысы» деген атпен танымал айтысы бұл саладағы алғашқы қадамдарының бірі болып есептелсе, Болманмен, Нұрғалимен болған сөз сайыстарында Тайжекеңнің суырыпсалма қасиетімен қатар, оның ел шежіресіне, тарихи оқиғаларға терең қанықтығы, ынтымақ-бірлікті дәріптеген парасаты, қиядан қағып түсер алғырлығы, қысталаңнан жол табар тапқырлығы, қарсыласына құрметпен қарап, қадірін бағалай білер мәдениеттілігі, өзінің ақындық қуатына сенімділігі, сөз құдіретін жан-жақты меңгерген шеберлігі айқын аңдалады.

«Ақынға терең ой мен ақыл керек», – деп өзі айтқандай, Тайжекең бойынан ақыл-оймен қатар, қырғи тіл, ащы әжуа, уытты мысқыл, әдемі әзіл, қағытпа қалжың да табылады.

Мәселен, 15 жасар бозбала Тайжанның өнеріне сүйсінген нағашылары жол-жоралғы жасап, шүберекке түйілген тарту ұсынса керек. Сол түйіншекті жиналған жұрт ішіндегі Шалғынбай деген кісі әлсін-әлсін қызықтап, сипалай беріпті. Әлгі адамның бұл қылығын оғаш көрген жиен Тайжанның сол сәтте айтып салған:

Ішінде Бағаналы тудым жеке,
Көріп ем Көкшетауда көп мереке.
Қолыңа түйіншекті ұстай бердің,
Алғың келіп отыр ма, нағашы-еке?

Түйіншек осал емес, тым бағалы,
Сол шығар ел жиенін құндағаны.
Нағашы, түйіншекті қозғай көрме,
Жеңешем үйіндегі қыз табады, –

деп келетін екі шумақ өлеңінен ақындық аңғарымпаздықты, тапқырлықты, жұрт ықыласына деген ырзашылықты, сонымен

бірге адамның жанына батырмай-ақ әсер ететін әзілдей сынаудың жақсы үлгісін көреміз.

Қыран болмысты акын елге тізесі батқан, жұртты алдаған жандарға келгенде тілінің сұғын аямастан сұғады. Мұндай өлеңдерінде ащы сатираға тән ирония мен сарказм билік алады. Мәселен, «Берлібекке» аталатын өлеңіндегі:

Мастанба өркөкірек малыңменен,
Шошиды, түршігеді жаным сенен.
Қомағай қара төбет сен емес пе,
Жалшының еңбекақы малын жеген...

немесе, кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында ел ішін алаатайдай бүлдірген шолақ белсенділерді әшкерелейтін «Уәкілге» деген өлеңіндегі:

...Тышқан алған мысықтай жымындайсың,
Бай үйінен шықпайсың құдай ұрып.
Түнде байға қонасың, күндіз ғана
Кедеймен сөйлесесің мәжіліс құрып, –

деген үлгідегі шумақтарға зер салсақ, Тайжекеңнің екіжүзді аярлыққа, алауыз әділетсіздікке, дәулетке мас ынсапсыздыққа төзбейтін мінезін, турасын айтар өткірлігін аңғарамыз.

Ақын шығармашылығына тән бұл ерекшеліктер кеңестік дәуірде де жалғастық табады. Өткен ғасырдың алғашқы 30 жылында ғұмыр кешкен өзге де өнерпаздар сияқты, Тайжекең де кеңестік өмір жаңалықтарын, кеңестік көсемдерді жырларына арқау етеді.

Бұл тұрғыда атап көрсетер бір жағдай бар. Ол – Тайжан ақынның да, басқа дарындардың да сол кезеңде жана өмірді жырлауы жан сақтаудың қамынан, не болмаса заман ағымына қарай құбыла кетер қулық-айладан туған мәйіндік емес, тізгінді иелен-

ген жаңа өкіметке, бел ала бастаған жаңа қоғамның болашағына деген кәміл сенімге негізделген шынайы сөзі екендігін ескеру. Ал сенімнің алдануы – басқа әңгіме...

1934 жылы ұйымдастырылған халық өнерпаздарының республикалық I слетінде еліміздің барлық өңірінен жиналған хас дарындар арасында Тайжан ақын алмастай жарқылдады, есімі Жамбыл Жабаевпен жарыса аталды, өлеңдері баспасөзде жарыса жарияланды. 1936 жылы өткізілген II слетке құрметті делегат ретінде қатысқан Тайжекең сол жылы Мәскеуде өтетін қазақ өнерінің алғашқы онкүндігіне баратын 350 адамның қатарында аталды. Кіе қонған Ұлытаудың батасын арқалаған акын Тайжан онкүндіктің беташар концертін ең бірінші болып бастау құрметін иеленді.

Бұл – КСРО Жоғарғы Кеңесі марапаттаған Құрмет грамотадан да, «көсем-құрдас Сталинмен дәмдес болудан» да, карт Калининнің арқадан қаққанынан да, кешегі Одақтың ең басты газеттері «Правда», «Известиялардан» бастап, басқа да басылымдардың жарыса жариялауынан да, өкімет тарапынан арнайы тағайындалған дербес зейнетақыдан да қымбат құрмет еді. Өйткені бұл – қазақ топырағының қасиеті дарыған Ұлылардың Ұлытау ұланын мойындауы болатын.

Өкініштісі сол – озық ойлы зиялы қауымды, дара болмысты дарынды тұлғаларды қауға тиген өрттей орган 37-нің зобалаңы Тайжан ақынды да алпыс жастың асқарына іліктірмей қиып түсті. Үстем идеология Арқаның ақиық ақынын ел жадынан өшіруге қаншалықты күш салғанымен, халықтың сәулелі санасы Ұлытаудан түлеп ұшқан ұланның ұлағатты есімін де, көркем сөз, сиқырлы әуенмен өрнектелген өрісті өнерін де ала дауыл кезеңнің алапатынан сақтап қалды.

Тайжан ақын шығармашылығына зейін қойғанда байқалатын ерекше сипаттардың бірі – ақынның өнерпаздық ізденіс барысында халқымыздың дәстүрлі өлең үлгілерімен қатар, ырғақ, екпіні, буын, бунағы құбылып келетін жаңа пішіндерді де еркін пайдалануы болып табылады. Ең бастысы, Тайжекең бұл тұрғыда сырты жылтыраған жалаң пішінді қызықтап, қуалап кетпей, жаңа пішін арқылы ән мазмұнына әр беруге, әннің ішкі нақыш-иірімдерін түрлендіре түсуге баса ден қояды. Тіпті кейбір тұстарда пішін мен мазмұн жарасымын табуда әйгілі Мағжан Жұмабаевпен де үндесетіндей сезіледі. Мәселен «Сақ-сақ» деген өлеңіне көңіл аударып көрелік:

Аққу, шағала,
Келші жағаға!
Сағыныш салыпсың
Сәулем, санаға.
Ертең кетем,
Ерте жетем,
Қуаныш бөлісіп,
Еркелетем.
Өзінді аңсап,
Сырнайым қақсап,
Күлемін сақ-сақ.
...Аңсаттың мені,
Сусаттың мені.
Көрмесем бітер ғой,
Досыңның демі.
Кездессек аңсап,
Қуаныш самсап,
Күлерміз сақ-сақ.

Күлейік, сәулем,
Үшеулеп сақ-сақ.

Бүгінде ақын мұрасы ел игілігіне айналып, ұрпақ кәдесіне жарап жатыр. Сөз орайы келгенде айта кеткен дұрыс, Тайжекеңнің мұраларын ел ішінен талмай іздестіріп, жинастырып, үлкен істер жасаған, қазіргі күні де осы бағытта тынымсыз еңбек қылып жүрген азаматтарымыз баршылық. Олардың қатарында марқұм ағамыз Сүтемген Бүкіров, Жәлел Қалмағанбетов, Өмірбек Мұқанов, Шамхан Рахметовтердің есімдерін, ұрпақ алмасуына орай ұмытыла бастаған ән мұрасын жинап, насихаттап жүрген танымал әншілеріміз – Қазақстанның халық әртісі Қайрат Байбосыновтың, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамединнің еңбектерін құрметтей атау абзал.

Тарлан ақын Тайжекеңнің ел жадында қайта жаңғыруында оның өнердегі бейнесін кестелі тілмен кескіндеп жүрген сөз зергері, халқымыздың белгілі ақыны, Тайжанға арналған бірнеше поэмалар мен өлеңдердің авторы Кәкімбек Салыковтың атқарған істері өлшеусіз зор.

Тыңдады игі жақсы өлеңімді,
Көрсеттім Мәскеуде де өнерімді.
Лауладым жанған оттай дауылдаған,
Білмеймін қандай күні сөнерімді, –
деген екен ақын Тайжекең өлеңдерінің бірінде.

Шындыққа жүгінсек, ақынның көз шырағы сөнгенмен, сөз шырағы сөнбек емес. Құдіретті сөз жалыны, сөз жылуы – қашанда мәңгілік.

Мәди Бәпиұлы
(1880-1921)

Арғы атам – әулие өткен Ер Қазыбек,
Бекболат оның ұлы болыпты бек.
Тіленші одан туған абзал шері,
Қарадан хан боп туған бәрі асыл тек.
Атамыз одан кейін Алшынбай-ды,
Аруағынан, естіген жан қалшылдайды.
Атағы Алатаудай бабаларым,
Көрдің бе осы күнде біздің жайды?..
Сұрасаң, Мәди еді менің атым,
Кем емес еш адамнан салтанатым.
Кешегі Бауыр-Бошан арасында,

Жаралған артық болып асыл затым, – деп өзінің бекзадалық болмысын, Алашты билеген, алыс-жақынға сөзі өткен асылдардың көзі, каракөктің тұқымы екенін жария еткен Мәди арқалы ақын, әруақты әнші, келісті композитор, ғазиз басы отарлықтың озбырлығына көнбеген күрескер тұлға. Ол 1880 жылдың күзінде қазіргі Қарқаралы ауданына қарасты Мәди селолық округіндегі (бұрынғы Қарқаралы оязы, Едірей болысы) Үшқара тауының етегінде дүниеге келген. Киіз туырлықты қазақтың тарихын шертетін шежіреге сүйеніп ата жөнін таратсақ, Арғынның бес Мейрамының бірі Каракесектен (Болат қожа) Ақша, одан Бошан, одан Таз, одан Бұлбұл туады. Бұлбұлдың екінші әйелі Құбакемпірден туған бес

баланың бірі Шаншар абыз. Оның бәйбішесі Айбикенің төрт бегінің үлкені Келдібек екен. Келдібектен тарайтын, «Аксақтың алтауы» атанған алты арыстың бірегейі Қаздауысты Қазыбек болса, одан туып, ата жолын қуған Бекболат. Тіленші Бекболаттың баласы. Тіленшіден Алшынбай туады. Алшынбайдың екі әйелінен алты ұлы болған екен. Бәйбішесінен Жүсіп мырза жалғыз туады. Бұл Абайдың бәйбішесі Ділдәнің әкесі. Алшекеңнің тоқалынан Қақабай, Қосық, Бепау, Шәпи, Бәпи. Өз тұстастары бұл бесеуінің мінезі мен іс-әрекетіне қарай сипаттап, өңінен нұр, сөзінен жыр төгілген Қақабай, түлкідей қу, жолбарыстай жырынды, қырандай қырағы Шәпи, өткір сөзді, тік мінезді, өжет Бепау, сәнқой хәм маңғаз Қосық, әр сөзін байыптап айтатын байсалды Бәпи деп мінездеме беріпті. Мәди Алшынбайдың кенжесі Бәпидің бәйбішесі Әнипадан (кейбір деректерде Күләнда) туған. Бұл анадан Мәдимен бірге Ұрқия, Мәпіш деген қыздар туыпты. Білемін дейтін ақсақалдардың сөзіне қарағанда, Мәдидің анасының руы Жалықпас («Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 8 наурыздағы № 123 санындағы «Мәдидің өлімі» атты корреспонденцияда да осы дерек келтірілген), Шыныбай, Әуезбай ауылдарының қызы көрінеді. Өз анасы ертерек қайтыс болып, Мәди кіші шешесі, Бәпидің тоқалы Майжүректің (кейбір дерек көздерінде Майжара) тәрбиесінде болады. Бұл кісіден Мәдидің Бейсенбек есімді інісі, Шәріпқайша деген қарындасы туыпты деген сөз бар. Бірақ, ел ішіндегі көнекөз қариялар Бәпидің ондай атты балалары болғанын білмейді. Осыған қарағанда, бұл балалар сәби шағында шетінеп кеткен деп болжам айтуға тура келетін сияқты.

Алшекең тұғырдан түсіп, Жүсіптің қолына қарап қалғанда атаның қара шаңырағы мен кең сабаның қорындай қазына-малды Қақабай басып, иеленеді. Інілеріне енші бөлмей, үйленгендерін отаулап шығарумен шектелсе керек.

Мәди адуынды әжесі, Алшекеннің тоқалы Ұлжанның бауырында ерке болып ержетіп келе жатады, оның алдына аға-жеңгелерінің ешқайсы шықпайды. Бұла боп өскен Мәдиді бала кезінде Қақабай да қатты еркелеткен. Бес жасынан бастап Қожабек медресесіндегі Ысқақ ишанға оқуға береді. Әр іске қабілетті, талантты бала зерек болып, тұщы етіне ащы таяқ тигізбей, жақсы оқыпты. Оның оқуын әрі қарай жалғастырғаны жөнінде мардымды дерек жоқ. Яғни, бұдан кейінгі игерген білімі өз бетінше ізденісінің жемісі болса керек. Мәди есейе келе Қақабай атасына қарасты мал-мүлікті еркін жұмсай береді. Дүние үшін ағайын арасы қырбай болады да, Қақабай Мәдидің жас кезінде атастырған қалыңдығынан (Тінібек атадан тарайтын Өмірзақтың қызы Нұриладан) айнып, берген қалың малын қайтарып алады.

Сөйтіп, әлді ағаның озбырлығына қара күшпен жауап берген Мәди қимылын малды туыстар өрескелдік көріп, өтірікті-шындықты жала жауып, істі қылып жібереді. Жергілікті жуандармен ұстасқан Мәдидің батыл қимылдары мен өткір өлеңдері, асқақ әндері отаршыл озбырлардың да зәре-құтын ұшырып, олар еркіндікті насихаттайтын, жаны азаттыққа құштар жеке батырды жазалауға құлшына кіріседі. Отар елдердегі халық толқулары әуелде осындай тәуекелшіл тұлғалардың батыл қимылдарынан тұтанып, ұлт-азаттық көтеріліске ұласып кететінін білетін отаршыл орыс әкімдері мұндай істерге қатты мән беріп, үрейлене қарайтыны белгілі. Сондықтан да олар Мәди сияқты адамдардың үстінен түскен арыз-шағымды одан әрі ушықтырып, жазаны күшейтіп, екінші мәрте бас көтермейтіндей жағдайға жеткізуге тырысатыны дау туғызбаса керек. Олардың ақталуына мүмкіндік бермеуге, өтініш-тілектерін аяқсыз қалдыруға ұмтылатыны зерделі ғалым, публицист Зарқын Тайшыбайдың «Мәдидің бес хаты»

еңбегінде («Орталық Қазақстан», 12-23 ақпан, 2000ж.) жан-жақты ашылып көрсетілген.

Малды ағайынның әлімжеттігі салдарынан зәбір көріп, пұшайман болған халін:

Қара нан қыжылдатып, жүрек кесіп,
Жатасың жамбасыңды тактай тесіп...

...Бит, бүрге, қандаласы қанды сорып,

Қасынып, түнде ұйқы жоқ, жанды қорып, –

деген өлең жолдарына арқау етеді тұтқындағы батыр.

Мәди өмірі мен шығармашылығын зерттеушілердің көпшілік назарына ұсынған дерек көздеріне қарағанда әнші 25 жасынан бастап бірнеше мәрте қуғын-сүргінге түсіп, абақтыға қамалып, жер аударылып, кең даланың «сайынан паналайтын сая таппай» қашқын атанады. Ақындық, композиторлық шығармашылығының өрістеген шағы, атағы шығып, ел аузында батыр атанғаны да осы кезең деп шамалаймыз.

Мәдидің туралы деректерге зер салып жүргендерді қызықтыратын, ал білемін дейтіндердің арасында талас-тартыс туыратын бір мәселе оның түр-тұлғасына, кескін-келбетіне қатысты. Белгілі өнер танушы Жарқын Шәкәрімов Мәдидің қарындасы Мәпрузаға (Мәпіш) үйленген Тоқаш Кәдікеев ақсақалдың қолынан алдым деп жүрген жалғыз суреттің өзіне күдікпен қарайтындар бар. Сондағы айтатын уәждері «Мәдидің көздері қасқырдың көзіндей от шашып, қып-қызыл болып тұратын еді. Жан баласы бетіне тура қарай алмайтын» деген пікір. Бір жазбаларда Мәдидің түсі қараторы болса, академик Ахмет Жұбанов ақсұр, сұлу адам еді деп суреттейді. Кейбір естеліктерде орта бойлы, сымбатты, кең иықты болып сипатталады. Біраз адам оның бойы басқалардан бір бас жоғары тұрушы еді дейді. Дене бітімі келісті болғанмен, сұлу емес, сойдақ тістеу жігіт-ті деп кескіндейді.

Мәдидің ер, батыр атын шығарғаны ат үсті соғысына да, жердегі жаяу төбелеске де мықтылығы, ептілігі, әбжілдігі болғаны десек, көп қателеспейміз. Оның жұлдыздай ағып шауып келе жатқан ат үстінен секіріп түсіп, қайта қарғып мініп жүре беретінін, ерден аунап кетіп, аттың бауырынан өтіп, қайта отыра қалатынын, жерден тас алып, соңындағы қуғыншыларды 30-40 қадам жерден тізеден ұрып құлатып жүре беретінін ел аңыз етіп айтады. Құралайды көзге атқан мергендігі мен бес-алты жігітті жалғыз өзі сойылмен түсіріп кететін жаужүректігі, өз әндеріне қоса Абайдың, Біржан сал мен Ақан серінің, Жаяу Мұсаның, басқа да халық композиторларының шығармаларын шебер орындайтын әншілігі ел қарияларынан сан мәрте естіген әңгімеміз. Сондай-ақ ол өз киімін, етігін өзі пішіп, тігетін, ер тоқымын өзі дайындап, қару-жарағын, басқа да қажетті заттарын өзі соғып, әзірлеп алатын зергер адам болған.

Біз жоғарыда Мәдидің ауыл молдасынан хат танығанын, бірақ мектеп-медресе бітіргендігі жөнінде дерек жоғын айтып өттік. Сондай-ақ, оның орыс оқуына қаншалықты бойлағанын білмейміз. Бір анығы ұлықтарға жазылған шағым хаттары араб қарпімен түзілген. Бір хатының соңында «Мәди Бапиев» деп орысша қол қойынты. Бұл жайлы кезінде Зарқын Тайшыбай ағамыз өзінің «Мәдидің бес хаты» деген еңбегінде түбегейлі әңгіме өрбітіп, Мәди арнайы сауаты болмағанмен, орыс тілін біршама жақсы білген, ұлықтармен көп жағдайда тілмашсыз жауаптасқан деп тұжырым жасайды.

Күрескер акын, композитор Мәди өмірінің соңғы жылдары жұмбаққа толы. Алуан түрлі, қым-қуыт қайшылықты уақытта ғұмыр кешкен тұлғаның бір басында бірнеше Мәди тоғысып, тартысқа түскен тәрізді. Таразының бір басында оз-

быр отаршылдарға қарсы шыққан, кейбір кезде қол қимылына да барған Мәди тұрса, екінші жақтан озбырлық көрсеткен әлді ағайынға ашулы, тасбауыр туыс жанын жаралаған, музаға мұңын шаққан Мәди қылаң береді.

Бұл тақырыпқа қалам тартқан авторлардың біразы кеңес дәуірінде билік жүргізген кеңестік өкіметке, коммунистік партияға Мәдиді сүйкімді бейнеде көрсету үшін оны Қазан төңкерісіне белсене қатысқан революционер дәрежесінде сипаттауға дейін барды. Жекелеген авторлар оны қызыл гвардияшы, кеңес үкіметінің айбынды жауынгері деп бейнелегенін де көзіміз көрді. Дегенмен, мәселенің осы тұсы өте күмәнді. Себебі, Мәдиді қазаға ұшыратқан қанды қол Жасанов кеңестік қызыл милиция басшыларының бірі. Екіншіден өзін ажал оғы күтіп тұрғанын аңғармаған Мәди осы Қарқаралының түрмесінде отырған қадірлі досы, белгілі публицист, қоғам қайраткері Мұстақым Малдыбаевқа жолығып, шамасы келсе шығарып алуға келгені белгілі. Ал, Мұстақым болса, Алаштың көсемдері Әлихан, Ахмет, Міржақып, Жакып тәрізді жайсаңдармен пікірлес, ниеттес болған тұлға. Бұған тарихи құжаттармен қатар Мұстақымның сол тұстағы мерзімді басылымдарда жарық көрген шығармаларының өзі куә. Мәдидің Қарқаралы түрмесінде Ахмет Байтұрсыновпен қатар қамалғанын жоғарыда есімі аталған ғалым ағамыз Зарқын Тайшыбай нақты деректермен айғақтайды. Сол кезде бір-бірінің атына қанық қос арыстың пікірлес болмағанына кім кепіл.

Ұлы әнші-композитордың өмірі мен шығармашылығын зерделеген, бұрнағы жылы ресми орталық болғанының 180 жылдығы аталып өткен Қарқаралының тарихына бойлаған ғалымдар уезде Кеңес өкіметі орнаған жылдардағы ревкомның, совдептің құрамында Мәдидің аты-жөні кездеспейтінін, оны революцио-

нер ету кейінгі жекелеген авторлардың қиялынан туған «жегістік» екенін айтады. Мәдиді кеңес өкіметінің жоқтаушысы етіп көрсетуге тырысқан зерттеуші ағаларымыздың бірі Балтабай Адамбаев компартия мен кеңестік жүйе қаңарында тұрған кезеңнің өзінде: «Сірә, Қарқаралыда жасырынып, мемлекет мекемелеріне жайласып алған жаулар Мәдиді бірінші нысанаға алса керек. Жазықсыз абақтыға қамалып қалған бірнеше жолдастарымен кездесуге, реті келсе, шығарып алуға келген Мәдиді тұтқынға алады. Өздеріне сенімді милиция бастығына аттырып тастайды» деп жазған екен. («Ильич туы», №120 (323) 20.10.1990 ж. «Батыр ақын»), Бұл жерде автордың «жазықсыз абақтығы қамалып қалған» деп жұмбақтап отырған адамы жоғарыда есімі аталған Мұстақым Малдыбаевтың өзі.

128 Замана дауылы соғып, аспан асты, жер үсті аласапыран өзгерістерге толы дәуірде дүниеге келіп, қамшы сабындай келте ғұмыры сүргінде өткен Мәдидің әніне тұңғыш рет ғылыми баға беріп, нотаға түсіріп алған А. Затаевич ексндігі Заркын Тайшыбайдың «Алтын бесік ән-орда» (Қарағанды, 1998ж.) кітабындажан-жақтысуреттелген. ОндаАлександрВикторовичтің Ғаббас, Мұсылманкүл, Жұман тәрізді әншілер шырқаған Мәди әндерін сүйсіне тыңдап, қуана нотаға түсіргені айтылады. Мәдидің әрбір әнінен оның тәкаппар тұлғасы, Сарыарқаның сайын даласындай кең тынысы, шексіз тереңдігі аңқып тұрады. Философиялық толғамы сұлу сазымен жараса өрілген «Үшқара» әніндегі шымыр сөз бен ширыққан әуен ғаламат әсерлі. Ыза мен өкініш, арман мен өршіл рух тұтасқан шумақтар сананды сансыратып сорғалай жөнелгенде төбе құйқаң шымырлайды. Тұңғыық ойдың тереңінде тұнып жатқан жойқын күштің діріліндей ғана толқыныспен, толғаныспен, тебіреніспен айтылатын,

мұнының астында жанартаудың қуатындай асау арын бүркелген ән Алаштың әулие биі Қаздауысты Қазыбектен басталатын әулеттің, Қаракөк тұқымының шерлі шежіресі іспетті. Ал «Шіркін-айдың» тұла бойын кернеген ашулы ырғақ, сұрапыл дауылда өкіріп кеп жағаны соққан мұхиттың дүлей толқынындай бұлабұлқыныстар жігіттің жігерін жанып, алапат айқастарға атойлап алып шыққандай. Озбырлар мен отаршылдардың неліктен Мәдидің соңына шам алып түскеніне, сүргінге салғанына көз жеткендей болады осы әнді тыңдағанда.

Туған жерге деген іңкәрлік пен сағынышты, оның әсем кескін-келбетіне деген мақтанышты өзек еткен ән көп қазақта. Бірақ Мәдидің «Қарқаралысына» жетері жоқ. Осынау көркем өлкені көріп, оның сұлу табиғатына таң-тамаша қалған басы жұмыр пенде лағнетті тағдырдың ауыртпалығын, жеке бастың драмасын жеңген іңкәрлікті, «Қарқаралыда» шүпілдеп тұрған махаббатты жан-жүрегімен сезініп, Қарқаралыға ғашық болмаса, хайуанға оны қосқан жөн. Бір өзі бір операға арқау болатындай шығарма «Қаракесек» әнінің орны, тіпті, бөлек. Дәл осындай абырой биігіне көтерілу қазақ топырағында ешбір музыкалық шығарманың еншісіне тиген жоқ десек, ақиқаттан көп аулақтамайтынымыз хақ. «Қаракесекте» кез-келген адам санасының шеңберіне сыймайтын қуат бар. Онда автордың азаттыққа құштарлықпен өткен азапты өмірінің барлық болмысы көрініс берген. Қара жерден күш алатын алып Антейдей ауыр қозғалыспен баяу басталып, бірте-бірте жоталанып, шалқи шырқалатын ән адам бойына мұқалмас құдірет дарытқанда оның мүмкіндігі мен екпініне қарсы тұрар қамал жоқтай күй кешесің. «Қаракесек» тек бір рулы елдің ғана емес, бүкіл қазақ халқының бойына рухани қуат дарытатын, жанына шуақ, нәр беретін ән.

Жалпы, айыр көмей, жез тандай билердің тұяғы болғандықтан кеңестік дәуірде дәріптелуі, ресми насихатталуы кемшін түсіп жатқанымен, Мәди туралы жазылған бірсыпыра шығарма бар. Мәдидің ән мұрасына қоса, ол туралы жазылған еңбектер оның есімі жалпақ жұртына жария болуына, ел ішінде тарала беруіне ықпал жасады. Осының бәрі Мәди Бәлиұлының алуан қырын, ақындығын, әншілігін, композиторлығын, серілігін, шеберлігін, батырлығын, күрескерлігін, ағартушылығын, шешендігін, ойшылдығын ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Мәди мұрасы қазақ топырағында дүниеге келген толып жатқан опералық, драмалық шығармаларға өң беріп, олардың мазмұнын байытып, көркемдік бояуын қалыңдата түсуге игі әсерін тигізді.

Мәдидің қазақ перзенті үшін орны бөлектігі де осындай ұлы шығармалар тудырған қайталанбас талант пешенесінде болар. Адамзат сапарының тарихында, ұлттың рухани әлемінде өшпес із қалдырып, құйрықты жұлдыздай ағып өткен ерекше тұлғалардың бірі Мәди еді.

Берік Жүсіп

филология ғылымдарының
кандидаты, доцент

Айтыстың Арқадағы Ақтабаны

Болман – қабырғалы айтыс ақыны. Бүгінде қолда сегіз айтысының мәтіні бар, оның екеуі қазан төңкерісіне дейінгі кезеңге, ал қалғаны кеңес дәуіріне жатады. Бұлардан басқа Қайып Айнабековпен, Доскеймен және Иса Байзақовпен айтысқан дейтін дерек бар, бірақ олардың мәтіні әзірге табыла қойған жоқ.

Ілкі кезеңде Болман Несігүлмен (Несіпгүлмен) және Тайжан Қалмағанбетұлымен айтысқан. Ақмешіт атырабының Шиелі жағында жасаған Несігүл Сарыбайқызымен айтысының екі нұсқасы бар, екеуі де Әдебиет және өнер институтының қорында сақтаулы. Екеуін де институтқа жіберген Болманның өзі. Бір нұсқа 1940-жылдар шамасында Жезказғанда қағаз бетіне түскен, ал екінші нұсқаның тапсырылған мезгілі көрсетілмеген.

Болман Қожабайұлының шығармашылығында ұлытаулық Тайжан Қалмағанбетұлымен айтысы ерекше орын алады. Айтыс мәтінін Әдебиет және өнер институтына тапсырған Болман жыр сайысы 1914 жылы өтті деп көрсеткен. Тайжан – Арқа өңіріндегі асқан әнші әрі сазгер, ақпа ақын. Қожабай өлеңдерін Жамбылға жеткізгендігіне қарағанда Тайжан Болманның әкесімен етене таныс болған әрі қадірлеп сыйлаған. Мұны айтыс «әп» деп басталғанда «Жақсының таныс болдым баласына» деп өзі де айтады. Соған қарағанда Болман екеуі дәп сол айтыс өткен жолы жүзбе-жүз танысса керек. Тайжан Болманнан екі-ақ жас үлкен, сонда да айтыс бастала сала оны іні атап, «ағаның жағасына жармасқалы келдің»

деп ықтыра сөйлейді. Іле-шала «Әкеңіз кеңес сөздің дариясы, сөз десе қайтқан емес ықыласы» деуіне қарағанда, әкесімен дәрежелес, табақтас болған кісімен дәті шыдап айтысуға барған баласына қазақы салтпен ауыр айып таққысы бар. Бұл жағдай «Болманның ақындық дарыны әке беделінің тасасында жөнді ашылмай қалды» деген болжамымыздың дұрыс екендігін қосымша дәлелдей түседі және мұның өзі сөз боп отырған айтыста Болманның арындап ашылып, көсіле сөйлеуіне белгілі бір дәрежеде тұсау болған да түрі бар. Оның үстіне Тайжан Болман шыққан Қожас тармағы өз руының ығында жүріп, кейіннен бөлінгенін алға тарта келіп, мұны да інінің аға алдындағы әдепсіздігі етіп көрсетеді.

Болманның бұл екі айыпқа да уәжі даяр. Енші беріп бөлек шығарған ағалығын мойындай келіп, қазір Қожастың төрт ұлы мал малданып, жан жанданғанын «Бұл күнде кемеліме мен де келдім» деген тіркеске сыйғызады. Жалпы Қожасты айта отырып, өзінің де ақын ретінде балақ жүні жетіліп, әке шапанының шалғайынан шығып, иткөйлегіне сыймай тұрғанын аңғартып өтеді. Бұл жылдары Болманның ақындықта едәуір жетіліп, өскелеңдеп қалғаны жекпе-жек айтыста уәж тосу, ұтырлы айту, дәлелге жүгіну сияқты үйреншікті амал-айланы орынды қолдана білу шеберлігінен гөрі өлең өрімінің сан алуандығынан да көрініп тұр. Несігүлмен айтысында алты тармақты ұлғаймалы қаусырма ұйқастың (сақиналы монорифма) күшіне көбірек жүгінген ақын бұл жолы ұйқас түрлерін өлең мазмұнына бағындыра түрлендіріп отырады.

Ата-баба данқын дәріптеумен айқын басымдыққа жете алмаған Тайжан жең ішінде жасырып отырған соңғы оғын жұмсайды. Қожастың арғы тегіндегі шикілікті қозғап, ел ішіндегі бір әңгіменің шетін басып қалады. Бірақ Болман бұған да іркілмейді, жауап сөзінің бірінші жолында-ақ «Сұрасаң арғы атамды

Матай-Найман» деп, Бағаналыға кейінірек қосылғандарының шындығын еш бүкпесіз алға жаяды, кірме болсын-болмасын дәл Қожас балалары жауына Бағаналының басқа балаларымен бірдей ат шабысып, елге кесек олжа салғанын тарихи дәлелдермен дәйектейді. Мұнымен шектелмей, сол кез Тайжан елінің арасына етек алып кеткен ұрлық-қарлық абырой әпермейтінін, елдің жігін аша бастағанын қадап айтып, әңгіме ауанын әлеуметшіл тақырыпқа аударады. Осыдан соң-ақ «ұрысы қалың» Тайжан ақын ғафу өтініп, жасы үлкен болуы себепті айтысты тоқтата алатын құқын алға тартып, сөзді доғарады. Бұған қарағанда айтыс мәмлемен тең аяқталса керек.

Сөйтіп Тайжанмен айтыс Болманның отыздан асқан шағында әке ықпалынан арылып, өзіндік бет-бейнесі бар шебер айтыскер ақын ретінде қалыптаса бастағанын көрсетті. Алайда, кейінгі күшті тарихи-әлеуметтік сілкіністер (1916 жылғы дүрбелең, Ақпан-Қазан төңкерістері) бұл өсу аясын тарылтпаса да белгілі бір шеңберден шығармай ұстап қалса керек. «Қарамалай» боп тізімге ілініп, ел асып, жер асып кете жаздаған ақын іле-шала Қарсақбай кенішінде қара жұмысқа араласып, соңыра рудник құрал-жабдығын күзетіп қалған. Аламанғасыр оқиғалардың шала жанған ошағы әлі түгел өше қойған жоқ, азамат соғысынан соңғы ауыртпалық еңсені езеді. Өзге ел әдебиеттері секілді бұл өліара шақта қазақ әдебиетінде де елеулі үзік бар – ақындар «байтал түгіл бас қайғы» боп кеткен заман. Солардың ішінен Болманға алдымен бағыт беріліп, жаңа дәуірге лайық бағдар көрсетіледі, шындығында әлеуметтік тапсырыс беріледі. Мұның өзі Сабыр Шәріповтің атымен байланысты екен.

«Менің Сабыр Шәріповты көргенім 1920 жыл еді» дегенде ақын Сабырдың сол жолғы сапарын айтқаны анық. «Сабыр – дейді

Болекең одан әрі,- құрылып жатқан жаңа өкімет жайында көп-көп әңгімеледі. Нені жырлау керектігін де алғаш рет айтқан Шәріпов болатын. Сол жолы ол бірнеше өлеңдерімді қағазға түсіріп, жазып та алған еді» (Шайхы Ақылбек «Ақын Болман», Жезқазған, 1993). Осы сөздерді ақынның өз аузынан естіген Ақылбек Шайхы одан әрі «Бұл жылдары Болекең ұлы өзгеріске арналған бірнеше өлеңдер шығарды» деп жазады да, мысалға ағылшын кәсіпкерлерін сөз ететін «Қара тұмсық, қанды ауыз» деген өлеңін алады:

Қара тұмсық, қанды ауыз,
Қанға тоймас жалмауыз.
Зыттың бір күн сытылып,
Отқа үйтілген мысықтай,
Сүтке тиген күшіктей,
Үміті оның қырқылып...

Дегенмен, біз бұл өлең Сабыр сапарынан соң емес, жиырмасыншы жылдардың аяқ шенінде, Қанышпен кездесуден кейін шығарылды ма дейміз. Себебі, жиырмасыншы жылдардың басы – Кеңес өкіметі мен шетелдің, соның ішінде Англияның арасында дипломатиялық қарым-қатынас жанданып, біршама жылылық орнаған шақ, әрі бұл кезде индустрияландырудың ауылы алыстау болатын. Тарихтан мәлім, бұл жылдары ауылды кеңестендіру ісі қызу жүргізілді. Соған орай Болекең де ат үстінен табылды (1922 жылы ауыл-кеңес басқармасы болған). Бұған Сабыр Шәріповтің көмегі тимей қалмаса керек. Ал, 1924 жылдан бастап Сабыр әуелі Гурьев мұнай кәсіпшіліктеріне, одан соң Иранға қызметке жіберілді, ал бұл жылдары Болекең де басқарманың мөр салынған дорбашасымен қоштасқан. Қарсақбайда күзет қызметінде. Жоғарыдағы өлең Жезқазғанның кенін игеру әңгіме бола бастаған сол жылдары туса керек. Бірақ Орталық Қазақстанның

байлығын игеруге Мәскеу баста аса құлықты болмағаны, өлкенің мол мүмкіндігін дәлелдеп, күрделі қаржы бөлдірту қазақтың іс басындағы адамдарына үлкен күшке түскені Қаныш Сәтбаевтың ғұмырнамасынан мәлім. Жаңа өкіметтің алдында бұл жылдары одан да зорырақ тұрған міндет – көшпелі қазақты етек басып бір жерге орнықтыру, ол үшін алдындағы малының басын кеміту және ел ішінің ауқатты адамдарының ықпалын әлсірету еді. Ақын осындай жер бөліс, тәркілеу науқандары кезінде үйде қол қусырып отырып қалмағанын онымен көзі тірісінде әңгімелескен Ханғали Сүйінішәлиев жазады.

Жалпы Жамбыл, Нұрпейіс, Маясар, Шашубай сияқты танылған дарын иелері сияқты Болманның да еш қиындықсыз жаңа заман жыршысына айналып шыға келуіне қандай нәрсе алғы шарт болды?

Жоғарыдағы сөз зергерлері хақындағы пікір әр жерде айтылып жазылып жүргендіктен оларға тоқталмай, Болман ақынға келер болсақ, біздіңше оның Кеңес өкіметін жалындата жырлауының қадау-қадау объективті себептері болды.

Ілгеріде Болман шығармашылығының айқын сипаттарының бірі – ондағы ағартушылық көзқарастар деп едік. Ағартушылық идеология мен коммунистік гуманизм шыққан тегі бір болуы себепті көп жағдайда өзара туысатынын айтқанбыз. Ағартушылық идеялары Болманның төңкеріске дейінгі бізге мәлім қай туындысында болсын қылаң беріп отырады. Мәселен, «Тоқымбет» жырындағы:

Бас тартпады тап келсе де өлімнен,
Ақырында жеткен жоқ па мұратқа.
Ей, жігіттер, үміт үзбе талаптан,
Өзі сақтар бар ғой жалғыз жаратқан...

Шын көңілмен зарығып еді екі жас,
Бейнет кетіп рақат шықты алдынан.
Тәңір берсе ерте менен кешіне,
Дәм татарсың
Алла берген несібе, –

деп келетін шоғырлы шығарманың пафосы – талаптану, «бейнет түбі зейнет» идеясы тұр. Осы ағартушылық оймен қатар келесі бір туындысында – Несігүлмен айтысында бай мен кедей арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің себебі ашық түрде талданып, салдары түптеледі. Мұның өзі Болман өкілі болып саналатын бірқатар сөз ұстаған кісілер ағартушылық идеология ықпалымен Қазан төңкерісі қарсаңында-ақ социалистік идеяларды қабылдауға дайын болып қалғандығын көрсетеді. Бұл өзі қазақ ақындары мен оқымыстыларына ғана тән еді десек қателесеміз. Соцреализм әдеби бағыт ретінде XX-ғасырдың бас кезінде-ақ қалыптасып, Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңінде тоталитарлық мемлекеттің ұлттық әдебиеті ретінде біржола ресімделген. Көптеген орыс қаламгерлерінің жаңа әдістің туы астынан табыла қалуының да сыры осында. Сол сияқты төңкерістен соңғы алақұйын қимыл, аумалы-төкпелі өзгеріс саябырсып, жаңа режим қайтып беті бұрылмастай боп іргесін қымтап шебін бекіткеннен кейін, 1932 жылы Сталин бастаған бес адам оңаша кеңесіп талдау жасаған әдебиеттегі социалистік реализм әдісі мақұлданып, сөз өнері «бесжылдықтар балғасын солқылдата соға» бастағанда әлгі гуманизммен ауаланған лектің көкейіне жаңа әдебиеттің қағидалары ұяласа керек.

Болман ақын:

Қарағанды қарқынды,
Көмірден соққан алтынды.

Қарсақбайдың түтіні,
Көкке өрлеп шалқыды.
Теміртауым, Балқашым,
Асылдан таққан алқасын.
Құлазыған даланың,
Қорытып жатыр тау-тасын.
Жезқазғаным – жаннытым,
Самғайды көкке қанатын.
Қаршығаша қомданып,
Жырлайды оны қарт акын, –

деп ағылтса, бұл жарыла ақтарылып айтқаны. Ақынның бұл жүрекжарды сезімінің объективті ақтаушысы – жоғарыда айтылғандай, өзіне дейінгі ұлттық әдебиетте орын алған бағыт-ағымдардың классикалық және ағартушылық сипаты. Сөйтіп, бүкіл ел әлгі қолдан қиылған жора-ғұрыпқа қалтқысыз сеніп, сонымен ғана тыныстады. Көз аштырмайтын шеру, мереке, бой көрсету, мерейтой күн құрғатпай келіп, ақыннан шын өмірді, шынайы шындықты көлегейледі. Жастары келіп, алды тоқсанды, соңы алпысты бүктеп отырған қарт жандар «Бізде бәрі керемет екен!» деп шынымен сеніп қалды. Осы аңғал да шынайы сенім өз кезегінде соцреализм үрдісінде көркем мерекелік көңіл күйге бөленген шығармалар шығаруға түрткі салды. Жамбылдың кейбір жырлары әуелі баспа бетін көріп, сонан соң барып ақынның аузымен айтылғаны осы думанды өмір салтының заңды бір бөлшегі еді. «Жамбыл өзінің соцреализмнің алтын торына қамалған сайрауық бұлбұлына айналған қалпын, трагедиялық жағдайын сезді ме екен? Бәлкім жүз жасаған ақын бәрімізден де алысырақ көріп, тереңірек ойлады ма екен?!» (Джуанышпеков Н. «Проблемы сравнительно-типологического изучения литературы». – Алматы. КазГУ, 1995).

Бүгінгінің зерттеушісіне іле-шала біз де Болман хақында өзімізге осы сұрақты қоя алар едік. Сұңғыла жан жаңа өкіметтің жуырманда тарих еншісіне өте қояр түрі жоғын байқап, әліптің артын бағып, күн көрудің қамын ойлады ма, әлде кенестік идеологияға шынымен сенді ме деген сауалдың жауабын қарт ақын өзімен бірге ала кетті. Не ойлағаны бір Аллаға аян. Бізге белгілісі – қазір қолда бар елуден аса өлең-жырының түгелге жуығы соцреализм сарынында шығарылған.

Тарихта көшірме болмайды. Сол көшірмесіз тарихтың тұтас бір дәуірін Болмандар өздері бастап, өздері тәмамдады. Десе де қарт ақынның бұл кезеңдегі өлең-жырларының ішінде арагидік шын адамдық болмысын, ақындық қарым-деңгейін танытатын дүниелер де бар. Бұл қатарға 1916 жыл уақиғасына арналған «Қарамалай», әлеуметтік-имандылық негіздегі «Маскүнем», ағартушылық бағыттағы «Ақыл шам», туған жер табиғатын жырлайтын «Жаз айы», «Туып өскен жер» тәрізді өлеңдерін жатқызуға болады. Текті ақын қалай болғанда да ара-тұра соцреализм қалыптап берген идеостильдің өлшеулі шеңберінен ышқына шығып кетеді. Алғаш рет бұл талант нышаны 1938 жылы Алматыға келген сапарда шығарған «Гүлденген өңір» атты өлеңінде белгі берді.

Жайнаған Алматының қаласындай,
Гүлденген Алатаудың даласындай.
Бойлаған шынар, терек күнге еркелеп,
Самсаған он саусақтың саласындай...
Алатау өркештенген басы биік,
Күнменен шағылысқан көкке тиіп.
Арнасы алпыс екі әлемді орап,
Балқашқа Жетісу боп жатыр құйып.

Бақ қонған қыдыр орнап астанама,
Алдыңа сәлем берем басымды иіп.

Тамаша тенеулер, зор ақындықтың белгісі. Күнге еркелеп бойлаған ағаш, өркештенген тау, арнасы алпыс екі әлемді орап көлге құйған өзеннің суреті қай ақынға болсын абырой әперетін көркем олжа. Бұл қатарға өзге өлеңдерінде ұшырасатын «Қаракұм батыстағы бір жерұйық. / Керілген кербез төсі күнге күйіп», «Отқа үйіткен мысықтай, / Сүтке тиген күшіктей/ Үміті оның қырқылып» сықылды бейнелі сөз орамдарын қосуға болады. Немесе 1944 жылғы Шашубай Қошқарбайұлымен айтысындағы Жезқазған кенін келістіріп бейнелейтін:

Болғанда үзігі алтын, түндігі мыс,
Уығы, керегесі аппақ күміс.
Қазығы қорғасыннан алып үймін,
Жабылып қозғай алмас Батыс, Шығыс, –

деп келетін жолдарды талдаған зерттеуші Ақылбек Шайхының: «Мұнда ақын қазақтың байырғы мүлкі – киіз үйдің жабдықтарына мыс алыбы Жезқазғанның ұлан-асыр байлығын балап отыр. Осы шумақ өте шебер айтылған. Батыс пен Шығыс жабылса да қозғай алмайтын үй! Қаншама ой, қаншама мағына сиып тұр өлең жолдарына!» – деген пікірі орынды (Шайхы Ақылбек «Ақын Болман», Жезқазған, 1993).

Жалпы Болман Қожабайұлының 40-50-ші жылдар аралығында айтыс өнеріне қызу араласуы соғыс жылдарында ел өнеркәсібін жөнге салу және соғыстан соңғы күйзелген шаруашылықты қалпына келтіру тәрізді кезеңдік міндеттерді ойға алады. Халық ақындарының көбі елдің, халықтың тағдыры сынға түскен шақта жеңіске жетудің екі жолын анық сезінген. Ол – жау шебіндегі ұландардың ерен ерліктері мен тылдағы қажырлы күрес нәтижесі.

Болман да, Шашубай да өз ақындық қуатын осы қос заманның ерлерінің рухын көтеріп, жігерін жануға бағыттаған. Десе де айтысты ұйымдастырушылар бұл көне дәстүрді қайта жаңғыртуды ойлағанда оның бұрыннан қалыптасқан жанрлық ерекшеліктерін өзгертпей сақтауға тырысқаны ғанибет. Алдымен бұл айтысқа қатысушыларға айтыстың негізгі тақырыбын нақты белгілеп беруден көрінеді. Мысалға: Болманның Кеңестік кезеңдегі айтыстарының басында тұрған Шашубаймен сөз сайысына Болекен Жезқазғанның атынан, Шашубай Балқаштың атынан қатысады. Мұнда мән бар. Балқаш – алғашқы бесжылдықтар жемісі. Оның өз алдына отау тігіп, қала атанғаны 1937 жыл. Ал Жезқазғанның қарқындап дамуы кейін. Соғыс басталып кеткендіктен ондағы құрылыс ісі кенжелеп қалған еді. Құрылысы 1940 жылы басталған негізгі фабрика мен су қоймасын салу тоқталды, әлеуметтік құрылыстар боса болмаса да іркілді. (Шайқы Ақылбек «Ақын Болман», Жезқазған, 1993). Мұның бәрі, әрине, өндіріс қарқынына әсер етпей қалмады. Өлгіндей сын сәтте жезқазғандықтардың жігерін жанып, кемшіліктерді түзетіп, табыстың тай қазанын еселеуге үндейтін айтыс ақыны көмекке келеді.

Екі жақ та салғаннан өздерін дәріптеп, қарсыласынан айбынын асыруға тырысады. Бұл – айтыс өнерінде көнеден келе жатқан тәсіл. Шашубай салғаннан:

Шырағым, аманбысың, ақын Болман,
Дауылмын жан беттемес, соқсам оңнан.
Өлеңге болдырмайтын желғабызбын,
Жүлде алған сан дүрмекте талай қолдан, –

деп, бір кезде өзі бата алған Біржан сал үлгісімен қарсыласын ықтырып тастамақшы еді. Бірақ бұған бола қоятын Болман жоқ:

Мен-дағы асу бермес асудаймын,
Желіксем бірер таңға басылмаймын.

Барында Жезқазғаным жеңілмеспін,
Келсе де сексен сегіз Шашубайың. –
деп, қарсы айбат салады. Сөз тосуы, уәж табуы да баяғының ақиық айтыскерлерімен пара-пар шығып жатыр. Шашубайдың ілгерідегі:

Желпінсем қанатымды дауыл тұрып,
Тітірер екпінімнен небір қорған, –

деп келетін тұсын дереу қағып алып:

Қорықпай-ақ қанатыңның дабылынан,
Сол көлді мен де, ақсақал, жағалағам.
Ғажайып сұрапыл боп сүр үрсең де,
Қозғалмай отырмын ғой бағанадан, –

деп сылқ еткізеді.

Өттең, осынау аруақ қоздырған кіріспеге айтыстың тақырыбы құдды аруана нарға құрым киіз жапқандай жараспай жатыр. Шашекеңмен жарысып кен артқан вагондарын санамалап кетсе, Ниязбен айтысында екеуінің шауып шыққанда айналдыратыны – Кішітауда тоған салып, бас құраған төрт колхоз Һәм Дүйсенбай өзенін бойлап қоныс еткен бес колхоз. Асыл сөз, ардақты өнер амалсыздан «түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік, рухы – интернационалдық» қақима түзімнің шылауынан шырмалып шыға алмай қалған. Десе де, Шашубай, Болман, Нияздар дәл осы социалистік айтыстарымен-ақ айтыс өнеріне өлшеусіз үлес қосқан.

Айтыс өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында, кеңестік идеология әбден орныққаннан кейін ру-ата атынан сөйлеген, ел жуандарын дәріптеген ескі дәстүр ретінде қоғамдық-рухани өмірден шеттетілгені мәлім. Содан ол 1943 жылғы тамызда Ғабит Мүсіреповтің ұйымдастыруымен, Доскей, Илияс, Қайып, Көшен сияқты халық ақындарының қатысуымен, Қарағанды қаласында

өткен республикалық айтыста қайта жанданды. Тақырып, сөз өрнегі жағынан едәуір өзгеріске түссе де аталмыш айтыс ежелгі өнердің халық бойында бұла күш боп дамылдап, тысқа жарып шығар шағын күтіп жатқанын паш етті. Іле-шала Жезқазғанда өткен Болман мен Шашубай, Болман мен Нияз арасындағы айтыс мұның жарқын дәлелі еді. Бұл ақындар ел ішінде айтыс өнерінің қанаты қырқыла қоймағанын осы жылдары жіті сезінді, өзгелерге де сезіндірді. Соның ішінде Болман одан әрі түрлі жиын-шарада айтысқа қалмай қатысып, осы дәстүрдің камын жүргізіп, бойын ширатудың кез келген мүмкіндігін қалт жібермейді.

Мәселе – қарт ақынның нені айта алмағандығында емес, нені айтып кеткендігінде. Мәселе – Болман Қожабайұлының өзі тұрғылас айтыскерлермен тізе қоса жүріп суырып салма шеберлігі, сөзге тапқырлығы, әлеуметтік мәнді мәселелерді көтере білуі және ақындық мәдениетінің жоғарылығы арқылы осы бірегей жанрдың алтын арқауын үзіп алмай, бүгінгі күнге аман-есен жалғап жіберуінде. Осы орайда ақынның өмірінен бір мысал келтірейік:

142 Күнінде Болекеннің көзін көріп, жанына еріп жүрген қаламгер А.Қаражігітовтің әңгімесіне қарағанда, қарт ақын ел аралап айтыс іздейтін ескі дәстүрді ұмытпаған. «Көктемнің қараөзек шағы, – деп жазады жоғарыда аталған автор. – Елден шыға сала суыт жүріп, бірде желе жортып, арақидік ат басын босатып дуылдасып көңілді келе жатқанбыз. Астында колхоздың шеге торы атанған жүйрік бәйге аты бар Болман ақын делебесі қозды ма, «Ал, кеттік!» деп алға түсіп тартып отырды. Бәріміз де ат басын босатқамыз.

Енді бірде селдірей бастаған көптің соңында Базыл (аудандық ақша бөлімінің агенті Базыл Ыбыраев) қалып бара жатып:

– Ей, нағашы, атың жүйрік болса жүйрік шығар, бірақ тым ұзай берме, – деп айқай салды. Іркілгенбіз. Ақыры не керек, Базылдың аты жүрмей, басқаларымыз тоса алмай, ауанымен келер деп жүріп кеткенбіз. Көктемде құлпыра жайнаған ауылдың сыртынан кеп шырқай жөнелді:

Осы үйде нағашымыз бар ма Болман,
Соңынан қалмай, міне, келдім жолдан.
Қарамай мені тастап кетіп едің,
Қанекей, ортаға сал, тапқан олжаң.
Іштарлық жасамаңыз осы жолы,
Сақылық көрсетіңіз келсе қолдан.
Бай да өткен, патша да өткен дүниеден,
Дәулетке есі шығып қанша толған.
Халқыңның пейіліне мас болмаңыз,
Сүрінбей кетер деме мінген жорғаң!
Асылы бағынайық ізгілікке,
Көз салып әр уақыт оң мен солдан!

Базылдың даусы сәл бәсеңдей бергенде, ақынның асқак үні ширатыла түсті.

О, Ишан, мынау неткен асқак дауыс,
Жиенге болған екен менен ауыс.
Кешегі күрең тайды мінгіз соған,
Қанекей, өзім болып бар да қауым!
Тұлпардың тұяғы ғой қайран Базыл,
Өн болып, жібек болып төгіл, жазыл,
Арғы атаң ел билеген Бұзау болыс,
Дүниенің көрген жоқ па көбін де азын.
Самғай бер, өзіме тарт, өлең болып,
Басыңа бақыт, дәулет өнер қонып.

Атанның аруағы қолдай берсін,
Шарықта көк жүзінде айдай толып...

Осылай сол күні жайылым учаскесіндегі ауыл жұртшылығы тамаша қызыққа батып еді».

Бұдан қарт ақын дүние дидамынан көшкенше халықтық дәстүрдің алтын арқауын көкейінде қасиетті құранындай жаттап, сақтап келгені көрінеді. Қуаныштысы, бұл алтын арқаудың желісі үзілген жоқ.

Мәуен Хамзин

филология ғылымдарының докторы,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университетінің профессоры

Әбіш Жанбайұлы (1880-1937)

Әбіш Жанбайұлы – бертінге дейін өмірі мен әдеби, шығармашылық жолы өз мәнінде зерттеле қоймаған ақын. Тек соңғы жылдары ғана осы жолдардың авторы ақын туралы зерттеулер жүргізіп келеді. Зерттеу ісі ақынның өмірі мен шығармашылық жолын анықтау мақсатында жүргізілді. Нәтижесі төмендегідей.

XX ғасырдың басында Ресейден қоныс аударушылар үшін шұрайлы жер қарастыру мақсатымен орыс ғалымы Шербина бастаған экспедиция Орталық Қазақстан жерінде болғаны мәлім. Экспедиция құрамында Әлихан Бөкейханов та болған. Нәтижесінде «Материалы по киргизскому землепользованию. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. Т.VI. СМб., 1905» деген еңбек жарыққа шықты. Кітапта Қарқаралы уезіне қарасты біраз аймақты жері қуаң, суы аз, өмір сүруге қолайсыз деген жолдар бар. Әрине, бұның себебін Алаш қайраткері Ә. Бөкейхановтың қазақ жеріне келімсектер қаптамаса екен деген тілегінің астарынан іздеген жөн. Сол кітапта жан басы, мал басы, ауылдар саны, ауыл басшысы арнайы таблицамен көрсетілген. Сонда «№4-әкімшілік ауыл» деген кестеде ауыл аты, ауыл басшысы т.б. көрсетілген. «4. Әбіш Жанбай. Қаратас. Қаламбай. 17.38.10.7.90» деген жолдар бар. Әбіш – ауыл басшысы, Қаратас – қыстау аты. Қаламбай – руының аты. 17 – халқы,

38 – жылқысының саны, 10 – сиыр саны, 7 – түйе саны, 90 – қой саны.

Жаңа деректер іздеу барысында бірнеше адамдармен әңгімелесудің реті келді. Олардың арасында белгілі қаламгерлер: Ә. Әбішев, Ж. Алтайбаев, сондай-ақ Шет ауданынан Ынтықбек, Кәдірбек қариялар, Ақтоғай ауданынан Оспанов Сыздық, шеттік Іскендір Баданов ақсақалдың Әбіш туралы жазбаларын бізге табыстаған Мейрам Баданов (Ақжол NOVA- ЦИНК бірлестігінің бас директоры), қарқаралылық Қасымов Ахмет, Жұманов Әміре ақсақалдар, балқаштық Т. Тоқтамысов, А. Илиясұлы (ақтоғайлық зерделі жан Т. Жақсыбайұлымен бірлесіп «Қаракесек-Сарым шежіресі» атты кітап шығарған) т.б. бар еді. «Әбіш ақын ірі тұлға еді. Заманында Мәди Бапиұлымен айтысқан. Кеңес өкіметі отыз жетінің дүрбеленінде көзін жойды. Әбең мен Мәди замандас, құрдас еді» деген деректерді жоғарыдағы адамдардың көпшілігі айтты. Мәдимен құрдас болса, шамамен алғанда, 1880 жылы туып, 1937 жылы қайтыс болған. Туып-өскен жері – Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кеншоқы ауылының жері. Айтыс мәтіні, яғни Әбіш – Мәди айтысының қағазға түсірілген нұсқасы бізге Әбдуов Илияс қариядан жетті. Айтыс 1915 жылы болған деген дерек бар. Бұл дұрыс, себебі, Мәдидің айдаудан оралуы 1915 жыл. Тілектес, ниеттес жандар, Нарманбет ақынның төңірегіндегі өнерпаз, ақын-әншілер «елге келсін, аунап-қунап дем алсын» деген соң Мәдидің Қарқаралы аймағынан Шет-Ақтоғай аумағында болып, Нарманбеттің үйіне ат басын тіреуі шындыққа сай келеді. Айтыс Нарекеннің үйінде өткен. Айтыс мәтіні бойынша сөз сайысына қатысушылар – Әбіш, Мәди, Жуаспай ақындар.

Әбіш (Мәдиге айтқаны):

Қапастан ұштың босап, бұлбұл құсым,
Мақпозда әр не болса жазу үшін.
Арғымақ аса шауып, торға түстің,
Көтермей ағайынның қайрат-күшін.
Жатпайды қап түбінде болат пышақ,
Бір алла өзі оңғарсын ақырғысын.
Мен-дағы ағайынға көнбей жүрмін,
Андықанмен алысып, күш сынасып,
Қорлықты күні бүгін көрмей жүрмін.

Мәди (Әбішке айтқаны):

Тағдырдың не жазғанын пенде көрмек,
Бұл фәни адамзатқа қандай ермек?
Бір күнгі амандықты ойлау бекер,
Сынады мың күн тұрып, бір күн шөлмек.
Бізді қор, өзіңізді зор тұтпаңыз,
Тау сірлеп, қара бұлт тұр ғой кернеп.
Аз күнде байқасаңыз асар бойдан,
Кісідей суға кеткен қолын сермеп.
Әншейін қызық көрмей жүргенсіз ғой,
Болдыру қиын емес көзің терлеп.

Жуаспай (Мәдиге айтқаны):

Ризатлы Сізге арнап жазған хатым,
Надан көп ашпайтұғын сөз қанатын.
Мархаба, туысқаным, хош келіпсіз,
Ағайын, кіндік қандас біз де халқын.
Гәухар тас, бағаң қымбат аңлағанға,
Жәхілге қиын болар сіздің нарқын.
Ақылмен ой ойласаң, шахыбозым,
Қайыршы «өтметкелеп» оның парқын.

Қондырып қарға орнына лашын құсты,
Көтерген құр барылдап, өзі даңқын.
Ақиық Орал тауды шынжыр балақ,
Көруге біз де сізді қылдық талап.
Саясат жігіттікке бұл да нәубет,
Қайтпақшы ең аталас елді аралап.
Күншілдік Жақып ұлын бұзып кеткен,
Апарып туысқанын салды құдық.
Ғажап емес алла оңғарса жұмысынды,
Зынданда жатпап па еді Жүсіп, Сыдық?
Зынданда Жүсіп жатты қылып қабыл,
Атасы хақ пайғамбар Ыбырахим халил.
Қиын емес алла оңғарса жұмысынды,
Кем күндік өзінді ойлап болма мәлүл.
Сарыбел адам аспас, ата-бабам,
Көлденең келген сізге бұл бір заман.
Көңілге мұхаббатлы насихатым,
Қайбында дұғамызды біз бір адам.

Мәди (Жуаспайға айтқаны):

Ғизатлу сәлем жаздым мен де сізге,
Надан деп ешбір жаннан күдер үзбе.
Мархаба, келгенімді хош көрсеңіз,
Алтынды алмастырған мыс пен жезге.
Туысқан, түбім бір деп келіп едім,
Өлшедің бөлшектеген сары кезге.
Мен бардым тобыңызға сәлем бере,
Ағайын, үлкен-кіші жүзін көре.
Ұқсатып кінәліге мұнша бізді,
Жоқ еді еш жазығым тіпті сізге,

Сіздерге сәлем алмай, мен не қылдым,
Бұрынғы өткен өкпе, салдың дүре.
Жақыпты үлгі қылып, сөз жазыпсыз,
Бұрынғы Байтөре таз сөзін тере.
Атаңыз көпке өкпелеп кеткен екен,
Келгем жоқ сол дауыңа жауап бере.

Әбіш (Мәди мен Жуаспайға айтқаны):

Әбен мен Топатайға сәлем жаздым,
Қараңыз серпініне өнерпаздың.
Надан деп, қарға қылып қарқылдатып,
Мырзалар, несін алдым кәрі таздың?
Бір сапар қарқылдапсыз қарға болып,
Жүрмей ме қарға шіркін жарға қонып?
Өзінді өзің соншама қуаттадың,
Аксұңқар ыәм арғымақ жорға болып.
Шәуеннен басың азат болғаннан соң,
Көңілің болған екен сонша толық.
Ақ қаптал айыл қиған кершолаксың,
Жасыңнан сүйреткенің арба болып.
Бас қостық екі топтан екі жауыр,
Жауырға таз қосылып, болдық тәуір.
Желден жеңіл желпілдек жел патша едің,
Сен маған қалайында болдың ауыр.
Оң сөзді теріс ұғар Мәди нарнақ,
Келген соң бес атаға өлең де арнап.
Жығылған сүрінгенге күледі деген,
Аяғы жерге тимей жүрген жолдан.
Қашқынды не пиғылынан сонша мақтап,
Жүрген жоқ Алшынбайдың тұзын ақтап.

Бір ауыз қосымша қып сөз жазыпсыз,
 Жетілдім асты-үстімді жездей қақтап.\
 Бұзылған жас күнінен қияли боп,
 Осындай мінезінен болған аумақ.
 Мәдиге Жуас неге жармасың?
 Біз қарға, өзің қаз боп таранасың,
 Жасынан нәшекі боп өскен байқұс
 Жол таңдап, жақсы ауылға қарамапсың.
 Мені де әлектедің әлін білмес,
 Құдайсыз ажал жетпей адам өлмес.
 Итаршы, көрінгенге шапқаныңша,
 Одан да құл болсаңшы адам білмес.

Осы айтыс туралы жоғарыда аттары аталған адамдардың пікірін сұрастырдық. Мәди – күрделі жан, тағдыр-талайы қайшылыққа толы тұлға. Ең жақын адамдарымен, әсіресе, ағасы Қақабаймен тартысқатүсуінің сыры әлі де түбегейлі зерттеуді қажет етеді. Кеңестік дәуірде Мәдиді кедей таптың жоғын жоқтаушы, Қақабайды үстем таптың өкілі деп оп-оңай дайын қалыпқа сала қойғанымыз да жасырын емес. Әбіштей ақынды, онда да ағайын бірлігінен барып туындайтын ұлт бірлігін, ұлт тұтастығын көксеген, әсіресе, өзгеге үлгі етіп ұсынар талай ұлы қасиеттері бар қазақы қоғамның табиғи, моральдық қағидаларын пір тұтқан жанды Мәдидің жырақ жүруі, бірге туған ағайындарымен кастасуы түсінбестікке әкелген сияқты.

Айтыс өткен уақыт қазақ тарихындағы ең бір күрделі кезеңге жатады. Дәл сол тұста қазақ үшін ең керегі ұйымшылдық, бірауыздылық еді. Әбіш – сондай мақсатты көздеген ақын. Сондықтан да айтыстағы жекелеген өткір сөздерде сол замандағы қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттарды ескере отырып, түсіністікпен қараған абзал.

Ақтар қашып, қызылдар қуып дегендей, кеңес өкіметі орнаған соң жаңа өкіметтің жүргізген саясатына Нарманбет, Диалар сияқты Әбіш те аса қарсы болған адам. Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған іс-шараларының астарында асқан зұлымдық жатқанын сұңғыла ақын сезіне білді. Белсенділер ақынның соңына түсті. Замана келбеті, уақыт талабы ақынға элегиялық сарындағы өлеңдер туғызуға алғышарттар жасады.

Ей, Мәке, қылма қайғы, құдай ісі,
 Ойласаң өткен күнді күйеді ішің.
 Қайыныңның бұрынғыдай күйі бар ма?
 Жазайын бір ауыз сөз көңілің үшін.

Сары қазы, саба ұстадың бәйбіше боп,
 Өтірік, осы күні қолыңда жоқ.
 Күнді ойлап өтіп кеткен алаңдама,
 Береді кімдерге опа дүние-боқ?

Еркелеп өсіп еді Құдайберген,
 Біз келдік ырзық айдап талай жерден.
 Өзінің мінбеуші еді атын ерттеп,
 Айтамын соның бәрін көзім көрген.

Бақ-дәулет бірдей біткен Ботантайға,
 Симаған отырса – өзен, көшсе – сайға.
 Жаралған бауыр еттен бала деген,
 Мекен – жер, аға-іні, Бадан қайда?

Алаштан асып еді Жақсы Жәкем,
 Үй болған аш-арыққа мырза Әйкем.
 Ық болып, от басында отырған соң,
 Әбіштің көрген күні немене екен?

Бай болып, қара айдаған атам – Ақтан,
 Өтірік, көрмеген соң бәрі мақтан.

Тәуекел қайығына мініп едік,
 Жаралған жұрағатпын Жарылқаптан.
 Басында Нұра деген ел болып ек,
 Дәулетті, дария, шалқар көл болып ек.
 Нұрадан үлгі алсын деп бұрын сайлап,
 Қарқаралы дуанына бел болып ек.
 Баласы үш Тоқсанның қайран елім,
 Сарыарқа – сандал тауым, Нұра – жерім.
 Ел тозып, жоқшылықтан босып кетті,
 Күнді ойлап, өтіп кеткен сынды белім.
 Баласы үш Тоқсанның – Құлжан – Мамыр,
 Ериді көңілім майдай қылсам сабыр.
 Болды ғой бұзылғандай ел мүшесі,
 Оңдаса қиын емес пәруардігер.
 Оңдай көр, патша құдай, ел кәрібін,
 Оңдаса, көрер едік күн жарығын.
 Қыдырдың қыдырғанда ізін бассам,
 Бетімнен түсер еді көн шарығым.
 Құдайкүл қойын жайдым қамысына,
 Батырдың келіп едік табысына.
 Хабарды, ахуалды білген жан жоқ,
 Тырысып мен жатырмын намысыма.
 Жүзігім қолымдағы кола, мыстан,
 Көңілім қайғыменен орта түскен.
 Дүние-ай, панасы жоқ бұдан өткен,
 Түбіне дүниенің кімдер жеткен?

«Жаңа заман орнады, дүние өзгереді. Бай құриды, кедейлер жарылқанады» деп дүниеге ұрандатып жатқанда, Әбіштің мұңға, налуға толы бұндай өлең жазуы оның ақындық көзқарас,

ұстанымынан ғана емес, жалпы, дүниетанымынан да хабар берсе керек.

Бірде оған салық салып, ауылдық Советтің жиналысы бітісімен, Әбеңнің мініп келген атын тартып алыпты. Сонда ауыл белсенділеріне, Әбішті советке қарсы деп күстаналағандарға ақын:

Ауылым Айдаболдан төменірек,
 Бекер сөз, өтірік айту неге керек?
 Мен де сендей түлкі боп бұлаңдасам,
 Мені де хатшылыққа алса керек, –

деп, өлеңмен жауап беріпті. Осы жыр жолдары сол кезеңдегі коммунистік-большевиктік идеологияға қаншалықты кереғар, қайшылықта болғандығын айтып жатудың қажеті жоқ шығар?

Халқының тәуелсіз, дербестігін аңсаған, қазақ қоғамының бекзаттығын сағынған ақынның бар жақсылықты өткен өмірден іздеуін де түсінуге болады. Біздің қолымызға толық нұсқасы түспеген Исабек ақынмен айтысында Әбіш ақын:

Әуелі сыйынамын жаратқанға,
 Медет берсін құдайым тіл мен жаққа.
 Ел ауып, Қаратаудан келгенінде,
 Құт болып, Жәкем мінген алтын таққа, –

деген екен. Бұл бір шумақтан да жоғарыдағы ойымыздың дәлелін көргендейміз.

Осынау шағын еңбектің басында Әбіш ақын Жанбайұлы туралы пікір айтқан адамдарды атап өттік. Көпшілігінің аузынан шығып, бір арнада тоғысар бір пікірге ден қойсақ, Әбіштің асқан шежірешіл болғандығы. Жүсекең (Ж. Алтайбаев) пен Әлекең (Ә. Әбішев) бір ауыздан мынандай пікір айтып еді:

«Арқа жерінде тарихшы, шежіреші адамдар көп болған. Солардың ішінде бір-бірімен аралас-құралас болған, жақын-

жуық, құдандалығы бар Диа мен Әбішті ерекше айтуға болады. Диа шежірені қара сөзбен жазса, Әбіш өлеңмен жазған» – деп еді. Әрине, бұл пікірді әлі де зерттей түсу керек. 2005 жылы талантты азамат, ел асылының жокшысы Т. Майбастың авторлығымен «Көкбөрі Керней дейтін елміз. Шежіре кітабы (Үшінші кітап)» деген атпен толымды дүние Қарағандыдағы «Болашақ-Баспадан» жарық көрді. Сол кітапта авторы белгісіз «Қаракесек» атты өлеңмен жазылған шежіре берілді. Жүсіп Алтайбаевтың «Әбіш жазған» деп шегелеп, қатты айтқаны осы шежіре еді. Әрине, бұл жайт әлі де болса зерттеуді, зерделеуді қажет етеді.

Міне, елім деп еңіреген көп азаматтың бірі, қазақ атты елінің руханият мұрасына біршама үлес қосқан, өмірі мен шығармашылығының зерттелуі бертінде ғана басталған адуынды ақын Әбіш Жанбайұлы жайлы ойлардың бір парасы осындай еді.

Заркын Тайшыбай
филология ғылымдарының
кандидаты, профессор

Ақиық әнші

Қазақ халқының өнер әлеміндегі жарық жұлдыздарының бірі Ғаббас Айтбаев туралы әредік айтылып, жазылып жүр. Қазақ атын алғаш рет әлемге танытып, Париж бен Рейндегі Франкфурт қалаларында ән салған Әміре атамыздың атымен қатар аталатын Ғаббас неге ұмытылсын. Париж демекші, француз астанасына Ғаббас есімі сол кезде-ақ мәлім болған. Париж университетінің әулие Женевьева кітапханасында француздың ұлы жазушысы және музыканың үлкен білгірі Ромэн Ролланның архиві сақталған. Совет зерттеушілері сол Роллан архивінен қызық документ тапқаны қазақ өнерінің тарихы үшін тағы бір жаңалық болып отыр.

Алдымен біраз сөз сол хат туралы. Қазақ музыкасын талмай зерттеуші ғұлама Александр Викторович Затаевич француз жазушысы Ромэн Ролланға өзінің 1931жылы шыққан «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинағын қолтаңба қойып, сыйға тартқан екен. Кітабына қоса ұзақ хат жазыпты. Қазақ елінің аса бай халық музыкасы жөнінде жан-жақты мағлұмат беретін түсіндірме очерк десе болғандай. Енді сол хаттың французша түпнұсқасының орысша аудармасынан өзіміз қазақшалаған үзінді келтірейік: хаттың жазылған күні 1931жылғы 8 сентябрь, басына Затаевичтің адресі «Москва, Арбат, Плотников мүйісі, 15 үй, 1 пәтер» деп жазылған.

«...1926 – 1928 жылдары мен темір жол бойымен, салт атпен, арбамен бұл елдің (Қазақстанның – З.Т.) көптеген шалғай жерлерін аралап, ұзын-ырғасы 10 мың шақырымнан аса жол жүрдім.

Өзімнің шалағай білетін французшаммен кыр өлкесінің кермет көркін жеткізе аламын деп айта алмаймын. Әсіресе, мұнар таулы, көгілдір белді, қанша қарасаң көз қарықпайтын атақты Қарқаралы өңірі қандай десеңізші. Шалғын, шабындығы көсіле жайылып, алуан гүлдермен құлпырған шетсіз-шексіз теңіз ғой ол. Күннің шығуы мен батуының өзі қанық бояулы орасан зор картина; көгілдір көлдері айнадай жарқырайды; аппақ шағалалары аспан жүзін кестелеп билеп жүрген бишілердей; киянға шарықтаған қырандарынан көз алмайсыз; тіпті тапа-тал түсте жолыңызды қапталдай жорытқан кәрі арланның өзі осы далаға көрік беріп тұр екен. Мұндай ғажап суреттер маған ұмытылмас әсер қалдырды. Өттең, осындай кереметтерді Европа білмейді ғой, білмейді.

Ал енді осындай ғажайып өлкеде тамаша әнші-ақындар бар екені де әбден заңды-ақ. Осы аймақтан үш жүзге тарта ән жазып алған менен бақытты адам бар ма екен? Олардың ішінде атақты әншілер Ғаббас Айтбаев (102-113 беттер), Мағира Шамсутдинова (405-417 беттер), Мұсылманқұл Әбсалықов (79-91 беттер) сияқты керемет орындаушылар бар. (Өкінішке қарай алғашқы екеуі қазір бұл дүниеде жоқ. Шексіз талантының шырқау биік шағында қайтыс болып кетті, сондықтан да менің мына жазбаларым тарих үшін тіпті де мәндірек деп есептеймін)».

Міне, дүниенің бір қиырындағы француз жұртына Ромэн Роллан арқылы казактың үш әншісінің таланты осылай танылған еді. Хаттағы Мағира есімді әнші – атақты Майра Уәлиқызы. Ал, Мұсылманқұл жөнінде бір-екі ауыз сөз айта кетсек артық болмас. Мұсылманқұл Әбсалықовты Затаевич Едірей болысының әншісі деп жазыпты. Ол – Егіндібұлақ ауданының «Арқалық» совхозының жерінде туып өскен. Нығмет Нұрмақовтың туған жездесі. 1926 жылы 24 июльде Қуға Затаевичті ертіп келген Нығмет

Мұсылманқұлды бірінші таныстырған. Еті тірі, жұғымды әрі орысша білетін Мұсылманқұл А.В. Затаевичпен жақын достасады. Қу, Қарқаралы өңірін аралатып, композитор Қарқаралыдан Семейге аттанғанша қасында болған.

Мұсылманқұл әсіресе, Абай әндерін көп айтады екен. Затаевичке «Өлеңді қайтып қоярсың» әнін жаздырған. Сөйтіп, ұлы Абайдың әнін нотаға алғаш түсірткен осы Мұсылманқұл. Оның «Нұрсұлу», «Қарақия», «Лашын қыз» деген әндері қазір ұмытылып бара жатса да, нотасы бар.

Мұсылманқұл шебер күйші болған. Одан «Қосбасардың» бір түрін жазып алған А.В. Затаевичтің әсері мынадай: «Маған М. Әбсалықов тартып берген «Қосбасар» өзгеше екен. Таң қалдым. Бұл күй С.В. Рахманиновтың «Қадір түні» деп аталатын шығармасына ұқсады. Ал күйдің орта тұсы М.П. Мусоргскийдің «Борис Годуновындағы» Шинкарканың ариозасын екі рет қайталайды. Әрине, менің бұл салыстыруым мәдениет пен халық музыкасының арғы тегі ежелден өте жақын болғандығының тағы бір дәлелі ғой».

Сонымен Ғаббасқа қайта келейік. Оның әкесі Айтбай Абаймен құрдас. Айтбай Біржан салмен жақын дос, көңілдес болған адам. Қоянды жәрменкесінің дүрілдеп тұрған шағында Біржан жәрменке туын әнмен көтеріп, «Базарың құтты болсын, ардақты елім» деп келетін атақты әнін айтқан екен. Сонда: «бұл әнді мына Айтбай ақынға арнадым» деген Біржан сөзі ел арасында әлі бар. Бұл фактіге көп дәлелдің керегі де жоқ, халыққа «Айтбай» деген атпен таралып кетуінің өзі куә. Бұл ән өнерпаз достар арасындағы сыйластықтың жалаулы белгісіндей ұмытылмай ұрпақтан ұрпаққа жетіп келеді. Айтбайдың «Перизат», «Раушан», «Қоңыр» деген әндері әлі де көп орындалады. Алғашқы екі ән «Қыз Жібек» операсында айтылады.

Сол Айтбайдың бір баласы Ғаббас, 1882 жылы туған. Ортадан биік, сымбатты, дөңгелек жүзді Ғаббас қара торының әдемісі екен. Көркіне мінезі сай, біртоға, елге қадірлі жігіт болып өседі. Айтбай басқа жарығанмен, мал жағынан кемшілік көріп, балалары Ұсайын, Қадыс, Ғаббас, Мұқан жалшылыққа ерте жүрген. Соның ішінде Ғаббас Қарқаралыдағы орыс көпесіне жалданып, мал табу жолында уақытын өткізіп алады да, кешірек үйленеді. Ғаббастың қалың бермей, алып қашып алғаны Әниша Жылқыайдарқызы Қазақ ССР-нің халық артисі Рахия Қойшыбаеваның туған апасы.

1926 жылғы июльдің аяғында Қазақ АССР Халық Комиссарлар Советінің председателі Нығмет Нұрмақов А.В. Затаевичті Семейлетіп Қу бауырына (ол кезде Мендешев болысы деп аталады) алып келеді. Егіндібұлақтан 15-16 шақырым жерде Балықтыкөлдің теріскей қапталындағы Өзденбай-Ханкелді деген өлкеде жайлауда отырған ауылға тоқтайды. Н. Нұрмақов Затаевичтің шаруасына көмектесіп, жергілікті өкімет орындары арқылы Қу, Едірей, Дастар өңіріндегі әнші-күйшілерді жинатады. Зерттеушіге жеке үй тіктіреді.

Халық қазынасының мол кеніне киліккен Александр Викторович Қуда екі апта болып, 280 ән мен күйдің нотасын қағазға түсіреді. Затаевичтің жазуынша: «Бұл елдің тауы да, тасы да, ағашы да ән салады. Тіпті сыйқырлы самал желдің өзі үн шығарып тұрғандай. Өлкесінде алуан өсімдігі, тауында тағысы қандай көп болса, бұл елдің әншілері мен күйшілері де сондай көп». Өзі жұмыс істеген уақытта жергілікті халықтың оған көрсеткен ілтипаты мен кішіпейілдігіне разы болған Затаевич: «Тіпті жазып үлгере алмай, бір әнді бірнеше рет айтқызамын. Онымды өзім ыңғайсыз көремін. Өйтпесе тағы болмайды. Қазақтың мың құбылған әнінің барлық нәрін беру үшін солай әуреленуге тура келді».

Сол әншілердің ішінде, әсіресе, Ғаббас Айтбаев өнеріне шексіз тәнті болған сүйіспеншілігін Затаевич еңбектерінің талай жерінен көреміз. Ғаббастың жүріс-тұрысы мен кісілік қасиеттерінен бастап, ол айтқан әрбір әнді сипаттайды. Мысалы, «Ғаббастың «Ардағының» өзі асқақ поэзия, тек қана қазақтың ғана емес, бүкіл халық музыкасының, тіпті музыка атаулының аса айшықты жетістігі».

Міне, түндігі айқара ашылып, іргесі түрілген киіз үйдің самалды саясында Ғаббас әнін тыңдаған маман музыканттың бағасы осындай. Қаймағы бұзылмаған халық өнерінің кәусарына кім тойған? Батыс пен Шығыстың классикалық музыкасының білгірі Александр Викторович Затаевичтің таңданудан басқа шарасы қалмаған. Өнер бағасын өнер иесінен білгенге не жетсін. Затаевичтің бұл пікірлері, Ғаббас творчествосы жөніндегі кәміл кесімі басқа да атышулы мамандардың жылы лебізімен толығып жатады.

Москваға 1926 жылдың 5 сентябріне қайтқан А.В. Затаевич 11 сентябрьде жазған творчестволық есебінде мынадай жолдар бар: «Жазып әкелген әндерімнің ішінде Қарқаралы уезінің тамаша әншісі Ғаббас Айтбаевтан он үш ән, халық ішінде белгілі әнші атанған Қали Байжановтан он ән, Мұсылманқұл Әбсалықовтан он бес ән бар. Сол сияқты қырдағы атақты әнші қыз павлодарлық Мағирадан он үш ән жазып алдым».

Затаевич Ғаббас жөніндегі әсерлерін С.В. Рахманинов, М.М. Ипполитов-Иванов, М.Я. Мясковский сияқты атақты композиторларға тамсана отырып жеткізеді.

Келер жылы СССР Халық ағарту комиссариатына ұсыныс жасап, Советтердің Бүкілодақтық ІҮ съезінің делегаттарына арнап қойылатын концертке шақырылуға тиіс қазақ өнерпаздарының арасына өзі табынған Ғаббас Айтбаевты да костырады.

1927 жылдың 17 апрелінде Кремльде болған бұл концертке қазақ өнерінің жарық жұлдыздары Әміре, Қали, Иса, Құрманбек,

Қалибек, Елубай, әйелдерден Дәлила Оңғарбаева мен Жанбике Шанина қатысқанын білеміз. Ертеңінде сол концерт кеңейтіліп, Москва консерваториясының залында қайталанған. Әміренің атағы жер жарып, әлемге мәшһүр болып тұрған кезі де осы. Концерт программасында Әміренің «Жалғыз арша», «Смет», «Ағаш аяқ», «Дударай» әндерін, Исаның «Желдірме» айтқаны, Елубайдың «Ағайын», «Сарыарқа» әндерін орындағаны көрсетілген. Ал, Ғаббас есімінің жанына «Ғазиз ақын», «Баянауыл», «Сары өлең» деген әндер жазылған. Концертті көрген қалың жұрттың арасында музыка академигі Б.В. Асафьев, К.С. Станиславский, В.И. Немирович-Данченко сияқты астана шеберлері болған.

«Концертке қатысқан топтың ішінен үшеуін – Ғаббасты, Әмірені, Қалиды таңдап алып, халық музыкасының білгірі, әрі катал сыншы профессор П. Любимовтың пәтеріне келдім, – деп жазады А.В. Затаевич. – Сол күні Любимовтың үйінде атақты испан әншісі әрі гитараның шашасына шаң жұкпас жүйрігі, Москвада гастроль беріп, астананы аузына қаратқан Андреа Сеговия мейман екен. Әуелі Әміре, содан соң Қали ән айтты. Испан әншісі оларға разы болды, жылы лебізді мақтау сөз айтты. Ал, Ғаббас ән салғанда, испандық музыкант ерекше толқып кетті білем, ішінен күбірлей берді. Ән аяқталғанда Сеговия орнынан тұра келіп, Ғаббастың қолын бір уақыт қыса сілкіп, испанша сөз айтты. Маған тез аударып бер деді. Ондағысы: «Уэ, құныңыз өте үлкен ақын ғой!» дегені еді. Ғаббас сабырлы қалпын бұзған жоқ, дөңгелек қара көздерін төңкеріп, басын изеді.

Әрине, бұл арада Әміре кем соққан екен деген ой тумасын. Әміренің аты – Әміре ғой. Ол жөнінде «Дауысы жағынан Қали мен Ғаббастан артық тұр» деген Затаевич сөзіне дау айтар кім бар.

Москвада тағы бірнеше күн болған Ғаббас Үлкен театрда қойылған «Әлем этнографиясы» («Этномир») концертінде де шырқау биіктен көрінді.

Астанадан оралғаннан кейін Ғаббас он үшінші ауыл кеңесі председатели болып қызмет етті. Жаңа ғана қаз тұрып келе жатқан ауыл жұмысын жандандырды. Ол астанаға, театрға шақырғанға бармады. Өз өмірін өнерге арнамады. Туған ауылының жағдайын жақсарту тек өзі сияқты азаматтардың міндеті екендігін білді.

Ғаббас Айтбаев күш-қайратының толықсып тұрған шағында 1930 жылғы февраль айының оны күні Егіндібұлақ ауданындағы Алғабас ауыл кеңесіне қарасты Мырзақатын деген жерде кенеттен қайтыс болды.

Өнеріне, өнегелі өміріне ғашық болған А. Затаевич бұл хабарға қатты күйзелді. Сонау қазақ даласындағы таң шолпандай ардақты азаматтың өмірі мұнша қысқа болатынын ол білмеген еді.

«1931 жылдың январында Алматыдан Москваға келген Ілияс Жансүгіров біздің үйде болды. Әңгіме үстінде Ғаббас жайын сұрадым. Ілияс: «Востоккино» экспедициясын бастап Қарқаралы, Қу жағына барып қайттым. Ғаббас жүрек ауруынан аяқ астында қайтыс болыпты деді. Қайран, Ғаббас! Жанбай жатып сөндің-ау? Туған даласының әншілері арасында ең үздік ақияғы едің, түнере төнген Қу тауының бауырында ата мекеніңнің суық топырағын жамылып, мәңгіге көз жұмған екенсің ғой. Оның сиқырлы сазды үні арнайы аспапқа жазылмай қалса да, әнін жобалап та болса қағазға түсіріп алғаным марқұмның артында қалған белгі болсын». Осынау жолдар Ғаббастың қайталанбас қасиеттерін аса жоғары бағалаған А.В. Затаевич қаламынан туған еді.

Жыр жорғасы – Жолдыкей

Жолдыкей Нұрмағанбетұлы 1888 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданындағы табиғаты көрікті мекен Қараағаш орманының Сұлутерек деген жерінде дүниеге келген. Мұны:

Сен едің туған жерім, Сұлутерек,

Терегін күнге өрлеп өскен ерек.

Ардақты арападай мекенім-ай,

Саянда отырайын көлеңкелеп-деп басталатын
«Сұлутерек» өлеңі дәлелдейді.

Қазақы шежіренің ізін қуаласақ, ақынның ата-тегі Токаның төрт баласының бірі Бесімнің кіші бәйбішесі Дәулетбикеден тарайтын Барғана, Айтқожа, Сатыбалды болса – Сатыбалдыдан Ерназар, Елгелді, Бәймембет бұтағы өрбиді. Ерназардың өзінен – Жалаңтөс (Жолболды), Ақжігіт, Бекше, Жантай және Жанкелді тарайды. Ал Ақжігіттен – Серкебай, Серкебайдан – Дүйсенбі, Бейсенбі, Түйтебек, Малайсары. Түйтебектің үлкен бәйбішесінен Үмбетбай, одан Нұрмағамбет. Ол кісіден Жолдыкей туады.

Ақындық таланты жағынан Жолдыкей нағашысы –Төлеубай салға тартқан. Бұл адамның Шоңкеңмен (Шоң бимен) дәм-тұзы жарасты болғаны белгілі. Шоңкеңнің сүйікті бәйбішесі Әйімкүл қайтыс болғанда көп күн қайғыдан бас көтермей жатқан биге:

Мырза қосағың қосақ еді,

Хор қызына ұсап еді.

Өзің-өзің болғалы,

Көрген құқайың осы-ақ еді.

Әлің кетіп бойыңнан,

Алпыс екі тамырың босап еді.

Дертіңе дауа тағы да,

Бір сұлудың құшағы еді, –

дегенде Шоңкең: «Уа, Төкімім келіп қалдың ба?» – деп құшағына қысқан екен деген сөз сақталған.

Ақын ата-бабасының мекені – Қараағаш аймағы болғанымен өмірінің көп бөлігі Нұра өңірінде өтеді. Қазақ ауылдарын ұжымдастыру науқаны басталғанда, бейқам өмір кешіп отырған ел аяқ астынан Нұра жаққа үдерте көшіріледі. Айнабұлақ, Балықтыкөлден әрі асырылып, Ақмола түбіндегі Ахмет ауылына дейін апарылады. Сол көштің бір бөлігі Қайып Айнабековтың «Қолаң» дастанында жырланатын, сұлу Қолаң қыз қаза тапқан осы аттас төбешік етегіндегі Көкөзек ауылына табан тіреп қалады.

Жолдыкей өлең-жырлар шығарумен 1920 жылдан айналыса бастаған сыңайлы. Бұл отыздың ортасындағы шағы. Мәселен, «Кедейлік» деген өлеңі 1921 жылы шығарылғаны қолжазбасында көрсетілген. Ол өзінің шығармаларында табиғат көркін, жаңа өмірді жырлады. Заман ағымына қарай партия ұлылығын, Сталиннің данышпандығын дәріптеген өлендері де баршылық. Екінші жаһандық соғыс кезінде ел қорғауға жырлар арнады. Бұлардың көбі «Советтік Қарағанды» газетінде жарияланған.

Ол әсіресе, айтыскер ақын ретінде танылады. Жазушы Ғ. Мүсірепов 1943 жылғы республикалық алғашқы ақындар айтысына Жолдыкейді арнап шақырып қатыстырған. Сонда Сәбит Мұқанов айтыс алдында ақындардың шалымын байқамақ болып «Облыстарыңыздың сипатын танытарлық жайды бір ауыз өлеңге сыйдыра айтып шыға қойыңыздаршы» – дегенде басқалары тосылып қалғанда Жөкең қолма-қол:

Халқыма Қарағандым – қара саба,

Атағы Алатаудан аласа ма?

Еліме қара алтынын беріп жатыр,
Ақындар осыныма таласа ма?, –
дей төгілте жөнелгенде Сәбең риза болыпты.

Оның ақындық қалыптасуы жөнінде әйгілі әдебиет зерттеушісі Есмағамбет Ысмайыловтың «Ақындар» монографиясында баяндалады. Ұлы суреткер Мұхтар Әуезов «Совет ақындарының айтысы» атты мақаласында Жөкеңнің есімін атап бөліп, айтыстарынан үзінді келтіреді. «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары» жинағын құрастырған әдебиетші ғалым Дакен Шалабеков онда Нұрмағамбетұлы шығармаларына көп орын берген. Сондай-ақ ақынның өлеңдері «Пернедегі термелер» жинағына, «Айтыс» кітабына енді.

Есмағамбет Ысмайылов «Қазіргі халық ақындарының өнер жолы» атты мақаласында өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы ақын жыршылардың біріншілері хат танымайтын немесе шала сауатты, екіншілері хат танитын, бірақ жазба әдебиеті үлгісін меңгеріп кетпегендер, үшіншілері хат танитын әрі жазба әдебиеті үлгісін меңгеріп қалам тербеушілер деп топтағанындай Жолдыкейді екінші топқа жатқызуға болады. Яки, хат танитын, бірақ жазба әдебиеті үлгісін терең меңгеріп кетпеген жыршы. Оның қолжазбасына қарағанда есінде сақталғандарын өмірінің соңғы жылдарында ғана жинақтап, қағазға түсірген тәрізді.

164 Ақынның өлең-жырлары ішінде туған жерді, өскен ортаны, табиғатты суреттеген туындылары табыстарды, советтік өмірді мадақтағандарынан гөрі көркемдік жағынан анағұрлым жоғары. Мысалы:

Келеміз, Құланөтпес, сенен өтіп,
Жолшыбай тынбай жүріп ат терлетіп.

Көк тұманнан басына сауыт киіп,
Тәкәппар Амантау тұр өлеңдетіп, –
деп басталатын «Құланөтпес» өлеңін, «Соғылды бесжылдықтың балғасымен» немесе, «Астықты Нұрамен» салыстыруға болмайды.

Жыр жорғасы алдымен айтулы айтыстарымен аты шыққан. Көшен Елеуовпен, Ғабдиман Игенсартовпен сөз қақтығыстары әр түрлі жинақтарда жарияланған. Соның ішінде Жөкең айтыстың сирек әрі көне бір түрін де қолданған. Ол қорасындағы сиырымен «айтысады». Айтыстың мұндай үлгісі халық поэзиясында кездеседі. Аңмен, малмен, тіпті өлі мен тірінің атынан да айтысу ежелден бар әдет. Соны қолданған Жөкең соярға малы қалмағандықтан мұңын өзі арық, өзі соқыр сиырына шағады.

... Сен едің үйлі жанның тиянағы,
Шиеттей жас бала бар ұядағы.
Барады бәрі жылап мазамды алып,
Ал енді Жөкең неден ұялады, –

дейді де, пышағын қайрай бастайды. Со мезетте, «Дат қожайыным. Ақтық сөзім бар» деген соқыр сиырына тіл бітіп, өзінің де, иесінің де неге ауыр халге ұшырағанын айтып, оған кінәлі Көкөзек колхозының астығын ұрлаушылар екенін әшкерелей жөнеледі.

... Түрің бар мені көрсең бұзылатын,
Етім жоқ сойғанмен қызығатын.
Егер де тілімді алмай сойып алсан.
Қағазға сөзім болсын сызылатын.
Астықтың ордасындай қара Нұра,
Наны жоқ сенен басқа бар ма сірә?
Әкетті мәшинамен алпыс қапты,
Сексеннен жалған десен бар да сұра, –

деп сиыр түнде қорадан сыртқа сығалағанда көргендерін жайып салады.

Жолдыкейдің өлең-жырлары ел аузында сақталып келді. Бұл ретте ескі әңгімеге жүйрік марқұм Елқұтты Әкілдековтың ақын мұрасын бүгінгі ұрпаққа жеткізудегі үлесі бір бөлек. Жолдыкей Нұрмағамбетұлы туындылары ұмыттырылмауға тұрарлықтай дүниелер. Соны сақтау қажет.

Дыбыс Ахметов
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Халық ақыны

Орталық Қазақстандағы халық ақындарының ішінде елімізге ақындық дарындылығымен, абзал азаматтығымен танылғандардың бірі Қайып Айнабеков (1885-1955) дер едік. «Қалың ел – қазағымыздың» ортасынан шыққан ол қашанда халықпен бірге болды, оның ой-арманын өзінің өлең-жырларында жария етіп отырды. Алғашқы шығармашылық жолын жастық тақырыбына арналған лирикалық өлендерден бастаған Қайқаң, кейін эпикалық жырларға да ауысады. Арқаның атақты әнші, ақындарына еліктеумен ол домбыра, қобыз тарту өнерін де меңгерген. Тіпті 1923 жылы Москвада болған көрмеде ол республика өнерпаздары қатарында қобыз тартып, астана жұртшылығына өз өнерін көрсетеді.

Қайып Айнабеков қазақ әдебиетінің негізін қалаушыларының бірі ұлы ақын Сәкен Сейфуллинмен тығыз байланыста болады. Бұл жөнінен кезінде профессор Есмағанбет Ысмайылов былай деп жазды: «Айнабек балалары – Жақан, Салық, Қайып Сәкенмен Совдеп заманынан бері жақсы дос-жар, жаңа пікірлі адамдар болды, енді сол Айнабекпен бірге туысқан Батырбектің қызына үйленіп, бұрынғы достықтары туыстық, семьялық жақындыққа айналады... Қайып Сәкен тарапынан творчестволық қолдау тауып, ал Салық оның жолдасының бірі еді».

Шынында да Сәкен Айнабековтер семьясына жақсы әсерін тигізген. Айнабек балалары оның «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында да еске алынады. Қайып Айнабеков әр түрлі совет

қызметінде болып, бір жағынан ол шығармашылық қызметінен де қол үзбейді. Өзі мұғалім болмаса да, ауылдық жерде мектеп салу балаларды оқыту ісімен шұғылданады, үнемі қоғамдық жұмыстарын атқарумен болады. Ал 1951 жылдан бері Қарағанды облыстық кеңесіне халық депутаты болып сайланады.

Осындай мазмұнды өмірін халыққа қызмет етуге арнаған Қайып ақынның шығармашылығы 1907 жылдардан басталады. Бірақ жас Қайыптың алғашқы шығармаларында қыз сұлулығы, табиғат көрінісі суреттеледі де, үлкен әлеуметтік мәселелер кейін жиырмасыншы жылдардан бастап қана орын ала бастайды. Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы 1928 жылы «Қырдың қызыл гүлдері» деген атпен Алматыда басылып шықты. Жинаққа енген ақын өлеңдері сол кездегі заман тынысын, дәуір ерекшеліктерін көрсете білген. «Тілеу ниетіме», «Азат құс» және басқа да өлеңдері ақынның саяси бағытының дұрыстығын танытады. Сол уақытта өмірде болып жатқан үлкенді-кішілі оқиғалардың қайсысына болсын ақын өзіндік үнін қосып отырған десек, асыра айтпаймыз.

1943 жылы Қайып Айнабеков Қазақстан Жазушылар одағына мүше болады. Оның таңдамалы шығармалары «Өлеңдер» деген атпен 1951 жылы басылып шықты. Қарт ақын қайтыс болған жылы, Асқар Тоқпановтың құрастыруымен «Шығармалар» атты жинағы 1955 жылы жарық көрді. Бұл кітапқа ақынның өлеңдерімен қатар мақал-мәтелдері, дастандары да енген.

Қайыптың көптеген өлең-жырларында халықтық, гуманистік сарын басым болып келеді. Бұл оның халық өмірі мен еңбегін, ой-арманын шынайы жырлауына да әсерін мол тигізеді. Мұны оның жиырмасыншы жылдардағы «Үндеу», «Әйелдерге», осы тәріздес басқа да әлеуметтік өлеңдерінен, сондай-ақ одан кейінгі кезеңдердегі шығармаларынан да анық байқаймыз.

Ақын жырлаған өмір құбылысы уақыт логикасынан өзінен-өзі туындап жатады, сондықтан да оның үгіті тартымды болып-ақ келеді. Мысалы, «Сайлаушыларға», «Жарыста алда болайық», «Кілті бізде», «Тасқын» деген өлеңдерінің аты айқайлы болса да, сондай бір нанымдылық бар. Оның себебі, ел ішіндегі болып жатқан табыстар қарт ақынды қатты қуантады. Толғанып туған өлеңнің ыстығы да оқырмандарға суынбай жетіп жатады. Мәселен, «Тану» деген өлеңінде ақын былайша сөйлейді:

Әділет таяғымды қолыма алып,
Үйренем, өнер қуам, құлаш ұрам.
Атқан таң, тіккен теңдік ортасында,
Орнатпай жаңа тұрмыс неге тұрам?
Жарасып жер бетіне гүл боп күлер,
Қашаннан асыраған қастерлі анам! –

дейді.

Ақынның азаматтық лирикаларында ерлік пен мейірімділік, ұлттар достығы мен Отанға деген сүйіспеншілік сезімдері де баршылық. Кешегі өткен Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған өлеңдерінде жауынгерлеріміздің тілегі мен қуанышы да, күйініші мен сүйініші де бар. Ақындық ыстық сезім сияқты батырарымыз Нұркен мен Төлегенге, Мәлік пен Мартбекке арнаған өлеңдерінен көрінеді. Мысалы, «Әбдірдің Нұркені» деген өлеңінде:

«Ел білген, ер өлмес сен өлмейсің,
Ұлы Отан, елім елеп түгел білген!» –

деп тұжырымдайды.

Бірсыпыра өлеңдерінде ақын тылдағы ел адамдарының жанқиярлық еңбегін суреттейді. 1944 жылғы желтоқсанда жұмысқа қосылған қазақ металлургия заводын да, бейбітшілік ұранын да ақын Жеңіс күніне арналған өлеңіндегідей қуанышты шабытпен жырлайды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қайып Қарағанды шахталарында айтыстар, еңбек жарыстарын ұйымдастыруға ат салысады.

Жалпы халықтар достығы Қайып Айнабеков шығармаларының негізгі бір идеялық арқауын құрады.

Бір ұласқан тілегіміз, ойымыз,

Қатар өскен Алатаудай бойымыз.

Бір бұлақтан балын ішкен бақыттың,

Қырғыз елі құтты болсын тойыңыз!, –

дейді ақын «Қырғыз тойына» атты өлеңінде.

Қайып Айнабековтың «Құтты болсын», «Нөсерлеп мен төгейін», «Әділеттік женеді», «Күмән жоқ» сияқты өлеңдерінде осы достық пен бейбітшілік тақырыбы тереңдей түседі. Мұнда ақын бейбітшіліктің жеңетіндігі туралы ойды көркемдеп бейнелейді, жастарымыздың қажырлы еңбегіне, табыстарына шын жүректен қуанады.

Ақынның ең мол жырланған тақырыптардың бірі – көмір алыбы Қарағанды. Ол ескі қала мен еңсесін биік көтерген жаңа Қарағандыны салыстыра отырып жырлайды.

«Құба жол құлазыған кеше дала,

Сәулетті, міне, бүгін сәнді қала», –

дейді ол бүгінгі Қарағанды туралы.

170 Отызыншы жылдары Қарағанды шахтасында жұмыс істеген ол, біраз өлеңдерін шахтерлердің өміріне, ауыр еңбегіне арнайды («Көмір», «Өрендер гүлдей самғасын», «Мақтан етем», «Шахтерлер серті», т.б.). Мысалы, «Лавада» атты өлеңінде ақын шахта ішіндегі көріністі былайша сипаттайды.

Лаваны көріп тұрсам көңіл бөліп,

Кеткендей бар ауырлық жеңілденіп.

Ішінде штректің вагондар жүр,
Москваның метросы секілденіп –

десе, «Мартен пеші жүрген тойда» өлеңінде:

Көмір, мыс-қорғасын мен молибдені,

Көлкіді көл-көсір боп дариядай.

Тағы да болат балқып, қайнап шықты,

Жарқылдап жау үстінде найзағайдай.

Ұлы Отан соғысында оқ боп қаптап,

Атылды мындап құрыш жауға қарай.

Бұрынғы күш үстіне күшін қосып,

Жауыздың төбесінен төгілді жай.

Дұшпанға сокқы үстіне сокқы берген,

Қуандым табысына тамашалай.

Бұл біздің жеңіске деп еккен жеміс,

Тойға арнап салтанатты салған сарай.

Қарт ақын мандай терін сыпырып жүріп, ел қуатын арттырушыларға үлкен құрмет айтады:

Иіліп елге басын иген кісі,

Жүректен туған елді сүйген кісі.

Отан үшін аянбай еңбек еткен,

Бәріңізді сүйемін үлкен-кіші.

Қырағы күзетшінің көзін сүйем,

Жалынды шешен жанның сөзін сүйем.

Керекті істер істеп бергені үшін,

Ұста мен тігіншінің өзін сүйем! –

деп ол шабыттана жырлайды.

Ақынның шығармашылығына халық поэзиясында жиі ұшырасатын дидактикалық сарындар, ғибраттық ойлар күшті әсер ет-

кен. Оның «Балаларыма», «Үйленген жігіттерге», «Жолдастарға», «Ақындарға айтарым» тәрізді өлеңдері бұған дәлел. Осы шығармаларында ақын жастарға «аракты әуес, шылымды сән» деп білме, семья шырқын бұзба, достарыңды қадірле:

Жолдастарың болмаса,
Кемдік көрер бір басың.
Бұзды деп біреу сен бұзба,
Адамдықтың формасын, —

деп оларға ақыл айтады. Қайып жалпы жазба поэзиясынан, әсіресе, ұлы Абайдан мол үйренген ақын. Мұны оның «Ер Төлеген», «Егісте», «Жанарлы қонақ жарк етті» атты өлеңдерінен және табиғатқа арналған «Қыс келді», «Жазғытұрым», «Май айында» басқа да шығармаларынан ашық көруге болады. Осы сарында «Жиған-терген», «Термелер», «Менің баталарым» сияқты өлеңдері жатады. Ақын «Жиған-терген» деген өлеңінде жемқорларды, мансапқорларды, мақтаншақтарды, өгірікшілерді әжуа етіп сынайды.

Ал, Қайыптың «Термелері» сонау жылдары жаңаарқалық Игілік Омаровтың орындауында радиодан беріліп, көпшілікке таралды да кетті. Ақын өзінің накыл өлеңдерінде туыстар арасындағы қатынастар, адам басында кездесетін кемшіліктер жөнінде айта келіп, жастарға «бөлу қиын жаман деп, өзің туған шешеннен», сондықтан да ата-ананды ренжітпе, «асыра, сақта, күт, ардақта, аялап бақ» дейді.

Ақынның «Қолан», «Бурабай», «Алып туралы аңыз» сияқты дастандары өткен өмірдің кейбір көріністерін бейнелеуге арналған. Олар негізінен халық поэзиясындағы лиро-эпикалық поэмалардың үлгісінде жазылған. «Алып туралы аңыз» дастаны қара алтынды

Қарағандыға арналса, «Бурабай» дастанында Көкшенің көрікті суреті бар.

Көрсеңіз Көкшетаудың Бурабайын,
Аясы аңыз еткен сұлу жайын.
Шығарған сан сұлуды шомылдырып,
Айнала шымылдық ғып қарағайын, —

сияқты жолдарды оқып отырғанда көз алдымызға Сәкен үлгісі келіп-ақ қалады.

Жалпы өз өлеңдерінде ол бос сөздермен даурықпайды, кейбір ақындарда кездесетін ой бытыраңқылығы, ұзақ сөзділік, бірді айтып бірге кетушілік онда мүлде ұшыраспайды, тіпті кей ретте бір шумақпен-ақ ойды ұтымды жеткізеді. Бұл да ақындық шеберліктің үлгісі болса керек. Ақын қысқа сөздермен келелі бір ойды білдіргісі келгенде шендестіру әдісін қолданады:

Өзектердің тасыған,
Өзенге күші қосылар.
Тасқын бұзып көшкен соң,
Астаң-кестең жосылар...
Біздің күштер қарқынын,
Тасыған сайын асырар.
Елімнің ынта-жігері,
Басылмас тасқын осылар.

Ал, «Көктем айы» деген өлеңінде жыл мезгілін былайша суреттейді:

Күн қызып, моншақтатып жерден терді,
Бұлдырап сағым құшты бұйра белді.
Жаздың күні ыстық шақ секілденіп,
Көп қызық көз алдыма елестеді,

Көрінген өсімдіктің түгел тегі,
Секілді жас ұрпақтың келешегі.
Жайнатып жердің жүзін жасартқан соң,
Жүректің қуанышты лебі еседі.

Осы көркем өлеңдегі «жаздың күні ыстық шақ секілденіп», не болмаса, «көрінген өсімдіктің түгел тегі, секілді жас ұрпақтың келешегі» деген теңеулер ауыз әдебиетінде сирек кездесетін үздік салыстырмалар. Негізгі ақын еңбектері, әдеби мұрасы көпке ортақ, жастарға үлгі, ал ғылыми тұрғыдан алып қарағанда, әлі де болса зерттеуге тұрарлық құнды дүниелер. Бұл шағын мақалада Қайып Айнабековтың шығармалар жазу үлгілеріне қысқаша ғана тоқталдық.

Бүгінде осынау қадірлі ақынымыздың аталмыш кітаптары, өкінішке орай, қолға да түсе бермейді. Нұралық оқырмандарымыздың қазір елуден, алпыстан асқандардың өзі Қайқанның ерекше бір жақсы қасиеттерін әредік айта жүретіндерін естіп жүрміз, алайда, солардың өздері ақын өмірінің талай қырлары мен сырларына аса қанық емес деп білеміз. Сондықтан бұл үздік талантты, үлкен жүректі ақынды оқырмандарға іздене жүріп білуімізше танымал ету үшін бүкіл болмысын түгел айтпасақ та, кемелді кейпінен дерек бергеніміз жөн шығар деп ойлаймыз.

174 Ақын Қайып (шын аты Қайыпберді) Айнабеков 1885 жылдың жазында Көбетей ауылында, шағын шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесінен жастай айырылған Қайып өмірдің талай тауқыметін өз басынан кешіреді. 1918 жылдардан бастап елдің әлеуметтік өміріне белсене араласады, өзінің туған інілері Жақан, Салық және жерлестері Абдолла Асылбеков, Тұрысбек Мынбаев, Әптім Омаровтармен бірге Ақмола Совдепінің жергілікті ұйымдарының

істеріне барынша ат салысады, облыстық (уездік), аудандық (болыстық) Кеңестерде жауапты қызметтер атқарады. Қайқан 1925-27 жылдары Ақмола уезінің Нілді болысы, кейіннен біздің аудан ұйымдасқан 1928 жылдары өзімізде біраз уақыт болыс болған. Қайып, Жақия Айнабековтер алғашқы аудан орталығы болған Көкмөлдірде ұйымдастырушылық қызметтер атқарып, кейін өздері сонда қоныс аударған.

Атақты жерлестеріміздің бірі – әдебиетші-ғалым Сәйділ Талжанов «Хаттар сөйлейді» деген шағын кітабында жазғанындай, айдаудан алғаш 1947 жылы келген бетінде Қарағандыда 1929 жылдан тұратын қадірлі ағасы Қайқанның үйіне іздеп барып, оның ұлағатты сөздерін қағазға түсіреді. Сәкен 1961 жылы «Қайып қарттың әңгімелері» атты кітапша да шығарған ғой. Оған тәрбиелік мәні зор көптеген әңгімелер енген.

Осы тәрізді нұралық талантты ақынымыз Қабікен Мұқышев та Қайқанды тәлімгер, ақылшы, қамқоршы ұстаз деп жоғары бағалаған.

Өзіміздің Көкмөлдір тумасы, ақын, ғалым Б.Ысқақов Қайқанның туғанына 105 жыл толуына орай республикалық басылымда шыққан мақаласында «Қарағандылық халық ақыны Қайып Айнабеков өзіндік өлең өрнегі, суреттеу мәнері бар ерекше дарын иесі еді» деп тебірене жазған еді.

«Қайқан ұлағаттылығы, тәлімгерлігімен қоса туған әкемдей қадірлі еді,- дейді өзіміздің және бір ақынымыз, қарт журналисіміз Дәулетбек Әкімбекұлы. – Мен 1947-1952 жылдары облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің мәдениет бөлімінде қызмет еттім, Қайқан ол кезде ескі қалада тұратын, редакцияға әредік келетін. Редактор Бейсенғали Тәкіманов (өзі де ақын) Қайқанды қатты құрметтейтін, үлкен ақын ретінде таныйтын. Оның ел жайлы,

Қарағанды өмірі туралы өлеңдерін ол кісі мақтап отыратын... «Көктемнің көркі», «Көктем айында» деген Қайқаңның өлеңдері сол кезде газетке алдымен басылды, соларынан өзім көп ғибрат алдым».

Қайып ақынды осылайша ардақтайтындар әлі де баршылық және келер ұрпақ та оны қадірлеріне сенеміз.

Серік Негімұлы

филология ғылымдарының

докторы, профессор

Кенішбай Жұбандықұлы (1885-1956)

Орталық Қазақстан, атап айтқанда, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы жерінде жыр туын желбіреткен жүйріктердің бірі – Кенішбай Жұбандықұлы. Ол – төкпе ақын, айтулы шешен, асқан жыршы, әңгімеші, домбырашы болған. Жастайынан өткір, ширақ, ізденімпаз, зейінді болып өскен. Он бес жасынан бастап өнерге, өлеңге өмірін арнаған.

Жасөспірім шағында Жетісу еліне келеді. Ән мен жыры толқыған, өнері өркендеген осынау өлкеде Кенішбай байдың өгізін айдап, егінін салып жүріп, Рай қызы Ақбаламен, Таубай қызы Ажарбикемен айтысады. Бұл кезде ақын небәрі он сегіз жаста екен. Қарадөңбай Назардың асында азулы ақын Бақтыбайдың қызы Айсамен сілкілеседі. Сондай-ақ, Дулат руының ақыны Әпежеппен және Мақпал, Барқыт деген қыздармен қақтығысады. Әсіресе, Қаңлы елінің қызы Мақтамен жекпе-жекте бір-бірін жеңе алмай, ең соңында қыз тоғыз ауыз жұмбақ айтып, Кенішбайды сүріндірмекші болады. Кенішбай бұған да мүдірмейді. Жалпы алғанда, осы елде кез келген қыз сауыққой, әнші, әрі ақын екенін осыдан-ақ көруге болады.

Бірде Жалайыр ішіндегі Андас еліндегі Бек баласы Ыбырай болыстың шаңырағында ән шырқап, жыр толғайды. Бір мезетте ақынның өнеріне разы болып, жаны жадырап, көңілі қанаттанған Ыбырай болыс: «Мына бала Бақтыбай ақыннан бата алса, нағыз дүлдүл ақын шығайын деп тұр екен», – дейді.

Осы сәтте албырт ақын:

Не болад Бақтыбайдан бата алғанмен,

Үйреніп одан өлең жат алғанмен.

Болмаса өз жанымда жырға інкәрлік,

Біреуден күн көрем бе от алғанмен? –

деп, бір шумақ өлең айтып салады.

– Фатихасын ал деп едім, қиғаш жауап қайтардың ғой. Олай болса, шырақ, Бақаңмен айтысасың ба? – дейді Ыбырай.

Сонда Кенішбай:

Әкеліңіз, айтыстан мен таймалы,

Неде болса сынайын тіл-найзаны.

Бақтыбайды пір тұтып табынғаннан,

Бойға біткен бір ауыз сөз пайдалы, –

деп ұтқырлық пен тапқырлық танытады.

Ақырында Ыбырай Бақтыбайға кісі жұмсайды. Бір уақытта тыста біреудің:

Алты кісі келеді домбыралы,

Екі ақынды ауылға қондырады.

Атышулы үш жүзге дүр Бақтыбай,

Бұл баланы қалай да оңдырады, –

деген сөзі естіледі.

Іле-шала ел шетіне келіп қалған адуынды, құйынды ақын Бақтыбайдың күндей күркіреген ащы даусы шығады:

Ауылдан өлең айтқан бала бар ма,

Андаста Ыбырайға тең дана бар ма?

Айтысам деп айтыпты бала байғұс,

Шіркінде жалғыз шайнам сана бар ма? –

дей бергенде, Кенішбай сөз бұлағын ағытып тасқындатады:

Бұл үйде бала болса не қыласыз,

Мен – мейман, аяғыма жығыласыз.

Бүркіттің жасөспірім қыранымын,

Байқаңыз, шеңгелімде сығыласыз.

Мен – болат көк темірді тесіп өткен,

Саспаңыз кісідей-ақ есі кеткен.

Болсаң да бұрын ақын, ей, Бақтыбай,

Балаға байқап сөйле арттан жеткен.

Баба қыран мен бала қыран сөз майданында аянбай шайқасады. Бақтыбай Ыбырай болысты, оның балықтың сүйегіне қақалып дүниеден көшкен арғы атасы Балпақты дәріптейді. Осы тұста Кенішбай:

Жақсы ақын өлең сатып ат алар ма,

Шындықты өтірікке сата алар ма?

Сіз мақтаған Балпақты мен де естіп ем,

Қомағай болмаса, балыққа қақалар ма, –

дейді.

– Дәм-тұзым атқыр, төрімде отырып, ата-тегіме тіл тигіздің, – деп Ыбырай Кенішбайды сабамақшы болады. Сонда әйелі Зылиха:

– Ақын айтыс үстінде не айтпайды, үйге келген мейманды болыс деген атыңмен тоқандап сабауың өзіңе ұят емес пе? – деп тоқтатады.

Бір жыл өткен соң Кенішбай Бақтыбаймен тағы кездеседі. Ол Кенішбайдың мұсылмандық ережелер кітабын қолына ұстап оқып үйренбегенін, шорқақ екенін сезіп қойып сүріндіреді. Осыдан бастап Кенішбай арабша оқып, шарифатты түсінетін дәрежеге жеткен.

Кенішбай Тазабек, Ғайша, Нақбала және Қоянды жәрмеңкесінде Соқыр Ажар, Қақпан, Жанатбай сынды ақындармен айтысқан.

Өлеңді тауға да айттым, тасқа да айттым,

Ер-әйел, кәрі менен жасқа да айттым.

Ақ орда алпыс басты ақ үй менен
 Кішкене қара лашық қосқа да айттым.
 Малшыны өлеңменен тебірентіп,
 Санасыз сөз танымас насқа да айттым.
 Қадірлес жекжат пенен сүйек шатыс,
 Ардақты құда менен досқа да айттым.
 «Ал, ал» деп алтынымды өткізе алмай,
 Көп жерде асыл сөзді босқа да айттым, —

деген жыр жолдарында ақынның шынайы бейнесі суреттелген. Ол өзінің ғасырға жуық өмірінде қаншама толғауды дүниеге әкелген ғой. Бірақ та маркасқа ақынның бал бұлақтай лебізі хатқа түсіп жарияланбаған.

Кенішбай Жұбандықұлы 1927 жылы Балқаш қаласында Қазан төңкерісінің он жылдығына орай ағыл-тегіл жыр төккен. 1944 жылы Қонырат, Шет аудандары ақындарының айтысы өтті. Мұнда ол Жәкен Байтуовпен сөз сынасты.

Кенішбай ақындық өмірбаянында жеке өмірінің суреттері де бедерленген. Оның алты ұлы мен алты қызы болған. Барлығы да дүниеден ерте өткен. Осынау зарлы, мұңлы күндер жайында Кенішбай былайша сыр тербейді екен:

«Жайдарлы жаздай жарқ-жұрқ етіп жігіттік өтті, қауарлы қыстай қабағын түйіп кәрілік келе жатты. Жігіттік жайлауынан қанаты сынған қаздай болып қалыппын. Соңыма ерген балапан жоқ. Жиделібайсыңға жете алмай, жолда қондым. Еңіреген ел, бүрсең какқан тіршілік. Қазан желі соққан қауындай көңілімнің гүлі солды. Кеудем қайғыға толды».

Кеншекең Арканың атақты ақындары Шөже, Кемпірбай айтыстарын жатқа айтқан. Зерек ақын өзінің айтыстарын да (екі

жақтың да) кідірместен заулатып айтып береді екен. 60-70 қисса-дастандарды білген. 200-ден астам сұлу суретті, терең мағыналы халық жұмбақтарын жадында ұстаған. Өзі де жұмбақтар шығарған:

Арқада қасиетті киік бақтым,
 Беліне екі жерден арқан тақтым.
 Екі ұры ол киікті ұрлай ма деп,
 Дөң астына апарып қазық қақтым.

(Домбыраның ішегі)

«Он бесте өнер бітіп жұтынғанмын» деп Кеншекеңнің өзі айтқандай өмірінің бел-белестерін былайша кестелейді:

Отызда әр өнерді пайдаланып,
 Дүниені кен тасындай опырғанмын.
 Қырықта қырып жүрген қырандай-ақ,
 Дүниені қызыл судай сапырғанмын.
 Қырық бесте қайрат, ақыл бірдей толып,
 Дұшпанды қарсы келген жапырғанмын.
 Елуде өзен-судай өнер тасып,
 Асылға өн бойымды толтырғанмын.
 Алпыста алдырмайтын алтайыдай,
 Ілестірмей сан тұлпарды қалдырғанмын.

Немесе, ақын елі мен жерінің жұлдыздай жарқырап туған жандарын жырға қосып тебіренеді. Мәселен:

Халыққа үлгі шашқан ағам Абай,
 Мен де ақын, жыр дегенің қалың тоғай.
 Жасымнан жер таныған тарланбозбын,
 Жеңе алмас бәсекеде ешкім оңай.
 Аталас өз жақыным бұл Шашубай,
 Қарқыны мұның да жүр бір басылмай.

Манарбек, Күләш пенен біздің бала
Әнімен балқытады қорғасындай.
Көргенде ұлы тойды қызып кетіп,
Тоғайдың әуілдеймін жолбарысындай.

Судырлап ғасырлар, бұлдырлап замандар өтсе де ақын жыры
ешуақытта ескірмейді. Ендеше, Кенішбай жырының қанаты тал-
майды.

Бағдат Байжантаев

*Жезқазған қалалық Мемлекеттік
мұрағат директорының орынбасары*

Жыр жүйрігі

Шежірелі елімнің шекпенінің етегіндей шеңберлене шебер
орналасқан сан мың шоқылардан тұратын шоқтығы биік қарт
Ұлытау қазба байлыққа ғана емес, қазыналы тарихқа да ие. Басын
бұлт аймалап, төбесін күн сүйген, Алланың нұры жауған қасиетті
өлке қай замандардан бері ғайыптан пайда болғандай ғажайып
сымбатқа, тұңғыық тарихқа толы дара тұлғасымен ұлтқа ұйытқы,
қыранға қия, ұларға ұя болып келеді. Талай да талай жер танабын
қуырған тұлпарлардың, құзар шыңды қиялаған сұңқарлардың,
таңдайының астында тіл аунатқан ділмар шешендер мен
ақындардың, хан қызына бергісіз қадірлі жандардың кіндік қаны
тамған киелі мекен. Әр перзентінің тал бесігін таудан соққан са-
мал тербетіп, сыбдыр қаққан ақ қайыңы, сылқ-сылқ аққан сұлу
бұлағы бесік жырындай болып сыбдырласып, шуласып әнге ба-
сып жатады. Сондай табиғатпен тілдескен жандардың бірі – ақын-
жыраулар. Әр дәуірдің ақын-жыраулары өз заманының жыршы-
сы ғана емес, нақты деректерді, өз кезінің шындығын паш ететін
тарихи тұлғалар. Осындай сұлу өлкенің сұңғыла ақындарының
бірі – халық ақыны Иманжан Жылқайдаров. Ол Ұлытау өңіріндегі
Жаңғабыл өзенінің бойында 1886 жылдың 28 қаңтарында дүниеге
келген. Ата-бабасының да ат суарып, кіндік кесіп, өніп-өскен
жері – осы киелі Ұлытау. Иманжан ақынның өз бауырынан үш
қыз, бес ұл – сегіз бала өрген. Бірақ, сұр мерген оғындай сұм
ажал ақынның балаларының бәрін өмірден ерте алып кетті. Егде
тартқан шағында есіл ерін еске алып, «Үшінші ұлым Мұқаным

(өзіміз Мұхамбеткерім деуші едік) қырық үшке қарағанда 1958 жылы дүниесалды. Бәйбішеммен екеуімізді қартайтып кеткен осы Мұқанымның өлімі болды. Әйтпесе, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда кісі қартайар болар ма?» – деп, қарт ақынның қабырғасы қайысып отырады екен.

Иманжан Жылқайдаров Ұлытау өңірінде қалыптасқан ақындар мектебін жалғастырушы. Ол бала жасынан өлеңді серік етіп, ел аралап ән салған Арқаның атақты сал-серілері Балуан Шолақ пен Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Құлтума, Тайжан ақындардың қасына еріп өлең тыңдап, өнер үйренеді. Зерделі жас үйреніп қана қоймай, ел ішіндегі ойын-тойларда өлең айтып жүретін болғандықтан, оны ауыл арасында «өлеңші бала» атаса керек.

Иманжан ақынның ақындық, әншілік өнері өз алдына бір төбе, ал, ол кісінің ел шежіресін жетік білетінін, ауыздан-ауызға тарап жүрген аңыз-әфсаналарды жатқа соғатынын жалпақ жұрттың бірі білсе, бірі біле бермес. Шынында да ол қазақтың бұрынғы ақындары мен тарихи оқиғаларды жақсы білетін шежіре кісі болған деседі мұрағат қорындағы құжаттарда. Өзі біліп қана қоймай, тарих, ұлт жанашыры ретінде өзі білетін барлық материалдарды жинақтап, қағаз бетіне түсіріп, Ғылым академиясына үнемі өткізіп отырған. Имекеннің елдің тарихын, мәдениетін, аңыз-әңгімелерін, әсіресе, өлең-жырларын білуінде ұшы-қиыры жоқ, таңды таңға жалғайды екен. Сол сияқты қазақтың шешендік сөздері мен нақыл сөздерін, жұмбақ айтыстарын да көп білетін болған. Оған бір дәлел. «Жазушы» баспасынан шыққан «Шешендік сөздер» кітабындағы «Ақтайлақ пен Қанай шешеннің» нұсқасын Иманжан ақын Ғылым академиясының әдебиет және өнер институтына 1948 жылы өзі жазып берген.

Жастайынан өлең-жыр айтқан Иманжан ақын талай-талай айтыстарға да қатысқан. Ең алғаш 18 жасында ұлытаулық ақын қыз Бибіғали Оңғарбайқызымен айтысады. Иманжан Жылқайдаровтың кемел ойлап, терең бойлаған саласының бірі – айтыстың ең қиын да, сирек түрі саналатын жұмбақ айтысы. Сондай айтыстарының бірі Тайғара Оңайбекұлымен болған жұмбақ айтысы. Тайғара Найман елі ішіндегі Бағаналының бір бұтағы Бекболат руынан шыққан. Өзі кедей болғанымен, санасы сәулелі ол елге сыйлы, әділ, ақыл-парасатымен аты әйгілі болған жан. Оның үстіне қазақ арасындағы тоғызқұмалақ, дойбы ойындарынан алдына жан салмаған өнерпаз кісі. Тайжан ақын мен Иманжан ақын 1910 жылдар шамасында осы Кеңгір өзенінің бойында кездесіп, жұмбақ айтысын жасайды. Жезқазған қаласының мемлекеттік мұрағатында Иманжан ақын аузынан жазылып алынған қос ақынның жұмбақ айтысы сақталған. Сонымен қатар, Иманжанның Ибадулламен (1907), Күлжамиламен (1912), Әбілхасенмен (1957) айтыстары да сақтаулы. Имекеннің айтыстарының бірнешеуі «Айтыс» кітабының II-III кітаптарына енген.

Иманжан суырыпсалмалық пен жазба ақындық өнерін қатар меңгерген ақын. Білімпаздығы сондай, сол заманның өзінде араб, парсы, орыс тілдерін жетік білген. Көл-көсір білімін көпшілік игілігіне жаратсам деген ол аударма жұмысымен де айналысқан. Өзі сүйіп оқитын шығыс шынарларының біразының шығармаларын аударған. Соның ішінде бізге жетіп отырғандары 1948 жылы парсы тілінен аударған Әлішер Науаидың ғазалдары «Іскендірдің дуалы», «Разқызы Фаридаға», «Әмір Науанның ғашыққа жазғаны» атты аудармалары. Ал, дастан-жырлары – тарихи оқиғалардан омыртқасын салып, келісті ұйқаспен келбетін ажарлап, татымды сөзден тұздығын құйған ғаламат дүниелер. Мысалы: «Шақшақұлы

ер Жәнібек» дастанына көшпенділердің соңғы екі арыстаны – жоңғар басқыншылары мен қазақ жасақтарының арасындағы 1727 жылғы қан қасап қырғында қазақ мемлекетінің мемлекет болып қалуының алтын бастауы болған «Бұланты шайқасының» басты батыры Шақшақ Жәнібек арқау болған. Ал, қазақ хандығының соңғы ханы Кенесарыға арнаған дастаны «Кенесары Саржан» деп аталады. Жұмбақ, мысал өлең, жаңылтпаш өлең жазудың да майталман маманы болған. Балалар әдебиетінен зиялылар мәдениетіне дейінгі аралықты абыроймен жүріп өткен жан.

1916 жылдың оқиғасын өз көзімен көрген Иманжан ақында бұл жайында газет-журнал беттерінде жарияланбаған тың деректер мен өлең-дастандар баршылық. Атап айтсақ, сол он алтыншы жылғы көтерілістің Атбасар уезіне қарасты сарбаздардың басшысы болған Әділбек Майкөтов туралы «Әділбек» атты поэмасы, Сабыр Шәріпов туралы дастаны және ұлт-азаттық көтерілісінің батыры Амангелді Имановқа арналған «Амангелді туралы» атты дастаны да бар.

Сабыр Шәріпов 1916 жылдың аласапыранында 1920 жылдарға дейін Имекеңнің үйінде болған екен. Екеуінің Омбыға барған бір сапарында Сабыр Қуйбышевке Иманжанды таныстырса керек. Содан Совет өкіметі Қазақстанда орнаған жылдары Шығыс Ревкомы деп аталатын комитетке көп уақытқа дейін мүше болып, тікелей қызмет атқарады. Ол жайында мұрағат қорындағы Иманжан ақынға берген Шығыс Ревкомының мандаты куә бола алады. Мандат мәтінін қаз қалпында келтірейін.

«Мандат № 49

*Предъявитель сего Жылкайдаров Иманжан действительно
есть является членом Восточного Ревкома, что подписью и при
ложением печатью удостоверяется.*

Председатель Ревкома Беденеев

5 января 1920 года»

Иманжан Жылкайдаров Ұлы Октябрь революциясынан кейін колхозды ұйымдастыруға белсенді үгітші болып, өзі де қатардағы колхозшы ретінде атсалысып, ауыл өмірін өрістетуге ел үшін еңбек етеді. Жалынды жырларымен елді рухтандырып, жұмыла еңбек ету мен бірлікке үндейді. Осындай ақынның асқақ өнерін бағалаған елі оны 1938 жылы СССР Жазушылар одағының мүшелігіне өткізеді. Жыр жүйрігі Жылкайдаровтың поэзиясы халық жүрегінен орын алып, Қазақстан Жазушыларының III-IV съездеріне делегат болып қатысады. Ол осында жүріп қазақтың қара сөзінен қаймақ қалқыған Жамбыл, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Марғұлан, Қаныштармен талай пікірлесіп, өлең-жырларын танытқан кісі.

Есмағамбет Исмайылов «Ақындар» атты жинағында Иманжан ақынға: «Ел басынан кешкен тарихи оқиғалар туралы аңыз-әңгімелерді, өлең-жырларды, фактілерді мол білетін үлкен жыршы, әңгімеші» – деп баға берген.

Қарт ақынға көзі тірісінде бұйырғаны халықтың алғысы мен «Жастарым, жайна» атты жыр жинағы еді. Өнері мен еңбегіне қарай сый-сияпаттан да құр болған жоқ. Иманжан ақын Қазақ ССР-ның 40 жылдығы белгісімен, Жоғарғы Кеңестің бірнеше грамоталарымен марапатталған. Жылкайдаров қартайған шағында да сері жүрегіне серпін беріп, серік еткен домбырасын қолынан тастаған емес. «Қарт күнім жас күнімнен артық болды» – деп жырлаған қарт ақын әр түрлі саладағы ұжымдарға барып өлеңін оқып, жырын арнап еңбек торыларын рухтандырып отырған. Ата жолымен Алаштың ардақтысына айналған ұлы – белгілі прозаик, публицист, драматург, талантты жазушы Мұқан Иманжановтың және өмірі өнегеге, өлеңі өсиетке, қарттығы қасиетке толы Иманжан ақынның есімдері қазақ елінің тарихында мәңгі сақталады.

«Ұлытаудың қаршыға ақынымын...»

Қунақұлы Омар 1887 жылы Сарыкеңгір өзенінің шығыс жағында, қазіргі Қарабұлақ қыстағының маңайындағы Ақсай деген жерде туып өскен. Сауаты жоқ. Алайда ел арасында суырыпсалма ақындығымен, күйшілігімен, балуандығымен, жыршылығымен танымал болған. Әсіресе, оның бойынан өнерпаздық ерекше жарқырап көрінген. Омардың ақын болып қалыптасуына Тайжан, Болман, Иманжан ақындар ортасының әсер еткені дау тудырмайтын шындық. Ақындықты түсінде қабылдау жайлы аңыздар да бар..

Бала кезінде Сүйінбай түсінде келіп, «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» деген адамға «Өлең аламын» деп шошып оянып, содан түрегелсе, бастығырылып, тілі күрмеліп қалыпты, сонда құлағын бұрап, шыңғырып өлең айтыпты-мыс дейді. Шашубай мен Болман туралы да осындай әңгімелер бар. Бұл жай Омардың да басында болғанға ұқсайды. Әкем бірде, жас кезінде сырқаттанып, артынша түс көреді. Түсінде әкесі «Балам, өлең аласың ба, көген аласың ба?» деп аян беріпті. Сонда әкем «Өлең аламын» деп, қатты дауыстан оянып кеткен екен. «Содан кедей болдым, көген алсам бай болар ма едім, шырағым. Бірақ байлықты мұрат тұтпа, байдың пейілі тар болады, бәрінен адал асың қонаққа бұйырсын» деп отыратын.

Профессор Е.Ысмайылов халық ақындарының «ақындық тұқым қуалап ауысады» деген ұғымын айтып, атақты ақындардың бірталайының туыс жағынан ақындық талант, ән-күйге бейімділік, қабілет-дәстүр болғандығы байқалатындығын жазды және бұған өте көп мысалдыр келтірді. Бірақ бұған қарап ақынның бәрі ақын

ұрпағынан туа береді деу жаңсақтық болар еді, дегенмен жаратылыста тұқымға, нәсілге тарту болатындығын ешкім де жоққа шығармайды.

Омардың түп атасы атақты Жанкісі Өтемісұлы. Оның Қоқан хандығына айтқан әйгілі жыры исі қазаққа мәлім. Ақынның өз анасы суырыпсалма ақындығымен белгілі болған. Мүмкін Омарға да солардың қасиетінің бір ұшқыны тиген болар. Ақындыққа үйрену дәуірінің бір кезеңі көпке белгілі ақынның, шешеннің немесе атақты адамдардың алдын көру, өзін сынға салудан басталады. Жас ақындар өзінің ақындық талантын жарыққа шығарады да, үлкен кісілер сынап, батасын береді. Халық ақындары өмірінде бұған мысал өте көп.

Омар ақын да жасынан ауыл молдасының дәрісінен гөрі көкірегін кернеген жырға көбірек көңіл бөлсе керек. Баласының ауыл, ел жақсыларының сөздеріне көбірек ден қоятынын аңғарған әкесі Қунақ би ұлын аз уақыт өз тәрбиесіне алып, ауыл ішіндегі әрқилы істерге баулиды. «Әке балаға сыншы» дегендей Қунақ би ақыры баласын сол кездегі Бағаналы елінің төбе биі атанған Өтжан Күржіұлына атқосшы етіп береді де, ұлының жақсылармен жақын болып, ел ісін зердесіне түйіп жүруін қадағалайды.

«Жігіт жүрісімен пұл болады» дегендей, күндер өте келе атқосшылықпен қатар Омардың «ақын», «шешен» деген атағы да ел ішіне кең тарала бастайды. Ойын-сауықтың, келелі жиындардың қадірлі мейманына айналады. Ел атынан сөз сөйлеп, шаршы топта айтысқа шығады. Өзі жүрген ортасының жаршысы, жоқшысы болады. Алқалы топта алғыр сөзі, ақпейіл адалдығы мен әділдігі айналасындағы тыңдаушыларын тәнті етеді. Сарыкеңгір өзенінің басында Жауғашты Құлыбек байдың Жандәулет есімді өте бай баласы болыпты. Тәкәппар кісі болса керек. Бірақ Өтжан биді

қатты сыйлайды екен. Өтжан би бір орайы келгенде өнер өрісінде жүрген екі інісін сынайын деді ме, әлде Жандәулетке келешекте де сөз ұстайтын жастар барын көрсетейін деді ме, қасына Омар мен Орманбек ақсақалды ертіп алып бай ауылына барса керек. Отырып есен-саулық сұрасқаннан кейін Жандәулет Өтжан биден «Өтжан, мына қасыңдағы қара ағаш өңгергендерің кім?» деп сұрапты. Сонда би: «Мына отырған Мамажан пірадардың баласы Орманбек, ал одан жоғары отырған Қунақ бидің баласы Омар ақын» деп, бала ақынға «көрінетін жерің келді, өзінді-өзің таныстыр» дегендей ишарат білдіреді. Омар домбырасын алып үш рет оңтайланса да аузына сөз түспепті. Сол кезде Жандәулеттің аруағы асқандай Өтжанға асқақтай қарап, алақанды соғып қалған екен. Сол сәтте жас Омар ұйқыдан ояңғандай жойқын шабытпен тау суындай төгіліп жүре берген дейді.

Әкем – Қунақ Найманның;
Шәкіртімін – Тайжанның.
Ұлы бабам – Жанкісі,
Демеген ешкім қай кісі, –

деп, өзін таныстырады.

Жыр әуенін бағып отырған Жандәулет Омардың Қунақ Найман деген сөзіне орай Өтжанға «Мына Омар тек қана Қунақтың ұлы екен ғой» дейді мысқыл пішінмен. Сонда ақын домбырасын қайта қағып жіберіп:

Бірінші ата ұлы атанайын,
Атадан ақ тілекті бата алайын.
Батасы үлкендердің қабыл болса,
Халықтың ұлы деген ат алайын, –

деп жырын жалғастырғанда Жандәулет риза болып, өзінің сүйікті мәтелімен «Япырай, жаныңды ұрайын, Қунақтың жалғызы мың

жасағалы тұр екен» деп батасын берген екен. Сонда отырған көпшіліктің ішінен біреуі: «Ойбай, Жәке, бұл сонда әкім Ұлықпан болды ғой» депті. Жәкең өз мәтелін қайталап: «Әкім Ұлықпан ұрпағымен шын жасаса, Омар артында қалдырған сөзімен мың жасағаны емес пе?!» деген екен.

Омар 1911 жылы Тайжан ақынға еріп Сыр елін аралап, қасиетті Түркістан жәрмеңкесіне барады. Әлі беті қайтпаған албырт ақын ойын-тойда додаға түсіп, өзін бір ерекше сергек сезініп, қай отырыста болса да Сыр сүлейлерінің ыстық ықыластарына ие болып думандатып жүреді. Албырт жас қыран әсіре сезіміне сүңгіп, қанатын қайырып алмасын деген ниетпен, сол елде әлдебір себептермен жүрген Бағаналы елінің арқалы ақыны Қожабай бір үйге Омарды шақыртып алады. Дарынына ақылы сай қарт ақын Қожабай айнала отырғандарға асықпай көз тастап, маңайында жат-жорадан кісі жоқ екенін аңдап алып, Омарды қасына отырғызып: «Жастық шақ – жанған от. Жалынына дұрыс жылынбасаң, қанатыңда шарпиды. Өз күшінді екшей біл. Көп ақындар қалталылардың ата-бабасын мақтап, қалталарын толтырып жүр, олардың болашақсыз бәйіт айтқан кезбеден несі артық. Шырағым, аруақты елдің ұрпағысың, ел қамын сөйлер азамат бол!» деп домбырасын алып толғап кетіпті:

Барында бойда намыс, жүректе от,
Даралан, жүрме көптің арасында.
Майда бол есілетін тал жібектей,
Танылмас жігіт көпке сыннан өтпей.
Өшірмей жүрек отын үрле үнемі, –

деп батасын берген екен. (Мұны ақын 1950 жылдары отбасымен әңгімесінде айтып берген).

Омар ақын осы өсиетті өмірінде бойтұмардай сақтап, жол-басшы етіп келді. Ақынның жыр, термесі, «Бабадан жеткен ырыс саркылмаған», «Бақыл болсаң, досың кетер қасыңнан» өлеңдері осы кезеңде туған болуы керек. Кейінірек жастық дәурен өтіп, ой тоқтатқан кездегі өлеңдері толғау үлгісінде болып келеді. Бұл өлеңдерінде адам өмірінде баланың маңызды роль атқаратындығы жақсы баланы жанарға теңеуінен-ақ көрініп тұр. Сондай-ақ, баласы жақсы адамның тәні қартайғанымен жаны жас болып, яғни уайым-қайғысыз өмірден өтеді деген ой бар. Адам ұрпағымен мың жасайды деген сөз бар, ақын сол сөзге адам жақсы ұрпағымен ғана мәңгі жасайды деген ойды қосқан. Ал ақынның «Асыл сөздің өлгені» атты толғауы Бұқар жыраудың толғауымен сарындас екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Адамның арман үмітін алға апаратын ұрпағы болса, ол адам өлмек емес деп өзінше тұжырым жасайды. Баласына арналған ақынның тағы бір өлеңі «Өсиет арнау» деп аталады. Тек шындық пен адал еңбекті дәріптеп, соны ғибрат еткен бұл өлеңді оқып отырғанда Шораяқтың Омарының «Баласына хаты» еріксіз ойға оралады. Бұдан аңғаратынымыз – Омар Арқа жерімен қатар Сыр бойын мекен еткен ақындардың шығармашылығымен таныс болған және олардан үйренген. Оған өзінің Сыр бойына барғандағы Шораяқтың Омарымен сөз қағыстырғаны дәлел.

Шашубай, Тайжан дүлдүлдер,

Иманжан, Болман дүр гүлдер.

Күміспен сөзді қақтаған.

Сегіз сері, Ыбырай,

Біржан, Ақан, Естайдың

Қанып өстім жырымен, –

дегенінен-ақ оның арғы-бергі ақындардың шығармашылығымен жете таныс болғандығын көреміз.

Қазірде басқаша пікірде айтылып жүрген Кеңес өкіметі орнаған кезде, оның халыққа теңдік, бақыт әкелетіндігіне миллиондаған адамдардың сенгені рас. Омар да сол миллиондардың ішінде болды. Ақын сол кездегі жаңа өмірдің жыршысы болды. «Колхоз құрылғандағы беташар арнау», «Артельге кел, ағайын» атты өлеңдерінде ақын XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы халық тарихынан бізді хабардар етіп тұрғандай. Осы жылдарда ел ішінде асыра сілтеушіліктің болғаны рас. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранның болғаны да шындық. Ақын мұны да назарынан қалдырмаған және оған өзінің көзқарасын білдіріп отырған. Ақын «Торы байтал» деген дастанында артельдің сауатсыз атқамінерлері Шаман, Құныс атты кісілердің көктемде бес бірдей баласы қарап отырған жалғыз буаз байталын лауға алып, бір ай ішінде байталға құлын тастатып, ыңыршығын айналдырып әкеліп тастаған озбырлық қылығын әшкерелейді. Отыз-қыркыншы жылдар аралығында Омар сыртқа шығып, өнерін шындай алмай, тек қана ауыл ішіндегі жаңа өмірге жаршы болып, жиындарда «Артельге кел», «Колхоз қазаны» деген сияқты арнау жырларымен дем беруші болады. Өзі де колхоздың ауыр еңбегіне жастармен қатар тұрып араласты. Гитлершіл қанды ауыз қарақшылар елімізге басып кірген шақта колхозшыларды ерен еңбекке, жастарды ерлікке, Отанды қорғауға шақырады. Омар ақын «Ұлытау ауданы Қызылдиқан колхозының әскерге аттанған азаматтарына жазған арнауында» «тәңір қосса, туған жерде сендермен қауышамыз», – деп оларды сендіреді. Жаумен соғысып жүрген ауыл азаматтарының бәрінің аттарын атай келіп, олардың көңіліне жеңіске деген сенім ұялатады. «Елді уайымдамандар, біздің жағдайымыз жақсы. Бейнеттің бәрі көрген түстей өте шығады, халықтың тілегі қабыл болып, біз жеңеміз», – деп зор шабытпен жырлайды.

Арқаның сал-серілерінің шығармашылығымен жете таныс болған Омар өзі де соларға еліктеп бірнеше ән шығарған. Жаяу Мұсаның жан серігі Сапар өлгенде шығарған «Сапар» әні сияқты, Омардың да «Ажарым – әнім» деп аталатын өлеңі бар:

Мақсат тұтып ән-жырды,
Сарыарқаны қаңғырдым.
Жан шыдамас кезіктім
Үкіміне тағдырдың.

Қайырмасы:

Дүние жалған,
Қыркүйек шалған,
Жайқалған бағым, базарым.
Дүние жалған,
Жетер ме саған,
Қазалы әнім – Ажарым.

Сүйген жары Ажарды жоқтап шығарған бұл өлеңнің әуені де сөзіне лайық зарлы болып келеді. «Құдаша жан» деген өлеңі әзілге құрылған, әуені де ойнақы. «Аман бол, Айнама» өлеңі Ұлытауды мекендейтін көнекөз қариялардың аузында әлі де айтылады.

Халық акындарының шығармашылығының ерекшелігі мен қасиеттерінің бірі олардың айтыс өнері десек, бұл Омарға да қатысты. Омар өзі тұстас, деңгейлес, от ауызды, орақ тілді, төкпе акындардың біразымен айтысқа түскен. Солардың бірі – ұлытаулық акын қыз Бәдір-Жамал. Олардың айтысын кезінде құймақұлақ жыршылар бірден бірге жеткізген. Осы айтысты көзімен көріп, құлағымен тыңдаған Алғабас ауылының сексен жастағы тұрғыны Едіге ақсақалдан жазып алған едім.

Омар акын айтысты бастайды да, «Сен шашың ұзын, ақылың қысқа қыздардың бірісің ғой, маған осы айтыста мінез көрсетіп жүрме!» деп қатты ескертеді. Сонда Бәдір-жамал:

Білдім мен, сен екенсің Омар акын,
Жасыңнан қыз-қырқынға едің жакын.
Қаймықпай айтысуға қалай келдің,
Белгілі Бәдір-Жамал менің атым.
Өнерді қашан да елім бағалады,
Жүйрік деп тұяғымды тағалады.
Келдің бе менменсініп жеңгеніңе
Иманжан, Нияз сынды ағаларды, –

деп өзінің де осал емес екендігін байқатады. Ал Омар акын әдепкіде қатты кетіп қалғанын өзі де аңғарса керек. Ол өз кезегінде қызға:

Бұл сөзді айтқаным жоқ жасысын деп,
Көңілі Жамалжанның басылсын деп.
Қашанда ана – ұяң, ана – әдепті,
Шымшыдым шабыт көзі ашылсын деп, – дейді.

Осыдан соң Бәдір-Жамалдың «Қыз-қырқынға жақын едің» деген сөзіне жауап ретінде Омар былай депті:

Болғанда әке- дауыл, ана- самал,
Іздесем қыз-қырқынды несі жаман.
Қыз-қырқының өмірдің сәні емес пе,
Оны айып деп неге айттың, Бәдір-Жамал.
Әр бапқа Бәдір-Жамал саласың ғой,
Салмалап асты-үстінді қазар едім,
Қайтейін жас болсаң да, анасың ғой.

Айтыс акындары кейде айтысып отырған адамдарының әйел екеніне қарамай, қайтсе де женуді мақсат етіп, ауыр-ауыр сөздер айтатыны, оны айтыскер акындардың көңіліне алмауы керек екендігі бізге мәлім жайт. «Бармақ пен Жанат», «Иманжан мен Бибіғали», «Әжінияз бен Меңеш», т.б. айтыстар осыны дәлелдейді.

Ал Омардың осы айтыстағы «Ана» деп Бәдір-Жамалды құрмет тұта сөйлеуі қызға ұнайды:

Кеудемді аштыңыз-ау алакеуім,
Сондықтан дұрыс болар аға деуім.
Қатын деп қақылдайтын қаншама ақын,
Жанымды жіберді ерітіп ана деуін, —

дегені соның дәлелі болса керек. Одан әрі қыз:

Сіз қыран тұла бойы уыт тұнған,
Ананың нәзік жанын ұғып тұрған.
Азаматы әркімнің болса сіздей,
Тал бойы тәрбиеге тұнып тұрған.
Бар алтын табылады бойыңыздан,
Шіркін-ай, шыға алсам ойыңыздан.
Жаныңыз өрелі өнер кені шығар,
Жүйріктей ширғағысыз бойы қызған, —

деп Омардың тек ақын емес, тәрбиелі азамат екенін де тілге тиек етеді.

Қыздың өнерін. аса бағалаған Омар оны жеңетіндей шамасы бола тұра жеңуді мақсат тұтпайды, оның ақындық талантын жоғары бағалап былай депті:

Қашанда жырым — дауыл, әнім — самал,
Аса алмас ешбір ақын мен бір қамал.
Сыйлады деп кетейін, жеңдім демей,
Бойыңнан бір белгі бер Бәдір-Жамал.

Сонда қыз:

Жігітке кездестім бір жаны иманды,
Сөзіне досы түгіл жаты иланды.
Бас иіп, өнеріңе етіп тағзым,
Сыйлайын қолымда алтын сақинамды,

— деп алтын сақинасын саусағынан суырып, Омардың қолына кигізеді де, ақынға оң батасын береді. Бұл айтыс ақынның ақындығын ғана емес, білгір парасатын, адамгершілігін көрсетеді. Әйтеуір, жеңіс үшін көзін жұмып, дөрекілікке бой алдыратын арзан айтыстан өресі әлдеқайда биік екені айқын көрінеді. Айтысты Алғабас ауылының тұрғыны 72 жастағы Сауқымұлы Едігеден жазып алдық.

Омар ақын жыр алыбы Жамбылмен де сөз сайысына түскен. Жетісуға барғанда Жамбыл ауылына жолы түсіп, оған сәлем беруді өзіне парыз санап, әдейі ат басын бұрады. Сәлемді, әрине, өлеңмен бастап:

Алыстан алты жасар бала келді,

Сәлем беруді ал сізге қалдырамыз. — деп бір тоқтайды. Жамбыл оған мән бермей, «бұл қайдан келген бала» дегендей, жастықтан басын көтерместен өлендетіп қоя береді:

Жатырмын бола қоймай көңілім шат,
Тоқтама өз ойыңның бөлігін тап.
Тыз етпе лақпа ақын толып жатыр,
Соның бірі боларсың есікті жап.
Не істейін алты жасар бала келсе,
Піспеген сары қауындай шала келсе.
Құйрығын жатқан жылан өзі басып,
Сақина сау басына сала келсе —

деп жас ақынды елемейді. Омар кідірмей жауап беріп, жас болса да, бас болатынын танытады. Сонда Жамбыл басын жастықтан жұлып алып:

Қуартып жерді тері сүйреткендей,
Екпінің қабырғамды күйреткендей.
Меккеден келіп пе едің сәлем берер,

Кімсің өзің маған әдеп үйреткендей?
Токта, кімсің жыр-жауын нөсерлеткен,
Перімісің, әлде дию түскен көктен ?
Ақын жоқ аруағыма сиынбаған,
Айтыста асуы жоқ қиынды алам.
Қыранымын қызыл көз Алатаудың,
Кетуің аман-есен қиын, балам.
Кім едің жөніңді айтшы, келдің қайдан,
Бейтаныс естілмеген атың маған, –
деп жөн сұрауға енді көшеді. Сонда Омар:

Асқар деп Алатауды арқасынба,
Күшті екшемей биікке тартасың ба?
Шыдамай бала қыран екпініне,
Мерт болма Ұлытаудың жартасынан.
Арқаның ақынымын Омар атым,
Найманнан Орта жүзден болар затым, –
дей келе Шашубай, Болман, Тайжан, Нияз, Иманжан ақынның
шәкірті екенін айтып өтеді.

Қонақпын сөз алуға қақылымын,
Қашанда өнерлінің жақынымын.
Қас-қағым сүңгуірді іліп түсер,
Ұлытаудың қаршыға ақынымын –

деп өзін қаршығаға тенең, Жамбылға асқақ сөйлейді. Екеуі біраз
айтысқан соң, Жамбыл жас жігітке «Сені кеней асық қой деп ойлап
едім, алтын сақа болғалы тұр екенсің» деп, Омардың ақындығына
зор баға береді және оның бабасы Жанкісі жайлы Сүйінбайдан
естігенін айтады. Жамбыл сөзінің соңында:

Ақынсың жай отындай жаркылдаған,
Арқаның самалындай аңкылдаған.

Разымын сый-сияпат құрметіңе,
Тіледім саған жыр–теңіз сарқылмаған, –
деп батасын береді. Айтыс 1925 жылы болған.

Жеке басқа табынушылық салқыны халық ақындарына да
тигені баршамызға белгілі. Олар жайлы ел ішінде алыпқашты
әртүрлі әңгімелер тарады. Бірақ адамгершігілі мол Омар ақын
олардан сырт айналмады. Өз өлендерінде олардың есімдерін
құрметпен атап жүрді.

1943 жылы Қарағанды қаласында өткен өнер санлақтарының
Республикалық айтысына Омар Қунақұлы және әнші Халық
Мұқанұлы шақырылды. Көңілі демделіп, көкірегін шаттық керне-
ген ол қызына келе өзінің ақын Тайжанның сүйікті шәкірті екенін,
онымен қоймай, ол кісінің үкіметке зәредей күнесі болмағанын
айтып салады. Осы айтысты басқарып келген Нартай ақын
Омарға: «Әттеген-ай, сізбен бұрынырақ кездеспегеніме өкініп
отырмын, дарыныңызға біліміңіз, саясатқа сиымдылығыңыз сай
емес екен. Сізді жазалаудан аулақпын. Ақындығыңызда мін жоқ.
Талантыңызға тәнтіміз. Ауыр күнәңізді адалдығыңыз, айға шапқан
арыстандай бүкпесіз ойыңыз жеңіп тұр. Сондықтан көңіліңізге
алмаңыз, келешектегі жарыстарыңызға сәттілік тілеймін» деп, ел
қатарлы сый-сияпат беріп қайтарады. Егер сол жолы көпті көрген,
жүрегі үлкен Нартайға кезікпесе, бұл істің аяғы қайғымен бітуі
мүмкін еді. Сол жолғы сәтсіз айтыстан жүлдеге алған 5 литрлік
күміс самаурын үйімде әлі сақтаулы тұр.

Әкеміз ақын Тайжанды өле-өлгенше ұстаз тұтып, оның
есімін аузынан тастамай өтті. Ол 1967 жылы қайтыс бол-
ды. Ұлытау ауданының Алғабас ауылында жерленді. Артында
қалған ұрпақтарынан ақындық жолын ұстанған, ортаншы ұлы
Серікбайдың баласы, Республикалық ақындар айтыстарының
жүлдегері ақын Әнуар Омаровты айтуға болады.

Халық ақыны Маясар

Ауыз әдебиетінің дамуына өзіндік үлесін қосқан, шындықты қуаттап, өмірдің әр қадамына қуаныш лебізін білдіріп келген халық ақыны Маясар Жапақов Бұхар жыраудың, Кемпірбайдың, Шортанбайдың, Біржан салдың, Әсеттің мұрасын молынан игерген. Сол сияқты өзінен жасы үлкен Қарсыбектің Төлегені, Сәрінжіп ақынның айтыс өлеңдерін сақтап, біздің заманға жеткізуші. Ол өзіне от тілді Қақпан ақынды ұстаз тұтып, Шашубай ақынмен сан кездескен, Жамбылмен жүз көріскен ақын еді.

Маясар Жапақов 1879 жылы мамыр айында осы күнгі Қарағанды облысы, Шет совхозының Тағылы тауындағы Жоса бұлағында дүниеге келіп, 1965 жылы қайтыс болған. Ауыл молдасынан оқып, арабша хат таныған. Он үш жасынан бастап өлеңге, айтысқа ден қоюына шешесі Сарқыт себепші болған тәрізді. Анасы кезінде той-домалақта айтысқа түсіп, айналасына ақындығымен белгілі болған-ды.

Маякең он бес жасында Тілекбай дегеннің қызымен былайша қақтығысқан екен.

200

Тойыңыз құтты болсын той қылған қыз,
Қызыққа айналаны тойғызған қыз.
Қарамай ата-ананың көңіліне,
Жат елге барамын деп ой қылған қыз.

Жасынан пысық Маякең өмірге көзқарасын уытты өлеңдерімен білдіріп отырған.

Басқыншылық мына елге қатер төнді,
Ақыл айтып, болмады сілтеп жөнді.
Қаракшы боп біреулер тауға сіңіп,
Талайлардың ошағы босқа сөнді.

немесе :

Қайтеді кедей сорлы көнбегенде,
Айтса да жете алмайды жөндегенге.
Болыс деген ояздың итаршысы,
Бұрады әділдікті білмегенге.

Ақынның тым ертеректе шығарған өлеңдерінің көбі хатқа түспеуі себепті әрі кәрі құлақтың азаюы салдарынан бізге жетпеген. Ол төңкеріс заманынан кейін елді оқуға, білімге, еңбекке шақырып, соның жыршысы бола білген. Бұл жөнінде дербес пенсионер Сәулебек Сыздықов: «Ауылдық совет председателі болып тұрғанымда Маякең жеті жылдық мектеп салайық деп ұсыныс жасады. Нәтижесінде шотпен шауып, кірпіш құйып, мектеп үйін салдық.» деп жазған аудандық «Ильич туы» газетіне.

Маякең 1924 жылы жанында ғалым Соколов пен екі жігіті бар О. Жандосов Төлеген ақыннан бір жеті бойы тарихи шежіре әңгімелерді жазып алуына қатысқан. Бұл жолы О.Жандосовтың болашаққа үміт арттыра сөйлеген сөздері ақынды онан әрі қанаттандыра түседі.

Ғасырлар бойы мал өсіріп күнелткен қазақ халқы 30- жылдардың басында тігерге тұяқ қалмай айырылып, күштеп колхозға тоғытылып, кей басшының қасақана туғызған зұлматының салдарынан қатты қырғынға ұшырады. Бір ғана Шет ауданында 48311 адамнан 5021 адам қалған сұмдық хал ақын жүрегін қан жылатты. Болып жатқан қасіретке шамасы келмеген ақын:

201

Жазғалы қарындашты қолыма алдым,
Қызығы болмады ғой жиған малдың.
Бір күндік азығы жоқ, үміт бұлдыр,
Не болды енді халің, қайран халқым, —

деп зарлай келіп:

Түтіні тұман болған, қайран елім,

Бір үйден қыстау басы қалмады ғой, — деп жан түршігерлік
шындықты айтып, өксіген үні құлақтан кетпейді. Ақынның бұл
зарлы өлеңінің әнін де, мәтінін де жиені Жамау Бодықұлы бізге
жеткізді.

Совет үкіметі алғашқы жылдардан бастап-ақ, халық
ақындарын ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін сақтаушы ретін-
де қамқорлыққа алғаны белгілі. Соның бір көрінісі 1940 жылы
өткен халық ақыны Доскей Әлімбаевтың тоқсан жасқа келуі мен
шығармашылығының 75 жылдық мерекесі. Міне, осы мерекеге
Маякең ақын да қатынасып толғау арнаған. Осы тойда Маякең
Шашубаймен кездесіп:

Сәлемім кішілікпен, Шашу ағам,
Жасыңнан көп ақыннан асты баған.
Қарсы алып, бұл сөзімді құп тыңдаңыз,
Айттың деп өткен күнді ұрыспа маған, —

деп басталатын сәлемін жолдаған.

Маякең 1943 жылы желтоқсанда өткізілген республикалық
ақындар айтысына қатысқан. Ақындар жырының көркемдігін,
орындаушылық шеберлігін анықтау үшін 11 адамнан Мұхтар
Әуезов бастаған комиссия құрылған. Бұл айтыс жөнінде «Ле-
ниншіл жас» газеті 1979 жылы 20 қазан күнгі нөмірінде былай
деп жазады: «Айтыста бірінші орын алған Маясар Жапақов,
алматылық Қуат Терібаев, қызылордалық Нартай Бекежанов, се-

мейлік Нұрлыбек Баймұратовтар ат мініп қайтқан. Екінші орынға
ие болған Кенен Әзірбаев, Нұрхан Ахметбеков, Молдахмет Тыр-
биев, Қазанғап Байболатовтарға бір-бір құнан сыйға беріліп, ша-
пан жабылған».

Сөйтіп, бұл айтыста Маякеңнің барлық жағынан да абыройы
үстем шығып, республика бойынша бірінші орынға ие болғанын
көреміз. Соғыстың қиын кезінде өткен бұл айтыс Маякеңнің
жасының келіп қалғанына қарамастан шабытының қарқындай
түсуіне, өнерінің дами түсуіне жаңа леп берген. М. Әуезовтың
басшылығымен сол жолы түсірілген «Маясар Жапақов» деген
деректі фильм архивте сақтаулы тұр. Маякеңнің аса бір шабытпен
жырлаған тақырыбы ұлы Отан, оның қарышты қадамы, ел үшін
аянбай тер төккен азаматтар, гүлденген дала. Қарт ақынның бұл
тақырыпты жырлағанда теңеуі де өзгеше, шумақ сайын түрлене
түседі. 1953 жылы шыққан «Халық ақындары» деген кітапта:

Отаным, алабыңа шықсам қарап,
Табысың арта түскен минут санап.
Кенді алқап Донбасс, Кузбасс, Қарағанды,
Жарысқа шақырады кел мұңдалап, -

десе, «Бірінші майға» деген өлеңінде:

Еңбегін бағалаймын еткен ердің,
Сауырын соқа тілген тегіс жердің.
Кеудесі желкілдеген сары даламен,
Бауырдай тіліп жонын бұйра белдің.
Қуанып арысыңа туған елім,
Құттықтап тойларыңа мен де келдім, —

немесе «Бейбіт ел жемісі» деген өлеңінде:

Салынды сары далаға болаттан жол,
Дүние бетін бұрды қызығы мол.

Заводтар дүркіретіп шақырады,
Көрмеген иен дала мұндайды зор, —
деп жырлайды.

Маякеңнің соғыс жылдарында шығарған өлеңдері тыныш жатқан елге фашист басқыншыларының басып кіруіне деген ашу-ызасын, елдің жеңіске деген сенімін көрсететін, сол жолда аянбай тер төгуге шақырған ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармаларының таңдаулы үлгілерінің бірі.

Маякең Ұлы Отан соғысына үш бірдей баласын аттандырған. Олардың екеуінен – Әбдіфазыл мен Дүйсенқұлдан қаралы хабар бір-ақ күнде жеткен. Бұған қабырғасы қайысқан қарт ақын фашизмге өшпенділігін үдете түскен. «Біз жеңеміз» деген өлеңінде:

Шынжырлы иттей жұлқынып,
Фашистер шапты халқыма.
Салтанатты елімді,
Көндірем деп салтына.
Ақ тілеулі адал ел
Қиыннан жол таппай ма,
Арам пиғыл сұм итті
Әділ ісім атпай ма, – десе,

«Біздің үлес» деген өлеңінде:

Замандас, күн туыпты алысатын,
Аянбай қаскөй жаумен шабысатын.
Жас жеткіншек қыз бенен келін балам,
Аға, жеңге, бәрі де қалыспасын, –

деп, Жеңіс туын тігуге шақырса, «Келді жыл» атты өлеңінде:

Ер ұлын алған жердің етпек ед құл,
Жынысын төмен етек қалдырып түл.

Қаскөйдің бұл тілегін кестік мәңгі,
Адамзат қуанышының қадамы бұл, –
деп, 1943 жылы еліміздің ауыр соғыстағы алғашқы жеңістерін мақтана жырлайды.

Маякең ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жинап, сақтаушы ғана емес, оны уағыздаушы, таратушы да. Өзінен бұрынғы өткен ақын-жыршылардың мұрасын домбырамен жырлап қана қоймай, оны кімнен, қалай үйренгенін, қалай шыққанын тыңдаушы жұрттың құлағына құйып отырған. Сөйтіп, Маякең халқымыздың озық дәстүрін, яғни шежіре мен толғауларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші болған. Ол кісі Бұхар жыраудың, Дулат, Шортанбай, Кемпірбай, Шөже, Әсет, Біржан мен Сара, Соқыр Қақпанның көптеген шығармаларын жатқа білген және білгенін үйретуден жалықпаған. Кезінде Маякеңнің айтуымен Әсет пен Рысжанның, Кемпірбай мен Шөженің айтысы, Шөженің 70 жасқа келгенде айтқаны, Әсеттің Кемпірбайдың көңілін сұрауы, Қақпанның өлеңдері, Төлеген ақынның шығармалары хатқа түсіріліп, Ғылым академиясына тапсырылған.

Мол мұраны сақтаушы ақын, жиналған жерде елдің елдігін, ерлігін, мәрттігін паш ететін «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Зарқұм», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Төрт Дәруіш», «Мұңлық-Зарлық», «Ләйлі- Мәжнүн», «Дариға қыз», т.б. қиссаларды оқиғаның желісі, кейіпкердің жан дүниесіне қарай неше түрлі дауысқа салып, батырлардың іс-әрекетін әсерлі орындай білген.

Маякеңнің мысал өлеңдері де ауыз толтырып айтарлықтай мол дүние. Шаруашылықты дұрыс жолға қоя білмеген берекесіз, бәтуасыздарды сынап, шаруасын кері кетірген қырсыздарды әжуаласа, екінші жағынан жақсылық пен жамандықты тілге тиек

ете отырып, тыңдаушыны адамгершілік принциптеріне баулиды, адам өмірінің өлшемі адамгершілік қасиетте деп, соны ту етіп көтереді.

«Мүйізінді қағып алам» деген малшыға шолақ сиыр:

Көзің көрмей бекерге кінә тақпа,

Өтірік ұнаспайды адамзатқа.

Мықтыға сөз айтуға қорыққандайсың,

Сүзеген бастап жүр ғой тарғыл бұқа, –

деп, шаруадағы берекесізді түйрейді. «Ажалы қарақшының момыннан» деген өлеңінде:

Қапыда бұғалыққа түскен қасқыр,

Буынды көзі аларып енді тақсыр.

Ажалы қарақшының момыннан деп,

Айтушы ед бұрынғылар түбі ақыр, –

деп түйін жасап, адал істің әр уақыт көші озық екеніне иландырады.

Маякеңнің бұл сияқты мысал өлеңдеріне: «Қыран мен жылан», «Ұрлық-қорлық», «Шіркей мен маса», «Жолбарыс пен ұры», «Қиянатшылдың ажалы», «Араздық – татулық», «Бір адамға» т.б. жатқызуға болады. Ақынның «Жігіт пен арақ» атты өлеңі бүгінде актуальділігін жоғалтпаған шығарма.

Бір жігіт есін жиып тұрды налып,

Мас ісін көңіл біліп, көзі шалып.

Елінің дәстүрінде жоққа үйір боп,

Тал түсте, есен сауда тиіп шалық.

Маякең өз жанынан терме жырлар, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер де шығарған ақын.

Амандықта қадір жоқ,

Алдырған соң білерсің.

Денсаулықта қадір жоқ,

Ауырғанда білерсің, –

деген жолдар соның дәлелі болса керек. («Қанатты сөздер», «Жазушы» баспасы, 1977).

Биік таудың басы жақын, бөктері қашық,

Білімсіздің туысы бір, көңілі қашық, – деген ақын сөзі әрі қарай жүйесін тауып жалғаса береді.

Маякең шығармашылығында өмір туралы толғаныс, жеке адам тағдыры туралы мәселе белгілі орын алады. Тіршілікте кездесетін пендешілік пен адамгершіліктің кезек қауышуы, құс тұмсығындай қысқа ғұмырда адам артында қалар мұра – ізгі жол, қайырым, мейірім, шексіз арман – ақын сөзінің арқауы. Міне, осы тұста мұның өзі шығыс поэзиясына тән қасиет, бастауы Омар Хаям болған ұлы арнаның заңды жалғасы екеніне мойынсұнасың. Дала тарландары Қазтуған, Бұхар, Дулат, Шортанбайлардың жаппанда өскен жалғыз терек емес, шығыстың, қала берді әлем ойынан хабардар мәуелі орман екендігіне көз жетеді. Маякең де сол үлгіні жалғастырушының бірі.

Маякең 1949 жылы Москва қаласының 800 жылдық мерекесі тойына қатынаскан. Мұнда ол зор дауысты ақын екенін танытып, үлкен театр залында халық пейілін өзіне аударған еді. Ақынның сонда салған әні пластинкаға жазылып, бүкіл елге тарады.

Қарт ақын 1961 жылы 3-5 тамызда Алматыда өткен халық ақындарының республикалық мәслихатына қатысты. Ол туралы 1961 жылғы 11 тамыздағы «Қазақ әдебиеті» газеті былай деп жазды: «Онымен (Кененмен – К.Ж.) тізелес майталман ақын Маясар отыр. Токсаннан асса да дауысы әлі зор, тұйғындай ширақ, қияқ мұрт, шокша сақалды, қадірменді ақсақал. Ол Қарағандының Шет ауданында тұрады. Мынау алқалы жиында сол өз ауданының,

өз колхозының жайқалып өскен жасыл дария мол егінін жырға қосады Маякең. Жалпылама сыдыртпай, бет көбігін лепіртпей, шаруаны білетін, өмір талабын түсінетін, егінші тұрмысының егжей-тегжейін саралап ұғынған, қартайса да солардың нақ ортасында болған адамның тілімен сөйлеп отыр. Қария ақынның ең үлкен қасиеті де осында. Өз елімен біте қайнасып, оның игі қасиетін жанымен сезінуі, Маясар сөзінің дәмді, салмақты болуы да осында».

Маякеңнің өлең-жырлары оның балалары, 86 жастан асып қайтыс болған Тұрабай мен 70-тен асқан Әбдіғұлда, Садық ақсақалда ауызша да, жазбаша түрде де мол сақталған. Ақын жырының күні бүгінге дейін орындаушысы, сақтаушысы ретінде Р.Жақановты, т.б. айтуға болады. Маякең артына өлмес із қалдырған адам.

Ақын мұрасы – өсіп келе жатқан ұрпақтың рухани-эстетикалық нәр алар сөз маржаны екеніне сеніміміз мол.

Сәбит Бексейіт
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

Дарынды домбырашы

Күйші-домбырашы Ыбырай Байсейітұлы Қарағанды облысының бұрынғы Тельман, қазіргі Бұқар жырау ауданына қарасты Сарытау деген жерде 1889 жылы дүниеге келген. Ыбекеңнің руы Қареке. Оның ішінде – Ақбура – Жанықұл – Үрпек – Шоқан ұрпағы. Өз айналасына домбырашылық, күйшілік өнерімен аты шыққан. Ол атақты қазақ композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап күйлерін тамаша орындаған.

Кезінде Тоқа, Дайрабай, Ықылас, Қыздарбек, Әбди сияқты дәулескер күйшілердің көзін көріп, олардың күйлерінің мол қорын қалың көпшілікке жеткізген. Күйшілік-домбырашылық өнерін әуелі ел арасында жүріп ұштаған ол, 1934 жылдан бастап өмірлік кәсіп етіп, Қарағанды облыстық радио комитетінде домбырашы-солист болып қызмет атқарып, қазақтың күй өнерінің насихатталуына елеулі еңбек сіңірді. Сол кезде өнерлерімен танымал бола бастаған Әбікен Хасенов, Мағауия Хамзин сияқты күйші-домбырашылармен шығармашылық-достық қарым-қатынаста болды.

Ыбырай Байсейітұлының өзі шығарған «Нарқызыл» атты күйі белгілі.

Ең алғаш «Дайрабай» күйін республика жұртшылығына таныстырған адам осы Ыбекең. Бұл кісінің тартуында Қарағанды облыстық радиосы жазып алған «Дайрабай» күйі республикалық радиодан беріледі. Кейін «Дайрабай» күйінің әсем нұсқалары Ә. Хасенов, М. Хамзин, М. Тілеуханов сияқты белгілі домбырашылардың тартуында хатқа түсті.

Ыбекенді өзім көрмегенмен, оны көзі көрген адамдардан сұрастырып білуге мүмкіндігім болды. Айталық, 1992 жылы жазушы Әуезхан Көшімовпен әңгіме-сұхбат құрудың реті келді. Қаламгердің 80 жасқа толуына орай редакциядан тапсырма алған едім. Әңгіменің негізгі арқауы – өмірі мен шығармашылығы болғанымен, ара-тұра мен білетін-білмейтін жекелеген адамдар туралы да көп дерек, мағлұмат берген-ді. Бір кезекте Ыбырай Байсейітұлын сүйсіне еске алды. Елдің есін жиғызбай сұрапыл соғыс жүріп жатқан 1942-1945 жылдары Әукеңнің Қарағанды облыстық радио комитетінде бас редактор болып істеп жүрген кезі екен.

– Бір күні жергілікті радиодан кезекті хабар беріліп жатқан кезде бейтаныс домбырашы «Дайрабай», «Сылқылдақ» күйлерін нәшіне келтіре орындады, – деп, еске алды қарт қаламгер. – Бір мезгілде құлағыма бір жұғымды сарын жетті. Жылы шымшым әуен аяқ алысын жиілетіп, анығырақ естілген сайын тұла бойымды шымырлатып, жүректі жиі соқтыра бастады. «Апыр-ай, мынау қандай тамаша нәрсе еді!» – деп орнымнан ұшып тұра келдім.

Біздің қырдағы ауылдарда жиі жаңғыратын, жұрт құлағына сіңісті көп күйлердің бірі – жаңағы аттас өрен толғау еді. Бірақ, мына «Дайрабайдың» аяқ алысы тіпті ерекше. Мен білетін толғану нұсқасы сағадан баяу басталып, бес саусақ белуардағы пернелерге әлденеше рет барып қайтқан соң ғана бебеулейтін, қоңырқай еді. Ал, «Дайрабайдың» мына нұсқасы салғаннан-ақ от басынан шығандай ұзап, безек қаға, көк жиегін төңіректейді екен.

Бұл кезде облыстық радиокомитетте Қали Байжанов, Жабай Тоғандықов, Бану Мұсылманова, Жаңыл Қартабаева, Зәбира Жұбатовалар жұмыс істейді. Әйгілі әнші Қалекен мен Жабекен менің әрі қарай сұрақ қоюыма жол берер емес, маған аты-жөні белгісіз домбырашыны кезек пен кезек мақтап ала жөнелісті.

– Ойбай, қарағым-ай, осында бізбен бірге жұмыс істейтін бір үлкен домбырашы болған. Несін айтасың, оның ойнайтын күйлері көп. Ойда жоқ жерден айрылып қалдық.

– Оның аты кім?

– Ыбырай Байсейітов деген кісі.

– Өзі қазір қайда тұрады?

– Біле алмадық дәл анығын. Бірақ осы арадан қашық болмау керек, бүгінгі мекені.

Ақыры түбегейлеп сұрастыра келгенде, дарынды домбырашы қырдағы Қызылқой деген жерде тұратын болып шықты...

Танысып, біліскен соң Әукең обком хатшысы Қанапинге барып, оны жұмысына қайтадан орналастырыпты. Көзі тірілерінде Қали Байжанов пен Ыбырай Байсейітовтың Қарағанды филармониясының мақтанышы болғанын сүйсіне айтып отырған жазушы: «Домбырашы Ыбырай Байсейітов осыдан соң көп ұзамай-ақ үй ішімен Қарағанды қаласына көшіріліп әкелінді. Ол кезде редакцияға хат жазу деген әдетке айнала қоймаған. Бірақ домбырашы өнеріне тәнті болып, телефон соғушылар саны жеделдей түскен еді.

1944 жылдың бас кезінде алты облыс айтысқа әзірленді. Арқа жағынан Қарағанды мен Семей бәсекелескен-ді. Айтысқа қатысушы ділмарлар бір күні домбырашы Ыбырайды қонаққа шақырды. Бармағынан бал тамған үлкен өнерпаз сол күні іңірден бастап терезеден таң сәулесі кіргенше, күйлер толғады. Ол осы уақыт бойында бір рет орындаған толғауын екінші рет қайталаған жоқ. Домбырашы Ыбырайдың сондағы шабытты кескін-келбеті күні бүгінге дейін менің көз алдымда. Орындыққа қомдана отырып алған қалпынан бір-ақ рет түрегеп бой жазғаны болмаса, ұзақ түн бойында ол тапжылған жоқ. Біз оған анда-санда қайнаған

кара шай ұсынып отырдық. Кең байтақты төңіректен, көк жиегін орағытар бойлауық толғауларды бастаған шақта ол шалқая отырса, бебеулетте жебелер сәтке жеткен мезетте домбыра үстіне, тоят алған қыранша, төне түседі. Осылайша құлшына қасарысқанында оның барлық денесі бір-ақ уыс болып, жалтыраған қасқа маңдайы ерекше көз тартатын еді.

Иә, мен өзім ес білгеннен бері қарай Ыбырайдан асқан домбырашыны көрген емеспін. Мен оның қанша күй білетінін есептеген емеспін. Бірақ әлгі бір ұзақ түн бойында ол кемінде 40-50 күй орындаған шығар. Бәрінен бұрын ол азынататын көп күйлер арасында: «Малайсары», «Кертайлак», «Далбай», «Нарқызыл», «Бозайғыр», «Тепеңкөк» сияқты, елдік пен ерлікті баян етер өрен толғаулар бар еді. Шіркін не керек, сол баға жетпес өнер бұйымдарының бірлі-жарымы ғана болмаса, көпшілігі қыркыншы жылдардың орта шенінде дүние салған домбырашы Ыбырайдың өзімен қоса кетті. Ол орындайтын көп күйлерді кезінде жазып алуға біздің қолымызда сайлы құрал болған жоқ. Мен ең алдымен осыған армандамын...

Иә, солай. Халқымыздың ең асыл, жанды шежіресі – сол бір көп күйлер шынымен-ақ жоғалып кете барғаны ма? Болмаса соларды орындай білетін сұңғыла жандар ел ішінде әлі де бар ма екен?!»

«Ел іші – өнер кеніші» дейді ғой. Атадан қалған асыл мұраны жоғалтпайтын сергек те ізетті ізбасарлар бар екен. Ыбекеннің тартқан күйлері Бегімсал Орынбекұлы, Мұхит Битенов сияқты өнерпаздар арқылы бүгінгі күнге жетті.

Жаңаарқалық болып кеткен Мұхит Битенов (руы кіші жүз) 1912 жылы Орал облысы Жәнібек ауданындағы Қамысты ауылында туып, 1985 жылы Жаңаарқа ауданының Бидайық совхозы

Ақшағат бөлімшесінде қайтыс болды. Әкесі Дүйсенғали да шебер домбырашы, «Таспау қара» деген күй шығарған өнерпаз болған адам.

Мұхит 1937 жылғы облыстық фестивальдің, одан кейінгі республикалық фестивальдің, Бүкілодақтық радиокомитет жүлдесінің жеңімпазы. Облыстық радиокомитетте Ыбекенмен бірге жұмыс істеген. Осы радиокомитетте құрылған құрамында 26 адамы бар қазақ хорының домбырашылар легінде Ыбекен мен Мұхит, әншілері қатарында әйелі Ақын Битенова болған. Өнерімен өрде озған Мұхит кезінде қазақ радиосына 21 күй жаздырған. Соның ішінде Ыбекеннің «Нарқызыл» күйі де бар.

– «Дайрабай» күйінің Ыбекен жөндеген вариантының ізімен композитор Еркеғали Рахмадиев симфония жазып, ол шетелге дейін шығып кетті. Наурызбайдың аты туралы «Кертайлак» күйі, Абылай ханның бас қолбасы батыры Малайсарының «Дамылқақпай» күйі жоғалып кетті. Қап әттеген-ай десейші, кезінде жазып алатын аппарат болмады, – деп, Әукең терең күрсінді де, одан арғы әңгімесін жүзі жадырай отырып сабақтады. – Кейін сол Ыбекеннің көзі бақырайған тентек ұлы Мақсұтпен жасы кіші болса да, дәмдес, әріптес болдық. Мен оның «Гитлершілдер» деген бірінші өлеңін радиодан бергіздім... – деді.

Айтса айтқандай, әкесінің туа біткен дарынын былай қойғанда, өнерге деген ыстық ықыласы кейін оның баласы Мақсұтқа да жұға бастайды. Ол да жастайынан ән-күйге үйір болады, ән айтып, домбыра тартады. Өз жанынан өлең шығарады. Жоғары оқу орнына жаңа түскен балауса студент кезімде, 1968-1969 жылдар аралығында жарты жылдай сол Мақанның үйінде тұрдым. Бұл уақытта ол кісі атақты ақын. КСРО Жазушылар одағына жиырма жасында өткен. Дауылпаз ақын Қасымның

соңына ерген шәкірттерінің бірі. Мұғалімдер институтында оқып жүргенде әдебиеттен ақын Қабыкен Мұқышев сабақ берген. Кейін аңғардым, өлең оқығанда сол кісіге еліктеп оқиды екен. Адуынды, аркалы қалпында арқырап жүріп жатқан шағы. Кезінде Доскей ақынға арналып салынған екі-үш бөлмелі ескі кірпіш үйде тұратын. Бұрынғы Киров, қазіргі Ерубаев көшесіндегі № 1 мекенжайда орналасқан бұл үйдің орнында әуелде «Облкниготорг» мекемесі, кейінірек «Арко» ЖШС баспаханасы жайғасты.

Ақынның шаңырағына күн құрғатпай әдебиетке, өнерге жақын адамдар келіп тұратын. Кейде тіпті Алматыдан, Жезқазғаннан, басқа да қалалар мен аудандардан қонақтар келеді. Қарағандылықтардан жиі болатын меймандары – жазушы Әуезхан Көшімов, ақын Михаил Балыкин, журналистер Қали Сәрсенбаев, Қали Сыздықов, Орынбай Аймағамбетовтер. Алыстан ат сабылтып келген қонақтардан көргенім – Саттар Сейітказин, Аппаз Қаражігітов, Хамит Балшабеков және тағы басқалар. Мұндайда шарап ішіледі, гу-гу әңгіме. Мақан қолына домбырасын алып, Мағжанның «Әлдиле, өлім, әлдиле» әнін айтады. Бірде маған қарап: «Мынау Бекеннің күйі. Жазбасы Мәскеудегі Кино үйінде бар. Міне, былай тартады», – деп, мақамы өзгеше бір күйді тартып берді. Күй тартып отырғанда қолы домбыра сағағынан жоғары өрлеп, пернелердің үстімен жорғалап кетеді. Домбыра тартуды білмейтін мен танданыспен сүйсіндім де қойдым. Оны таспаға жазып алу, нотасын түсіріп алу ойда болмапты. Бертінде «Ғасыркешу» дәуірнамасында осы жайды:

Ғасырым шоқтықты, асқарлы,
Бексейіт күйімен басталды.

Қыдекем жазып шежіресін,
мен бүгін қашадым дастанды.
Түргенде құлақты сазына,
айтқандай заманға базына.
Мирасқор елгезек болмаса,
жоғалар сан асыл қазына... –

деп, шерменде бола отырып, сыр ғып айтқан едім.

Кейінірек, сексенінші жылдардың аяғында мені Сағат Батырханова бастаған бір-екі журналист «композитор Еркеғали Рахмадиев сұрап жатыр» деп іздепті. Жайшылықта мені табу оп-онай, осындай бір маңызды оқиға тұсында таба алмайтыны қызық. Налып, кіжіндім де қойдым. Ыбекең туралы сұрамақшы болған тәрізді. Атап айтқанда, әңгіме үлкен әкемнің күйі турасында болса керек. Күйдің аты «Бексейіт күйі». Сол «Байсейіт күйі» деп бұрыс жазылып кетсе керек. Байсекең Бекеннің ағасы, өнерден гөрі билікті ұнатқан. Кезінде старшын болған. Өнерге жақын қақсоқтада жұмысы жоқ, томаға тұйық менің ұлы әкем болса керек. Үлкендерден солай деп естігем.

Жаңаарқадағы үлкен үйге телефон шалып, шешейден Ыбекеңнің қайтқан жылын анықтадым. 1947 жылдың не маусым, не тамыз айы екен. Демек, алпысқа толмай, 58 жасында дүниеден озған болды. Ол кісі Байсекеңнің ортаншы ұлы еді. Ағасы Жұмажан мен інісі Ахметті көзім көрді. Қателеспесем, үлкеңі өткен ғасырдың алпысыншы жылдары, кішісі жетпісінші жылдары қайтыс болды. Жұмекең үндемейтін біртоға адам болса, Ақан сөзшен, әзілкеш, еті тірі ширақ адам болатын. Бүгінде балалары, немерелері мен шөберелері Шет ауданының сол баяғы Қызылқой ауылында тұрып жатыр. Бірен-сараны сыртта жүр.

«Өнерліге өлім жоқ» дегендей, Ыбекеңнің аты өлмей бүгінгі күнге жеткеніне шүкіршілік етеміз. Ол кісі туралы деректі атақты жазушы, этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбектің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығымен марапатталған «Қазақтың күй өнері» монографиясынан (Астана, «Күлтегін» баспасы, 2002 жыл, 597, 799-беттер), музыка зерттеуші Т. Мерғалиевтің «Домбыра сазы» (Алматы, 1972 жыл, 100, 301-беттер) кітабынан оқуға болады.

Мәуен Хамзин

*филология ғылымдарының докторы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің профессоры*

Жәкен Байтуов (1891-1962)

Жәкен Байтуов 1891 жылы қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданы территориясында Шаруатеңеу деген жерде дүниеге келген. Жастайынан өлең-жырға, халық ауыз әдебиеті үлгілеріне құмар болып өскен болашақ ақынның бүкіл өмір жолын, кешкен ғұмырын сол кездегі КСРО атты алып мемлекеттегі қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардан бөліп алып қарау мүмкін емес. Елде болып жатқан өзгерістер, дүбірлі оқиғалар ақын назарынан тыс қалған жоқ. «Қырық жылда құлпырдық» (Қазақстанның 40 жылдық тойына арналған), «Коммунизм – өреніміз», «Келіңіз тойымызға», «Бірінші Мамырға сәлем», «Наршөккен», «Қойшы мен қасқыр», «Қыстан мал басын аман сақтайық», «Әлі карттың қатарына келіндер» т.б. өлеңдері осы ойымызға дәлел. Ақын еңбек озаттарын, дамуы жаппақсы көзге түсіп келе жатқан ауыл шаруашылығын, колхоз малын өсіруде орын алған жекелеген кемшіліктерді тілге тиек етеді. Өлеңдерінің көркемдік қырларына тоқталсақ, ақынның әбден таптаурын болған үрдістен бойын аулақ салып, тың ой айтуға, әдемі юмор, эпитет, теңеулер қолдануға тырысқанын байқау қиын емес. Ал, бұның өзі осынау талантты ақынның талғампаздығынан хабар бергендей.

Ақын Жәкен Байтуовтың шығармашылығында недәуір орны бар өлеңдеріндегі жоғарыдағы ойымызға, яғни, тәп-тәуір көркемдік

өре деңгейіне оның «Наршөккен» атты шығармасындағы мына жолдар айғақ бола алады.

Наршөккен – кербез сұлу тау ордасы,
Бұлт құшып, күнді сүйген қыр арқасы.
Жас қайың, сұлу терек, мәуелі гүл,
Жұпардай исі аңқыған таза ауасы.
Қырандар шың басына ұя салған,
Сайларын арқар, киік сая қылған...
Наршөккен – көлбеп жатқан жалғыз биік,
Басқа тау тәжім егер басын иіп...
Сайынан сылдыр қаққан сансыз бұлақ,
Сынаптай сырғып аққан төмен құлап.
Құлпырған көк жібектей басын изеп,
Жайқалып жағасында біткен құрақ...
Сарыата, Ащылайлы, Қаражартас,
Ақбастау, Құлқарамен жатыр жалғас.
Мінеді алты күнде ат семіртіп,
Қызығы бұл жерлердің естен қалмас...

Жәкен Байтуов – айтыскер акын. Ақындар айтысын ерекше қастерлеп, айрықша мән берген. Фольклорлық жанрлар ішінен айтыс өнерін жоғары бағалап қана қоймай, өзі қатысқан айтыстарда әр сөзге ерекше мән бергені, кестелі де оралымды тармақтарға айрықша көркемдік реңк сіңіруге талпынғаны байқалады. Оның сөз сайысынан көп ізденгенін байқау қиын емес.

Акын өз заманында атақты ақындар Маясар, Болман, Жылқыбай, Тұңғышбектермен айтысқа түскен. Жәкеннің қатысқан сөз сайыстарын салыстырғанда, көркемдігі жағынан біршама биік деңгейге көтерілген «Жәкен-Маясар» айтысын айтуға болады. Әрине, кеңестік заманда коммунистік идеологияның рухани игіліктер жүйесін жасаушылар үшін қандай ұстанымда

болғаны баршаға аян. Сондықтан да кеңестік жүйені мақтау, бақытты да баянды, жарқын өмір үшін коммунистік партияға шексіз сүйіспеншілікті білдіру, елде болып жатқан өзгерістерді жырлау, кеңестік кеңістіктегі жетістіктерді, халық шаруашылығы саласындағы ілгерілеушіліктерді жырға қосу басты тақырыптарға айналғаны мәлім. Сондықтан да болса керек, «Маясар–Жәкен» айтысында да осы жайттардың жиі кездесетінін бірден байқауға болады.

Жәкен:

Қазақтың ата-мұра салтын істеп,
Маеке, айтыскалы келдім іздеп.
Көшелі, көпті көрген ақын едің,
Қызғанда сөз шығатын тізбек-тізбек.
Аямай әлің жетсе қарпып қара,
Ойлама бала бүркіт жеңілер деп.
Бұл топта мініңді айтып тап бермесем,
Келгем жоқ беттегеннен шетінем деп.
Аузыңнан шыққан сөзің жұртқа жағып,
Жаршы болып бастасаң дабыл қағып.
Жарыста ұлы дүбір көшке ере алмай,
Колхозың қалып қойған артта нағып?

Маясар:

Аңдап бас аяғыңды, акын інім,
Осы елдің мен де өзіңдей ақынымын.
Байқап соз аяғыңды – көрпең шағын,
Бұл саған біле білсең, ақыл, інім,
Қой өрген қотанынан мыңнан аса,
Айтыста ақсатушы ед ақынды кім?
Алқапты алып жатқан қалың сиыр,
Сездіреп жеңетінін ақыры кім?

Айтқыш болсаң, әуелі өз мініңді айт,
Сен соны айту үшін шақырылды...

Айтыста жап-жақсы көркемдік өре бар. Әр акынның сөз таңдай білуі, ізденгіштік қасиеттері бірден байқалады. Өз аулынан, яғни, колхозынан еңбек озаты болып, көзге түскен еңбеккерлерді мақтау, сонымен қатар, орын алған кемшіліктерді сынау – қос акынның ғана емес, Жәкен Байтуовтың өзге де айтыстарына тән болып келетінін айтқан жөн.

Акын Жәкен Байтуовтың шығармашылық ерекшелігіне жататын келесі бір сипаты – дастан жанрына сіңірген еңбегі. Жәкен акын – қазақтың сайын сахарасындағы қыруар руханият игіліктері аясындағы жетекші жанр – дастанның өсіп, өркендеуіне, дамуына айрықша үлес қосқан адам. Акынның қаламынан «Бөрі батыр», «Саржан – Бодық», «Көкжайдақ» дастандары туды. Аталмыш дастандарды зерделегенде, бірнеше жайтқа назар аударған жөн: біріншіден, бұл дастандардың, негізінен, жанры жағынан тарихи сипатта болып келуі; екіншіден, дастандар сюжетінің негізгі өзегіне арқау болған оқиғалардың Жәкен акын ғұмыр кешкен Орталық Қазақстан жерінде өтуі; үшіншіден, тарихи оқиғалар аясындағы қаһармандардың да өмірде болғандығы.

Акын дастандарының ішіндегі тарихилық сипаты басым, көркемдік өре – деңгейі мен әлеуметтік жүгінің салмақтылығы жағынан көрнектісі – «Көкжайдақ» дастаны.

Поэма сюжеті ХҮІІІ ғасырдың қазақ тарихындағы ең бір шерлі шежіресі – «актабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасына арналған. Алапат соғыс, қырғын, қантөгіс, сол азапты оқиғалар тұсында тарих сахнасына шыққан ерлер дастанның идеялық өзегіне арқау болған. Жаппай босқан елдің Арқадан Сырға, Сырдан Арқаға жөңкілгені реалистік сипатта берілген. Жасынан көңілге тоқығаны бар, үлкендерден естігені бар, Жәкен акын

дастанның басты қаһарманы етіп белгілі батыр Сазанбайды алған да, оның тарихи, ерлік тұлғасын ашуға тырысқан. Сазанбай – тарихта болған адам, батыр, тарихи тұлға. Ел болып бірігу қажеттігін, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару керектігін жете түсінген Сазанбай бейнесіне автор тарихи оқиғалар аясындағы жинақтау және даралау тәсілдерін сіңіруге тырысқан. «Ат – ер қанаты» болғандықтан Ташкент қаласындағы бір әйгілі бекте атағы алысқа кеткен текежәуміт тұқымды Көкжайдақ атты тұлпардың барын естіген батыр сол тұлпарды алу үшін жанына Орынбайдай жас беренді ертіп, сапарға аттанады. Түн ішінде күзетшіні өлтіріп, Көкжайдақты алып, елге оралады. Жұртын жинап, Көкжайдақтан тұқым алмақшы екенін, қас тұлпар мінген ерлерді жауға аттанғанда көргісі келетінін айтады. Жаумен ұрыста Сазанбай қолға түседі. Батырдың Орынбаймен қоштасқаны, елге сәлемі, ұлағат өсиеті дастанда ұтымды берілген. Ежелден келе жатқан дәстүрге сүйенген Жәкен акын да шығармасын 11 буынды кара өлең ұйқасымен жазған.

Дастанға қойылатын талаптарға «Көкжайдақ» толықтай жауап бере алады. Дастанның:

Тартысқан ерте кезде қазақ – қалмақ,

Егесіп, жеңген жағын шауып алмақ, –

деп келетін алғысөзі шығарманың құрылымында пролог, экспозиция қызметін атқарса,

Сарқылмас қор, ұмытылмас жыр боп қалды,

Ерлердің елімізге салған жолы, –

деп келетін қорытынды жолдар әрі ұлағатты, тағлымдық, әрі эпилогтық қызмет атқарып тұр.

«Көкжайдаққа» қарағанда, тақырыбы жағынан «Бөрі батыр» дастаны сәл өзгешелеу. Бұнда адамгершілік, достық,

махаббат, сүйіспеншілік, қысқаша айтсақ, жақсылық пен жамандық ұғымдарының мәңгі бітіспес күресі аясындағы түрлі характерлердің қақтығысы, шарпысуы сөз болады.

Дастанның негізгі кейіпкерлері: Бөрі батыр, Күңілдік, Аксерке, Ботантай. Деріпсал қария эпизодтық кейіпкер болса да, автор оның болмысына асқан кемеңгерлікті, тереңдікті, ел бірлігін, ұлт тұтастығын көксеген қасиет-сипатты дарыта алған. Аксеркенің арғы тегі – Кіші Жүз. Ботантай – Орта Жүздің тумасы. Қос бай үлкен бір жиында бас қосып, танысып, құда болуға ант-тасады. Ботантай Аксеркенің ұлына қызын бермек. Құдалар келуі, қыздың ұзатылуы, екі жақтың бір-біріне көрсеткен сый-сияпаты, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, яғни этнографиялық элементтердің бір-шама тәуір берілуі автордың қазақ қоғамының ертеректегі болмыс-бітімін недәуір жетік білетіндігін байқатады. Ертеректегі дәстүр бойынша ұзатылған қызбен бірге күннің де аттанатыны мәлім. Күңілдік атты қыз -ауылға кірме Итқұлының қызы. Сол Күңілдік күн ретінде Ботантайдың ұзатылған қызымен бірге кетеді. Жас қыздың жаңа ғана ел аузына ілігіп келе жатқан жас батыр – Бөрімен байласқан сөзі, анттасқан серті бар еді. Қыздың күн ретінде көшпен бірге жөнелтілуіне Бөрі батыр қатты науқастанып жатқандықтан, бөгет бола алмайды. Барған жерінде тек қана азап, қорлық, кемсіту көрген Күңілдік қыз Аксеркенің жүйрік атын ұрлап мініп, елге қашады. Алайда жер бағдарына жетік емес қыз жолда адасып, ақ түтек боранға ұшырап, аты да, өзі де мерт болады. Өлер алдында әлсіреген қолымен Бөріге хат жазып қалдырады. Қыздың хаты – дастанның ең бір әсерлі тұстары. Хат иесінің дүниетанымынан, өмір атты керуен-көшке қатысты қалыптасып қалған көзқарас-пікірінен хабар береді.

«Қош бол, енді, ел-жұртым,
Көре алмадым, ата-анам.

Өлді жолда қорлықпен
Әлпештеген жан ботаң...
...Сүйегім қалды жапанда,
Құзғын-құртқа жем болып.
Жас өмірім кеттің бе,
Жанған оттай күл болып...
...Қария атам Дебеке,
Нашарлады біздің хал.
Атам менен анама
Көзіңіздің қырын сал...
...Қолыңды алдым, қол бердім,
Бөрі, сені көрмедім.
Жүзіңізді бір көріп,
Сонан соң мен өлмедім.
Бір жыл көрмей қызықты,
Әуелде жазған сызықты.
Бір мен емес, талайлар
Арманда болып кетіпті...
Жас болсаң да, Бөрі сен,
Қараушы едің нашарға.
Жоқтамасаң күнәмді
Екі қолым жағанда...

Наукасынан тәуір болған Бөрі қалыңдығына бармақ болады. Алайда сол жақтан сапарлап келе жатқан бір жолаушылар құла түзде өлген ат пен бір қызды көргендерін, қызды арулап көмгенін, қалтасынан хат табылғанын айтып, сол хатты Бөрінің еліне табыс етеді. Деріпсал қария шұғыл ақылға салып, Кіші Жүз еліне аттанғалы жатқан Бөріні тоқтатып, сол сапарға өзі бармақ болады. Бөрі батыр қарияны тоқтатып, өзі жүріп кетеді. Межелеген жері-

не жетеді. Бөрінің кеп қалғанын естіген Ақсерке намысқа тырысып, алдынан шығады, жекпе-жекте Ақсерке қаза табады. Елге оралған Бөрі батыр Күңілдікті күң ғып, басқа елге жібергендерді жазаламақ болады, алайда олар бұл өлкеден қашып, көшіп кеткен екен. Іздеме болған Бөріге данагөй қарт тоқтау айтып, дауды тындырады. Сюжеттік желінің басынан аяғына дейін әрекет етіп, көзге түспесе де, ақын Деріпсал бейнесіне ұлт тұтастығын, ел бірлігін ойлаған кемеңгерлік қасиет-сипаттарды дарытуға тырысқан. Ал, бұл мақсат авторлық ұстаным, идеядан туындап жатқаны еш дау тудырмаса керек.

Дәл осы авторлық ұстаным Жәкен Байтуовтың «Саржан-Бодық» дастанына да қатысты. Дастан сюжеті төмендегіше. Жастайынан ерлік, батырлықты мұрат тұтқан Саржан төре біршама жасағымен Сыр бойына жорыққа шығады. Бір бай ауылға келіп, Сиқымбай отағасымен танысады. Көп жылқы олжаламақшы болған төре Сиқымбайдың арғы атасы Сырымның Абылаймен дос болғанын, Абылайдың аруағы үшін Саржан төреден малды да, жанды да аямайтынын естіп, райынан қайтады. Сиқымбай Саржанға атақты Топжарған тұлпарын сыйға тартады. Елімен ақылдасқан төре ескі кекті қайтармақ боп Тінәлі еліне келеді. Тінәлі елінің батыры Назарбай Қоңыр атты шонжарменен бірігіп, Кенесарыға дос емес, қас болыпты. Сәл ертеректе Тінәлі елінің Назарбай батыр бастаған жасағынан Саржанның әскеріндегі он бір ері қазаға ұшырапты. Дастанда Саржанның ендігі аттанысы сол кекті қайтармақ ойынан туған екен. Тінәлі еліне келген Саржан қолы қыруар жылқыны шауып алады. Еліне қарай айдап, Жақсы қарт деген тау бауырында демалу үшін аялдайды. Сапарлап келген Назарбай аулынан қалың жылқының барымталанып кеткенін естіп, жанына жас Мұсаны ертіп, Саржан қолын қуып

жетеді. Келіссөз жүреді. Саржан он бір сарбазының Тінәлі елінің қолынан өлгенін айтып, Қоңырдың орыспен одақтасқанын кешпейтінін, сол үшін де жылқыны қайтармайтынын мәлімдейді. Ұрыс басталады. Саржанның көп серігін жас та болса қайраты тасыған Мұса аттан түсіріп кетеді. Онымен Саржанның өзі жекпе-жекке шығып, жас батыр жеңіледі. Назарбай еліне қарай қашады. Саржан қолы қалың жылқыны айдап, Байқара өзеніне жетеді. Бұны естіген Қаракесек-Қояншытаңай руының батыры Бөрте төреден олжа алып қалмақ боп, Байқарада жатқан Саржан қолына аттанады. Соғыс болып, Саржанның қолынан Бөрте мерт болады. Бөртенің қазасы жанына батқан қарт Бодық батыр (жасы жетпістен асқан) намысқа мініп, Саржан жатқан Қармыс өзенінің бойына барады. Төре мен батыр жекпе-жекке шығады, бірін-бірі жеңе алмайды. Төре қаша жөнеліп, ақыры сол жерде «Саржан қашқан» деген ат қалады. Арада біраз уақыт өткен соң, қашқанына намыстанған Саржан төре Бодықтың еліне тағы келеді. Төре мен Бодық қарт құн дауласып, келісімге келе алмаған соң, тағы да жекпе-жекке шығады. Садақтан ату кезегі Бодыққа бірінші тигенімен, оқ тигізе алмайды. Саржан төре кезегі келгенде Бодықты атпай, қорамсағына тигізеді. Екі жақ бітімге келіседі. Бөртенің құны үшін берілмек жүз жылқыдан Бодық бас тартып, Топжарған тұлпарды алады.

Арада недәуір уақыт өтеді. Бодық қарт науқастанып, жұртына өсиет айтады.

Бұзбаңдар ұйымыңды, қымбатты елім,
Айтатын өсиетім мен сендерге.
Сенбендер, саналы ерлер, бұл жалғанға,
Мастанба елді шауып жылқы алғанға.

Ел аузындағы әңгімеге жасынан қанық болған Жәкен ақын Саржан төрені басбұзар, тентек етіп көрсетсе, тарихи шындықтан ауытқитынын білген сияқты. Сондықтан да оған да, Бодық қарияға да лайықты оң бағасын берген. Дастанда жекелеген сәйкессіздіктер де бар. Саржанның атқа мініп, қол бастаған кезі жоңғар қалмақтарымен қазақ елінің соғысқан кезі емес. Екіншіден, тарих сахнасына Кенесарының шығуы Саржанның өлімінен кейін ғана болды. Кенесары бастаған орыс отаршылдығына қарсы халық қозғалысына Ташкент құшбегінің қолынан қапыда қаза тапқан Есенкелді мен Саржан сұлтандар қатыса алған жоқ.

Жалпыалғанда, Орталық Қазақстан өңірінде дастан жанрының дамуына үлкен үлес қосқан Жәкен ақын Байтуовты ерекше атаған жөн. Ақын мұрасы бүгінгі ұрпаққа үлгі.

Кәмел Жүністегі
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

Әбікен Хасенұлы (1892-1958)

Көнеден келе жатқан шертпе күй өнерін 30-50 жылдар арасында елге насихаттаушы да, өнерімен тәнті етуші де Әбікен Хасенұлы болды. Сол бір қиын кезеңде, шертпе күй «мұң мен зарға толы, сол себептен жаңа қоғамның идеологиясына сай емес» деп танылған тұста Әбікеннің осы өнерді сақтап қалуы да, қисынын тауып дәріптеуі де асқан ерлік еді. Әбікен – Арқаның атақты күйшісі Қыздарбек мектебінің түлегі. Қыздарбектің айналасына топталған күйшілерді қуғын-сүргінге салу сонау 1928 жылы басталған еді. 1928-32 жыл аралығында Әбди, Сембек, Кәрібек, Ақмолда күйшілер атылып, не белсенділердің қолынан қаза тапты. Осы қияметтің бір шетін көре отырып, домбырасын құшақтап жүріп, халықты терең философиялы шертпе күймен суындату ерліктің төресі.

Әбікен текті тұқымнан. Оның үлкен әкесі Көпбай Бесата елінің Кәрсен бұтағының болысы. Ол болыстықты алғашқы болыс Есбергеннен алған. Көпбай болыс жасының кішілігіне қарамай, Құнанбаймен сырлас, дос адам болған. Көпбайдың мінезділігі, білгірлігі бұл Арқа ғана емес, түстігі Шу, терістігі Көкше арасына кең тараған. Үйсін арасындағы Әпи төренің:

Көбекене сәлем айт, бір ат берсін,
Құйрық-жалы төгілген құр ат берсін.
Боздығы Бұхардың бөзіндей болсын,

Естілігі көненің көзіндей болсын,
Елшілдігі Шортанбайдың сөзіндей болсын,
Жорғалығы Жанғұттының тезіндей болсын,
Семіздігі Көпбайдың өзіндей болсын, –

деп, мақсатты оймен сауал тастауы осы сөзіміздің айғағы.

Көпбай болыстың Сәдуақасынан Мақаш пен Хасен туады.
Әбікен Хасеннің ұлы.

Көпбай болыс орыстың отарлау саясатына, қазақты орыстандыру ісіне қарсы әрекет жасаған адам. Қазақты діннен айыру үшін неше түрлі айламен шоқындыру басталған кезде Ақылбек қожаны Кәрсен елінің ішінде ұстап, жастардың арабша сауатын ашып, мұсылмандықтың негізін сақтап қалуға күш салған. Бесін намазы кезінде ауыл-ауылды аралайды екен. Намаз кезінде сәждаға бас ұрмағандарды сабатып та тастаған кезі болған. «Көпбайдан қорқамыз деп көзіміз шығатын болды-ау» деген мәтел сол тұста, шөп-шөңгенің үстіне құлай кетіп, намаз оқығандардан қалған. Міне, Әбікеннің тектілігінің төркіні осында жатыр. Сол тектілік заман қаншама қитұрқы, қиын болса да өнерінің сөнбесінің кепілі болған.

Қыздарбек күйшінің маңына топтасқан сегіз-тоғыз домбырашы, болашақ күйшілердің бірі – Мақаш. Қыздарбектің Тоқамен күй тартыс-айтысының арасында жүріп, ұстазының күй-сәлемін жеткізуші де осы – Мақаш. Оның соңында қалған «Мақаштың майда Қосбасары» деген күйі біздің қолымызда бар. Әбікен домбырашы-күйшілердің арасында өсіп, көне әуенге ерте елтіп, балалық шағынан домбыра шертіп өскен. Күй өнеріне біржола бас қоюы бозбалалық дәуіріне дәл келеді. Өмірінің осы кезеңінде ағасы Мақаштың үйінде қыс бойы жатып, өнердің қыр-сырын меңгергенін күйші Бегімсал да, тоқсаннан асып көз жұмған Қаз

ақын да үнемі айтып отырғанының куәсіміз. Мақаштан қыс бойы тәлім алған Әбікен, жаз бойы айлап жатып Әбиден, Сембектен, Кенжеғарадан күй өнерін жетілдіре түскен. Мұрты жаңа тебіндеген жігіт өнерімен елді ұйытып, атағы да дабырайып шыға бастайды. Өнердің біраз шыңына жеттім-ау деген шамада Қыздарбектің де алдын көрген. Бұрын-соңды өткен күйшілердің туындыларын Әбікенге шерттіре отырып, Қыздарбек қағыстың неше алуан сырына шәкіртін жетілдіре берген екен. Жас күйшіге ұлы ұстазы: «Домбыраның ішегін мейлінші бос ұста. Ішек қатты тартылса, шыңылдаған үн шығады. Бос ішектен даланың самалындай желпіген арман мен мұң, шексіз киял төгіліп, жүрекке жетеді. Екіншіден, әр ішекті жеке ойнатып, бар дыбысын пайдаланған дұрыс. Қосымша ішекті әредік қосып отырсаң, дыбыс байи түседі» деп тапсырған екен.

Әбікен тәрбиеленіп өскен Қыздарбек күйші туралы сөз қозғалғанда, қыпшақ Итаяқ күйші туралы айтпай кетуге болмайды. Қыздарбек 12-13 жасында Итаяқ күйшіден бата алған екен. Итаяқтың да біздің қолымызда бірер сарыны бар. Өз зерттеушісін күтіп тұрған күйші Итаяқтың мазары Бетпақ даланың бергі бетінде әлі де өз қалпын сақтап тұр. Кезінде Тоқа, Тәттімбет те, Қыздарбек те сол көненің мұрасын жеткізуші Итаяқты ұстаз тұтқан.

Әбікен Хасенұлының өміріне күрт өзгеріс енгізген 1931 жылдың уақиғалары еді. Қазақтың малын әртүрлі сылтаумен жаппай тартып алу бой алды. Ғасырлар бойы малмен өмір сүрген халық тірлігінің көзінен айырылды. Мұның жаппай аштыққа ұшырататынын, елдің біржола қырылып қалу қаупі төнгенін көкірегі ашық, көзі ояулар жақсы түсінді. Қазақстанның әр жерінде болып жатқан толқулар Бесата жұртын да қамтыды. Бесатаның ішінде әуелгі болып көтерілген Кәрсендер еді. Халық жаппай

жазаға ұшырады. Бір Көпбай ауылының маңында 12 адам атылды. Көпбай ауылы да қорлық-зорлыққа ұшырады. Осы қырғыннан Әбікенді сақтап қалған оның ауылда болмауы ғана еді. Қанды қырғынды сырттан естіген Әбікен бір түнде ғана ауылға соғып, елден біржолата жылыстап кетті.

1931 жылдың қанды уақиғаларынан кейін әр жерде жылыстап, бой тасалап жүрген Әбікен 1934 жылы Алматыға келеді. Сәкен Сейфуллинді сағалап барады. Сәкен мен Әбікен бұрыннан дос-жар адамдар еді. Ол достық Сәкеннің жастықтың әуресімен Мақаштың қызы Бәһәрді көре келгенінен басталған-тын. Содан бері әр кезіккенде жылы қабақ танытып, пейіл білдіретін.

Сәкен Әбікенді бірден филармонияға жібере қоймайды. Сәкен Қыздарбек шәкіртерінің тұтастай қырғынға ұшырағанын білетін. Бой тасалап жүрген Әбікенді филармонияға жіберіп, күйшінің өнерін көрсетсе, әлі де ушығып тұрған уақытта басына қатер үйілдіремін бе деген сақтықпен, Қазақтың драма театрына баруды ұсынады. Әрине, Әбікен Сәкеннің атынан барған. Драма театрының басшысы да Әбікен ауылындағы уақиғалардың шет жағасын білетін. Ол да басқа жұрттың көзінше Әбікенді танымаған болып, қырыс қабақ көрсеткендей көрініс жасаған. Осы жерде Әбікеннің сөз саптасын, түр-тұлғасын, мінезін байқаған, адамның жан-дүниесін тани білетін ұлы Мұқан (Әуезұлы): – Осы жігіт бізді жаңылдырмас. Кейпінде келістілік бар екен. Актерларымыздың көбісі оқып келіп жатыр. Бұлардың мектебі – даланың өзі ғой, – деген демеуі іске асқан.

Әбікеннің ұлы Мұқанмен достастығы осы сәттен басталған екен. Үйренісе келе Әбікенді үйіне ертіп барып, оның екінші қыры, нағыз бітімі, домбырашылығын таныған. Мұнан кейінгі өмірде Мұқан қандай бір отырыстарда Әбікенді жанынан

тастамай, өнеріне ерекше сүйініп өткен. Бірде Әбікеннің домбыра тиегін жиі ауыстыра беретінін байқап:

– Тиекте не кемшілік болып қалды? – деп сұраған.

– Ұстазым Қыздарбек әр күйге әртүрлі тиек тағушы еді, – деп, Әбікен бір күйге тиектің биіктеуі, екіншісіне аласалауы, ішек арасының да сәл тарылып, не кеңеюіне байланысты домбыра әуенінің де байи түсетінін айтқан.

Сөйтіп, Қаздрамтеатрға актер ретінде қабылданған Әбікен туа біткен дарынының арқасында талай рольдерді сомдап шығарды. Соның ішінде қазақ Билері Қараменде мен Қазыбектің орыны тіпті ерекше еді. Ширек ғасырдан аса уақыт театр сахнасында болып, көрермендердің көңілінен шыға алды.

Дегенмен де оның дарыны күйшілігінде еді. Отызжетінің зардабы, соғыстың таңбасы өткеннен кейін ғана ол өз талантын еркін таныта алды. Сол жылдарға дейін ол өзінің Бесата елінен екенін де жасырып, Семей жактың тумасымын деп келді. Қыздарбек күйшілік мектебінің тас-талқан етілуі, өз басының да қатерде болуы Әбікеннің Қыздарбек пен оның шәкірттерінің күйлерін ашық насихаттауға мүмкіндік бермеді. Өнерді сақтау үшін ұстаздарының күйін басқаға теліп тартуға тура келді.

Әбікеннің күй өнерінің ерекше саласы – шертпе күйді орындаудағы асқан шеберлігі ісі қазақ түгілі қырғыз, өзбек, түрікпен тәрізді түрік жұртын тамсандырған. Оның атына осы елде тұратын қазақ, өнерді сүйетін басқа ұлт өкілдерінің аттарынан хаттар үнемі түсіп тұрған.

Әбікен Хасенұлы өз мектебінің үлгі-мұрасын жалғастырушы да тұлға. Оның «Қоңыр» атты күйін бүгінгі ісі қазақтың білмейтіні жоқ десе болады. Белгілі жазушы Жүсіп Алтайбаев бұл күйді Әбікен алғаш рет 1938 жылы тартқанын, күйді «Қайран

азаматтар-ай» деп атағанын бізге жеткізген еді. Күй отызжетінші жылдың құрбаны болып кеткен «мен қазақпын» деген азаматтарға арналған екен. Ж. Алтайбаев ағамыз Әбікенге күйдің атын өзгерту керек екенін ескерткен. Бұл күй қазір «Қоңыр» деп аталып жүр.

Сондай өнер шыңына жеткен Әбікен Хасенұлы заманның зәрі сынғаннан кейін ғана 50 – жылдары елге келіп, мұндағы жұртпен қатыса бастады. Бұл келгендерінде ол Бегімсал, Әбдіғали, Рысқұлбектерді ертіп, жұртқа өнер көрсететін. Әсіресе, ол Бегімсалды қатты құрметтеген. «Бегімсал-ай, елде отырып қалдың ғой. Өйтпесе, күйшілігің менен кем емес. Жұрт шілдеханада бір сәттік өнеріңді ғана қызықтайды. Колхоз бастық, совхоз бастыққа онан артық керегі жоқ. Қасиетіңе жетпейді-ау сенің» – деп қамыққан.

Өнердің хас шебері Әбікен Хасенұлына кезінде қамқорлық жасалмады. Биліктің басында отырған шала белсенді, дүмбілез басшылар шертпе күйді сақтау, дамыту дегенді еске алмағанның салдарынан Әбікенге шәкірт те бермей, бойына біткен дарынын, күйшілік шеберлігінің қыры мен сырын толық үйрете алмай кетті.

Күйшінің туып-өскен Шет өңірінде Әбікен қалыптастырған Қыздарбек мектебінің өнерін жалғастырушылар Республика көлемінде теледидардан өнер көрсетіп жүр. Дәулетбек Сәдуақасұлы Қыздарбек, Сембек, Әбдидің сүбелі күйлерімен танылса, Зәрубай Сүйіндікұлы Қыздарбектің «Ей, дүние – бір қиял», Сембектің соңғы күйі «Сезбесті» тамаша орындап, өнер шыңына өрлеген.

Көшен – көшелі ақын

Аты республикамызға әйгілі болған, облысымыздың айтулы ақындарының бірі осы Көшен Елеуов. Көшекең 1892 жылы дүниеге келіп, 79 жасында дүние салды. Көшекеңнің туып-өскен ата мекені Қарқаралы ауданы, Бесоба-Наршөккен тауларының өңірі.

Көшен сауатты, интеллигент ақын, ол өткен-кеткенді өте мол білетін, тоқығаны көп адам еді. Ол СССР Жазушылар одағының мүшелігіне ертеден-ақ қабылданған.

Көшекең өлеңге жастайынан құмар болып өседі. Ауылдағы той-думан, шілдеханаға қалмай қатысып, сол кездегі өлеңге дәмелімін деп жүрген қыз-келіншектермен қайымдасып айтысуға дағдыланады. Мұның өзі оның кейінгі кездегі өлеңді суырып салма тәсілмен айтуына жол ашады. Көшекеңнің өлеңге құмарлығы сонша, ол ат жетер жердегі ұзатылған қыз, түсірілген келіннің тойына іздеп барып айтысуды әдетіне айналдырып кеткен. Сөйтіп, келе-келе «Ақын Көшен», «Сері Көшен» атанып кеткен.

Көшен өлеңді суырыпсалма тәсілмен де, жазып та шығаратын бесасап ақын. Оның жазған өлеңдерінің мазмұн-мағынасы зор, идеясы терең, тілі де орамды, үйлес-ұйқасы жатық келеді. Осыдан болар, Көшекең Қарағанды еңбекшілері атынан халық ақындарының облыстық, республикалық айтыстарына қатысып, сан рет жүлдегер атанған болатын. Оның 1943 жылы Шашубаймен айтысы бүкіл Қазақстан көлеміне жайылған еді. Өйткені, олар Қарағанды мен Балқаш сияқты екі алыптың табыстарын, табиғат

көріністерін, ел тіршілігін айтыстарының негізгі арқауы етіп алған-ды. Әсіресе, сол кезде табысын тасқындатып қос Қызыл ту мен айтулы сыйлық алып тұрған Балқаштың өсу-өркендеу жолын Шашекең баршаға паш ете жырлап, халық ақыны Доскей Әлімбаевқа қарап былай деп сөз тастады:

О, Доске, Көшен қайда, Қайып қайда,
Кемшілік көрінбейді айыққанға.
Осында барды бар деп, жоқты жоқ деп,
Өзара сынға салсақ айып бар ма? –

дей келіп, сол кездегі Қарағандының көмір өндіру жөніндегі кемшіліктерін тізбектей айтып, батыл сынға алған болатын.

Бірақ та, осы айтысқа түсуге тас түйініп келген Көшен де ә дегеннен-ақ Қарағандының қасиеттерін түйдектей айтып, жырлап кетіп еді:

Шашеке, жұрт алдында шаппай желдің,
Әуелі әдеппенен сәлем бердім.
Орның бар шабыттанып шарықтауға,
Қырағы қыранысың айдын көлдің.
Байлығы Балқашыңның ұшан-теңіз,
Сай келген бақытына ерікті елдің.
Әйгілі бар әлемге мыс қазансың,
Төрінен орын алған туған жердің? – дей келіп:
Балқытқан мың тонналап болат, темір,
Орасан заводтардың наны – көмір.
Майданға қару-жарақ, азық-түлік,
Таситын темір жолдың қаны – көмір.
Мұз бұзып, толқын тілген теңіздерде,
Керемет кемелердің жаны – көмір.

Бүгінгі техникалық тіршілікте,
Көмірсіз айта алмаймын бар деп өмір!..

Қос қыранның өлеңдері бірінен-бірі асып түсіп, дес бермей-тінін білген соң араға Доскей ақын түсіп тоқтау айтты:

Айтыста қия тартыс алма-кезек,
Қызыл тіл мүдірмейді кетсең безеп.
Ақындар арындаумен аға бермей,
Азырақ бегеліңдер бойды тежеп!
Орынды айттындар-ақ күшке сеніп,
Сөйлетсе кешке дейін ерік беріп.
Шешеді жыр түйінін жыл аяғы,
Қорытынды шығарамыз сонда көріп... – деген-ді.

Көшен жалт еткен жаңалықты жырына қоспай қойған емес. Сондай өлеңдерінің бірі «Ұлыстың ұлы күні», «Вьетнам балаларына», «Мұхитқа» деп аталатын.

Көшекең халықтың ауыз әдебиетін жинап құрастыруға да белсене қатысты. Оның өзі де ертегі, хисса дастандарды көп жаттаған адам. Сол сияқты мақал-мәтел, жұмбақтарды да көп білетін. Көшекеңнің өзі «Тау өлең», «Балық өлең», «Өтірік өлең», «Бәдік өлең» дегендерді айтқанда тыңдаушы қауым сүттей ұйып қалатын.

Қазір біздің қолымызда Көшекеңнің көлемі 350 жолдық «Алтын өлке», көлемі 800 жолдық «Қорқыт» деген үлкен дастандары бар. Бұрын баспа бетін көрмеген. Осы дастан-толғауларының тілі өте орамды, мазмұны терең.

Жаңағы айтылған «Алтын өлке» деген толғауын: «Екі аюлы», «Қарағанды», «Тың өлке», «Баян», «Қарқаралы», «Сәлем», «Автордан» деп жеті тақырыпқа бөлген екен. Көшекең осы толғауының

маңыз-мақсатын, не үшін жазғанын, нені жырлағанын «Автор-дан» деген соңғы тақырыбында егжей-тегжейлі баяндап берілті. Содан үзінді келтірейік:

Талайлар көрді қысым көрешегін,
Еме алмай балдан тәтті жер емшегін.
Сондықтан жұрт не дейді, жырлап бердім, –
Өмірдің өткен сонау, бір бөлшегін.
Оқушым, сөкпеңіздер елімді айттым,
От жалын елден туған ерімді айттым.
Ұйқының теңізінде жатқан мүлде, –
Түрлеген түлкі жонды жерімді айттым.
Мұз жапқан бетін мәңгі көлімді айттым,
Бөленген көк майсаға шөлімді айттым,
Түлеген көк жартасы, сай-саласы,
Егін-жай, мал өсірген төлімді айттым.
Еңіреген ертедегі шерімді айттым,
Еңіреткен сонда елімді жебірді айттым.
Көтерген еңбекші елдің мұнарасын, –
Орнатқан бұл дәуірді Ленинді айттым! – дейді.

Мінеки, көріп отырсыздар, Көшеннің ой өрісі кең, толғану, парасаты күшті, өткендегі мен бүгінгіні, болашақты кең болжайтын ақын екенін осы аз ғана өлеңнің өзі-ақ паш етіп тұр. Сондықтан да:

236

– Өлді деуге бола ма ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған! – деп кемеңгер Абай айтқандай, артына осындай үлкен өсиет қалдырып кеткен Көшен Елеуовты елі әрқашан ойында сақтайтыны хақ. Оның кестелі сөз, өрнекті өлеңдері мен мағыналы ой түйіндерін қысқаша болса да айтып беруді парызымыз деп санадық.

Мақсұтбек Майшекин
Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген
өнер қайраткері

Қуан Лекеров

1911 жыл. Жайма шуақ көктем айларының көңілді бір шағы. Сол кездегі Қарқаралы уезіне қарасты Қу болысындағы «Майшоқы» – деген жерде тұратын Тәукембай Бекмырза ұлының үш болыс ел бас қосқан асы болғалы жатқан кез. Сол тұстағы халық дәстүрі бойынша ондай қадірменді адамдарға ас беру салты бір тойға ұқсас болатындығы әдетке айналған.

Сондықтан, күн бұрын сауын айтылған осы асқа ерте бастан дайындық жасаған жұрт, әсіресе бақ талас байлар мен беделді ел ағалары өзара бәсекелесіп, бірінен-бірі бой асыру мақсатымен, өздерінің әдейі баптап жаратқан сәйгүлік-жүйрік аттары мен өз орталарындағы ең таңдаулы әншілерін де ала келіпті.

Күн найза бойы көтеріліп, сәске түс болған мезгілде, асқа шақырылған жұрт тұс-тұстан ағылып келе бастайды. Бұл кезде астарына жарау ат мініп, сақадай сай тұрған жылпос даяшылар да оларды құрметпен қарсы алып, қаз қатар тігілген киіз үйлерге орналастырады.

Сөйтіп, келген қонақтар ас ішіп, біраз жайланғаннан кейін сол Қу болысындағы ең беделді адам Ақайдың Хасені сол асқа келген әншілер тобы және олардың басшыларын шақыртып алады да, әншілерге кезекпен ән айтқызып, өнер жарысын жасамақшы болады. Бұл жиналған әншілер тобының ішінде Ермектің Исайы, Байжанның Қалиы, Айтбайдың Ғаббасы, Балғабайдың Жақыпбегі сияқты есімдері бір дуан елге белгілі өңшең атақты ән шеберлері бар болатын-ды.

237

Міне, осы ән жарысына аталған үлкен әншілермен бірге он бес жастағы әнші бала – Қуан Лекеров те қатысады. Асқа келген әншілердің алды-арты түгел жиналып болған соң, сол жинды басқарып отырған – Ақайдың Хасені ең алдымен сондағы әншілердің бірінен соң біріне ән шырқатып, ауыл айналасын шаттыққа бөлендіреді. Бейне бір ән жәрменкесінің туын тіккендей болады.

Бір сәтте, Дастар болысынан келген ел ағасы Мұсатайдың Шайқысы сөз алып:

– Уа, Хасен мырза! Бұл ән айтып отырғандар өздерінің асқан орындаушылық өнерімен жұртқа ертеден танылған тамаша талант иелері ғой. Ал, енді жаңа талап, жас әнші – мына Қуанды тындап көрсек қайтеді? – деп ұсыныс жасайды.

– Мақұл. Ендеше солай-ақ болсын, – деп Хасен де ол ұсынысқа қарсы болмайды да, Қуанға қарап:

– Қане бала! Мына әнші ағаларыңның алдында тәуір айтатын әндеріңнің бірін айтып бере ғой, – дейді. Хасеннің аузынан осы сөздің шығуы-ақ мұң екен, Қуан домбырасын қолына алып өзі сүйіп айтатын – «Аққұм» атты әнді шырқата жөнеледі. Ән аяқталған соң, оның асқақ үнмен шабыттана шырқаған әсем әніне аса сүйсінген қауымның қалауы бойынша – Қуан тағы да Ақан серінің «Алтыбасар» атты әнін айтып береді. Осы кезде төр жакта отырған бір ақсақалды адам сөз бастап, «бұл бала әнші ағаларының ізін басқалы тұр екен. Тек, бала талабы табысты бола беруіне тілектестік білдіреміз», – дейді. Оның бұл сөздерін басқалар да ду етіп, тұс-тұстан қостай түседі.

Біздің бұл әңгімені айтудағы негізгі мақсатымыз Қуанның жас шағындағы, дағдылы үлкен әншілермен тізе коса, ұлы дүбір өнер жарысына тұңғыш рет қатысудағы болған бір уақиғаны баяндау

еді. Ал енді оның қысқаша өмір тарихы мен творчестволық өсу жолына тоқталық.

Қуан Лекеров 1896 жылы, қазіргі Қарағанды облысына қарасты, Егіндібұлақ ауданында, шағын дәулетті шаруа семьясында туды. Оның анасы Бәдігүл бәйбіше еті тірі, ер мінезді, ел ішінде беделді, әрі әйгілі әнші адам болыпты. Ол ерінен қалған аз дәулетін көпке балап, балаларын жетімсіретпей жақсы тәрбиелеп өсіреді. Олардың ішінде Қуан жастайынан-ақ әншілік өнерге бейімделе бастайды.

Қуан өзінің бойына біткен табиғи талантының үстіне, анасы Бәдігүлдің әншілік өнері оған үлкен әсер етеді, ұстаздық тәрбие алады. Демек, Қуанның әншілік өнерге қабілеті барлығын байқаған Бәдігүл оған өзіне лайықты кішірек домбыра жасаттырып беріп, ертелі-кеш ән үйрету арқылы осы өнер жолына баули бастайды. Соның нәтижесінде Қуан он үш жасынан қолына домбыра алып шарықтата ән шырқауға төселе түседі. Ауыл арасындағы көпшілік бас қосқан ойын-сауық, той-думандарда жүрексіңбей, асқақтата ән салып, әнші бала атанады.

Сөйтіп, әншілік өнерге құштарлығы күннен-күнге арта түскен Қуан ат жалын тартып мінуге жарағаннан кейін-ақ өзінің жерлестері Қали Байжанов, Пішім Әбсәләмов, соқыр Омар сияқты ән шеберлерін тындап, өзі де әнді соларша айтуға талаптанады. Міне, осылайша өнер іздену жолына бет бұрған Қуан қайда жақсы әншілер болса соларды әдейі іздеп барып, олардың орындаушылық өнерінен үлгі алу жағын әдетке айналдырады.

Қуан Лекеров осындай талмай ізденушілігі нәтижесінде, талай тамаша ән шеберлерін тындап, көптеген ән үйренді, олардың ішінде өзінің негізгі ұстазы ілгеріде аталған – Қали Байжанов болады. Ол өзі де жас шағындағы ән үйрену жағын әңгіме ет-

кенде: – Менің өз анамнан соңғы, көп жылдар бойы ән үйретіп, ұстаздық еткен Қали аға еді, – дейтін. Қуанның өз айтуында, оның концерттік репертуарындағы халық композиторы Жаяу Мұсаның: «Қоңыр», «Көкейкесті», «Көкаршын», «Кідігай», «Толқыма», «Хаулау», «Гауһар қыз», «Аксиса», «Сапар» сияқты әндерін, Ақан серінің «Алтыбасар», «Мақпал» дейтін әндерін, сондай-ақ: «Камшат бөрік», «Алайкөк», «Ардақ», «Топайкөк», «Шама», «Ақ құм» атты халық әндерінің бәрін де сол Қалиден үйренген.

Қуан жігіт болып, орындаушылық өнері шыңдала түскен шағында, көпшілік бас қосатын сол тұстағы белгілі – Қоянды жәрмеңкесіне жиі баратын болады. Жылына бір ай бойы болатын сол жәрмеңкеге халық өте көп жиналатын-ды. Солардың ішінде басқа жұрт малдарын және жүн-жұрқа, тері-терсек сияқты заттарын сатып, олардың орнына өздеріне керекті: киім-кешек, шәй алып қайту үшін баратын болса, ал түрлі өнер саңлақтары өздерінің сан алуан таланттарын көрсету үшін баратын.

Қуан Лекеров әр жерде жиналған осы өңшең өнер иелерінің қалың ортасында жүріп, олардан үйренумен қабат, – өзінің де әншілік талантын шындай түседі. Ондағы әншілер қауымының ішіндегі ең таңдаулылары: бұрынғы ақмолалық атақты ән шебері, жұртқа әйгілі «Қанатталды» әнінің авторы Сәтмағамбет Ахметов, керекулік – Майра Уәли қызы, Иса Байзақов, қарқаралылық: Жұмысбек Балғабасов, Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев сияқты Қуанның өз жерлестері де болатын-ды.

Жасынан әншілік өнерін сүйіп, талмай іздену жолына түскен, қалаулы әншілер қатарына қосылды. Ол енді өзімен үзеңгілес төрден орын алады.

Қуан Лекеров жауапты жұмыстарда жүрсе-дағы өзінің әншілік өнерінен еш уақытта да қол үзбейді. Ауыл ішінде барған жерін ба-

зар етіп, ән жәрмеңкесінің туын тіккендей болатын-ды. Сонымен, арада жылдар өтеді. «Ел құлағы елу» дегендей Қуанның әншілік даңқы ауданнан асып, астанамыз – Алматыға да естіледі. Соның нәтижесінде, ол көп кешікпей-ақ Алматыға шақыртылады. Бұл 1930 жылдың қыс кезі болатын.

Зор қуанышқа бөленген Қуан бұл жылы хабарды естісімен көп бөгелмей, Алматыға жол тартады. Ол алыстан аңсаған өнер ордасы астана орталығына келісімен республикалық радио комитетінің әншілік қызметіне орналасады. Бұрын ауыл арасында жүріп, ашық ауада айтуға әдеттенген Қуан енді микрофон алдында отырып, радио арқылы ән салатын болады.

Қуан Лекеров сол қызметке орналасқан күннен бастап-ақ радиода бұрын орындалмай жүрген бірсыпыра соны әндер айтып, тыңдаушыларға жаңадан сый тартқандай болады. Ол өзінің ауылдан ала келген халықтың музыкалық асыл мұраларын миллиондарға ауа толқынымен таратуға кірісті.

Бұрынғыдай бір аудан көлемінде ғана емес, кең байтақ республикамыздың түкпір-түкпірінде тұратын миллиондаған радио тыңдаушылар үшін ән айтудың аса жауапты жұмыс екендігін толық түсіне білген Қуан орындаушылық өнерін жақсарту беру жағына көбірек көңіл бөледі. Сонымен қатар, ол өз білгендерімен ғана шектеліп қалмай, жаңадан әндер үйреніп, концерттік репертуарын молайту істерімен де мейлінше шұғылданады. Сондықтан да ол, аз уақыттың ішінде-ақ радио тыңдаушыларға өзінің талантты әнші екендігін таныта біледі.

Өнер саласының қандай түрінен болса да қабілеті бар Қуан радиодағы байырғы қызметін атқара жүріп, оған қосымша ретінде, ара-тұра театр сахнасында ойнап, түрлі образдар жасау жұмыстарына да араласып қоятын болды. Атап айтқанда: сол кез-

де республикалық драма театрында қойылатын Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-кебек» пьесасындағы қойшы Жапалдың, сондай-ақ драма театрынан бөлініп, өз алдына отау болған республикалық музыка театрының қойған «Айман-Шолпан» – пьесасындағы ақынның рольдерін ойдағыдай жақсы меңгере білді.

Дарынды әнші өнер саласындағы осындай сапалы еңбектерімен көзге түсіп, астана жұртшылығынан үнемі жоғары баға алып жүрді. Ол көбінесе көтеріңкі дауыспен айтылатын әндерді өте ұнататын-ды. Өйткені, оның дауысы аса күшті, музыка тілімен айтқанда ең биік тенор еді.

Қуан Лекеров бірыңғай қазақтың халық әндерін айтумен ғана шектелмей, соңғы жылдар ішінде Қазақстан совет композиторларының жарыққа шыққан жаңа әндерін, сондай-ақ қазақ тіліне аударылған орыс және батыс Европа композиторларының таңдаулы әндік шығармаларын да үйреніп, өзінің концерттік репертуарын жыл сайын түрлендіре түсті. Әншінің халықтың тым құштарлана тыңдайтындықтарының тағы бір белгісін – радио комитетінің музыка редакциясы сол кездегі күнделікті түскен көптеген хаттардан да көруге болатын еді. Өйткені, онда радио тыңдаушы қауым Қуанның айтқан әндерін өте ұнататындықтарын білдірумен бірге оның радио арқылы берілетін концерттерге жиі қатысуын сұрайтын-ды.

Қуан Лекеровтың өнер саласындағы осындай елеулі еңбектері жоғары бағаланып, 1939 жылы оған Республиканың еңбек сіңірген артисі деген құрметті атақ берілді. Құрметті атақ алған – Қуан радиокомитетте көп жылдар бойы қызмет істегеннен кейін, тиісті орындардың ұйғарулары бойынша Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясының әншілік қызметіне ауысты.

Ол тек Алматы қаласында ғана емес, арнаулы концерттік бригада құрамында елге шығып, республикамыздың шалғайында

жатқан ауыл еңбеккерлерінің арасында да ән шырқайтын болды. Оның өзін бұрын көрмесе де, радио арқылы айтқан әндерін естіген жұрт қайда барса да Қуанды қошеметпен құшақ жая қарсы алып, үлкен сый-құрмет көрсетіп отыратын.

Танымал әнші осылайша ел аралап жүрген сапарларында: егіннен еселей өнім алып, ел игілігі үшін ерекше еңбек етіп жүрген диқандардың, егіздете төл өсіріп, мыңғырта мал баққан ел мақтаны малшылардың, ақ алтыннан тау тұрғызған таңдаулы мақташылардың, жер астынан тонналап май ағызған ардагер мұнайшылардың, тау құлатып, тас жарған құрыш қолды шахтерлардың, тағы солар сияқты көптеген өндіріс озаттарының арасында қысы-жазы концерттер беріп, олардың көңілдерін көтерерлік мәдени қызмет көрсету жөнінде көп еңбек сіңірді.

Қуан Лекеров Ұлы Отан соғысы жылдарында арнаулы концерттік бригадамен бірге Батыс майданға және Прибалтикадағы жауынгерлер ортасына барып, оларға елден ала барған сәлемдеме есебінде әр алуан патриоттық әсерлі әндер айту арқылы, жауға қарсы күрестегі күш-жігерлерін арттыра түсті. Сондай-ақ ол Қиыр шығыс шекарасындағы Отан сақшылары арасына барып, көптеген концерттер берді. Міне, осы сапарларының бәрінде де Қуан жауынгерлерден сансыз алғыстар алып, Алматыға үлкен аброймен оралған-ды.

Халқымыздың ардақты перзенті 1930 жылдан партия мүшесі, дарынды әнші Қуан Лекеров 1955 жылы, 59 жасында, Алматы қаласында дүниеден қайтты. Оның өзінен соңғы ұрпақтарға қалдырып кеткен орындаушылық үлгісі мәңгі есте сақтала бермек.

Мәуен Хамзин
филология ғылымдарының докторы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің профессоры

Қасым Сырымбетұлы (1902-1991)

Көзі тірісінде «шежіреші», «энциклопедист» атанған Қасым Сырымбетұлы – Шет ауданының тумасы. 1902 жылы (шын туған жылы – 1904 жыл екен, бірақ құжаттарда 1902 жыл көрсетілген) Қызылтау қорымының Қаракемер деген жерінде дүниеге келген. Өмірінің басым бөлшегі – Шет ауданының бұрынғы Шет кеңшарында өткен.

Асылы, ақындық деген ұғым киелілік деген мағынадан алыс емес. Екінші бірі ақын бола алмайды. Ал, жақсы ақынның бойына ұшан-теңіз дарын бітіп қана қоймай, білгірлік, тарихқа құмарлық, рухани мұраны өзі біліп, оқып қана қоймай, насихаттау, кейінгі ұрпаққа жеткізу қасиеті дарыса, ол тіпті ерекше құбылысқа жата-ры анық. Қасым ақын Сырымбетұлы тура осындай жан болатын. Тоқсанға жуық жыл ғұмыр кешкен осынау азамат жан әлемі кір-шіксіз таза, имандылық пен инабаттылықты бойына терең сіңірген адам еді.

Арғы-бергі тарихты жетік білу, күні кешегі алаш зиялылары: А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Шәкәрім мұраларын ең сенімді деген адамдармен бас қосқанда жырлап, насихаттай білуі, зерделі ғалымдай сол қайраткерлердің шығармаларындағы ұлтшылдық қасиет – сипаттарды, ұлттық болмыс пен кескін-келбетті терең түрде зерделеуі бүгінгі ұрпақ үшін ерекше үлгі дер едік.

Қазақ халқының рухани әлемі мен әдемі құндылықтары күні кешегі уақытта тоталитарлық жүйе теперішін аз көрген жоқ. Азаттық пен тәуелсіздік атты киелі ұғымдармен, ұлтының рухани мұрасымен қаруланған ұрпақты кеңестік жүйе жойып жіберуге тырысты. Ұлттық санадан туындайтын патриотизм деген киелі ұғымға тосқауыл қойылды. Көнені жаңғырту, жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына қосылатын қазақтың бірегей, төлтума мәдениеті мен өнерін Қасым қария өле-өлгенше ұрпақтарына үлгі етіп кетті. Коммунистік-большевиктік идеологияның негізгі ұстанымына куә болған, өзі де сол жүйеден жапа шеккен ақын еш мойымай, ұлттық мүддені бәрінен де жоғары қоя білді, ұлттық мұраттарға барынша адал болды.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы елдік қасиеттерді, ұлт-азаттық қасиеттерді сақтауға шақырған өршіл үн жемісі ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде соны сипатқа ие болғанына да тарих куә. Осындай өрлік пен ерлік, намыс пен жігерге толы рухты поэзияға сусындап өскен адамның бірі – Қасым ақын Сырымбетұлы еді.

Қасым ақын жастайынан халық ақындарының мұраларын, фольклор мұраларын жаттап өсті. Солардың ішінде, әсіресе, Абай мен Нарманбет поэзиясынан айрықша нәр алды. Қос ақынның үлгісімен «уытты тіл», «досы қолмен» өлең шығарып, беймезгіл қазанның суығы мен қарашаның қарына ұшыраған адам. Қоғамның қайшылықтарын шындықты барынша шыңғырта отырып айтқан Қ. Сырымбетұлының шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орынға, өзіндік ерекшелікке ие.

Қазіргі таңдағы қазақ әдебиеттану ғылымы кешегі кеңестік идеологияның маркстік-лениндік әдіснамасы талабындағы қасаң қағидаларға тың, жанаша түзіліктерге түсіруде, тарихи шындыққа

сайбағалауда. Соның көріністерінің бірі – Қасым Сырымбетұлының шығармашылығының халқымен табысуы. Ақынның күні бертінге дейін есімі де, жазған шығармалары да қалың оқырманға белгісіз болып келуінің өзіндік себептері бар. XX ғасырдың отызыншы жылдары ішінде қазақ даласын ақ сөңке апштық жайлағаны белгілі. Қазақ зиялылары бұл зұлымдық саясаттың астарында үлкен, сұрқия сыр жатқанын, Қазақстандағы «Кіші Октябрьдің» басталуы екенін бірден ұқты, шамалары келгенінше қарсы шықты. Ел арасында үлкен наразылық, түрлі ереуіл, көтерілістер, толқулар орын алды.

Халық басына төнген осындай нәубетті өз көзімен көріп, қиындықты бірге кешкен, жиырмадан жаңа ғана асқан жас Қасымның жаралы жүрегінен өлең шумақтары шер болып төгілгенді. Болашақ ақын осынау алапат оқиғаның әншейін бір табиғаттың немесе тағдырдың адам атты пендесіне әдейі жіберген зауалы деп қана түсінген жоқ, бәрінен бұрын, бұл нәубеттің қолдан қасақана ұйымдастырылғанын жан жүрегімен сезіне алды. Бұл ойымызға ақын шығармашылығындағы алғашқы туындылардың бірі болып табылатын «1932 жыл» деген өлеңі дәлел бола алады.

... Нені білдің, елді қырдың,
Жеткізем деп мұратқа.
Жеткізбедің, жерге тықтың
Апардың айдап сыратқа.
Колхоз ұйым, құрдың жиын,
Мал құртуға әдейі,
Бірік дедің, іріктедің
Ылғи ғана кедейді.
Өлді кедей, тамақ жемей,
Социализм осы ма?

«Досым» дедің, «қосыл» дедің,

Бердің өлім досыңа.

Ел сөзін сөйлеп, қалың бұқараға азды-көпті ықпалы бар беделді адамдарды, әсіресе, от тілді, орақ ауызды жандарды кеңестік жүйенің құртып жіберуге тырысқаны мәлім. Халқының мұны мен зарын жырлап, коммунистік саясаттың қитұрқылығын әшкерелеген ақын 1935 жылы сталинизмнің қанды шеңгеліне ілікті. 1936 жылдың 30 маусымында Қасым Сырымбетұлына РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімшесі «халық жауы» деген айып тағып, 4 жылға бас бостандығынан айырады. Поляр шеңберінен тысқары жатқан «Медвежье горы» деген тұтқындар лагеріне жөнелтеді.

Тағдырдың тауқыметін жастай көріп, еңбекке ерте араласқандықтан, әбден шыныққан қарулы да қайратты әрі балуан жігіт Қасым ақынға ағаш қию жұмысы бәлендей қиынға соқпаған сияқты. Күндік нормасын артығымен орындап отырған оның коммунистік-большевиктік жүйеге деген көзқарасы өзгермесе де, өзгермек түгілі, шынғырған шындықты одан сайын біле түскені, сезіне түскені, дүниетаным көкжиегінің кеңейе түскені осы жылдардың үлесіне тиеді. Қасым жүрегіне терең ұялап, берік сеніміне айналған мәселе – кеңестік жүйеге, дүлей де алапат күшке ешқандай нәрсені қарсы қоюға болмайтындығы еді. Ол күні кешегі ұлттық тарихтың, қазақ қоғамының, әлемдегі барша ұлттар мен ұлыстар арасында ешкімге ұқсамайтын қазақ өнерінің, төлтума мәдениетінің келмеске кеткенін терең түйсігімен түйсіне алды. Сондықтан да болса керек, ақын болашақ ұрпақ үшін сұрқия заманның, беймезгіл уақыттың шынғырған шындығын кесірім тиіп кетер деп шынайы түрде жайып салудан бойын аулақ ұстады. Ол ұлт тарихынан ойып тұрып орын алар, есімдері алтын әріппен

жазылған Шәкәрім, Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжандардың, өз еліндегі ақындықты мұрат тұтқан Дианың, Әбштің, Нарманбеттің, Бабас, Оқалардың тағдырлары немен тынғанын жетік білетін-ді. Сондықтан да олар туралы тек бертінде ғана, яғни заман шамалы болса да түзелген тұста ишаралап, тұспалдап айтып отыратын.

Ақынның еңбекқорлығы мен тәртіптілігі арқасында кесілген мерзімнен ерте босауы – 1938 жыл. Сол жылдың қазанында елге оралады. Ешқандай күштің тоталитарлық тәртіпке қарсы тұра алмасын сезген Қасым ақын саяси сипаттағы туындылардан гөрі, тұрмыстық деңгейдегі өлеңдерінің өзін өте аз жазады. Тек өз құрбылары мен замандастарына шығарған бірқакпай жеңіл әзілдері мен сайқымазақ өлеңдері ғана ел ішіне кеңінен тарады.

Жалпы алғанда, басына пәле боп жабысқан «1932 жыл» атты өлеңдер циклына ақынның сол тұста қуғын-сүргінде жүріп жазған шығармалары жатады. «Қарқаралы түрмесінде», «Шешем есіме түскенде», «Аштық жариялағанда», «Ауыр хал» (ақын бұл өлеңін Қарқаралы түрмесінде отырғанда Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің жобасымен жазған), «Сағыну», «Жолда» т.б. өлеңдері осы ойымызға дәлел. Ал, өз замандастары сияқты тұрмыстық мәселелерге, ауыл өміріне еніп жатқан өзгеріс, жаңалықтарға, түрлі жетістіктер мен аяқтан тартар кемістіктерге арнап жазған өлеңдеріне «Ауыл шаруашылық күніне», «Веттехник Боранбайға», «Соқыр өгіздің мұңы» (мысал өлең), «Бұзаудың арызы», «Маясармен қоштасу», «Толғау», «Қуаныш», «Тілек», «Қыз бала», «Бата», «Бұл қалай?», «Кәрілік», «Балалардың алдында ал», «Кер өгіз» (мысал), т.б. жатады. Елдегі жаңалық, қала берді, республика, облыс, аудан, ауыл аумағындағы игілікті істер, қарқынды еңбек, сонымен қатар, кездесіп қалатын жалқаулық, еріншектік, шаруаға қырсыздық ақын назарынан тыс қалмағандығын байқау қиын емес.

Қасым ақын Сырымбетұлының шығармашылығында айрықша орын алатын сала – айтыскерлік өнері. 2002 жылы Қарағандыдағы «Болашақ – Баспадан» ақынның туғанына 100 жыл толуына арналған «Өшпейтін шырақ» атты кітап жарық көрді. Ақынның баласы – Төлеген Қасымұлы әкесінен қалған мұраның барлығын шама-шарқынша жинақтап, осы кітапқа енгізді. Жалпы редакциясын осы жолдар авторы басқарды.

Біз жоғарыда тоқталған шығармаларынан басқа Қасым ақын Сырымбетұлының әдеби шығармашылығындағы екі түрлі ерекшелікті баса айтуға болады, біріншісі – айтыс ақыны ретінде сөз айтысына түсуі; екіншісі – қазақ руханиятының бірден-бір жоқшысы атанған Жайық Бектұровтың айрықша тамсанып, тебірене жазған, «айрықша қастерлі бәйіт» деп бағалаған дүниесі. Ол бәйітті Қасым ақсақал Қарағанды облысының Шет ауданы Ақшоқы кеңсарының тұрғыны, осы шығарманың авторы болып саналатын Ержан Ерікбаевтан жазып алған.

Қаскеннің мұраларын зерттеу барысында оның бірнеше ақынмен сөз сайысына түскеніне көз жеткіздік. Алайда түрлі себептермен олардың барлығы сақталмаған. Баласы Т. Қасымұлының айтуынша, Қаскеннің танымал ақын Хасен Бодықовпен айтысын табу ғана мүмкін болған, онда да, өкінішке қарай, Хасен ақынның айтыстағы айтқандары архивтен табылмаған. Әрине, өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңына қарай өткен бұл айтыс сол кезеңнің нақты көрінісі деуге болады. Шаруашылықтардағы жетістіктер, еңбек озаттарын мадақтау, сондай-ақ жекелеген кемшіліктерді сынау т.б. айтыстың негізгі өзегіне айналған. Айтыс мәтінінен Қасым ақынның сөз шеберлігін, ақындық қуатын, талғампаздығы мен өткірлігін, сөз мәйегін тізілдірген шеберлігін байқауға болады.

Қасеке, бір сөз қостың менен ұрлап,
 Дәлелсіз бос сөз айттың жоқты жырлап.
 Заңына жаратылыс қарсы шықтың,
 Адамзат ата-анасыз қайдан тумақ.
 Айтуға қараңғы деп бармас тілім,
 Сонда да көрініп тұр кемшілігің.
 Қосылу екі жыныс тарих заңы,
 Басталған миллион жыл мұнан бұрын.
 Заңына жаратылыс қарсы шықтың,
 Далбастап қысылғаннан мұны таптың.
 Ел күлер естігенде осыныңды,
 Қалды деп ортасында бар ұяттың.
 Заңы ғой жаратылыс ерге бару,
 Толған ер кәмелетке әйел алу.
 Қайтып ал осыныңды, ақын аға,
 Далбастап бұл айтқаның жала жабу.
 Айыбы жиырма бесте ерте барды,
 Көрмедім ерге шықпай өткен жанды.
 Депутат тұрмыс құрмай өтсін деген,
 Өмірде естімедім ондай заңды.

Ақынның екінші ерекшелігі жөнінде. Жоғарыда біз айтқан бәйітті оны шығарушы Ержан Ерікбаевтан жазып алып, ел кәдесіне ұсынуы Қасым ақынның үлкен ерлігі деуге болады. Дұрысында Жайық Бектұровтың пікірінше, Қаскең бұл туындыны Е. Ерікбаевтан емес, өз замандастарының бірінің аузынан жазып алған сияқты. Ержан Ерікбаев – 1916 жылғы патша жарлығымен майдандағы кара жұмысқа алынған адам. Бірінші дүниежүзілік соғысқа, 1917 жылғы дүрбелеңдерге куә болған адам. Бәйіттің тарихилық сипаты басым. Осынау азаматтың басынан кешкен

алапат оқиғалары, көрген қорлығы, азап пен мазақ, «аға» ұлт өкілдерінің шовинистік пиғылдары ұтымды берілген. Көркемдігі жақсы. Кеңестік жүйеге, бір ұлтты күші басым екінші бір ұлттың кемсітуіне ертеден-ақ қанық болған Қасым ақын бәйіттің бірде-бір тармағын, шумағын ұмыт қалдырмай, жұртына ұсынған.

Ақын – өз дәуірінің төл перзенті ғана емес, өзі ғұмыр кешкен қоғамның жыршысы әрі жаршысы. Қоғам адамдардан тұрады. Ол табиғат болмысына сый еткен, сіңірген табиғи талантымен өз қоғамындағы дертті, науқасты өлең, жырымен емдейді.

Қасым ақын Сырымбетұлы туралы да осы қағиданы баса айттып, әңгімелеген, еске алған жөн.

Ғабдиман ақын (1902-1976)

Ғабдиман Игенсартовтың творчествосы туралы әңгімені оның өлеңдерінен бастаған жөн. Өйткені ақындықтың басы өлең ғой. Оның үстіне Ғабекен – халық ақыны. Ал халық творчествосы қашан да айналадағы өмірдің, өз ортасының әрбір елеулі құбылысына дереу үн қосып отырады. Заманымыздың күн сайын қаптай туындап жататын жаңалықтары мен құбылыстарына бірден көлемді туынды – дастан не поэма жаза қою мүмкін емес. Демек, осындайда поэзияның жауынгер жанры өлең дүниеге келмек.

Халық ақындарының ішінде тек қана эпик ақындар, тек қана лирик әнші ақындар, тек қана халық мұнын жырлаған азаматтық әуеннің ақындары болатыны мәлім. Біздің Ғабдиман ақын өз творчествосында халық ақындарының осы барлық салаларын бірдей қамтыған дей аламыз. Ол өз өмірінде эпикалық туынды-поэмалар да, азаматтық әуендегі және лирикалық өлеңдер де жазды, жеңін сыбанып тастап ақындар айтысына да түсті. Ол осының қай-қайсысы арқылы болсын өзінің шама-шарқынша жоғары сапалы көркем поэзия жасауға өзінше ат салысты, үлес қосты.

Ғабекен өзінің «Өлең туралы» деген туындысында былай деп жырлайды:

Жазғаныммен сарындап «әри-айдай»,
Сырт бермей ме оқушым жары алмай.

Ап дегенде аяусыз қамшылайды,
Жүре алмайды сондықтан қария жай.
Қыздырмаға қызықпай елең-селең,
Сырты семіз, «көр де қой» болмай көбең,
Жүрегінен жұртымның орын тауып,
Өлмесім боп өмірде қалсын өлең.
Шықпаса да ақындық зор атағым,
Айы жеткен анадай толғатамын.
Түсік құсап атаусыз қалмасын деп,
Бөбегімді құндақтап соң жатамын.

Ол «көрге дейін тоқтаусыз жырлай берем!» –

деп өзі айтқандай, өмірінің соңғы сәтіне дейін «айы жеткен анадай толғатып», артында қалар «өлмес өлеңдерін» көптеп жазды, тоқтаусыз әрі төгілте жазумен болды.

Ғабекен жастайынан жетім қалды, өз өмірінің бірқатар жылдарын бай есігінде өткізді, солардың отымен кіріп, күлімен шықты, қозысын, қойын бағып, қорлық өмірді бастан кешірді. Кедейліктің, тапшылық-жетімдіктің тақсиретін көп тартып, қорлық тіршіліктің михнатын көп көріп өсті. Оның қаламынан туған отызға тарта поэма-дастанның бірқатары сол өксігі мол өмірге арналды.

Ғ. Игенсартов өзінің саналы өмірінің негізгі бөлегін аудандық, облыстық газеттердің редакцияларында өткізді. Содан да болар күнбе-күнгі жаңалық атаулыға дереу үн қосып отырды. Олар жайлы публицистикалық толғаулар жазды, өрісті өлең-жырларын, бірнеше поэма-дастандарын дүниеге келтірді. Қарағанды бассейнін қалыптастыру, тың және тынайған жерлерді игеру, космосқа шабуыл, қазақстандық елу миллионға үлес, Қазақстан миллиардтары, – міне, осының бәріне де Ғабдиман ақын алғашқылардың бірі

болып үн қосып отырды. Шағын мақалада олардың бәріне бірдей тоқталу мүмкін емес, әрине. Сондықтан да бір тақырыпқа ғана аз-кем тоқтала кетейік. Асау Ертістің Орталық Қазақстан жеріне бет бұрған шағындағы ақын қуанышында шек болған жоқ. Осы оқиғаға арнап Ғабекең «Ертіспен тілдесу» атты ұзақ өлең жазып, баспасөз бетінде жариялады. Дәл осы тақырыпқа жазылған прозалық туындылар көп болғанмен, поэзиялық шұрайлы шығармалар жоқтың қасы екенін осы арада айта кеткен артық болмас деп ойлаймыз.

Ғабдиман ақынның творчествосында сюжетті өлеңдер елеулі орын алады. «Ертіспен тілдесу» де сол сюжетті өлеңдердің бірінен саналады. Ақын бұл өлеңінде Ертістің өткендегі «өмірін», асау-тентектігін, төңірегіндегі ел-жұртқа салған лаңын, енді оған «бұғалық салынғанын», енді оның бұрын өзі үрейге бөлеп, зықысын шығарып келген халыққа қызмет етуге мәжбүр екенін жырлайды. Ұзақ өлең мынадай жолдармен тұжырымдалады:

Қардың суы, яки құйса сел қатты,
Тасқыныңнан көрді халқым көп қакқы.
Қайығымды қақпақыл қып сол тасқын,
Іштен тынып, күттім мен де дер шақты.
Ақырында түсті бүгін бұғалық,
Ол бұғалық – емес тілсім дұғалық.
Нокталап ол Волга, Дондай сені де,
Жетеледі Сарыарқаның өріне.
Суара бер кен даласын елімнің,
Ырыс төгіп қойны құтты жеріме.

Міне, ақын басқа өлең-жыр, поэма-дастандарындағы сияқты осы бір шағын шумақтарының өзінде-ақ көп ой түйгізеді, бірқатар жайларды бажайлатады. Онда сол құдіретті елінің Ертіске бұғалық

салып отырғанына деген мақтаныш сезімі, жерінің құт мекені бола беретініне деген берік сенім паш етіледі.

Ғабдиман ақынның өлең-жырлары, олардың ішіндегі сюжетті өлеңдері осылайша жоғары пафосқа, терең оптимизмге толы болып келеді. Ақын тілінің мейлінше шұрайлы екендігіне оның кез келген өлеңін оқығанда-ақ көзіңіз жетеді. Халықтық бай тілімізді еркін игерген Ғабекең оны өз творчествосында орны-орнымен, асқан шеберлікпен пайдаланды.

Игенсартов Ғабдиман жоғарыда айтқанымыздай, көп уақыт кенші болып Қарағанды шахталарында ерлік еңбек еткен адам. Сондықтан ақынның негізгі тақырыбы кенші өмірі десек, артық болмас. Оны ақын ретінде елге танытқан да осы кеншілер өмірінен алып жазған туындылар болса керек. Ғабдиман жұртшылыққа өзінің «Шахтерлерге», «Шахтер сөзі» сияқты бірнеше көңіл аударарлық ұзақ өлең-жырларымен көрінген болатын. Олардан соң көп кешікпей-ақ «Лавадағы өмір» атты күрделі, әрі көлемді поэмасымен кеңінен танылды. Бұл туынды Қарағанды кеншілері жөнінде жазылған алғашқы кесек туынды болуымен де құнды.

Ғабдиманның Қарағанды кеншілерінің өмірінен алып жазылған поэмасында мұндағы қажырлы еңбек иелерінің ерлік істері мен тұрмыс жайлары суреттеліп, олардың қоғамдық ой мақсатымен жеке армантілектері қалай ұштасқандығы көрсетіледі. Ақын шахтадағы қуатты өндіріс процесін, кеншілердің жемісті еңбегінің нұрын, ой-сезімдерін суреттегенде, сол еңбек дүниесін ақындықтың құдіретті күшімен поэзиялық шындық дәрежесіне көтере білген.

Өмір күйі поэзиялық шындық дәрежесіне жеткізілмейінше шын көркем шығарма жасалмайды. Онсыз ақиқат, онсыз жанды

поэзия жоқ. Еңбек тақырыбына жазылған поэзиялық шығармалар бізде аз емес, бірақ олардың көбі еңбек майданындағы адамдардың нақты ісін, нақты ішкі дүниесін ашып көрсетуге жете алмаған. Ал «Лавадағы өмірді» бұған тіпті де қосуға болмайды. Ол – сюжетті поэма. Оның оқиғасы Ұлы Отан соғысы кезінде болады. Шахтер ағасы сүйікті Отанын қорғауға аттанып бара жатып Әсия деген қарындасына «қайламды тот баспасын» деген тілек айтады.

Серігім, өскен жете жан тынысым,
Ұяң бір, емшектесім, бал туысым.
Туғанда ел басына ауыр сағат,
Жайым жоқ жанымды аяр, күшім тұрсын,
Бақытым, ерке тотым, көлбеңдеген,
Артымда сүйенішім, қарам сен ең.
Қайламды тот баспасын забойдағы,
Кетерде, қалкам, осы тілер сенен.

256 Қыз көкесінің, ағасының алдында серт беріп, сол сертін бұлжытпай орындап, шахтаға түседі. Байырғы маман жұмысшы Тойланның көмегімен қыз әуелі қайлашы болып, онан кейін буровой машинамен жұмыс істеп, ақырында көмір комбайнын меңгереді. Қыздың еңбекке төселіп, мамандығы артуына Тойлан үнемі жетекші болады. Еңбек үстіндегі достық қарым-қатынас бірте-бірте махаббат достығына айналып, поэма Әсия мен Тойланның қосылу тойымен аяқталады.

Жоғарыда поэма еңбек дүниесін поэзиялық шындық дәрежесіне көтеріп елестетеді дедік. Шынында жер астында қандайлық поэзиялық сұлулық болуы мүмкін деп ойлайсыз. Алайда, ақын жанды, қанатты поэзиясымен, шабытты жүрегімен толғанып жырлау арқылы шахтадағы қызықты өмірді, ондағы

жемісті еңбек дүниесін сезімді қозғарлық қызықтырып, көз тартарлық жарастықты бейнеге жеткізіп бере білген:

Көрсең, дос, өте қызық онда өмір,
Ойнайды әмір етсе от пен темір.
Сүйсінбес жаның қалай сол өмірге,
Тасыған сендей толқып ақса көмір.

Ақынның поэзиялық күші шахтадағы қызықты өмір бейнесін көз алдына алып келіп, сезімдік пернелерінді қозғағандай болады, жақсы ойлар құшағына бөлейді. Олақ ақын қанша тамсанып жырлағанымен құлпырған бақшаны, жайқалған егінді, кең жазық даланы жазса да сезімді қозғап, қызықтыра алмас еді.

Поэмадағы негізгі ұнамды образ – Тойлан. Ол Отан ісіне, шахтадағы өз жұмысына жан-тәнімен берілген, сөзден істі ғана қасиет тұтатын, адалдық пен туралықты жаны сүйетін, қадірлі еңбек батыры. Ақын суреттеуінде ол – қажымайтын қайрат иесі, алып күштің, жеңімпаз күрестің иесі.

Арнаулы сұр кенептен үсте сауыт,
Каскасы шекесіне әнтек ауып.
Келбеті тым айдынды көрінеді,
Лавада тұрған шақта қайла шауып...
Тойлан да сол көрікке түскен талай,
Құрыш боп суарылып піскен талай.
Сұс тепкен суық жүзді, өр қайраты,
Ойнаған нелер қиын іспен талай...
Ол тегі бір қырындап тұрар еді,
Қайланы қия тартып ұрар еді.
Бұлшық ет бөлек-бөлек сыртқа теуіп,
Көмірдің тауын талқан қылар еді.

Ақын суреттеуінде Тойлан педант емес, оның ішкі сарайы, ішкі сезім дүниесі жайнап тұр. Тойланның сабырлы, салқын қанды мінезімен қатар, оның бойында небір терең сырлар, тамаша нәзік сезімдер сақталып жатқандығын ақын еңбек иесінің күнделікті дәптері арқылы да шебер көрсетеді.

Кең маңдай, қырлы мұрын, сирек қасы,
Қайратын көрсеткендей қатқыл шашы.
Қыр қабақ, өткір көзді, орта бойлы,
Жиырма сегіздерде болар жасы...
Ол жайда – байсал басып жүрер еді,
Ол жайда – сәлем бере кірер еді.
Ол жайда – кішіпейіл, қатты сөз жоқ,
Бар шахтер сол мінезін сүйер еді.
Ол жайда – жарқылдай да білер еді,
Құрбыға жұмсақ жүзбен күлер еді.
Көрінсе оғаш қылық, олқы жұмыс,
Тік кетіп, отты сөзбен тілер еді.

Тойлан шәкірт қызы Әсияны еңбекке, іске тиянақты, өсіп келе жатқан келешегі зор шахтер деп жақсы көріп сыйлайды. Сонымен бірге іштей қыз деп ұнатады да. Қадір тұтып қиылып, өзін қатты сыйлап, өзінен өнер үйреніп келген жас кеншіге қыз деп қарамай, еңбектегі серігім, көмекшім, досым деп қарайды.

258 Әсия – майданға кеткен көкесінің орынын басып, Ұлы Отан соғысы кезінде қажырлы еңбегімен елін жаудан қорғасқан, еңбекке төселуден, өнерге жетілуден жалықпаған, қылығы мен мінезі жарасқан сұлу келбетті, қарапайым еңбеккер қыз:

Каскасы шекесінде, шәшін түйіп,
Самал жел еркелеткен беттен сүйіп.

Бір ару келе жатты, қайла қолда,
Еркекше сұр кенептен шалбар киіп.
Беу шіркін, қимылы әсем осынау қыз,
Қадалса күлім қағып күлер жұлдыз.
Жігітті бір толқытпай қояр емес,
Болса да жаны қарлы, жүрегі мұз.
Аққұба, ашаң жүзді, ал қара көз,
Қыз еді, өткір тілді, ерке мінез,
Әсия еді аты, жалын ойлы,
Қаршыға, қаз ілгендей қимылы тез.

Міне, Әсия осындай жан. Ақылдылығы, ұстамдылығы, еңбекке, іске табанды ерлігі бір бойынан табылатын кенші қыз өзінің еңбек өміріне, шахтадағы күрделі, жауапты қызметіне зор ықыласпен берілген. Оның жан жүрегі адал. Алып ерлігі, қажымас қайраты серіктерін қайран қалдырған Тойланды Әсия өзін өмір, еңбек қызығына кенелткен, іске үйретіп, техникаға жетілдірген ұстаз деп жақсы көреді. Қыздың көз алдына ол жер астының ұлы дүбір майданында жеңіп шығушы, алып тұлғалы батыр болып елестейді. Оған деген жақсы сенім, құрмет көрсету сезімдері бірте-бірте махаббат отына айналады.

Ым қағып тұрғандай бір жан сыбыры,
Ол десе күлімдейтін көздің нұры.
Қытықтап құмарлығы ертелі-кеш
Ойнайтын махаббаттың толқын сыры.

259 Қыздың Тойланға деген мұндайлық көңілі, махаббат сыры сыртқа оңайлықпен шыға қоймайды. Әсия көңілін толқытқан осындай ойлар, жүрегін тербеткен махаббат сезімі кейде ұшқын атып, әзіл-наз түрінде болсын жарқ етіп, көрініп қалып отырады. Бірақ

сабырлы Тойлан мұндайлық қыз қылығына қайран қалғандық мінез де, иіліп құларлық сезім де білдірмейді. Бұл оның тарапынан болған тәкапбарлық, мен-мендік қылық емес, ішкі терең сырды сақтай білетін, салмақтылық сипатын, қыз мінезін әлі де болса сынай түсейін деген ақылдылық сипатын көрсетеді. Сонымен бірге ақын Тойланның еңбек өмірі мен жан дүниесінің сырлары жан-жақты кең, мол салалы екендігін аша түсу арқылы Әсия образын да жоғары сатыға көтереді. Қыз жанындай жаксы көретін адамына берген сертті бұлжытпай орындап, елін қорғауға адал еңбегімен ат салысады. Отанға деген сүйіспеншілік сезім қыздың көкесін, сүйген жарын жанындай жаксы көру сезімі арқылы көрініп, туыстық, достық сезімі Отанға деген ыстық патриоттық сезіммен ұштасып жатады. Бұл – қасиетті сезім.

Поэма зор ақындық шабытпен жазылған. Шабытсыз жазылған өлең жапырақсыз, гүлсіз өскен тал сияқты, жансыз, отсыз өлең. Нағыз талант иесінің поэзиясында тасқындаған ақындық: шабыттың толқыны, лапылдаған ақындық қуаттың жалыны болуы заңды нәрсе. Оқығанда бірден оқушыны тебіrentіп, толғандырып, сан алуан өткір сезімдердің құшағына бөлеп, өзінді билеп, ертіп отыратын поэзиялық шығармалардың оты ешқашан да сөнбек емес.

260 Поэманың әр тарауы белгілі бір аяқталған сюжетті, белгілі бір оқиға түйінін айқын елестетіп отырады. Өлең шумақтары ұйқас, ырғақ жағынан сырбаз, жинақы болудың үстіне, ырғақ, нақыс динамикасы, пафостық екпіні серпінді болып келеді. Мұны Ғабдиманның мына бір жай ғана қарапайым суреттеуінің өзінен де байқауға болады:

Не керек көне сарын сұраңыздар,
Мұңымда шын өмір бар, сыр маңыз бар.

Шахтерлер шаршады ғой, демін алсын,
Әзірге «дәптер» сөзін тыңдаңыздар.

Ақын бұл бір оқиғаны баяндаудан екінші бір әңгіме желісіне ауыса білді. Бірақ, осы ауысудың өзінде ақын ойға, сөзге еркіндігін, поэманың композициялық құрылысына аса жауапты қарайтындығын көрсетеді.

Ғабдиманның көркем сөзге, поэманың тіліне сергектігі – өзінің творчестволық жұмысына жауапты қарауы. Оның сөз күші – ой күші мақамындағы көркемдік пен тапқырлық – ойындағы ұтқырлық пен өткірлік. Шығармасының ырғақ ұйқастығы, гармониялылығы – ой әсемдігінің, сезім көркемдігінің гармониясы. Міне, поэмадағы осындай ақындық шеберліктің үлгілерін көріп, оған сүйсінбеске, оған лайықты бағасын бермеске бола ма?!

Поэмада небәрі екі-ақ кейіпкер бар деуге болады. Олар – Әсия мен Тойлан. Содан кейінгі эпизодтық кейіпкерлер – Әсияның көкесі мен шахта бастығы қарт Сәти. Алайда, Қарағанды кенін игеруге, сол арқылы Ұлы Отан соғысы жылдарында жеңіс күнін жақындата түсуге өзіндік үлес қосып жатқан үлкен мен кішінің, кәрі мен жастың, еліміздегі барлық ұлттар өкілдерінің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара, ынтымақпен үлкен іске қызу араласып жатқан еңбек тынысын поэманың өн бойынан айқын сезінесіз. Ақын былай деп жырлайды, мәселен:

Өр Алтай, төр Алатау, Кекірт қырдан,
Ақ Еділ, асау Ертіс, дархан Сырдан,
Бас қосып алуан ұлттың ұлы-қызы,
Қалада еңбек дуы шалқып тұрған.

Поэманың эпилогында Әсия мен Тойланның үйлену тойы айтулы той-думан болып өткізіледі. Мұнда да кенші қауымның үлкен тобы бас қосады:

Түрлі тіл, жүрегі бір шахтер елі,
Құйылды осы тойға тынбай селі,
Түгел бар алуан ұлттың ұлы-қызы,
Еркелеп заманына өскен төлі.

Еңбек тақырыбын, оның ішінде Қарағанды сияқты алып өндірістегі еңбек ерлерінің ұнамды образдарын жырлаудағы сәтті шығармалардың бірі осы «Лавадағы өмір» атты поэма екендігін айтқан жөн.

Ғабдиман Игенсартовтың жеке-жеке әңгіме етуге тұрарлық поэмалары көп-ақ. Олардың қатарына баспадан шыққан «Арман», өзі қайтыс болған соң «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген «Бағдат аты қалай туған» поэмаларын да қосуға болар еді. Сол сияқты «Шынар», «Айдау Әбен», «Аңсаулы жандар» атты үш поэмадан тұратын «Шынар» атты поэма-трилогиясы да арнайы әңгіменің арқауы болуға лайық. Мұнда қазақ қызы Шынардың бұрынғы қорлық өмірі, азаттық жолындағы күреске шығуы, қиын жеңістің жемістері жыр жолдарына айналған. Мұнымен бірге ақынның естеліктері, публицистикалық толғаулары, зерттеу мақалалары, айтыс өлеңдері де жеке әңгімеге желі бола алар еді.

Ермек Балташұлы
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Ғасырдың ғажап даусы

Күнделікті көріп жүргенімізбен, ерекше ден қойып, көңіл аударар бермейтін бір феномен бар – жайшылықта қазақ тілінде сөйлемейтін, тіпті, оны кемсітіп, қорлап, мұрынын шүйіріп қарайтын мәңгүрттеріміздің көпшілігі ғайыптан тайып «әу» дей қалса, қазақ әндерін шырқайды. Оның ішінде тағы бір таңқаларлығы – әуені өз алдына, бір де бір сөзін бұзбай айтады. Бұл сананың астарындағы түйсіктің тылсым сыры ма, әлде алпыс екі тамырды қуалай жүйткіген қанның қуаты ма? Екеуі де болуы мүмкін. Тағы бір ой айтады – қазақ әнінің құдіреті! Тіпті, бодан болған халықтардың мәдениетіндегі өзіне жат үлгілердің бәрін обып келген озбыр империяның мешкей аранынан қазақты арашалап қалған қаһарман осы ән десек, қателесе қоймаймыз. Ұлттық әдебиет пен баспасөз мыңнан біреудің назарын аударатын ала қағазға, салт-дәстүр «біздерде мынадай бар – мынадай бар» деп көрсететін экзотикалық жәдігерге айналып кеткен заманда қазақты тегін танымайтын шұқша болудан сақтаған ән, дәліреке айтсақ, қазақ әндерін бар бояу-болмысымен, ажар-көркімен жеткізген әншілер. Солардың бірегейі – халық артисі Жүсіпбек Елебеков.

Біз түгіл алдымызда екі-үш буын бұрын жасаған аға, әке ұрпақтар да Естайдың, Мәдидің, Жаяу Мұсаның дауысын естіген жоқ. Біржан сал, Ақан сері тәрізді дүлдүлдердің есімі аңыз болып қана жетті. Ән әкесі Әміренің үні француз кәсіпкерінің жазып алуы арқылы ғана өмірге қайта оралды. Тұтас бір дәуірде ғұмыр

кешкен үш-төрт буынды жөргегінен тербетіп, аялап келе жатқан қайталанбас құбылыс Жүсекеңнің дауысы.

Ғасырдың ғажайыбы, хас таланты Жүсекеңді мақтап абырой иеленбесіміз хақ. Әні жайлы аяулы жары, асыл анамыз Хабиба Қаракбайқызы қазақ өнерінің кеңестік дәуірде қалыптасуын тұтастай қамтитын үш кітап жазды. М. Әуезов, А. Жұбанов, Қ. Сәтбаев, Ғ. Мұстафин тәрізді алыптар айшықты пікір айтты. Біздің солғын сөзіміз әрі кеткенде, «Өз айтқанын халқымның қайталадым» деп Мұқағали ақын жырлағандай, жоғарыдағы кереметтердің керім пікірлерінің келіссіз көшірмесі ғана болар. Сондықтан, қос ғасыр, қос мыңжылдық түйіскен тұста, Алаш жұрты армандаған азаттығына қол жеткізген дәуірде жұмыр жерді басып жүру пешеніне жазған ұрпаққа Жүсекеңнің қандай шапағаты тигенін мойындау қарызынан құтылу ғана ойда бар.

«Адамды заман өсіреді. Біз кешегі өмірдің тұңғыш төлі едік. Адам атын қастерлеп уақыттың қуаты тез есейтті. Ерте бой жетіп, Жүсіпбекке қосылдым. Қазақ халқының асқақ әншісі – Жүсіпбек Елебеков еді ғой ол.

... Ел басына түскен қиындыққа кеудесін тосып, шарықтап Жүсіпбектің әні жүрді. Оның аты бесік жырындай боп жас ұрпақ санасына сіңіп қалды. Сол кездің ұлы адамдарын іздеген жан, ең әуелі, Жүсіпбек секілді ғажайып талант иелерінің әндерін тыңдап барып ой түйері хақ. Олар аспаннның жарқыраған жарық жұлдыздары. Бір-біріне сүйеніп, иықтасып тұрған асқар таулар. Қанатын кеңге жайған жаңа заманның ғаламат күдіретін, хадықтың елдігі мен ерлігін, терең ойы мен адал бейнесін көрсететін қайта тумас азамат ұлдары», – деп жазады Хабиба анамыз.

Өткен күннің күңгірт тартқан елесін санада жаңғыртатын, өміршең жүрекке қуат беретін күш – ән естіген. Санасында

саңылауы бар жұмыр басты пендені талантымен табындырған Жүсекең дауысының мөлдір лирикасы қайшыласқан драмамен буырқана араласып, шығармаға арқау болған оқиғалар көз алдында кинолента кадрларындай тізбектеліп тұра қалады. Алуан түрлі ән кейіпкерлері ғана емес, керемет үнге құмарта құлақ салып, тамсана тамашалап отырған Қаллеки, Серке, Шәкен, Елубай сияқты маркасқалардың бейнелері де елес беріп өткендей болады.

«Жүсіпбек «Сұржекейді» бастап кетті. Дауыстың төменгі регистрінде жәй ғана бастап, әннің сазын сағыздай созып, тіпті қай жерінде демін алып отырғанын да сездірмейді. Шумақтың үшінші жолына көшкенде кульминацияға қарай бара жатқаны сезіледі. Онда да мелодияның арқауы үзілмей, тек дауыс басқышының жоғарғы сатысына шығуға өрмелегенін көресін. Басында жәй, қоңыр үнде басталғанымен, енді әнші музыканың екпінін қозғай, тездете, қыздыра соқты.

...Әннің бір нотаны созыңқырап тұрып қалған жерінде домбырадағы сүйемел «басын көтеріп» көркем, жаңа бір әуен ойнайды. Бұл сияқты сүйемел тек Жүсіпбекте ғана кездеседі десек, асыра айтқандық болмайды».

«... «Қанатталды» алдында әннің контексінде бар ма, жоқ кейін орындаушылар қосты ма, жоғары нотаны айқайлап алу бар екен. Содан кейін ғана әннің өзі басталады екен. Ән «Сұржекейден» өзге, бірден жоғары регистрден басталады. Мұнда салған жерден үлкен толқу – тынымсыздық, серпінді ішкі қозғалыс бар. Өлең шумағының алдыңғы екі жолы бойы тынбастан толқын атқан дыбыс дауылы, үшінші жолдың басында басталғандай болып, бірақ тағы жоғары тырмысады. Алдыңғы аласұрудан шаршаған ән қанаты, енді бұрынғыдай самғап жоғары ұшатын әлі болмағандай, тек тауықтың ұшатын биігіндей көтеріліп, қайта «жерге» түседі.

Әннің аяғындағы, дауыстың төменгі регистрінде «қорытылатын» бөлігінің әсері айта қалғандай, «Қанатталды» дейтін сөз алдындағы әннің үілдеп, сахнадан тек әншінің әлі дыбысты үзбегенін ернінің қимылы мен домбыраның сүйемелінен ғана білесің. Әлден уақытта бұлттан шыққан күндей, әншінің даусы естіле бастап, үзілместен «Қанатталды» деген сөзге келіп жалғасады. Әрине, Жүсіпбектің бұл арадағы шеберлігі тыңдаушыларды еріксіз ұйытты. Біз болсақ, сотта вече (жарты дауыспен айту) дегенді кітаптан оқып, бірақ оны қазақтың халық әншісінің орындауынан есітеміз деген ойымыз болмайтын. Сол себепті ме, Жүсіпбектің әншілігі басқадан ала-бөтен артық көрінді. Дыбыс өрнегінің нәзіктігін, «жұқалығын» тек сурет өнері саласындағы акварельмен теңеуге болар еді. Жоғарыда айтылғандай, Жүсіпбектің есіту дәрежесінің биіктігі, орындау қабілетінің күштілігі, жаратылыстан өзінің музыкаға бейімділігі, оның ән айтқанда бүкіл жан дүниесімен беріліп кететіні – оның орындаған әндерінің бәрін де «анасынан қайта туғызды».

Бұл – әйгілі композитор, ғалым, қазақ музыкасын зерттеу ғылымының негізін қалаушы, академик Ахмет Жұбановтың ағынан жарылуы. Ақаң тәрізді өнер ғұламасын таң-тамаша қалдырған Жүсекеңнің әншілігі жайлы ұлы Мұхан (Мұхтар Әуезов) былай депті: «Жүсіпбек, сен осы «Қанатталды» әнімен өнеріңнің ең жоғарғы сатысына көтерілгейсің. Сен бұдан кейін де талай жақсы әнді айтарсың. Бірақ «Қанатталды» әні өзінің әсемдігі мен мінсіз нәзіктігі жағынан бәрінен де асып тұрар». Әлемнің небір дүлдүлдері мен бұлбұлдарының дауысына құлақ құрышын қандырған тұлғалардың ішкен асын жерге қойғызған Жүсекеңнің мың түрленіп, миллион құбылған ғажап үніне қарапайым пенденіз қалай тәнті болмасын.

Зерделей карасак, Жүсекеңнің өзі де аспандағы аққуға үн қосқан күміс көмей, жезтаңдай әншілердің көзін көріп, біразынан бата алып, сарқытын ішкенін аңдаймыз. Тайға мінген шағында Арқаның ардагері Мәдиді көріп, оның алдында «Қарғам-ауды» шырқаған Көшім бала он жасында Божақанның Ноқасына берілген асқа катысып, дүйім Қарқаралы оязына қараған елдің жақсысы мен жайсаңдары алдында ән салыпты. Токпан мен Желтау, Балқантау мен Боқты, Қарқаралы таулары қоршай жатқан Қоянды алқабындағы әйгілі жәрмеңкеде – ән Меккесінде Қаракөз, Қырықсакина, Бесбілезік тәрізді сұлулардың есімін иеленген қымызханалардың түндігін желпілдеткен сал-серілердің өнерімен сусындапты. Мәдидің, Үкілі Ыбырайдың әндерін төл авторлардан, Абай әндерін кемеңгердің шекпенінен шыққан Әлмағанбеттен үйренген Жүсекеңнің бақ-талайына қызыға да қызғана қарау Жаратқанның алдында да күнә емес тәрізді көрінеді. Әміре, Қали, Манарбек сынды майталмандармен қатар жүрген Жүсекеңнің сол алыптардың бірсыпырасынан тағы бір бағы асқан жері бар. Ол – шәкірттері. Әлемнің сегізінші кереметі деп тануға боларлық қазақ әндерін шып-шырғасын шығармаған қалпы, бар құдірет-қуатымен, мың түрленіп, миллион құбылған бояуымен бүгінгі күнге жеткізген алтын көпір Жүсекең болды. Сондай талғамы таразы Жүсекең де таң қалған, тамсанған алдындағы ағаларына (Әміре, Ғаббас), ізбасар інілеріне (Жәнібек, Қайрат... қалғандарын тізіп шығу міндет те, шарт та емес).

Соның бірі – әйгілі музыка зерттеушісі А.В. Затаевич «Қарқаралының Карузосы» деп ардақтаған Ғаббас. Жүсекең: «Ғазиз» әнін әнші Ғаббас Айтбаевтан естігенімде дүниеде мұндай тендесі жоқ сұлу ән болмайтын шығар деп ойлап едім» депті. Ән салудың академигін (А. Жұбановтың анықтамасы) таңдай

қақтырған Ғаббастың дауысы қандай болды екен деп ойлайсыз. Зерттеушілер Жүсекеңнің репертуарында үш жүзден астам ән болған еді, оның ішінде тұрақты айтатыны жүздің үстінде-ді дейді. Біржанның «Жонып алды», «Адасқақ», «Ләйлім шырақ», «Жамбас сипар», Ақан серінің «Құлагер», «Әудем жер», Абайдың «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Татьянаның әні», «Айттым сәлем, Қаламқас», Шөженің «Балқурай», Жарылғапберлінің «Ардақ», Естайдың «Жайқоңыр», Мәдидің «Қарқаралы», Үкілі Ыбырайдың «Майдақоңыр», «Ақылбайдың әні», «Иманжүсіптің әні» тәрізді, кескін-келбеті алуан түрлі шығармаларды бір-біріне мүлде ұқсатпай, ғажайып талғаммен шырқайтын еді-ау. «Сұржекей», «Сармойын», «Екі жирен», «Жиырма бес» сияқты, тыңдаған сәтте сиқырлы сазымен баурап, тіршілікте сезінген, түйсінген, адами тұрғыдан қабылдаған, өзара қайшылықты түсініктерінің арасында бітіспес майдан ашатын әндер. Әрине, бұлар Жүсекеңнің орындауында ғана сондай. Әсіресе, «Екі жирен». Бұл әннің бірнеше варианты бар, Жүсекеңнің айтатыны керекулік әнші Токбайдың варианты. Хабиба анамыздың кітаптарында өмірдің соққысын көрген, әсіресе, отызыншы жылдардың зобалаңында қатты тауқымет тартқан әншінің тағдыры мұнды әңгімеге арқау болады. Ән де сондай. Бұл – көкорай жастық дәуреннің қызығын кешіп, серілік құрып жүрген алаңсыз, албырт жанның шалқыған көңілі емес, баянсыз бақтан баз кешкен, базары тарқағанын түсінген, «көңілдің жайлауынан ел көшкенін» аңдаған, арыған азаматтың артындағыларға айтқан арызы. Ән астарындағы мұнды әуенде фәни дүниенің өткіншілігіне деген өкініш қана емес, келешектен үміт күту, буырқанып, оянып келе жатқан тың, бұла күшті сезіну бар. Жалпы, Жүсекең орындаған «Екі жирен» – толғанысы терең философиялық поэма.

Ұлы Отан соғысының отты жылдарында – 1942 жылдың қарашасы мен 1943 жылдың қаңтары аралығында құрамында Е. Өмірзақов, Жүсекең, Ғ. Баубекова, Ш. Тұрымбетова, Л.Г. Атма-наки, А.С. Астахияев, И.И. Басов, Б.И. Львович, Н.Г. Ткаченко бар қазақстандық концерттік бригада Ғ. Мұстафиннің бастауымен майдан даласына барып, үш ай өнер көрсеткені белгілі. Сол сапарда Жүсекең майдангер інісі Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» (сөзін жазған Ғ. Мұстафин) әнін үйреніп келіп, дұрысын айтқанда өңдеп, қырнап, көркемдеп, тыңдаушы қауымға ұсынғаны тағы да баршаға мәлім. Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған қазақ тіліндегі көркем шығармалардың ішіндегі мінсіз екі туындының бірі – Қасым Аманжоловтың «Абдолласы» (Ақын өлімі туралы аңыз), екіншісі – «Жас қазақ» әні десек, оқырман қауым бізді жазғыра қоймас. Шын мәнінде, өзінің қайталанбас талант күдіретімен «Жас қазаққа» ұзақ ғұмыр сыйлаған әнші десек, қателеспейміз.

«Жас қазақ» – бүтіндей бір операның жүгін көтеріп тұрғандай. Баяу қалқып басталған әуен бірте-бірте күшейіп, зар араласып, өлең мәтіні сұрапыл майдан даласының тұтас бір полотносын көз алдына алып келеді. Әсіресе, қайырмасына келгенде шер төккен, күңіренген, кеңістікті кернеген әншінің зарлы үні емес, заһар шашқан зеңбірек гүрсілі, өлім сепкен сұр аспан күрілі, шынжыр табаны шықырлаған танк зіркілі естілгендей, төбе құйқаны шымырлатады.

Сөзіміздің басында айтқандай мыңдаған жылдық мәдениетіміздің мәйегі үзілмей бүгінгі күнге жеткеніне, оның ішінде, әсіресе, ұлттық рухты түп тамырымен жоюға әрекет жасалған кеңестік дәуірде тұтастай мәңгірт болып кегпеуімізге жөргегімізден тербетіп өсірген казак әнінің рөлі ерекше. Осы-

нау ұлы өнердің аса көрнекті өкілі Жүсіпбек Елебеков. Әрине, маңызды миссияны орындау жолында Жүсекең жалғыз еді дегеніміз күпірлік болар. Басқа өңірді былай қойғанда Қарқаралы–Қудың киелі топырағы Жүсекеңмен иықтастырып Мұрат Толыбаев, Қуан Лекеров, Нұғыман Әбішев, Рахия Қойшыбаева, Мағауия Көшкімбаев т.б. тәрізді марқасқаларды туа салғанына қалай мерейленбессің. Дегенмен, Жүсекеңнің жөні мүлде бөлек екенін тағы да қайталап айтқымыз келеді. Ол жай ғана тамаша орындаушы, талантты тұлға емес, бір-біріне мүлде ұқсамайтын, әрқайсының өзіндік табиғаты бар, әншілердің тұтас бір шоғырын тәрбиелеп шығарған ұстаз.

Тілеуғазы Бейсембек
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
музыка зерттеушісі

Күйші Мұхит

1937 жыл. Алматы қаласындағы филармония залында халық дарындыларының Республикалық байқауы өтіп жатқан. Сахнада Балқаш қаласынан келген қара торы, сымбатты жігіт домбырасын күмбірлете күй төгіп отыр. Саусақтарының қимылына көз ілесер емес. Бірде саусақтары баяу былпылмен перне бойлай жорғалай жөнелсе, енді бірде әр дыбысты шегелеп жатқандай, қайраттанып, екпіндеп, домбыраның шанағын дүрілдетіп жібереді. Күйші жігіттің шеберлігіне риза болған тыңдаушы қауым дүрсілдете қол соғып, қошемет көрсетті. Ол сахнадан шығып кеткен соң, көпке дейін басылмаған қолшапалақтауды естіп, не болғанын сонда ғана түйсініп, жүрегі тулап жүре берді. Жан-жақтан қаумалаған жұрт бірі – құшақтап, бірі – қолын қысып, Мұхитты құттықтап жатты. Әркімдердің «күйшім-ақ екен», «домбыраны қалай ұршықша үйіреді» деген сөздері естіледі. Мұхит түсінер емес. «Бұлар осынша таң қалатындай не істедім? Білетін күйлерімді орындап бердім» – деп ойлады.

Ертеңінде бір жігіт ол жатқан қонақүйге іздеп келді. «Мұхит деген күйші сен бе? Десе дегендей, күй тартқанда мұхиттай толқиды екенсің. Бағың ашылды, жігітім, қуана бер. Комиссия сені осындағы домбыра оркестріне қалдыру керек деп шешті. Қарсы болмасаң, қазір сені Ахмет Жұбанов ағаға ертіп апарамын» – деп, лып-лып етеді. Мұхит ойланып қалды. Мұның «құлай» кетпегенін сезген жігіт: «Жарайды, сен ертеңге дейін ойлан. Келіссең, мені

табуың қиын емес» – деді де, қоштасып кетіп қалды. Келесі күні әлгі жігіт тағы кездесті. «Күйші жігіт не ойландың?» «Елге барып, үй ішімен ақылдасайын» – деді Мұхит. «Мақұл, қай уақытта келсең де, орның дайын».

Рельстердің дүк-дүк еткен дыбысы вагонда теңселіп келе жатқан жігіттің ойын бөлер емес. Байқауда алған жүлделерін көріп, дипломын қайта-қайта оқыған Мұхит терең ойға кеткен. ...Күй өнері. Жастайынан әкесі Дүйсенғалидың домбырасының үнін құлағына құйып өсті. Туып-өскен жері – Орал өңірінде екінің бірі домбыраның «құлағында ойнайды». Мұның әкесі де сол өңірдің белгілі күйшілері Махамбет пен Науша Бөкейхановтар, Охап Қабиғожин, Қали Жантілеуов сияқты майталман еді ғой. Осы күні тірі болса, жаңағы күйшілермен бірге оркестрде отырар ма еді. Әкесі Дүйсенғали (1880-1930) – арқа сүйер асқар тауы оркестрде болса, бұл неге келмесін, келер еді... «Қай уақытта келсең де, орның дайын» деген сөз құлағының түбінен тағы да естілгендей болды. Кісі қызығарлық ұсыныс. Астанада тұрса, өзінің сүйікті өнерімен айналысса жаман ба? Тағы бір ой көлденеңдей берді. Толқыған теңіз жағасындағы мысты қала одан кем бе? Қызметінде сыйлы. Үйі бар, жақында қосылған сұлу жары бар. Бұдан артық бақыт бола ма екен? Өнері ше? Мұнда да өнерге талпынған жастар баршылық, соларға үйретсе, өнері де өлмейді емес пе?

Сонау Орал өңірінен 1934 жылы келген жігіт Балқаш қаласындағы комсомол ұйымында хатшы болып істеді. Жастайынан бой алдырған күй өнерін тастаған жоқ. Домбырасы жан серігі болды. Республикалық байқауда небір өнер тарландарының алдына шығып, өзінің дарынды күйші екенін өзі де түсініп, басқаға да мойындатып келді. Күйші ағаларының ақыл-кеңесін тыңдап, сол байқауға тыңғыш рет қатысқан Дина Нұрпейісова шешеймен

танысып, батасын алды. Байқаудан көтеріңкі көңілмен қайтқан Мұхит өнерге өзгеше көзқарас танытып, шамырқанған шабытпен күйшілікке ден қойды. Осыдан үш жыл бұрын Балқаш қаласындағы әнге әуес, күйге құмар жастарды жинап, көркемөнерпаздар үйірмесін құрған еді. Енді сол жұмысты жандандыруға құлшына кірісті. Өзі күмбірлете күй шертсе, сүйікті жары Ақын сызылдыра ән салды. Тұла бойларында өнер тұнған жас жұбайларға жұрт қызыға қарады. Екеуінің айналасына өнерлі, дарынды жастар көп жиналды. Көмейінен ән құйылып, саусағынан күй төгілген өнерпаздар Балқаш мысшыларының қошеметіне бөленіп, алғысына ие болды. Бүгінгі Балқаш көркемөнерпаздарының өркені өсіп, өрісі кеңейген өнерінің алғашқы соқпағын салған күйші Мұхит десек артық айтқандық емес.

Сегіз қырлы, бір сырлы дарынымен көзге түсіп, ауызға ілінген Мұхит пен Ақынды Қарағандыдағы қазақ драма театрына шақырады. Мұнда олардың өнерлері жарқырап көрінді. Мұхит күйшілік шеберлігімен көрермендерін тәнті етті. Өзі жас әрі көрікті Ақын сахнада Қыз Жібектің, Еңліктің бейнесін жасап, «Гәкку» мен «Туған жер» әндерін шырқағанда, тебірене тыңдап, көзіне жас алмаған жан болмайды екен.

Кейін оларды Қарағанды радиокомитетінің жанынан 1933 жылы ашылған қазақ хорының жетекшісі Борис Орлов қызметке шақырады. Жазу-сызуды білмейтін сауаты жоқ, бірақ табиғат берген дарыны бар әнші-күйшілерден құрылған Республикамыздағы тұңғыш қазақ хоры бұл кезде төрт дауысты боп қалыптасып келе жатқан еді. Әншілері нотадан «қара» танып, сольфеджионы меңгеріп қалған. Хордың құрамында Қали Байжанов, Қосымжан Бабақов, Зәбира Жұбатова, Алтын Әлиева сияқты әншілер, қобызшы Дәулет Мықтыбаев, домбырашы Ыбырай Байсейітов

та бар еді. Сан түсті бояулы дауыстары үндестік тауып, әуені жарасқан, өресі биік, өрісі кең ұжымның сазды үніне жаңадан қосылған қос дауыс бірден жымдасып, кірігіп кетті. Мұхит пен Ақынның келуі хордың санының ғана емес, сапасының да өсуіне игі әсерін тигізді. Мұхит өзі хорға қосылып ән де айтты, жеке домбырада Құрманғазының, Түркештің және халық күйлерін орындады.

1938 жылдың қазан-қараша айларында хор ұжымы Бүкілодақтық радиокомитетінің шақыруымен Мәскеуге барады. Бұл сапардың бұрынғыға қарағанда саяси әрі көркемдік мәні жоғары болды. Қазақ халқының 25 музыкалық шығармасы тон-фильмге түсіріліп, грамофонға жазылады. Олардың ішінде халық әндерінің табиғи түрлері де, Қазақ ССР-ның халық артисі Евгений Брусиловский мен Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі, хордың концертмейстері Валентина Пирогованың өңдеуіндегі нұсқалары да бар еді. Бұл әндер Бүкілодақтық радиокомитетінің халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуімен орындалды. Сондай-ақ, әншілер Қ. Байжановтың, З. Жұбатованың, К. Мұстафиннің орындауындағы әндер, домбырашылар М. Битенов пен Ы. Байсейітов орындаған күйлер жазылды. Бұл ұнтаспалар Кеңес Одағы радиокомитетінің ұлттық репертуарын байытып қана қойған жоқ, сонымен қатар қазақ халқының бай мұрасын музыкалық хабарларда кеңінен пайдалануға жол ашты. Бұл жөнінде хордың жетекшісі, Қазақ ССР-ның халық артисі Борис Орлов: «Қарағанды хорын ұнтаспаға жазу арқылы дарынды қазақ халқының музыкалық өнері жарқырай көрінді» – деп жазды. Жетекшісі берген осы жоғары бағаның ішінде Мұхит пен Ақынның да үлесі жатқаны белгілі.

Күйші Мұхиттың репертуары бай еді. Ол Құрманғазы, Сейтек, Түркеш, Әкібас, Жантөре сияқты атақты күйшілердің туындыларымен қатар халық күйлерін, сондай-ақ өзінің әкесі Дүйсенғалидың «Таспау қара», қазақ хорында бірге еңбек еткен досы Ыбырай Байсейітовтың «Нар қызыл» күйлерін орындайтын. Төкпе күйлерді асқан шеберлікпен күмбірлететін күйші Арқаның шертпе күйлерін де жақсы меңгерді. Ол Тәттімбеттің «Сылқылдақ», «Бес төре», «Көкейкесті», Сайдалы Сары Тоқанын «Сарыжайлау», «Қосбасар» күйлерін нақышына келтіре шертеді екен.

Ол өз жанынан күй шығарған композитор ретінде де танылған. Бізге белгілісі оның «Үш балам» деген күйі. Бұл – қайғылы, мұңға толы шығарма. Оның шығу тарихы былай: Қарағанды хорында қызмет істеп жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып, Мұхит майданға аттанады. Соғыста ауыр жарақат алып, біраз госпитальда жатып емделген соң, оны елге қайтарады. 1945 жылы отбасына оралған Мұхитты ауыр қайғы күтіп тұрған еді. «Мұхит келе жатыр» дегенді күні бұрын естіген достары, туған-туыс, көрші-қолаң жиналып күйшіні ыстық сағынышпен қарсы алады. Майданнан жауынгер келсе, үлкен той, қуаныш қой. Жан-жақтан қаумалап, біреу ананы, біреу мынаны сұрайды. Үйге кіріп жайғасқан Мұхит жаутандап есік жаққа қарай береді. Бір уақытта шыдамай: «Ақын-ау, менің қошақандарым қайда? Неге әкесін қарсы алмайды?» – деп қалады. Ақын не айтарын білмей, күмілжіп, орамалының шетімен көзін басып, тұншыға өкседі. Сонда төрде отырған ақсақалдардың бірі: «Мұхит қарағым, берік бол. Қошақандарың өзің майданда жүргенде о дүниелік болған» – деп, көңіл айтады. Мұхит өзі кеткенде жүгіріп жүрген Марат, Мар, Маржан деген

үш баласының бәрі бірдей қайтыс болғанын сол жерде естиді. Қайғылы хабар қатты толқытқан күйші қолына домбырасын алып, екі көзінен жас парлап отырып, үш баласына деген сағынышын, көкірегін қарыс айырған ащы зарды екі шектен күй етіп төккен екен.

Соғыстан кейінгі жылдары қаладағы тұрмыс жағдайы қиындай түседі. Радиокомитеттегі қазақ хоры таратылып, көптеген әншілер облыстық филармонияға, кейбіреулері қазақ драма театрына ауысады. Отбасы, бала-шағаның қамын ойлаған Мұхит 1954 жылы Жаңаарқа ауданының Ортау совхозына көшіп барады. Ауыл шаруашылығында қызмет атқарады. Бірақ, жан серігі домбырасын тастамайды. Ауылдық мерекелерде, концерттерде күй тартып, халықтың көңілін көтереді. Ақын болса, қазақ хорының репертуарындағы әндерден бастап, өзі сүйіп айтатын Еңліктің «Туған жер» әнін, «Қыз Жібек» операсынан Жібектің, «Ер – Тарғын» операсынан Ақжүністің ариясын әдемі, ашық дауысымен (сопрано) сызылта шырқайды. Екеуі салтанаттың сәні, той-думанның көркі болады.

Мұхит өзі күй шертерде әуелі оның шығу тарихын әңгімелеп, айтып отыратын болған. Бірде ол ауылдастарының ортасында күй тартып отырып, Түркештің «Қоңыр ала» деген күйінің шығуы туралы былай толғайды. Күйші Түркештің Жолдыбай деген ауылда-сы болыпты. Өзі тақыр кедей болса да, байдың мың жылқысына бергісіз жалғыз аты бар екен. Қоңыр ала сәйгүлік шапса, құстай ұшатын жүйрік дейді. Талай аламанның бәйгесін алыпты. Кедейге мынадай жүйрікті кимаған байлар оған айырбасқа қыруар мал ұсынса да, Жолдыбай атын бермепті. «Берсе – қолынан, бермесе – жолынан», сәйгүлікті ұстап әкеліндер – деп бұйырады байлар. Олардың жандайшаптары сәйгүлікті ұстай алмай әуреге түседі.

Ақыры олар қоңыр аланы атып жықпақ болады. Алайда, жаралы жүйрік жау қолына түспей, өзінің үйренген ауласына, Жолдыбайдың үйіне жетіп құлайды. Жолдыбай қоңыр аласын жоқтап, зар жылайды. Осы жағдайды көріп, мал болса да, сәйгүліктің өзінің иесіне деген адалдығына тебіреніп, күйші Түркеш «қайран қоңырым-ай» – деп, қос шекті сөйлеткен екен дейді.

Ауылда жүрсе де, күйші Мұхиттың атағы алысқа кетеді. 1962 жылы оны іздеп сонау Алматыдан, Қазақ ССР Ғылым академиясынан музыка зерттеуші, ғалым, домбырашы Тмат Мерғалиев келеді. Ол Мұхиттың орындауында Құрманғазының «Перовский марш» (2-түрі), «Кедей зары», Сейтектің «Сексен ер», «Заман-ай» (2-түрі), Түркештің «Салық өлген», «Қоңыр ала», «Ақсақ құлан», Әкібастын «Ақжелең», «Шалқыма», Жантөренің «Шалқыма», Дүйсенғалидың «Таспау қара», Ыбырай Байсейітовтың «Нарқызыл», Мұхиттың «Үш балам», халықтың «Қазақтың қалмақ биі» және «Тепенкөк» күйлерін жазып алды. Олардың біразы осыған дейін белгісіз боп келген, немесе жария бола қоймаған сонылығымен құнды еді. Бұл күйлер 1972 жылы Алматыдағы Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасынан Т.Мерғалиевтің авторлығымен шыққан «Домбыра сазы» атты музыкалы-этнографиялық жинаққа енді. 1990 жылы Алматыдағы «Өнер» баспасынан «Күй қайнары» жинағы жарық көрді. Мұнда аттары әйгілі Дина Нұрпейісова, Қали Жантілеуов, Науша Бөкейханов, Лұкпан Мұхитов, Охап Қабиғожин, Әбікен Хасенов сияқты майталман күйшілердің орындаған күйлері жарияланды. Осындай мықтылардың қатарында Мұхиттың суреті мен өмір дерегі беріліп, Сейтектің «Сексен ер» күйінің Мұхит орындаған нұсқасы басылып шықты.

Күйшінің домбыра тарту шеберлігі ешкімге ұқсамайтын, тек Мұхитқа ғана тән мәнерімен ерекшеленді. Белгілі күйші

Науша Бөкейханов Мұхит туып-өскен Жәнібек ауданының тумасы екен. Мұхиттың күй толғауы сол Наушаға ұқсаса керек. Күйшінің қос қолының шеберлігі қатарласып, тең түсіп жатады дейді. Оң қолдың қағысы мен сол қолдың жүрдектігі жымдасып кеткенде, домбыраның көкірегі көтеріліп, күйдің үні құдіреттеніп шығады дейді. Күйшінің осындай шеберлігі ерекше күйшілік дәстүр, өзіндік бір мектеп болған. Осыны дер кезінде танып, оның күйлерін таспаға түсіру – көрегендік болған. Мұхиттың орындауындағы Құрманғазының «Перовский марш» (2-түрі), «Кедей зары», Дәулеткерейдің «Қос алқа», Сейтектің «Сексен ер», «Заман-ай» (2-түрі), Түркештің «Ақсақ құлан», «Қоңырала», Ещанның «Соқыр Ещан», Әкібастың «Ақжелең», Ыбырай Байсейітовтың «Нарқызыл» сияқты оннан астам күйлері бүгінде Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы.

Майталман күйші Мұхит Битенов 1912 жылы Орал облысының Жәнібек ауданындағы Қамысты ауылында дүниеге келген. Жастайынан домбыраның үніне үйірсек болған. Оның әкесі Дүйсенғали сол өңірдегі шебер күйші екен. Мұхит бала кезінен әкесінің тартқан күйін тыңдап, домбыраның күмбірін көкірегіне қондырып өскен. Әкесінен, ел ішіндегі басқа да күйшілерден көп күй үйренеді. Жас жігіт күйшілік өнерін меңгеріп, енді тіршілікке қажетті басқа бір кәсіп іздейді. 1930 жылы әкесі Дүйсенғали қайтыс болады.

278 Кәмелетке жаңа толған жігіт оңы мен солын барлай бастайды. Сол кездері Қарағандының көмір кені, Балқаштың мыс қайнарының аты шартарапқа жайылып келе жатқан еді. Мұхит көп ойланбастан 1934 жылы мысты қала Балқашқа тартып отырады. Содан бері осы өлкенің дәмін татып, суын ішіп, еңбегімен, өнерімен ел құрметіне бөленеді.

Күйшінің сүйікті жары Ақынның төркіні Жаңаарқа жұрты екен. Сол өңірде 1916 жылы дүниеге келіпті. Көп бала тәрбиелеп өсірген абзал ана, бір кездері сахнаның сәні болған көрікті әнші 1998 жылы 80-нен асып, қайтыс болады.

Күйші Мұхит 1983 жылы дүниеден өтті. Артында ұрпағы: Дана, Алма, Абай, Роза, Бауыржан, Клара деген балалары қалды. Олардан немерелері бар. Күйші туралы біраз деректерді біз оның үлкен қызы Данадан алдық.

Өзі өлсе де, күйшінің артында мол мұрасы қалды. Ол қазақтың халық музыкасының тарихына оған дейін белгісіз боп келген күйлерді жазып, күй антологиясын толықтыра түсуге үлес қосты. Күйшілік дәстүрдің Мұхитқа тән үлгісін қалдырып кетті. Оны қалыптастыру жас ұрпақтың еншісінде. Оның Қазақ радиосының алтын қорындағы күйлері халқымыздың байлығы, мәдени мұрасы. Оған ұқыппен қарап, насихаттау, халықтың игілігіне жарату біздің абзал міндетіміз.

Сырбаз әнші

Егіндібұлақ өңірінен өнер айдынына қанат қағып, саф ауадай жанға жайлы қоңыр үнімен көпшіліктің ыстық ықыласына бөленген ерен әншінің бірі – Мағауия Көшкімбаев. Думанды ортада дүние есігін ашқан Мақаң бала шағының өзінде жиынтойларда жиі айтылатын халық әндерін жас зердесіне ұялатып, асыл өнерінің бесігінде тербеліп өседі. Текті органың киесі дарыған талапты шәкірт 7-8 жасының өзінде қолына домбыра ұстап, ән айтуға дағдылана бастайды. Бармақтайынан Абай мен Ақанның, Біржан мен Мәдидің әндерін, Тәттімбет пен Ықылас күйлерін құлағына құйып өскен Мағауия балақырандай қомданып, тұңғыш рет Қазан төңкерісінің он жылдығы мерекесіне орай шаршы топтың алдына шығып, өнер көрсетеді. Туған ауылынан шығып, алыс астанада өнер жұлдыздарына айналып үлгерген Жүсіпбек Елебеков, Қуан Лекеров, Нұғыман Әбішев тәрізді тарлан таланттардың ән айту мақамын жастайынан бойына сіңіріп өскен бала әншінің майда қоңыр үні көпшілікті туған топырақта тағы да бір болашақ өнер саңлағы бұлқынып келе жатқандай әсерге бөлейді.

Қаракесек ішіндегі Көшім руындағы кедейдің отбасында дүниеге келген болашақ танымал әнші ауыл мектебінде сауат ашып, алғашқы кездерде елді сауаттандыру науқанына белсене ат салысады. Тұңғыш «Қызыл отаулардың» түндігін көтерісіп, 1936 жылға дейін Қу, Қарқаралы аудандарында колхоз құрылысын нығайтуға асқақ үнмен, сазды әндерімен үлес қосады.

Қазақстанның алыс түкпірінде елеусіз жүрген күміс көмей дарынның атақ-даңқы көп кешікпей астанаға жетеді. 1939 жылы Мағауия Көшкімбаев Қазақ ССР Халық комиссарлар советі жанындағы көркем істер жөніндегі комитеттің жолдамасы бойынша Мәскеу консерваториясына оқуға жіберіледі. Жиырма бес жас-тан енді ғана асқан дарынды жігіт үкілі домбырасын қолына алып, қырдың қырмызы әндерін бірінен соң бірін тау суындай төгілте шырқап, өнер ордасының ғұлама ұстаздарын тәнті етеді. Сөйтіп, жоғары білім ордасына сынақсыз қабылданады.

Елдің солтүстік шебінде фин соғысы басталады. Гитлердің темір тағанды армиясы Польша жеріне көктеп енеді. Отан шақыруына үн қатқан Мағауия 1939 жылдың қазан айында консерваториядағы оқуын лажсыздан үзіп, үстіне солдат шинелін киіп, ел шебін қорғауға аттанады. Ұлы Отан соғысы басталған тұста жауынгерлік шырдауда едәуір ысылған азамат Мәскеу түбіндегі алапат ұрыстарға барып кіреді. Астана іргесіне дейін жетіп, тұмсығы халық кегіне соғылған жау кері серпіледі. Зениттік артиллерияның взвод командирі Сталинград, Ленинград бағыттарындағы жан алып, жан беріскен небір қырғын ұрыстарға қатысады. Жойқын шабуылдардың толас сәттерінде қаруын әншілік өнерімен айырбастап, жауынгерлердің көңілін сергітеді. Оларды патриоттық істерге жігерлендіреді. 1945 жылдың тамыз айында әнші-жауынгер жеңіс жалауын желбіретіп, туған ауылына оралады.

Қазақ әншілік өнерінің көгіндегі қайталанбас жұлдыздың бірі – Мағауия Көшкімбаев алпыс жасқа толғанда қазақ баспасөзінің қара шаңырағы іспеттес «Орталық Қазақстан» газеті былай деп жазған екен.

Тәттімбет пен Мәдидің ауылында,
Ән базары – Қоянды бауырында,

Өнер қуып өстіңіз көзбен көріп,
Өмірдің шуағын да, дауылын да.

Сіз баста комсомол боп ержеткенсіз,
Өнерге сонда құлаш серметкенсіз.
Ғаббас пен Жүсіпбектің жолын қуып,
Ауылды әсем әнмен тербеткенсіз.

Халықтың ән-жырына жан құныққан,
Талайды тамсандырып, қалдырып таң.
Сіз асқақ шырқағанда Москвада,
Чайковский залы да жаңғырыққан.

Сіз өнермен солайша ұғысқансыз,
Сіз отандық бар ұлтпен туысқансыз.
Сонау Батыс, Украин, Белорусьты,
Құтқарысып, ақ финді қуысқансыз.

Кеше елге фашистер шапқанында,
Қару алып тағы да аттандың да.
Талқандастың қанқұйлы жау ордасын,
Азаматтық борышты ақтадың да.

Енді, міне өзіңнен ән тараған,
Сый-құрметке бөленіп, алқалаған.
Шығып тұрсың алпыс жас асуына,
Алатаудай әніңмен арқаланған.

Құтты болсын, – дейміз біз – бұл жасыңыз!
Ағасыңыз, һәмме дос-сырласымыз.
Бақытты да, қызық та, ұзақ жасап,
Жүре бер, болып біздің құрдасымыз!

Соғыстан кейін Мақан ағайын-туыспен қауышып, біраз айлар ауылда болады. Асқақтата ән салып, бейнетті еңбектен белі бүгіліп, әр ошаққа қайғы бұлтын үйірген жадау елдің көңілдерін жебейді. Бірақ көп кешікпей Алматыдан қуаныш арқалаған жеделхат жетеді. Арқалы өнерпаз республика радиокомитетіне әнші болып орналасады. Бұл Мақан үшін репертуарын кеңейту, шеберлігін шынғау жылдары болады. Сүйікті жерлесі, танымал үн суреткері Жүсіпбек Елебековтің ағалық қамқорлығы арқасында орындау шеберлігі шыңына жеткен сирек дарындардың санатына ілігеді. Жалпақ Қазақстанға кеңінен таныла бастаған кезінде ауыр сырқаттанып, күрделі операцияны басынан өткереді. Оған астана дәрігерлері мекенін ауыстыру жөнінде кеңес береді. Ақиық әнші содан көмірлі Қарағандыға ат басын тіреп, облыстық филармонияға орналасады.

Самалды Сарыарқасын әнгетербепөткен белгілі өнер шеберінің 15 шамалы әні Мәскеуде, елуге жуығы Алматыда күйтабаққа және ұнтаспаға жазылып алынады. Ел алдындағы сіңірген еңбегі үшін оған 1957 жылы КСРО Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасы беріледі. Алматыда және Қарағандыда еңбек етіп жүрген шағында қоңырау үнді әнші Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, туған халқына қалтқысыз қызмет етті. Қаншама жұмысбасты болып жүрсе де кір жуып, кіндік кескен жеріне келіп ізет етуді де ұмытқан жоқ. Сондай сансыз сапарларының бірін 1962 жылдың ақпан айының жиырма екінші жұлдызында «Советтік Қарағанды» газеті «Мағауия Көшкімбаев «Комсомол» совхозында өнер көрсетті. Шаруашылықтар мен фермаларда барлығы 10 концерт берді» деп жазды.

Аудан тарихынан атын ойып алуға құқылы талғампаз әнші М. Көшкімбаев 1980 жылы Қарағанды қаласында дүние сал-

ды. Мақанның үрім-бұтағы бұл күндері кеншілер астанасында, Балқантау атырабында тұрады.

Дөңгеленген дүниенің төрт бұрышына мәлім болған, Қоянды жәрмеңкесінде әншілік тұсауын кесіп, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі атағын иеленген Мағауия Көшкімбаев жайлы (1991 ж.) төрт томдық қысқаша энциклопедияда арнаулы орын берілген. Онда лирикалық тенор дауысты ақиық әншінің Ақан серінің «Құлагер», Біржан салдың «Жанбота», «Теміртас», Манапбек Ержановтың «Қаракөз» сияқты әндерін асқан шеберлікпен орындап, қазақ өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырғаны айтылады. Энциклопедияда әнші 1910 жылы туған деп көрсетілген.

Тілеуғазы Бейсембек
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, музыка
зерттеушісі

Көмірлі қаланың бұлбұлы

Әсерлі әндерімен, сыңғырлаған үнімен өлкемізді сәнге бөлеген әншілердің бірі – Алтын Әлиева еді. Ол 1915 жылы Ақмола облысында көп балалы отбасында дүниеге келіпті. Алтын Балтабайқызы 13 баланың кенжесі екен. Содан да ата-анасы оны бетінен қақпай, аялап өсірген. Еркін өссе де, тым шолжың емес, ақылды ерке болған. Ол үлкен әпкесі Базардың ақылын тындап, сыпайы да, байсалды болып өседі. Жастайынан әнге құмар сіңдісінің әуестігіне Базар әпкесі де тиым салмайды. Оңашада, туыстары арасында ән салып, өзінің қабілетін байқаған Алтын енді әншілік өнерге ден қойып, көпшілік алдына шығуды армандайды. Көңіліне әнге деген құштарлық ұялаған бойжеткен қыз әпкесі Базармен бірге Қарағандыға келеді. Бұл кезде Қарағанды көмірдің ғана емес, өнердің де үлкен ошағына айнала бастаған еді.

Облыстық радиокомитеті жанынан құрылған қазақ хорының атағы Республика астанасына жетіп, ол 1934 жылы халық өнерпаздарының Бірінші Республикалық слетіне қатысып қайтқан болатын. Комиссия мүшелері хордың өнеріне жоғары баға береді. Осыдан кейін хордың атағы жер жарып, «оның құрамын кеңейтеді екен» деген сыбыс шыққанда жан-жақтан өнерлі талапкерлер ағыла бастаған. Ел ішінде хордың беделінің өскенін сезген хор жетекшілері ән салғанның бәрін емес, талапкерлер арасынан таңдап, табиғат берген қабілеті тұнып тұрған, тума дарындарды ғана алған. Қабылдау кезінде талапкердің ән табиғатына де-

ген түсінігі, әншілік шеберлігі, үнінің ашықтығы, дауысының тембрі, диапазоны, тынысының кеңдігі ... бәрі-бәрі ескерілетін болған. Осындай сыннан «желіп» өткен Алтын 1935 жылы хордың құрамына қабылданады. Бұл кезде хор қос дауыспен айтатын. Оның репертуарында қазақтың халық әндері және совет композиторларының нотамен айтылатын шығармалары болды. Сол жылдан бастап хордың жетекшісі әншілердің дауысын қою жұмысымен тыңғылықты түрде айналысады. Кейбір әншілер мұны бос әурешілік деп есептесе, табиғатында дұрыс қойылған дауысы бар Алтын күрделі шығармаларды жоғары деңгейде орындау үшін шеберліктің қажет екенін түсінеді. Бұдан кейін ол нота сауатын үйренуге ден қойып, құлшына кіріседі. Жас қыздың қабілетіне, талабы мен талпынысына, өнерге деген құштарлығына Б.Орлов қатты риза болады. Сол Б. Орловтың ұсынысымен облыстық халық ағарту басқармасы қазақ мектептерінде ән сабағын енгізгенде, оқытушы ретінде дайындығы мықты хор әншілері Қосымжан Бабақов, Кеншімбай Мұстафин, Зәбира Жұбатовамен қатар Алтын Әлиева да жіберілгені көп нәрседен мағлұмат береді.

Радиокомитеттің хоры 1935 жылдың жазынан бастап, 1936 жылдың күзіне дейін Мәскеуге баруға дайындалды. Онда Бүкілодақтық радиокомитеті ұйымдастырған Бүкілодақтық микрофон концертіне қатысуы жоспарланған еді. Мәскеуге бармас бұрын хор Алматыда болып, бағдарламаларын көрсетті. Комиссия ұжымның соңғы екі жыл ішінде төрт дауысты хорға айналғанын үлкен жетістік ретінде атап өтті. Оның репертуарына да, орындаушылық шеберлігіне де көңіл толатынын білдірді. «Казахстанская правда» газеті «Алматыда жоқ төрт дауысты қазақ хоры Қарағандыда дүниеге келді» деп жар салды. Газет мақаласында хордың репертуарында халық әндерімен қатар

Серовтың, Гречаниновтың, Римский-Корсаковтың және тағы басқа композиторлардың да классикалық шығармаларының болғанын, олардың жоғары деңгейде орындалғанын таңдана жазды. Осындай классикалық туындыларды меңгеруде Алтын ерекше қабілеттілік танытты. Алыт партияларын орындаушылар арасында оның дауысы бөлек естілетін. Орындайтын партияларының әуені мен ырғағын, үтір-нүктесіне дейін жетік біліп алғаны сондай, ол басқаларды соңынан ертіп, жетектеп отырады екен.

Хордың Бүкілодақтық микрофон алдындағы алғашқы концерті 1936 жылдың 7 қазанында болды. Мәскеу жұртшылығы алдында, ірі-ірі зауыттардың мәдениет үйлерінің сахнасында Алтынның да дауысы асқақ естілді. Мәскеуге екінші рет барған сапарында хордың бір концерті СССР халық артисі Күләш Байсейітованың қатысуымен өтті. Алтын өзі ұстаз тұтып жүрген әйгілі әншінің сахнадағы өнерінен көп нәрсені көңіліне түйген еді. Сол 1938 жылы грамофонға жазылған қазақ әндері Бүкілодақтық радиокомитетінің хабарлары мен концерттерінде орындалып, Одақ көлеміне тарады. Сол әндерге Алтынның әдемі дауысы өзіндік бояуымен үн қосып, әр бергені анық.

Б. Орлов өзінің бір естелігінде хорды демалысқа жіберіп, өзі көптен ойлап жүрген мақсатын іске асыру үшін ауылдарды аралауға шыққаны туралы жазады. Қасына әйелі В.С. Пирогованы ертіп, алыс ауылдарға барып, қазақтың халық әндерін жинайды. Сонда облыстық партия комитеті машина бөліп, қасына Асқар Әлиев деген жігітті қосып береді. Асқардың бастауымен олар Қарқаралыға жол тартады. Жол бойы ауылдарға тоқтап, ән жинайды. Сондағы алғашқы жазып алған әні «Жалғыз арша» еді деп жазған Б. Орлов. Сол Асқар Әлиев хорға жанашыр, Орловпен дос болып, араласып жүріп, келбеті келісті, үні бұлақтай сыңғырлаған

әнші қыз Алтынмен танысады. Көп ұзамай екеуі қосылады. Екі жастың араларынан қыл өтпестей татулығына өзге жұрт қызығып та, қызғанып та қарайды. Өмірге Құмар деген ұл келеді. Алайда, сүйіспеншілік пен береке ұялаған отбасының қуанышы ұзаққа бармайды. Үш жастан асқанда Құмар қайтыс болады. Бір жылдан соң сүйікті жары Асқар дүниеден өтеді. Осы бір ауыр жылдары Алтынға әпкесі Базар, хор ұжымы және достары үлкен сүйеу болды.

Қарағанды хоры шығармашылық жетістіктерге жетіп, іргелі ұжымға айналды. Оның құрамындағы өресі биік әншілер құрметті атақтармен марапатталды. Солардың қатарында Алтын Әлиева да Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылдың 17 ақпанындағы Жарлығымен Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі атағына ие болды.

Облыстық радиокомитетінің хоры таратылғаннан кейін Алтын облыстық атқару комитеті жанындағы өнер бөліміне әнші болып тіркелді. Ал 1951 жылы облыстық филармонияға қабылданды. Мұнда келгенде де ол білімін жетілдірумен айналысты. Музыка училищесінің вокал сыныбының ұстазы Т. Шенейхтен сабақ алып, нота сауатын меңгерді.

Филармония артистері топқа бөлініп, ауылдарға концерттерге шығады. Ол кезде қазіргідей машина жоқ. Жаздағы көлік – ат-арба, қыста – ат-шана. Лаумен жүреді. Бір ауыл артистерді екінші ауылға жеткізіп салады. Өнерді қастерлеп, халықты сыйлаған жандар қиындықтарға төзе білген. Алғашқы жылдары Алтын Қ. Бабақов, И. Өкпенов, Қ. Ешимов, А. Көпбаев, Ж. Қартабаева, Шор, Фензеляу, Популова, Богданов, Завьялов сияқты артистермен гастрольдерге барып жүрді. Кейін өзі жеке топпен шығатын болған. Ол өз тобындағыларды байсалды мінезімен, мейірімі-

мен баурап алды. Жастарға ақылшы болды. Алтын концертке шыққанда аккордеоншы А. Завьялов пен баяншы В. Дворников екеуі сүйемелдейтін болған. Ал қалада өткен мерекелік концерттерде ол рояльмен айтқан. Сол жылдары қаламызда Александр Гуревич деген композитор болды. Алтынның әнін рояльда сол сүйемелдейді екен.

Алтынның ән қоржынында қазақтың, орыстың, чех және поляк халықтарының әндері болған. Сонымен қатар, композиторлар М.Төлебаевтың «Бақыт вальсі», Е. Брусиловскийдің «Алтай», А. Жұбановтың «Қарлығаш», Б. Байқадамовтың «Ақбидай», М. Қойшыбаевтың «Қалқамай, мен үндемей жүремін көп», Н. Тілендиевтің «Жан сәуле», т.б. әндері оның репертуарынан түспеген. Сондай-ақ, орыс романстарын, Чайковскийдің, Дунаевскийдің, Фрадкиннің шығармаларын нақышына келтіре орындаған. Алтын әншілігімен зор құрметке бөленеді. Халықтың сүйіп тыңдайтын әншісіне айналады. Гастрольдік сапармен Қазақстанды түгелдей дерлік аралайды. Барған жерлерінде оны ерекше қошеметпен қарсы алып отырған. Павлодар облысына барған бір сапарында аудандық газеттердің бірі: «Кезек Қазақ ССР-ына еңбегі сіңген артистка Алтын Әлиеваға келген кезде көрермендер оны ду қол шапалақтап қарсы алды. Алтын апай өзінің сызылта салған әсем әнімен жұрт көңілін бір серпілтіп тастады. Ол әсіресе композитор Шәмші Қалдаяқовтың «Ақмандайлым», «Менің Қазақстаным» атты әндерін тамаша орындап, көрермендердің ризашылығына бөленді» – десе, Баянауыл ауданының «Қызыл ту» газеті (18.VI.1960): «Сахнаға Алтын Әлиева шықты. Қазақ әндері бірінен соң бірі аққан бұлақтай сыңғырлап құйылады. Тыңдаушылар әрбір ән аяқталған сайын қол соғып, көтермелеп отырды» – деп тамсана жазды.

Әншінің Қызылордаға барған сапары жайында облыстық «Ленин жолы» газеті (28.01.1969): «Әр аймақтың өз сахнасының мақтанышы болады. Көмірлі қаланың бұлбұлы, Қазақ ССР-ына еңбегі сіңген артист Алтын Әлиева екен. Жыр жолымен біраз асуларды өтіп, халықтан өзінің лайықты бағасын алған әнші енді өз үнін Сыр бойының сауықшыл халқына есіттіре келіпті. Ол «Қарағанды вальсі», қазақтың халық әндері «Ләйлім», «Ауылың сенің іргелі» әндерін шалқыта да, тебірене жырлады» – деп әншіге жоғары баға берген екен. Мұндай сөздер танданып, тамсанудан ғана емес, үлкен бір тебіреністен туады. Тыңдаушысын тебіреніте білген әнші бұлбұл емей немене? Өзіміз сыпайылық жасап айта алмаған сөзді өзге жұрт айтып жатса, бал ұрттататын ауызға қаппақ болғанымыз жараспас. Бұлбұл десе, бұлбұл еді деп құптайық.

Алтынмен бірге қызметтес болғандар оның адамгершілігін жоғары бағалайды. Кезінде әншімен бірге гастрольге шығып жүрген, бүгінде белгілі домбырашы Тұңғышбай Игенбеков: «Алтын апайдың мінезі жайдары, бапты еді. Әншінің кәсіби деңгейі, орындаушылық қабілеті өте жоғары болатын. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» деген ғой. Сол кездері жасы шамамен 54-55 – те болар. Үні кең, таза, дауысы тозбаған, сынғырлап тұратын» – деп еске алады.

Әнші 1970 жылы зейнет демалысына шығады. Сонда да әншіліктен қол үзбеген. Өмірін өнерге арнаған жан қол қусырып отырмай, концерттерге шығып тұрған. Сүйікті әншісін халық оның жасына емес, ғажайып өнеріне қарап сыйлаған. Зейнетке шықса да, оны сахнадан көрген жұрттың қуанышында шек болмайтын. Оған Шет ауданының «Ильич туы» (24.04.1971) газетінде шыққан мына бір мақала куә. «Алтын Әлиева апай өткен жылы құрметті

демалысқа шықса да, әлі де коллективінен қол үзбей, қазақ совет композиторларының әндерін жұршылыққа кеңінен насихаттауға еңбек сіңіріп жүргені көңілге қуаныш отын жағады» – депті мақалада.

Соғыстан кейінгі жылдары Алтын партия және кәсіподақ саласының қызметкері Мұзафаров Қалкенге тұрмысқа шығады. Қалкен оның өнеріне қолдау көрсеткен жанкүйері, өмірде қолтығынан демеген жансерігі болды. Алтын – 1991 жылы, ал Қалкен – 1996 жылы өмірден өтті. Артында екеуі тәрбиелеп өсірген қызы қалды. Ол – Мұзафарова Алла, консерватория бітірген хор маманы. Алматыдағы П.И. Чайковский атындағы музыка училищесінде дәріс береді. Қаншама конкурс лауреаттарын – хор дирижерларын оқытып, тәрбиелеген ұлағатты ұстаз.

Қазақстанның халық артисі Б.Орлов кейінірек Қарағанды хорында еңбек еткен жылдарын еске түсіріп, бірге істеген достарын ілтипатпен атай келіп: «Қали Байжанов, Қосымжан Бабақов, Кеншімбай Мұстафин, Зәбира Жұбатова, Алтын Әлиева есімдері қазақ халқының басқа да дарынды ұлдары мен қыздарының қатарында Қазақстанның музыкалық мәдениеті дамуының жылнамасына енуі тиіс» – деп жазған екен.

Иә, көмірлі қаланың бұлбұлы атанған дарынды әнші Алтын Әлиеваның әдемі дауысы туған халқының есінде, бейнесі жүрегінде сақталып, оның асыл мұрасы ел игілігіне жарайтыны анық.

Уәли Бекенов
*Қазақстанның еңбек
сіңірген қызметкері,
музыка өнерін зерттеуші,
күйші-композитор*

Мағауия Хамзин (1927-2000)

Шертпе күйлерді орындаушылар арасындағы талантты домбырашылардың бірі — Мағауия Хамзин. Тәттімбеттің сұлу, сазды күйлерін нәшіне келтіре орындап насихаттаушы. Мағауия халықтық өнерді творчестволықпен байыта орындайтын сахна өнеріне қалыптасқан шебер домбырашы. Мағауияға домбырашылық өнер үлкен атасы Әшімтайдан, өз әкесі Хамзадан мұра болып дарыған екен. Әшімтайдың «Қоңыр қаз» атты күйін кезінде Хамза шерткен. Әкеден үйренген бұл күйді кейін Мағауия орындап жүрді.

Бұл күндері аты республика жұртшылығына кеңінен мәлім Мағауия Хамзин өнерге 5 жасынан әуестенеді. Арғы атасы күйші Әшімтай, оның баласы Хамза және сол төңіректегі күйші-композиторлардың күйлерін тартуға әуестенуші домбырашы қауымның шерткеп күйлері Мағауия сезіміне бала жасынан құйыла береді.

Әсіресе, әкесі Хамзаның бес жасар Мағауияны тізесіне қондырып отырып, күйге баулып, домбыра үйретіп отыратыны, болашақ өнер адамы домбырашы Мағауия жүрегінде мәңгі сақталып қалған еді. Сонда Хамзаның тартатын күйлері де

Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай күйлері еді. Соның ішінде Мағауияның алғашқы үйренген күйлерінің бірі Тәттімбеттің «Бес төресі».

Баласының тума дарынға ие екендігін білген әке, оны бүтіндей қамқорлыққа алып үнемі көңіл бөледі. Мағауияның кішкентай саусақтарына лайықтап қызыл талдан домбыра шауып береді де өзімен бірге қосылып домбыра шертуге баулиды. Баласының күйді тез үйреніп, сазына келтіре қайталап шертіп бергенін қызықтап, оның болашағына үлкен үміт артады, өзінің күйшілік өнерін ерінбей-жалықпай тәптіштеп үйретеді. Сол төңіректегі Аққыз, Сатан күйшілерге де көрсетіп, өнерге баулиды. Амал қанша өстіп жүргенде Мағауия туған әкесінен мәңгілікке айрылады. Бала жасынан санасына ұялап қалған күй құмарлық Мағауияның бұдан былайғы өміріне серік болып, өз бетімен ізденуге тура келеді. Көп жағдайда ел ішіндегі атақты күйшілердің бірі Аққыз домбырашыға жиі барып, күйшіден өнердегі болашағына бағыт алып, тәлім алады.

Мағауия өміріндегі тағы бір есте қалар кезең, оның он жасында халық алдына шығып күй тартуы. Бұл 1937 жылы болатын. Балқаш қаласының мыс қорыту заводының мәдениет сарайында көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істейтін. Міне, сол үйірмелердің бірі етіп, Тәңірберген Бітімбаев деген домбырашы мектеп оқушыларын негізге алып, балалар домбыра оркестрін құрады. Сол кезде балалардан құралған домбыра оркестрінің белсенді мүшесі болған Мағауия, кейінгі кездері ұстазы Тәңірберген еңбегін сүйіспеншілікпен есіне алып, онан көптеген күйлер үйренгенін айтатын еді. Тәңірберген, әсіресе, жас домбырашының орындаушылық шеберлігінің арта түсуіне назар аударып, ықпалын тигізеді. Мағауия он жасында мәдениет сарайының сахнасына шығып, Тәттімбеттің «Сарыжайлау», «Сылқылдақ» күйлерін орындап тыңдаушыларын тамсандырады.

Мағауия 1937 жылдан 1941 жылға дейін Қарағанды облысы, Қарқаралы балалар үйінде тәрбиеленеді. Бұл кездері де мектеп қабырғасындағы балалардың көркемөнерпаздар үйірмесіне үзбей қатысып жүріп, 1939 жылы Алматыда өткен балалардың республикалық олимпиадалық өнер байқауына қатысып, «Сарыжайлау» күйін ойдағыдай орындап бергені үшін тұңғыш рет мақтау грамотасымен марапатталып, бағалы сыйлықтар алады. Міне, осыдан бастап Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйі Мағауияның репертуарынан берік орын алған еді.

Өз ортасында өнерімен құрметке бөленіп, көзге түсе бастаған Мағауия өнері, облыстық филармонияның назарына ілініп, 1944 жылы Қарағанды филармониясына арнайы шақыртылады. Тәттімбет мектебіндегі шертпе күйлерін толықтай түсуіне де, өзі білетін күйлерді әрі қарай дамытып, домбыраны бір жола меңгере түсуіне де Қарағанды филармониясында толық мүмкіндік алады.

Мағауия өнер жолының қиын екенін түсінеді. Ол үшін көп ізденіп, өнерін жетілдіруді алдына мақсат қылып қояды. Ол 1949 жылдың қыркүйек айында, өздігінен ізденіп Алматыға келіп, Чайковский атындағы музыкалық училищеге оқуға түседі. Әрі Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестріне қабылданады. Міне, бұл кездері, Мағауияға дарынды домбырашы әрі дирижер Нұрғиса Тілендиев ұстаздық етіп, музыкалық білім береді. Құрманғазы атындағы оркестрге Тәттімбеттің «Сарыжайлау», «Сылкылдақ» және Дайрабайдың күйін түсіреді. Сол кездегі нотаға алынған күйлердің бірі Әшімтайдың «Қоңыр қаз» күйі шабытты сезімге құрылған, көңіл толқытар, лирикаға толы, қиял тербетер нәзік туынды. Күй бойында қамысты көлді қанатымен сүзіп, еркіндік өмірде сайрандаған қаз суреті бар. Оның көлден еркіндік әлеміне көтеріле самғауы, қаздың қаңқылы, қонуға бет

алып, әлде неден секем алып қайта көтеріліп, біртіндеп көзден ғайып болуы бәрі-бәрі музыка тілімен жарқын суреттеледі. Бұл күндері «Қоңыр қаз» күйі шертпе күй орындаушылардың тұрақты репертуарына айналды.

1952 жылы Мағауия Балқаш қаласына қайта оралып, 1957 жылға дейін Балқаштың мыс қорыту зауытының мәдениет сарайында көркемөнерпаздар ұжымын басқарады. 1958 жылы Москвада өтетін қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі қарсаңында Мағауия Құрманғазы атындағы оркестрге шақыртылып, оған оркестрде прима аспабында ойнау тапсырылады. Мағауияның классикалық шығармаларды домбыра аспабында орындауына бұл прима аспабында ойнау кеңінен жол ашқан еді. Соның нәтижесінде Моцарттың «Рондосын», Огинскийдің «Полонезін», Брамстың «Венгер биін» нақышына келтіре орындайтынын музыка сүйер қауым жақсы біледі.

Мағауия бала жасынан Тәттімбет стиліндегі күйлерді тыңдап, өсе келе өзі орындап, өз шығармашылығына Тәттімбет күйлерінен ізгі әсер алады. Мағауияның шығармашылық, орындаушылық өнері 1961 жылы «Қазақконцертке» солист-домбырашы болып жұмыс істеген жылдардан бастап қарқындап, репертуары көбейе түсті. Оның өзі шығарған «Жайлау», «Қосбасар», «Жарыс», «Космонавт» сияқты оннан астам күйлері бар. Біз күйші Мағауия Хамзиннен өз жанынан шығарған «Жайлау» атты күйін орындай отырып, әңгімелеп беруді сұрағанда, ол былай деп баяндап берді.

«Күйдің халық жүрегінен мығым орын алып, есте сақталуы, кейінге мұра болып қалуы, оның өміршең болуы, күйдің ойшылдығында және суреткерлігі мен шыншылдығында,- деп білемін. Мен концерт беру жайымен туған өлкені, кең байтақ Отанды көп араладым. Табиғат байлығы мол біздің сүйікті

Қазақстанның талай сұлу жерлерінде болып, небір көрікті жайлауларда, малшылар арасында концерттер бердім. Өзім орындап жүрген Тәттімбет күйлерімен қоса, әлгіндей сұлу табиғат көріністері мені шабыттандырып, күй шығаруға талпындырған еді. Әсіресе, жайлауға шыққан кездерімде мен табиғат ананың құшағында тербетіліп, ерекше шабыттандым. Сондай бір сәтте, осы күйім дүниеге келген еді, – дейді.

«Жайлау» күйінде жайлаудың сән-салтанаты мен әсем табиғатының жанға жайлы лебі еседі. Күй бойындағы сұлу ырғақ көңілді сергітіп, бойға қуат береді.

Біз жоғарыда Мағауия шығармашылығында Тәттімбет күйлерінің ізгі әсері бар деген едік. Олай болатыны заңды да сияқты. Өйткені туып-өскен Қарағанды облысы Арқаның шертпе күйлерінің кең тараған мекені. Тәттімбет күйлерін орындау стилінің ортақ мектебі.

Бұл өңірден шыққан күйші-домбырашылардың барлығы да Тәттімбет туындыларынан, оның күй тарту стилінен үйреніп, өз туындыларын да өздерінше өрнектеп дамытады. Мағауия Хамзин 2000 жылы сәуірде қайтыс болды.

Тілеуғазы Бейсембек
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
музыка зерттеушісі

«Дала академиясының» соңғы түлегі

Кең даланың төсінде, биік аспанның астында өскен қазақ қалай әнші болмасын. Сағымды өлкенің сағыныш сазындай елжіреткен, дауылындай дабыл қакқан Құрманғазы күйлерін тыңдаған орыс тарихшысы Н. Савичевтің: «егер ол еуропалық білім алса, музыка әлемінің жарық жұлдызы болар еді» – деп жазуы тегін емес. Орыс ғалымы Г. Потанин: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болады» – деп ақ жүрегімен айтқаны рас болса, сайын даланың құдіреті бар екені де шындық. Олай болса, байлық дегенде бойында табиғат берген саф алтындай дарыны барда тегін оқытатын «дала академиясы» тұрғанда қоржынында көк тиыны жоқ қазақ Еуропа консерваториясын қайтсын. Оның үстіне музыка зерттеуші А. Затаевич қазақ әншілерінің өнеріне таңғалып, оларға «Қарқаралының Карузосы», «Вагнер операларында айта алатын әнші» деп баға беріп жатса, дала мектебінің Италияның әйгілі «Бельканто» әншілік мектебінен кем болмағаны да. Әнші даладан алған білімімен-ақ қазақтың Біржан салы, Ақан серісі, Үкілі Ыбырайы тарихта қалды емес пе? Күні кеше өткен Қали Байжанов пен Жүсіпбек Елебеков те дипломсыз-ақ Қазақстанның халық артисі атанып, халық жүрегінен орын тапқан жоқ па?

Сол «дала академиясының» соңғы түлектерінің бірі – әнші Зәбира Жұбатова еді. Қаршадайынан әнге әуес болған талапты қыз 1932 жылы 18-ге толар толмас шағында Қарағанды радиокомитетіне әнші болып орналасады. Мұнда ол атақты әншілер

Қали Байжанов, Қосымжан Бабақовпен қызметтес болады. Әнші ағаларынан өнердің қыры мен сырын үйренеді. Жас қыз әсем әнімен көзге түсіп, қаламға ілігеді. Академик Ахмет Жұбанов әнші Қали Байжанов туралы айта келіп: «... жас әншілерді тәрбиелейді, бай репертуарын олардың алдына салып, бөліседі. Ыбыраев, Қартабаева, Жұбатова сияқтылардың әншілік майданында өсуінде Қалидың еңбегі зор...» – деп, болашағынан үлкен үміт күттіретін Зәбираны да атап өтеді.

Сол жылдары радиокомитетінің жанынан Қазақстандағы тұңғыш көп дауысты қазақ хоры ашылады. Оның жетекшісі Борис Александрович Орлов, концертмейстері Валентина Сергеевна Пирогова еді. Зәбира хорға қатыса жүріп, жеке ән де айтады. Концерттерге шығады. Халықтың сүйікті әншісіне айналады. Бұл хор үлкен жетістіктерге жетіп, Мәскеуге барып, өнер көрсетіп қайтады. 1936 жылғы алғашқы сапарында хордың және оның құрамындағы әншілердің мәртебесі көтеріліп, аттары шығады. Концерттерде Қали Байжанов «Алтыбасар», «Шама», Қосымжан Бабақов «Қос қанат», Кеншімбай Мұстафин «Хорлан», Зәбира Жұбатова «Екі жирен» әндерін орындап, Мәскеу жұртының қошеметіне бөленеді. Бұл жөнінде «Народное творчество» журналының 1937 жылғы № 1 санында профессор В.М. Беляев ерекше ілтипатпен жазды. 1938 жылы Мәскеуге екінші рет барғанда хор да, әнші Зәбира Жұбатова да жаңа әндерді дайындап барған еді. Концертті тыңдаған Бүкілодақтық радиокомитеті хорларының инспекторы Демьянов, музыка зерттеуші, профессор В.М. Беляев, композиторлар мен дирижерлар Қарағанды хорының 1936 жылғымен салыстырғанда әжептәуір өскендігін атады. Бұл тек хор ұжымына ғана емес, жеке әншілерге де берілген жоғары баға екені даусыз. Сол жылы ол Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі атағын ала-

ды. Кейінірек Б. Орлов Қазақ ССР-ның халық артисі, В. Пирогова Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі деген атақтарға ие болады.

Құрметті атақ алғаннан кейін Зәбираның аты Республикаға таралды. 1941 жылы оны Алматыдағы Мемлекеттік опера және балет театрына әнші етіп қабылдайды. Алайда, жұбайының денсаулығына қарайлап, өз еркімен бармай қалады. Бұған байланысты әншінің еңбек кітапшасында облыстық өнер істері жөніндегі бөлімнің (ол кезде қазіргі облыстық мәдениет департаментінің міндетін облыстық Кеңес жанындағы бөлім атқаратын) 1941 жылдың 7 тамызындағы № 19 бұйрығымен Алматы Мемлекеттік опера және балет театрына ауыстырылғаны туралы, ал сол жылдың 20 тамызында әншінің келіспеуіне байланысты бұрынғы жұмысында қалдырылғаны жөнінде жазу бар. Әттең, дарын иесі Республиканың опера театрында әнші боп жүрсе, классикалық өнердің де биігінен көрінер ме еді. Кейде дархан дарындылық пен таудай талаптың ырқына тұрмыстың билік жүргізетіні, мұндай жағдайлардың өнер адамдарының өмірінде көп кездесетіні өкінішті-ақ.

Өкінішке қарай, радиокомитетінде қазақ музыка өнерінде маңызы бар тұңғыш хордың және З. Жұбатованың айтқан әндері, олар туралы деректер сақталмаған. Біздің қолымыздағы дерек бойынша білетініміз – хордың құрамында болған 26 адамның аты-жөні. Әрине, бұл тізім толық болмауы да мүмкін. Сонда да қазақ хорының алғашқы қарлығаштарын атап өтуді жөн көрдік. Ерлер тобы: Қазақстанның халық артисі Қали Байжанов (бас), Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі Жабай Тоғандыков (баритон), Қосымжан Бабақов (тенор), Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі Дәулет Мықтыбаев (қобыз), Сұлтан Жұбатов (тенор), Кеншімбай Мұстафин (тенор), А. Жолдин (баритон), Мұхит Битенов (домбы-

ра), Рахметжан Ыбыраев (тенор), Сейіт Құттыбаев (тенор), Ыбырай Байсейітов (домбыра), музыкалық жетекшісі Борис Орлов (бас, баритон), әйелдер тобы: Қазақ ССР-ның халық артисі Зәбира Жұбатова, Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі Алтын Әлиева, Қапан Байжанова, Қаншайым Мұстафина, Халида Бөлекова, Күлжан Тәлкенова, Мүкеш Ермағамбетова, Ақын Битенова, Қайша Именбаева, Жаңыл Қартабаева, Пану Мұсылманова, Бижан Бабақова, К. Рысқұлова, концертмейстер Валентина Пирогова. Міне, қазақ музыкасы тарихында алғашқылардың бірі болып, хор өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан өнерпаздар осылар.

Осы тізімдегі Сұлтан Жұбатов – Зәбира апамыздың өмірлік серігі, жан-жары. Олар сол жылдары ошақ құрып, шаңырақ көтеріпті. Екеуі бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсіреді. Отыз жылдай отасқан серігін Зәбира апай 1962 жылы мәңгілік сапарға аттандырады.

Сұрапыл соғыс жылдарында Зәбира облыстық филармонияда әнші еді. Тылдағы еңбеккерлер сияқты артистердің де жұмысы оңай болмады. Халықтың ауыр тұрмысын көріп жүрегі жылап тұрса да, тебірене ән салып, жұрттың көңілін көтереді. Реңсіз өмірге әр бергендей болады. Бір мезгіл майданға барып, жауынгерлер алдында ән шырқап, олардың көңіліне жеңіске деген сенім ұялатып, жігеріне жігер қосады. Осындай аянбай еткен еңбектің нәтижесі болар, 1945 жылдың 17 ақпанында оған Қазақ ССР-ның халық артисі деген құрметті атақ беріледі.

Атақты әнші туралы деректердің тапшылығынан газет тігінділерін, мұрағаттарды ақтаруға тура келді. Облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің 1945 жылдың 18 мамыр күнгі санында «Жауды толық талқандауға бұлар да көмектесті» деген айдармен үш мақала жарияланыпты. «Зор мақтаныш» атты мақаланы Қазақ ССР-ның

еңбек сіңірген артисі, облыстық қазақ драма театры директорының орынбасары З. Жақыпов, «Олар бізге алғыс айтты» деген мақаланы орыс театрының артисі Н.А. Белкин, «Жау жеңілді» мақаласын екі автор – Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі М. Сүртібаев және артист Қ. Түлкібаев жазған екен.

Бұл мақалалардан білгеніміз – облысымыздағы қазақ, орыс театрларының және филармонияның маңдайалды артистерінің майдандағы жауынгерлерге өнер көрсеткені. Майданға барар жолда артистер Мәскеуде аялдап, Қызыл Армияның Орталық үйінде екі концерт берген. Одан кейін 2- Прибалтика майданына аттанып, жауынгерлер арасында 130 концерт беріп қайтады. Енді мақаладан үзінді келтірейік: «Артистердің өнерлерін майдандағы жауынгерлер өте көңіл қойып тыңдады. Әсіресе, Қазақ ССР-ның халық артисткасы Зәбира Жұбатова мен Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген артисі Мүлік Сүртібаевтың орындаған әндеріне жауынгерлер қатты сүйсінді. Жұбатованың орындаған «Майданнан хат», «Біздің ұран», «28 батыр» деген өлеңдерін жауынгерлер мен офицерлер өте зейін қойып тыңдады. Сол сияқты қазақтың халық әндерін орындаушы Қапия Түлкібаев та өлеңді өте жақсы айтып берді». Бұдан әрі мақалада 2- Прибалтика майданындағы Қызыл Армия үйінің бастығы Чмутиннің артистерге алғыс жариялағаны айтылады.

Соғыстан кейінгі жылдары Зәбира кеншілер мен болатшылардың, мал шаруашылығы еңбеккерлері мен тыңгерушілердің алдына жаңа бағдарламамен шығып, жаңа әндерді шырқады. Әншінің жеке мұрағатынан табылған екі қалың дәптерде оның орындаған әндерінің өз қолымен жазған мәтіндері бар екен. Бұдан оның ән қоржынында халық әндері «Дайдидау», «Шұбартау», «Ай-гөк», «Ақдариға», «Алқоңыр», «Бозжорға», Абайдың «Айт-

тым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның хаты», Сәкеннің «Тау ішінде», М. Төлебаевтың «Ақмақта», «Жастарвальсі», «Шахтерәні», сондай-ақ, халық ұнатып тындайтын «Бөбегім», «Домбыра», «Жетісу», «Алма ағаштар жайнады», «Айтшы, жаным», «Ұстазым», «Өзің, сәулем, іздегенім», т.б. әндердің болғанын білдік. Әншінің репертуарында әртүрлі ұлттардың әндері болғанын да осы дәптердегі жазбалардан анықтадық. Орыс әндерін атамағанда татардың «Колхоз қызлары», «Суда», шешеннің «Зара», молдаванның «Ляно», армянның «Фиалка», чехтың «Бақташы», румынның «Мариникэ», поляктың «Бір сұлу қыз», италианның «Санто Лучия», қытай және ұйғыр әндері Зәбира Жұбатованың репертуарында болғаны даусыз. Өйткені, кейбір әндердің тұсына әншінің дауысына сай келетін тондық өлшемі жазылыпты. Әншінің шығармашылық өресінің биіктігіне таңғалмасқа болмайды. Оның шығармашылық қоржынында әртүрлі деңгейдегі, сансыз тақырыптағы, тосын ырғақты, жаңа сарынды 200-ге тарта ән болғаны мәлім. Осы күні жанқалтасындағы оншақты әнмен керемет әншімін деп, «эстрада жұлдызы» боп жүргендер жоқ емес.

Жұбатованың бір дәптерінде «Тымпыю мен сымпыю», «Әңгі текешік», «Жалқау жеңгей», т.б. сықақ өлеңдер бар екен. Солардың ішінде ақын Мақсұт Байсейітовтың :

Мен білетін бір қыз бар сылаң қаққан,
Ертелі-кеш үйінде сұлап жатқан.
Кешке қарай таранып баққа барып,
Қыпша белін әркімге бұрандатқан, –

деп басталатын 8 шумақ әзіл өлеңі де жүр. Зәбира апайдың концерттерде сықақ оқымағаны мәлім. Ендеше, сықақ өлеңдерді жазып алғанына, гастрольде жүргенде барған ауылдарын, берген концерттерін айы-күнін көрсетіп тізіп отырғанына қарағанда, «өзі

жүрген бригадасына көркемдік жетекші болды ма екен» деген ой келеді.

Зәбира Жұбатова 1969 жылы зейнет демалысына шығады. Оған Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер мәртебесі беріледі. Ел құрметіне бөленген әнші отбасында, немерелері мен жиендерінің ортасында сыйлы болыпты. Табиғатынан қарапайым, қайырымды адам айналасына жылылық шуағын шашып, әзілдесіп отырғанды ұнатады екен. Немерелеріне мейірімі түскен уақытта оларды аймалап, сүйіп, қызығына тоймапты. Бірде ол кішкентай немересін қызық көріп:

Аленушка, Аленушка, балапан,
Жәйші маған, жәйші маған алақан.
Аяғыңа тәпішкенді киіп жүр,
Нәскиінді жеп қоймасын тарақан, –

деп тақпақтағанын немере – жиендері әлі ұмытпапты.

Кейінгі жылдары атақты әнші екі баласынан айрылып, кіші қызы Роза мен үш немере, бес жиеннің ортасында өмір кешіпті. Сөйтіп, ескінің көзі, халық өнерінің асылы – «самородок» сары алтынның соңғы сынығы – әнші Зәбира Жұбатова 1999 жылдың 31 шілдесінде дүниеден өтті. Артында ұрпағы, өнерін сүйген халқы, қадірін білетін азаматтар қалды.

Жылқыбай ақын (1919-1948)

Жылқыбай өмірден тым ерте аттанды. Жиырма тоғыз жасында жарық дүниемен қоштасты. Әңгіменің өзегі, шынтуайт-тап келгенде, оның жас кеткендігінде емес, артына қандай із қалдырып кетті? – деген тіршілік мәні қағидасымен сабақтасса керек. Жылқыбай ақын еді. Өнерге ілтипатпен қарайтын оқушы қауымды қарымды өлеңдерімен қуантушы еді.

Жылқыбай ақынды оқырмандарға таныстыру үшін әуелі оның өмірбаянына қысқаша тоқтала кетейік. Ж. Нұрбеков Шет ауданындағы бірінші ауылда 1919 жылы туған. 1938 жылы Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы мектепті, 1940 жылы мұғалімдер институтын бітіреді. Нұра, Шет аудандарында мектеп шәкірттеріне білім береді. Қырық бесінші жылы баспасөз қызметіне ауысады, облыстық «Советтік Қарағанды» газетінде еңбек етеді. Содан денсаулығының нашарлауына байланысты Роза Люксембург атындағы колхоздағы (Шет ауданы) жеті жылдық мектептің директоры болып ауысады да, осында 1948 жылы қайтыс болады.

Ақындық дарынымен көзге түскен Жылқыбай жас жазушылардың Бірінші Республикалық кеңесіне қатысып, 1947 жылы СССР Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданады.

Ақынның көптеген өлеңдері «Әдебиет және өнер» журналында, «Советтік Қарағанды», Шет аудандық «Социалистік табыс»

газеттерінде жарияланған. 1944 жылы «Отан махаббаты» атты көлемді поэмасы басылды. Біздің қолымызда қазір Жылқыбайдың коллективтік үш жинақта жарық көрген бір топ өлеңдері бар. Оның бірі – 1949 жылы баспадан шыққан «Жастар дауысы» кітабы. Бұл жинаққа «Нұра», «Қойшы», «Жаңбыр», «Ақ боран», «Ұлытау», «Менің қалам», «Ақ бидай» өлеңдері енген.

Ұлы Отан соғысы жылдары облысымызда бір топ жас қаламгерлер өсіп-жетіліп, әдебиет отауына енді. Олар: Жаппар Өмірбеков, Қабыкен Мұқышев, Бүркіт Ысқақов, Мақсұт Байсейітов, тағы басқалар еді. Ж.Нұрбеков осындай жайнап шыққан жастардың ортасындағы алымдыларының бірі еді. Редакцияда еңбек етіп жүрген жолдастары да оның жұп-жұмыр өлеңдерді қолма-қол отыра қалып бұрқыратып жаза беретіндігін, табиғи дарындылығын, жүйрік қаламгерлігін сүйсіне әңгімелейтін.

Әсіресе Жылқыбай азаматтық лирикаға көбірек бой ұрған. Мархабатты Отан, жасампаз еңбек, өскен-өркендеген туған жер, гүлденген мерейлі ел – ақын өлеңдерінің асыл арқауы, алтын діңгегі. Кешегі кежегесі кейін тартып жатқан дала бүгін дархан далаға, жайсаң далаға айналды. Ақын елді түлеткен, жерді түрленткен асқақ мақсатты адамдардың асыл ниетін, абзал ісін жырлайды. Желпіне–серпіле жырлайды. 1947 жылы жазылған «Нұра» атты өлеңінде Арқаның ұзын тамырлы өзенінің жаңа кәсібі – сом болат суаруға арналған кәдесін нақышты кестелейді.

Маңдайдан тері тамшылап,
Шелектеп егін суарған.
Азаппен жанын қамшылап,
Мындаған жүрек суалған.

Өлкеңе бүгін қарасам,
Жадырап бойың құрысқан,

Орнапты алып орасан,
Іргесін қалап құрыштан.

Мұржасынан ойнақтай,
Көк түтін көкке бойлаған.

Қазанында қаймақтай,
Көк болат балқып қайнаған... –

деп, Арқадағы металлургия алыбын алғашқылардың бірі болып өлең кестесінде өрнектейді.

Қырқыншы жылдардың ішіндегі әдебиеттің қай жанрында болмасын өндірістік тақырып дегеніңіз басым болды ғой. Мұның өзі кей ретте жадағай, жалаң, сырттай сырдаң суреттеушілікке итермелегені жасырын сыр емес. Бұл – Жылқыбай творчествосына да әсер еткен сияқты. Дегенмен оның өз қатарластарынан бір ерекшелігі – поэзия маңдайына басылған басты маркасы – образ, ой, сезім бесаспаптығына, жаңа теңеулер төлежітіп топшылы-толғамды толғаныстарға бой ұрушылығы байқалады. Әсіресе ол табиғат көріністерін суреттеуде шеберлік танытты. «Ұлытау» деген өлеңінде туған өлке табиғатын тамсана жырлады.

Көмкеріп көктің бұлты мұнарасын,
Салқын су сапсып өтсе сай-саласын,
Ұлытау жас сұлудай жадырайды,
Тараған күнге төсеп қолаң шашын.

Осындағы қыл қалам шебері салғандай әдемі сурет ақын дарындылығын, оның шабытты ізденістерін көрсетсе керек. Мұндай татымды талпыныс бірсыпыра нәрлі өлеңдер туғызған.

Жылқыбай сегіз-тоғыз жыл мөлшерінде ғана өлең жазумен айналысқанымен артына қомақты еңбек қалдырды. Ол 1945 жылы «Жиырма бес», 1947 жылы «Менің қалам» поэмаларын жазды. Рас, оның шығармалары өз алдына жеке кітап болып оқушы на-

зарына ұсынылмады. Тек топтама жинақтарда ғана басылды. Мәселен, оның «Ақынға» деген жинақта (Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1954 жыл) басылған «Абай тірі» өлеңі ақынның өнерді, өленді кастерлеп – қасиеттеп құрметтегендігінің айғағындай.

Жылқыбай ақын соңғы демі таусылғанша қолынан қаламын тастамаған. Ол «Соңғы серпін» атты ақырғы өлеңін жазып болып көз жұмған. Бұл оның туған, әрі 29 жасқа толып, өмірден өткен күні – 10 қазан еді. Жалынды жүрегі соғуын тоқтатқанға дейін ақын өзінің достарын ойлап, соларды бір көруді аңсап жатқан екен.

Уа, дариға, жастық шак,
Сөнгелі тұрсың жалт етіп.
Көк аспан төніп тұрғандай,
Құлағалы жалп етіп.

Алдамшы өмір алдымнан
Дастарқаным сырғандай.
Санаулы күннің сарқыты
Тек таусылмай тұрғандай.

Алыста жатыр достарым,
Жанымда қазір бірі жоқ.
Арманым болмас бір көрсем,
Шын достарды кірі жоқ.

Жабығып жалғыз отырмын,
Жылауға көзде жасым жоқ.
Бір күндерде сүйікті,
Өмірлік заттар қасым боп.

Шерменде болмай шешен тіл,
Шешіліп кет өлерде.

Үнінді ертең өшірер,
Жер бесікке бөлерде.

Арманшыл ақынның өзі өлсе де, поэзиясы өлген жоқ. Оның шығармалары Қоңырат руднигіндегі Алтынсарин атындағы орта мектепте мұғалім болған ақынның қарындасы Айман Манабекованың қолында жинақталған. Ол кісі қазір зейнеткер, Қарағанды қаласында тұрады.

Жұмағали Наурызбай

*педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі*

Қазақ музыкасының дарабозы

Сыдық Мұхамеджанов (1924-1991) есімі жұртшылыққа кеңінен танымал. Атақты Ахмет Жұбанов, Евгений Брусиловский, Латиф Хамидилерден дәріс алған, есімі сол тұлғалармен қатар тұратын дарын иесі. Кешегі Кеңес одағының халық артисі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, артына өшпес мұра қалдырған сазгер.

1924 жылы Ақадыр ауданының Үлкен бұлақ ауылында дүниеге келген, шығармашылық қызметі 40-шы жылдардың екінші жартысында басталған Сыдық Мұхамеджанов – 30 жылдан астам уақыт үлкен творчество саласында жемісті еңбек етіп, қазақтың кәсіби музыкасының барлық жанрларын қалыптастыру мен дамыту ісіне зор үлес қосқан, қазақ музыкасының үнін әлем жұртшылығына паш еткен адам.

Оның алғаш жазған «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Шолпаным» деген әндері – өнерсүйер жұртшылық назарын айырықша аударған тырнақалды туындылары.

Сыдықтың өскен ортасы, елі ән-күйге бай. Ақадыр жерінің ұлдары саналатын Қыздарбек, Сембек, Әбді сияқты шертпе күй шеберлері – осы өлкені өнерімен сусындатқан, Тәттімбет дәстүрін жалғастырып, өз алдына үлкен өнер ортасын қалыптастырған тұлғалар. Сыдық аға – осы бір өнер шуағы сіңген топыраққа шыр етіп түскен сәби. Бесігін күй тербеткен. Әкесі Мұхамеджан мен анасы Ақборық та өнерден құр алақан адамдар болмаған.

Әрине, үлкен сазгердің қалыптасуына Тәттімбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Ықылас, Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұсалардың да әсері болмай қалған жоқ.

Сыдық Мұхамеджанов – қазақ халқының маңдайына біткен кен құлашты, еркін тынысты, табиғат дарытқан таланты мен еңбекпен алған білімі қатар өрілген айтулы кәсіби сазгер. Оның «Қазақстан туралы ән», «Есімде», «Жан сәулем», «Құрбыжан» сияқты әндері көп ішіне кең тарап, өнерді, әнді сүйер жұртшылықтың жан серігі болды. Бүгінгі аға буын өкілдерінің жадында жазылып қалды. Алыста қалған асау, албырт шақтардың жоғалмай жеткен, тот баспай сақталған белгілерінің бірі – Сыдық ағаның осы сырлы әндері. Әсіресе оның қос дауысқа (дуэт) арналып жазылған «Тербеледі тың дала», «Ұмыттың ба әлде мені», «Жарқырайды Теміртаудың оттары» деген әндері – кезінде әр шаңыраққа жарық боп тараған, көңіл желкенін керген, жылылық сыйлаған шуақты әндер, өшпес туындылар.

Ал ақын Қуандық Шаңғытбаевтың сөзіне жазылған «Жезқазған» деген әнін кенді өлкенің жұртшылығы дарынды ұлының қалдырған асыл мұрасы деп бағалайды. Жезқазған – Сыдық аға үшін аса қымбат өлке.

Талантты жерлесіміздің «Жұмбақ қыз», «Ақан сері-Ақтоқты» опералары – республикаға ғана емес, бұрынғы Одақ көлеміне танымал туындылар. Ал «Айсұлу» операсы — қазақ комедиясының тұңғышы.

С. Мұхамеджанов – симфония, оратория ғана емес, алғаш Абай өлеңдеріне такырыптық тың романстар жазған сазгер. Бұл күнде сахна төрінен де, қазақ азаматының көкірегінен де берік орын алған, классикалық дүниеге айналған «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» — әлемдік деңгейдегі шоқтығы биік туын-

ды. Ұлы Абайдың даналық сөзі мен дарынды сазгердің ойлы әуені үйлесім тауып, бір арнаға тоғысқанда кемері кең, суы терең өзенді еске салады. Арқаның өзендерінде асаулық, аптығу жоқ қой. Ойла-нып ағады. Сыдық Мұхамеджановтың Абай өлеңдеріне жазылған романстары осындай мінезімен ерекшеленеді. Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болған «Дауыл» симфониясы, көптеген кантаталары, хор және симфониялық поэмалары, скрипкаға, қобызға, домбыра мен оркестрге арналған концерттері, кинофильмдер үшін жазылған еңбектері – қазақтың классикалық музыкасының іргесін қалаған туындылар.

Белгілі сазгер, өнертану ғылымының кандидаты Бисенғали Физатовтың : «Сыдық Мұхамеджанов – қазақ совет музыкасының барлық жанрында жұмыс істеп жүрген композитор», – деген үлкен бағасынан сазгер шығармашылығының кең тынысы, шалқар әлемі, қуатты күші, оның дарынды сазгер, дарабоз екені байқалады.

Сыншылар кезінде егер Сыдық Мұхамеджанов «Шаттық Отаны» симфониялық күйі, «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» романсы, «Ғасырлар үні» ораториясы сияқты тек үш шығарма ғана жазған болса да оған қазақ музыкасынан айрықша орын беруге болар еді деп баға берген.

Сыдық Мұхамеджанов шығармашылығын сөз еткенде, оның талғампаз сазгер екеніне көз жеткіземіз. Ол әуеннің мазмұнына сай өлең мәтінін тандай біледі немесе өлең мәтіні мазмұнын тап басатын әуен тудырады. Бұл – үлкен талғам өлшемі. Осы тәкаппар талғам болар, ол Абай өлеңдерін жанына жақын тұтқан, сонан соң қазақтың қабырғалы ақыны Қ. Шаңғытбаевтың өлеңдерінен өзі ұнатар иірімін тапқан. Шығармашылық одақ деп осыны айтсақ керек.

С. Мұхамеджановтың С. Сейфуллин, Т. Жароков, Қ. Аманжолов, Қ. Бекхожин, С. Бегалин, С. Мәуленов, М. Әлімбаев, Қ. Ыдырысов, А. Шамкенов, Ж. Өмірбеков, С. Жиенбаев сияқты айтулы ақындар шығармаларына ерекше ықылас қойып, ән жазуы композитор талғам-танымын аңғартса керек.

Қазақ музыкасының дара шыңы іспеттес ардақты ағамыздың асыл қазыналарын Қазақстанның барлық шығармашылық ұйымдарында тек еске түсіру үшін ғана емес, оның репертуарының белді темірқазығы дәрежесіндегі беделін кастерлеп, жастарға үлгісін молынан үйрететіндей жағдай туғызып, кеңінен қолдана білген жөн. Ұраны рухты, жыр-әні асқақ елдің еңсесі биік болады. Ұнжырғасы түскен, мысы басылған елдің ұрпағы да әлжуаз болады. Ондай ұрпақтың өкілінен отансүйгіштік сезім мен ұлы гуманизм белгілерін табу мүмкін емес.

Батырлық эпостан бейхабар немесе бойына толық сіңіре алмаған, жырау, би-шешендердің тау қозғалтар қуатты шығармаларын білмей өскен, берісі Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» сияқты симфониялық поэмасын тыңдап өспеген ұл-қыздың бойында ұлтжандылық рух болмайды.

Мен «Шаттық Отаны» поэмасын тыңдап өскен ұрпақтан ұлы істер күтер едім. Айтайын дегенім, айтулы сазгер С. Мұхамеджанов сияқты тұлғалардың концерт, лекция циклдарын тұрақты насихаттап отыру азаматтық абзал ісіміз болуға тиіс.

1994 жылы Жезқазған өңірінде үлкен той болды. Той Акадыр ауданы Киікті ауылында өтті. Бұл – шоқтығы биік сазгер Сыдық Мұхамеджановтың 70 жылдық мерейтойы. Жалғыз Жезқазған өңірі ғана емес, бүкіл еліміз бұл тойға үлкен мән берді. Үкіметтің арнайы қаулысына сәйкес ұйымдастырылған бұл салтанатқа аста-

намыздан Композиторлар одағының төрағасы, белгілі сазгер Базарбай Жұманиязов бастаған делегация келді.

Сол тойда Киікті мектебіне Сыдық Мұхамеджановтың есімі берілді.

P.S. 2002 жылы Қарағанды қаласында «Өзін-өзі тану» пәнінің өзекті мәселелерін талқылауға белгілі ғалымдар мен әдіскер мұғалімдер бас қосты. Бас қосуға халықаралық «Бөбек» қорының басшысы, аталмыш бағдарламаның авторы С.А. Назарбаева қатысты. Семинар-кеңестен кейін өткен дөңгелек үстел басындағы әңгімеде Сара Алпысқызы «Өзін-өзі тану» пәнінің ерекшеліктеріне байланысты сабақта ән айтқызу тәсілінің ерекше роль атқаратынына тоқталды. «Ән-тәрбиеші. Тағылымы зор, тәрбиелік мәні терең әндер бала бойына ғажайып нәр құяды. Әсіресе патриоттық әндердің маңызы ерекше» – дей келе, өзі мысалға «Жарқырайды Теміртаудың оттары» әнін келтіріп, «Жол жүріп бара жатып Теміртаудың тұсынан өткенде, жастық шақты еске түсіріп, Нұрсұлтан Әбішұлы екеуміз қосылып осы әнді айтамыз», – деді.

«Жарқырайды Теміртаудың оттары» – Сыдық Мұхамеджановтың жұлдызды әндерінің бірі.

Мазмұны

Алғысөз <i>Серік Ақсұңқарұлы</i>	3
<i>Аманжол Қанафияұлы</i>	
Айтыстың аққан жұлдызы	5
<i>Кәмел Жүністеги</i>	
Шоқтығы биік ақын	10
<i>Рымбек Смағұлов</i>	
Жыр жауһары	19
<i>Тоганбай қажы Құлманұлы</i>	
Қожабай Тоқсанбайұлы (1841-1918)	24
<i>Ғазиз Ешманаев</i>	
Доскей ақын	34
<i>Кәмел Жүністеги</i>	
Қыздарбек күйші және оның шәкірттері	45
<i>Әмен Әзиев</i>	
Нарманбеттің ақындық құдіреті	50
<i>Күләш Сардарбек</i>	
Арқаның ардақты перзенті	57
<i>Мұхаметқали Әбдуов</i>	
Қақпан ақын (1864-1933)	65
<i>Светлана Жумкина</i>	
Шашубай Қошқарбайұлы (1865-1952)	69
<i>Гүлмира Боранқұлова</i>	
Көсемдік пен шешендіктің үлгісі	84
<i>Болат Дүйсенбаев, Төрехан Майбас</i>	
Диякажы (1871-1931)	94
<i>Тілеуғазы Бейсембек</i>	
Қали Байжанов және оның ортасы	102
<i>Жұмағали Наурызбай</i>	
Ән, жырдан көш жөнелткен Тайжан ақын	114
<i>Ермек Балташұлы</i>	
Мәди Бәниұлы (1880-1921)	122
<i>Берік Жүсіп</i>	
Айтыстың Арқадағы Ақтабаны	131

<i>Мәуен Хамзин</i>	
Әбіш Жанбайұлы (1880-1937)	145
<i>Зарқын Тайшыбай</i>	
Ақиық әнші	155
<i>Айқын Несіпбай</i>	
Жыр жорғасы – Жолдыкей	162
<i>Дыбыс Ахметов</i>	
Халық ақыны	167
<i>Серік Негімұлы</i>	
Кенішбай Жұбандықұлы (1885-1956)	177
<i>Бағдат Байжантаев</i>	
Жыр жүйрігі	183
<i>Аманжол Омаров</i>	
«Ұлытаудың қаршыға ақынымын...»	188
<i>Кәмел Жүністеги</i>	
Халық ақыны Маясар	200
<i>Сәбит Бексейіт</i>	
Дарынды домбырашы	209
<i>Мәуен Хамзин</i>	
Жәкен Байтуов (1891-1962)	217
<i>Кәмел Жүністеги</i>	
Әбікен Хасенұлы (1892-1958)	227
<i>Оспанбай Орынтаев</i>	
Көшен – көшелі ақын	233
<i>Мақсұтбек Майшекин</i>	
Куан Лекеров	237
<i>Мәуен Хамзин</i>	
Қасым Сырымбетұлы (1902-1991)	244
<i>Рамазан Сағымбеков</i>	
Ғабдиман ақын (1902-1976)	252
<i>Ермек Балташұлы</i>	
Ғасырдың ғажай даусы	263
<i>Тілеуғазы Бейсембек</i>	
Күйші Мұхит	271

<i>Ғаббас Смағұлов</i>	
Сырбаз әнші	280
<i>Тілеуғазы Бейсембек</i>	
Көмірлі қаланың бұлбұлы.....	285
<i>Уәли Бекенов</i>	
Мағауия Хамзин (1927-2000).....	292
<i>Тілеуғазы Бейсембек</i>	
«Дала академиясының» соңғы түлегі	297
<i>Рымқұл Сүлейменов</i>	
Жылқыбай ақын (1919-1948).....	304
<i>Жұмағали Наурызбай</i>	
Қазақ музыкасының дарабозы.....	309

Сарыарқа саңлақтары

Редакторы	Тілеуғазы Бейсембек
Корректоры	Дәния Омашева
Суретші-дизайнер	Наталья Куш

316

15.11.2007 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60х84/16.
 Қаріп түрі KZ Times. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 18,4.
 Есептік баспа табағы 12,8. «ЭКО» ЖШС-та басылған. Таралымы 1000 дана.

Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар к., 29 Ноябрь к., 2,
 Тел.: 32-16-08

Сепараторы

Самостраты